

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 1(574)-055.2

Қолжазба құқында

КАЛДАЕВА БАНУ СТАНБЕКОВНА

Қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феномені

6D020100-Философия

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының докторы,
профессор Нұрышева Г.Ж.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Сеул ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры,
PhD Кевин Кестер

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ	
1.1 Әлемдік философия тарихындағы гендерлік теңдік идеясының қалыптасуы	11
1.2 Философия тарихындағы әйел-философтардың алатын орны.....	45
2 ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНІ	
2.1 Түркі-қазақ мифологиясы мен дүниетанымындағы әйел феноменінің сабақтастығы	56
2.2 Ақын-жыраулардың философиялық ой-толғауларындағы «жақсы әйел-жаман әйел» концептісі	71
2.3 Әйел болмысының қазақ ағартушыларының шығармашылығында сомдалуы: философиялық- антропологиялық талдау	78
2.4 XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының еңбектеріндегі әйел теңдігі мәселесі	84
3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІ	
3.1 Қазіргі Қазақстан Республикасының гендерлік саясаты: ерекшеліктері және перспективалары	98
3.2 Жаһандану жағдайындағы қазақ әйелі бейнесі	114
ҚОРЫТЫНДЫ	121
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	123

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феноменіне тарихи-философиялық және философиялық-антропологиялық талдау жасалды. Әлемдік философия тарихы мен қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы гендер түсінігі зерттеліп, сарапталды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. ХХІ ғасыр – адамзат әлемдік жаһандану үрдісіне аяқ басқан кезең. Бұл дәуірде адамның құндылықтық сипаты, белсенді өмірлік ұстанымы, өзін-өзі жетілдіруге құқығы мәселелері алдыңғы қатарға шығып отыр. Осы тұрғыдан алғанда әйел мен еркектің қоғамдағы орны, рөлі, олардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас туралы түсініктер жаңа сипатқа ие болуда.

Гендерлік қатынастар ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр болып жалғасып келе жатқан үрдістер негізінде қалыптасатыны белгілі. Сондықтан бұл мәселені халқымыздың дәстүрлі дүниетанымы мен ұлттық философиясы аясында қарастырудың, тарихи-философиялық және философиялық-антропологиялық зерттеу жүргізудің маңызы зор. Себебі, Қазақстанда бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өзгерістер көптеген қоғамдық мәселелерді, соның ішінде гендер мәселесін қайта қарауды қажет етуде.

Гендер ұғымы соңғы кезде жалпы адамзат деңгейінде де, елімізде жиі қолданысқа еніп, елеулі мәселеге айналып келеді, өйткені ол дүниетанымдық және практикалық мағынаға ие. Десек те, қазақ халқының философиялық дүниетанымындағы қазақ әйелінің орны мен рөлін жаңаша зерттеп-зерделеу міндеті әлі толық шешімін тапқан жоқ. Шындығында, ұлттың болмыс-бітімі, дүниетанымы мен рухани-мәдени құндылықтары тұрғысынан әйелдің өзіндік табиғатын қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтастыра айқындау аса маңызды. Әйел мәселесінің әлемдік философия тарихында, оның ішінде қазақтың философиялық дүниетанымында сипатталып, бағалануын зерттеу, қазіргі заманғы гендерлік, антропологиялық және экзистенциалды мәселелерді ұғыну – қоғамға пайдалы және мәні зор тәжірибе. Бұл саладағы ғылыми ізденістер мен арнайы зерттеулердің көбеюі, гендер мәселесіне деген қызығушылықтың артуы Жаңа Қазақстанның әлеуметтік-тарихи, саяси-экономикалық жағдайларымен және әлем өркениетінде алатын орнымен тікелей байланысты.

Демократиялық мемлекеттің қалыптасуына және қоғамның азаматтық деңгейінің өсуіне байланысты әйелдің толық және тең дәрежеде өмірдің барлық салаларына енуі арта түсіп отыр. Қазақ қоғамында әйелдің орны ежелден ерекше болды, ал тәуелсіздік жылдары әйелдің әлеуметтік мәртебесі мүлдем жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Әйел, гендер мәселелері мемлекеттік саясаттың бір маңызды құрамдас бөлігіне айналып, оларға айырықша назар аударыла бастады. Әлеуметтік-экономикалық құрылым мен демократиялық институттардың жоғары сатыға көтерілуіне байланысты гендер мәселесінің

ғылыми-практикалық өзектілігі күннен күнге артып, қазір айтарлықтай жан-жақты зерттелді және концептуалды негізделді.

Қоғамды дамытудың өтпелі кезеңінде дәстүрлі құндылықтардың алдыңғы қатарға шығып отырғанын атап өткен жөн. Этникалық, конфессионалдық, отбасылық және гендерлік құндылықтар қоғамда болып жатқан өзгерістерге қарамастан тұрақты күйін сақтап қалды. Қазақ қоғамындағы әйелдің статусы туралы да осы пікірді айтуға болады. Қазақ әйелінің еркін, дана, батыр, адал, өзіндік «Менін» асқақтатқан, өзімен де, қоршаған ортасымен де рухани үндестікте бола білген, өткіншіден мәңгілікке ұмтылған Тұлға болғанына тарих куә. Қазақтың ұлт ретінде дамып, әлемдік өркениетке қосыла алуына қазақ әйелінің қосқан үлесі мол екені сөзсіз. Сондықтан, қазақ әйелінің осындай қайталанбас феноменін қазіргі қым-қуыт заманда әлемге паш етіп, жан-жақты көрсете білу біздің міндетіміз.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Мәдениет пен қоғамдағы әйел бейнесі, алатын орны мен рөліне байланысты гендерлік зерттеулер мен ғылыми еңбектер шетелдерде соңғы жүз жыл бойында қарқынды дамығанмен, отандық ғылымда тек өткен ғасырдың соңғы жылдарында ғана қалыптасты. Гендер мәселесін тек философия ғана емес, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, дінтану, экономикалық теория, педагогика, филология, психология, құқықтану ғылымдары да кеңінен қарастырады. Сондықтан да Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялар көбінесе осы салалар бойынша. Атап айтқанда, ғалымдар Алтынбекова Г. «Қазақстан қоғамын демократияландырудағы әйелдердің саяси қатысуы», Әбутәлиева А. «Қазақ тарихи романдарындағы әйелдер бейнесінің жасалу ерекшеліктері», Қоңырбаева Г. «Қазақ мәдениетіндегі әйелдердің рәміздік бейнелері» тақырыптарына зерттеулер жүргізді. Философия ғылымы бойынша С. Шакирова мен Г.Адаева әйел мәселесін зерттеуге арналған кандидаттық диссертациялар қорғады. Гендер мәселесімен айналысқан шетел зерттеушілерінен Х.Арендт, Д.Батлер, Симона де Бовуар, О.Воронина, Э.Голдман, А.Дворкин, С.Жеребкин, И.Жеребкина, Е.А.Здравомыслова, Л.Ирригарай, И.В.Костикова, Ю.Кристева, Н.Менделл, Л.Пушкарева, Э.Сиксу, С.Ушакин, Б.Фридан, П.Элиот және тағы басқаларды атауға болады.

Біздің елімізде гендер мәселесін зерттеу әлі де болса жас сала. Сол себепті отандық философияда бұл тақырып бойынша ізденістер аса көп емес. Гендерлік мәселе бойынша қазіргі кездегі қазақстандық зерттеушілерді атайтын болсақ, Ғ.Есім, Б.Аташ, З.Балғымбаева, З.Исмағамбетова, З.Қодар, Ә.Масалимова, З.Наурызбаева, Г.Нұрышева, Г.Соловьева, Н.Шеденова және тағы басқалары әйел, гендер мәселелерін философия, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдары тұрғысынан талдады. Дегенмен, әлі күнге дейін гендерлік мәселелерді дұрыс зерттеу мүмкіндіктеріне ие болған әдіснамалық зерттеулер аз. Сондықтан қазақ әйелі феноменін қазақтың философиялық дүниетанымы аясында зерттеп, оның нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу бұл саланың дамуына өзіндік үлес қосады деп ойлаймыз.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны. Қазақтың философиялық дүниетанымы және әйел феномені.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні – ежелгі заманнан қазіргі дейінгі философия тарихындағы және қазақ халқының философиялық дүниетанымындағы әйел феномені.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты: Қазақ халқының философиялық дүниетанымындағы әйел феноменін зерттеп, философиялық талдау жасау.

Осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды:

- әлемдік философия тарихындағы гендерлік теңдік идеясын ашып көрсету, әйел-философтардың рөлін анықтау;

- «әйел феномені» ұғымының мағынасын ашу, қазақ әйелі бейнесінің қалыптасуына әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды анықтау;

- көркем мәтіндерді, халық ауыз әдебиеті мұраларын, белгілі ақын-жазушылардың көркем туындыларын, тарихи-этнографиялық, мифологиялық және жалпы қазақ әйелі феноменін сипаттайтын деректерді концептілік жүйеде жинақтау;

- түркі-қазақ мифологиясы мен дүниетанымының гендерлік негіздерін, сабақтастығын айқындау;

- ақын-жыраулардың философиялық дүниетанымындағы қазақ әйелі бейнесінің ерекшеліктерін талдау;

- қазақ ағартушыларының шығармашылығындағы әйел болмысының эстетикалық сипатын саралау;

- XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының шығармаларындағы әйел теңдігі мәселесін зерделеу;

- қазіргі Қазақстанның гендерлік саясатының дамуы мен жүзеге асуының ерекшеліктерін және перспективаларын көрсету.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.

Зерттеудің теориялық негізі – батыс және шығыс философиясының көрнекті өкілдері мен шетелдік зерттеушілердің әйел тақырыбына арналған еңбектері: Платонның «Той», «Тимей», «Мемлекет», Аристотельдің «Саясат», Ибн Синаның «Саясат туралы трактаты», Ж.Баласағұнның «Құтты білік», Эриугенаның «Табиғаттың бөлінуі туралы», К.Пизанскаяның «Әйел қаласы туралы кітап», Ж.Ж.Руссоның «Эмиль және оның тәрбиесі», Гегельдің «Құқық философиясы», М.Уолстонкрафттың «Әйелдің құқықтарын қорғау», Дж.С.Милльдің «Әйелдің бағынуы», Ф.Энгельстің «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығу тегі», А.Бebelдің «Әйел және социализм», Б.Фриданның «Әйелге тән құпиялық», К.Цеткиннің «Әйел бостандық жолында», Симона де Бовуардың «Екінші жыныс» және тағы басқа еңбектер, сонымен қатар, қазақ ақын-жыраулары – Доспамбет, Ақтамберді, Шал ақынның, қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың, XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы», М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» туындылары.

Ғылыми жұмыстың тақырыбын зерттеу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың көзқарастарын талдау, жүйелеу, салыстыру арқылы жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді. Зерттеудің әдіснамалық негізі – тарихи-философиялық, философиялық-антропологиялық және әлеуметтік-мәдени әдістер, оларды қолдану жалпы дүниетаным жүйесіндегі әйел феноменін және оның орнын түсінуге мүмкіндік берді. Тарихи-философиялық әдіс әлемдік және қазақ философиясының даму тарихындағы әйел феноменін зерделеуге септігін тигізді. Компаративистік әдіс әйел болмысының мәні мен мағынасын ұғынудағы батысеуропалық және отандық философиялық дәстүрлерін салыстырмалы талдауда, герменевтика әдісі көркем шығармалардағы философиялық идеяларды анықтауда, ал аксиологиялық және өмірбаяндық әдістер белгілі қазақ әйелдерінің өмірін зерттей отырып, олардың құндылықтық ұстанымдарын, философиялық болмысын ашуда қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

- әйел феномені әлемдік философия тарихы мен қазақтың философиялық дүниетанымын ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейін тұтас қамтып, алғаш рет философиялық-ғылыми тұрғыдан зерттелді;

- философия тарихындағы әйел-философтардың рөлі мен орны айқындалды;

- «әйел феномені» ұғымын түсінудегі метафизикалық, антропологиялық, эстетикалық, әлеуметтік-мәдени аспектілерге сипаттама беріліп, оның қалыптасуына әсер еткен ішкі және сыртқы факторлар жүйеленді;

- ежелгі түркі мифологиясы мен қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы гендерлік үрдістердің сабақтастығы айшықталып, жаһандану кезеңіндегі қазақ әйелі бейнесімен салыстырылды;

- қазақ әйелінің ұлттық болмысы, әйел-ананың дүниетанымы, ішкі рухани әлемі ашылып, қазіргі кезде қазақ әйелі туралы қалыптасқан ұғым-түсініктер, ұлттық стереотиптер анықталды;

- қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феноменіне тарихи, салыстырмалы талдау жасау арқылы әйел бейнесі этикалық, аксиологиялық, гуманистік тұрғыдан зерттелді.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

- Әлемдік философия тарихында әйел феноменін зерттеу Ежелгі шығыс философиясынан бастау алып, қазіргі кезеңге дейінгі уақытты қамтиды. Әйел мәселесінің әлемдік философия тарихында зерттелуі әртүрлі және кейде бір-біріне қарама-қайшы келетін көзқарастардың болуымен және әрбір кезеңнің өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Гендердің ежелгі шығыс, антикалық философиядағы негіздері – әйелге өзінің әлеуметтік және табиғи әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік бермеген сол кездегі патриархалдық құрылыс. Араб-мұсылман философиясында әйелдің отбасындағы орны мен рөлі, қасиеттері, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың негізгі принциптері ретінде әйелдің отбасындағы абсолютті тәуелді жағдайы, оның жарына бағыну қажеттілігі туралы идея негізгі болды. Орта ғасырдағы батысеуропалық философия толығымен діни болғандықтан, әйел бейнесі де христиан дінімен тығыз байланысты. Өркендеу дәуірінде қоғамда алғашқы рет жыныстар теңдігі

идеясы және әйел мен еркектің қарым-қатынасын реформалау жобалары дүниеге келді. Жаңа заманда жаңа демократия теориясының дамуына байланысты әйелдер немесе еркектерге тән «табиғи» қасиеттер ұғымы біртіндеп жойылды. Гендер мен феминизм ұғымдарының бір емес екендігі анықталды. Феминистер көптеген жаңа ұғымдарды айналымға енгізді. Қазіргі кезде гендер концептісі жыныстар арасындағы теңсіздіктің әлеуметтік сипатын жоюға бағытталған, сонымен бірге еңбектің гендерлік белгісі бойынша бөлінуіне қолдау білдіреді.

- Ежелгі дәуірде, Орта ғасырларда, Қайта өрлеу мен Жаңа дәуірде әйелдердің білім алу мүмкіндігінің шектеулі болуы олардың философияны зерттеп, философиялық еңбектер жазуына кедергі болды. Осыған байланысты философия тарихында ұзақ уақыт бойы әйелдердің рөлі еленбей, белгісіз күйде қалды. Философия тарихының пайда болуынан бастап кем дегенде екі жүз әйел философ өмір сүріп, дүниеден өтті және философиялық еңбектер қалдырды. Әйелдер үлкен философиялық мектептерді басқарды, кейінірек атақты ер әріптестерімен бірге ресми емес философиялық топтардың ажырамас бөлігі болды, маңызды философиялық еңбектер жазды, ал өткен ғасырда кәсіби философиялық қауымдастықтарға басшылық етті. Олар ерлермен бірге өз кездеріндегі маңызды философиялық мәселелерді талқылауға қатысты. Қазіргі заманғы әйел философтар кәсіби философия дамыған барлық елдерде қызмет атқарады. Азия, Африка, Еуропа болсын, әр аймақта философияда өз іздерін қалдырған әйелдер саны көп.

- Әйел бейнелері түркі халықтарының рухани мәдениетінде үлкен рөл атқарған матриархаттық дәстүрлер мен ежелгі тотемистік мифологияның ұғымдарымен тығыз байланысты. Түркілік дәстүрде алғашқы әйел, ана, отбасының қамқоршысы, Тәңірінің жарымен байланыстырылатын түркілердің жоғары құдайы Ұмай Ана бейнесімен (Ұмай, Бай ана, Май-иче, Май-эне, Сары-эне) байланыстырылады. Көне түркілік мифологиясында сұлулықпен қатар ұсқынсыздық категориясымен зұлымдықты бейнелейтін Мыстан, Жалмауыз кемпір, Албасты, Жезтырнақ, перілер сияқты образдар бар. Қазақ әйелінің бейнесі көркем мәтіндерде, батырлар жырларында, дастандарда, ертегілерде, мифологияда қалыптасып, символдық деңгейге көтерілді. Далалық мәдениетте дәстүрлі романтикалық, жанұялық, рулық әйел-ер адам қатынастармен қатар мифтік, мистикалық, таңғажайыптық гендерлік формасының да болғанын көреміз.

- Ақын-жыраулар шығармашылығында ел анасы, жақсы әйел-жар, жаман-әйел бейнелері жасалып, жырланған. Әйел тақырыбы, әйел бейнесі қазақ ақын-жыраулардың шығармашылығында көрініс тапса да, үлкен әлеуметтік мәселе деңгейіне көтеріле алмады. Алайда әйел мәселесі жеке тақырып ретінде қозғалмаса да, жаңа мазмұндағы әйелді сипаттау, оның тіршілігіне, ішкі жан дүниесіне үңілу, жақсы, жаман әйелді салыстырып, тәрбиелік мәнге назар аудару қазақ ақын-жыраулардың толғауларында ерекше орын алады. Ақтамберді, Доспамбет, Бұқар жырау, Шал ақынның шығармашылық мұрасында әйел болмысы туралы, оның қоғамдағы орны мен маңызы, сонымен

қатар оған қойылатын талап пен талғам биіктігі, ар мен ұят, парыз бен борыш сияқты кең ауқымды этикалық мәселелер қойылған.

- Қазақ ағартушылары әйел теңдігіне көптеген шығармалар арнады, теңсіздікпен күресті, ашық майданға шықты. Алайда, бұл кезеңде әйел теңдігі мәселесі ішінара сөз болғанымен, әлеуметтік күрес дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Дегенмен олар қазақ қыздарының аянышты тағдырына араша түсіп, жанашыр болды. Шоқан Уәлиханов қазақ әйелінің теңсіздігін алғаш рет үлкен әлеуметтік мәселе деп танып, бұл өз кезегінде сол кездегі қоғамдық құбылыстың сырын түсінген батыл, озық ой болды. Ыбырай Алтынсарин қазақ қыздарына тұңғыш оқу орнын ашып, игі істің бастамасын жасады. Ұлы философ Абай әйел тақырыбын бұрын болмаған дәрежеде дамытып, әйел бейнесін сомдауда үлкен төңкеріс жасады. Дара да дана Абай әйел бейнесіне этикалық-эстетикалық талдау жасап, эстетикалық идеал – дене сұлулығы ғана емес, жан сұлулығы деп, әйелді адам ретінде жоғары бағалау арқылы гуманистік ойын байқатты.

- XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығы жанр жағынан дамып қана қоймай, тақырып мен идея тұрғысынан жаңа белеске көтерілді. Қазақ қаламгерлері әлем әдебиетінің жетістіктеріне сүйене отырып, қазақ әйелінің қайталанбас бейнесін жасады. XX ғасыр басындағы әйел тағдыры тақырыбына қол артқан қазақ зиялыларының түпкілікті идеясы – жеке тұлға бостандығы мен жеке адамды қайталанбайтын рухани құндылық ретінде қадірлеу болды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев әйел теңдігі мәселесін жиі көтеріп, сындарлы пікірлерін ортаға салды. Осылайша олар қазақ әйелінің тағдырын-қараңғылықтан, әлеуметтік қысымнан, келтіріліп отырған зардаптардан арашалап, құтқарып алуға тырысты, қазақ қыздарын ілім-білімге, оқуға шақырды. Бұл қазақ даласындағы әйел теңдігін қалыптастыруға, оны мықтап орнықтыруға байланысты нақты қадамдар еді. Олардың барлығы өз мақсатына жетпесе де, заманында батыл пікір айтуымен бағалы әрі құнды болып саналады.

- Гендерлік саясат- қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет, сондықтан да ел дамуының басты бағыттарының бірі және оның кешенді модернизациясы. Тәуелсіздік жылдарынан бері Қазақстанда гендерлік саясатты жүзеге асыруға байланысты бірнеше заң қабылданды. Гендерлік теңдікке қол жеткізу саласындағы ұлттық тәжірибе әлем қауымдастығы елдерінің өркениеттік, діни және мәдени ерекшеліктерін жан-жақты және мұқият ескере отырып, ұлттық дүниетанымызға тікелей бағытталған болуы тиіс. Сондай-ақ, еліміздегі гендерлік саясат әйелдердің құқығын қорғауға, толғандырған мәселелерін шешуге, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған әйелдерді материалдық тұрғыдан қолдауға, денсаулығында ақауы бар нәзік жандыларды кәсіби ем-дом шараларымен қамтамасыз етуге, қыз балалардың тәрбиесіне, оқуы мен біліміне көңіл бөлуге, әйелдердің алдынан туындайтын түрлі кедергілерді жоюға, отбасында болсын, қоршаған ортада болсын рухани-

моральдық тұрғыдан оң атмосфера қалыптастыруға бағытталуы керек деп санаймыз.

- Қазақстан халқының көпұлтты болуы, қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайлар, ақпараттық қоғам мен бұқаралық мәдениеттің дамуы жаһандану «қазақ әйелі» феноменінің қалыптасуына әсер етіп, оған заманауи ерекшеліктер енгізді. Қазіргі қазақ қызы туған халқының мәдениетімен қатар әлем мәдениетін меңгерген, білікті, әлеуметтік ортаға бейімді, қоғамдық өмірде белсенді. Бүгінгі қазақ әйелі – өзінің алдыңғы апаларының салтын сақтап, үрдісін жалғап келе жатқан Қыз, Ана, Тұлға. Қабілеті мен қарымына қарай қазақ әйелі көшбасшы да бола алатынын бүгінгі өмір көрсетіп отыр. Қазақ әйелдеріне ұлттық болмысты барынша сақтаудың маңыздылығы, әсіресе, қазіргі жаһандану заманында зор болып отыр. Қазақ әйелінің басты сипаты – халық дәстүріне адал, намысты, инабатты, ізетті, сыпайы, әдепті, қылықты, білімді, талапты қазақ қызы екені сөзсіз. Аналардың тағылымды тарихы – ұрпақ санасын жаңғыртудың кепілі мен ұлт болашағын тәрбиелеудің рухани негізі деп түйіндеуге болады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Гендер саласындағы әр алуан күрделі мәселелерді түсіну үшін, еркек те, әйел де өзінің құқықтарының тең екендіктерін сезіну үшін арнайы және жүйелі ұйымдастырылған гендерлік білім алу қажет. Ол әлемнің көптеген мемлекеттерінде зерттеліп, нақты іс-шаралар арқылы өз деңгейінде қолға алынуда. Ал біздің еліміздегі гендерлік білім беру ұлттық дүниетанымды, көзқарасты, ұстанымды басымдыққа шығаратындай болуы тиіс, яғни, оның өзіндік қазақстандық нұсқасы болуы керек.

Қазақ мемлекеттілігінің дамуына өзіндік үлес қосқан, отансүйгіштік ой-сананы, қасиетті, жоғары адамгершілік парасатты қалыптастырған және ұрпағына сіңірген ханымдар мен арулардың ұлт алдындағы еңбегін бағамдап, тарихи еңбегіне әділ баға беріп, тағылымды да өнегелі өмірлерін барша халыққа паш ету үшін кешенді ғылыми жобаларды, оқу бағдарламаларын қарастыруға болады. Жоғары оқу орындарында гуманитарлық бағыттағы магистрлік және докторлық диссертациялық тақырыбына бұрын-соңды зерттелмеген әйел тұлғаларының мұрасын, қайраткерлігін зерделеу, сондай-ақ, элективті курстар енгізу, энциклопедиялық жинақтар әзірлеп, жарыққа шығаруға болады. Сонымен қатар, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, этика пәндері бойынша дәрістерде және т.б. арнайы курстарда қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 9 мақала жарық көрді. Оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналда – 4 («Адам әлемі», «Әл Фараби», Қарағанды университетінің Хабаршысы және CAJAS журналдарында); ғылыми-практикалық конференцияларда - 4, Scopus

журналдар базасына кіретін «Peace Review» АҚШ журналында 1 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының талқылануы. Диссертация Философия және саясаттану факультеті Философия кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде 2022 жылы шілденің 01 жұлдызында (№ 22 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 129 бет.

1 ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

1.1 Әлемдік философия тарихындағы гендерлік теңдік идеясының қалыптасуы

Қазіргі кезеңде әлемдік деңгейде жыныс мәселесіне аса қызығушылық байқалады, әйелдер мәселесін зерттеу бірнеше сатыдан өткен. Гендер мәселесі көптеген салаларда, атап айтқанда, өнерде, ғылымда, қоғамдық өмірде бұрын-соңды болмаған дәрежеде көтеріле бастады. Қоғам субъектілері ретінде еркек пен әйелді қабылдауда бірнеше көзқарастар жиынтығы бар. Ол көзқарас, теория, идеяларды біз философия тарихынан айқын көре аламыз. Мысалы, ежелгі қытай философиясы болмыстың бүтіндігі ретінде Инь мен Янның (әйелдік және еркектік бастау) бірлігін атап көрсетеді, яғни көп жағдайда метафизикалық деңгейде – Инь мен Янь ғарыштық бастамадағы деңгейде қаралды. Олар бинарлы, сондықтан да осы екі бастау бір-бірін толықтырып отырады.

Ежелгі Қытай философиясының көрнекті өкілі-Конфуцийдің көзқарасы бойынша, әйел адамдарға білім алудың қажеті жоқ [1, 134 б.]. «Әйелдің негізгі қызметі-ұлдарды дүниеге әкелу, тәрбиелеу. Ежелгі қытай отбасында туылған қыздарға есімдер берілмеген, оларға тек «бірінші», «екінші» қыз деп нөмірлеген. Қыз дүние есігін ашқан кезде, оны кемсітетін әдет-ғұрыптар қолданылған, мысалы, оны төсектің астына жатқызатын және ойыншық ретінде керамиканың сынықтары тарту етілетін. Қыз еңбекқор болу міндетті және үлкендерге, атап айтқанда, әкесі мен бауырларына бағынышты болуы шарт. Отбасы құрғаннан кейін ежелгі қытай әйелі күйеуіне құл сияқты қызмет ету керек. Егер жас келіншектің күйеуі қайтыс болған жағдайда, ол екінші рет күйеуге шығуға құқығы жоқ. Бұл ережені орындамаған әйелдерге өлім жазасы кесілген» [2].

Ежелгі үнді философиясында көптеген бағыттар мен діни наным-сенімдер болды. Үнді қоғамында мыңдаған жылдар бойы үстемдік еткен касталық жүйеде әйелдердің жағдайын ең төменгі варна-шудралардың (құлдардың) деңгейімен бірдей болды деуге болады. Ману заңдарына сәйкес, мұрагерлікке тек ер адамдар құқылы, әйелдер әрдайым бағынышты жағдайда болуы тиіс. Көне үнділердің қасиетті кітабы-Ведада: «әйел кесірткеден, жыланнан, улы хайуаннан да зиянды бір мақұлық» дегенді кездестіруге болады. Махабхаратада: «әйелдің кемшіліктерін түсіну үшін адамға 100 жыл да жетпейді» делінген. «Веда» Ману заңдары сияқты қоғамдағы әйелдің орнын және рөлін анықтады, онда қыздың қатаң тәрбиесі, құрметті әйел және үй шаруасындағы әйел тағдыры көрсетілді, бұндай әлеуметтік тәртіп барлық төрт кастадағы әйелдер үшін міндетті. Жоғары кастадағы әйелдердің төменгі кастадағы әйелдерге қарағанда дәрежелері жоғары болды. Дегенмен рухани жағдайға келген кезде барлық касталарда талап бірдей. Барлық кастадағы әйелдерге Ведаларды оқып, зерттеуге, өз бетінше қандай-да бір әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жасауға, тіпті ведалық мәтіндер оқылған кезде әйелдерге қатысуға тыйым салынған. Брахман бұл талаптарды орындамаған жағдайда

қоғамнан біржола қуылған. Діни ілім ізденген әйелдер отбасынан және қоғамдағы әлеуметтік лауазымынан айырылуы мүмкін еді. Дегенмен, йога ағымында жоғары дәрежеге жеткен, білімдерімен көптеген өсиет қалдырған әйелдердің есімдері сақталған. Кейінірек буддизм ілімі әйелдер мен еркектердің теңдігі идеясын енгізді. Бұл туралы буддизм қағидасының бір бөлігі-Тхеригатхада кездеседі.

Философия дамуының бастапқы кезеңдерінде (біздің дәуірімізге дейінгі 6-5 ғасырлардағы антикалық натурфилософияда) антропологиялық мәселе тек натурфилософиялық тұрғыдан ғана қарастырылып, гендерлік сипаттамалар – әйел мен еркек күн мен түн, жарық пен қараңғы, өмір мен өлім және тағы басқалары сияқты екі ауыспалы және бір-бірін толықтырып отыратын бастамалар ғана деген көзқарас үстем болды. Сонымен қатар, батыс философиясында антропологиялық мәселе алдыңғы қатарға шығып, космологиялық мәселе екінші орынға түскен кезде адам субъективтілігінің философиялық ойлау логикасында ақыл мен тән қарама-қарсы қойылды. Ақыл руханилық, сана, белсенділік және тағы басқа жағымды қасиеттермен байланысты еркектік бастау, ал тән сезімталдық, санасыздық, енжарлық сияқты жағымсыз қасиеттерге ие әйел бастау деп есептелді. Нәтижесінде әйелдер жетілмеген, аурушаң, сонымен қатар өзінің денесі мен іс-әрекетіне саналы түрде бақылау жасауға қабілетсіз жандар ретінде бейнеленеді. Басқаша айтқанда, патриархаттық философиялық дәстүрде әйел денесі бейтарап табиғи бастау ретінде анықталады. Сондықтан адамзаттың интеллектуалдық тарихында ұзақ уақыт бойы мизогиния (әйелдерді жеккөрушілік) орын алды.

Грек мифологиясы бойынша Прометей аспандағы құдайлардан адамдарға от ұрлағаны үшін гректердің басты Құдайы Зевс адамдарға жаза ретінде балшықтан әйелді жасаған. Зевстің жоспарына сәйкес, әйел-көрікті, ұятсыз құбыжық, сондықтан енді ер адамның сәтсіздікке, жеңіліске, бақытсыздыққа ұшырауы әйелден болу керек.

Алғашқы еуропалық философиядағы гендер мәселесі және патриархаттық философиялық дәстүрдің негізгі принциптері – ежелгі Грекияда пайда болды.

Біздің заманымызға дейін жеткен философиялық және әдеби шығармалардан антикалық кезеңге әлемді иерархиялық түрде қабылдау тән болды деп болжауға болады. Космостық иерархияның шыңында құдайлар, содан кейін адамдар, әрі қарай жануарлар мен өсімдіктер тұрды. Бірақ адамдар – әйелдер мен еркектер, еріктілер мен құлдар, ересектер мен балалар тең болып саналмайды.

«Көптеген полистерде демократия біздің дәуірімізге дейінгі V-IV-ші ғасырларда пайда болса да, ежелгі грек қоғамының басым бөлігі екіге бөлінді: құл иеленушілердің құлдарға және ерлердің әйелдерге үстемдік етуі. Бірақ құлдар табында әйелдер мен еркектердің жағдайы бірдей теңсіз болса, еріктілер табында шынайы ерікті әйелдер емес, тек еркектер ғана еді. Ерікті азаматтар табындағы әйелдердің де құлдар сияқты құқығы жоқ болды: грек құл иеленушілік қоғамындағы үй құлдығының басым болу жағдайында құлдар да,

ерікті әйелдер де, ең алдымен, еркек-құлиеленушінің қызметшісі болды. Отбасында еркек, әке немесе күйеу әйелі мен қызына өзінің жеке меншігі ретінде қарады. Әйел ешқашан жекеменшік қатынастардың субъектісі болған емес, сондықтан мүлік пен ақшаны мұрагерлікке ала алмады» [3, 51 б.].

Ежелгі Грекияның дәстүрлері мен заңдары тек моногамды некені мойындады. Некеге тұру міндетті болып есептелді, өйткені некенің мақсаты-сау ұрпақты дүниеге әкелу мемлекеттік маңызды іс ретінде саналатын.

Көне грек полистеріндегі ерікті адамның мәртебесі азаматтық құқықтарға ие болуды білдірді, бұл мәртебе оған сайлауға қатысу құқығы мен сайланатын қызметке тағайындалу мүмкіндігін беретін. Бірақ мұндай мәртебеге әйелдер ие бола алмайтын, сол себепті оларда ешқандай да сайлау және сайлану құқығы болмады.

Қарап отырғанымыздай, антикалық кезең феминизмнен әлдеқайда алыс болды. Мысал ретінде милеттік Фалестің (басқа деректер бойынша Сократқа тиесілі) мына пікірін келтіруге болады: «Тағдырға жануар емес, адам, варвар емес, эллин, әйел емес, еркек болып туылғаным үшін ризамын», яғни, ол әйелді варвармен және жануармен бір қатарға қояды.

Бірақ антикалық кезеңдегі ер азаматтардың бәрі бірдей осындай пікірде болған жоқ. Прогрессивті Пифагор, керісінше, әйелдің маңызды рөліне әрқашан баса назар аударып отырған. Пифагор одағында әйелдер филиалы да құрылған, бұл жерде әйелдер рәсімдердің мән-мағынасын меңгеретін болған.

Эллин ойшылы сол кездің өзінде-ақ үйлесімді одақ – жанның бірігуі екенін түсінді. Ол өз еңбектерінде ерлер күшін шығармашылық рухтың бастауы ретінде, ал әйелдер күшін табиғаттың икемділігінің бейнесі ретінде сипаттады. Осы екі физикалық және рухани күш бір бүтінге біріккенде, жаңа зат – бүкіл ғалам пайда болады. Яғни, Пифагор Инь-Ян принциптеріне сәйкес тезистерді қолданды. Ол еркек пен әйелді біртұтас деп санайтындығын айқын көрсетті, демек, олардың қоғамдағы орны мен рөлі бірдей маңызды және қажет.

Философтың ізбасарлары әлемнің құрылымына басқаша қарады. Олар мұны тәртіп пен хаостың араласуы ретінде бейнеледі. Сонымен бірге еркек белсенді, формасы бар, ал әйел – енжар, формасыз деп саналды. Алғаш рет мұндай қарама-қарсылықты біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда сақталған құжаттардың бірінен көруге болады. Пифагорлықтар жұптар кестесін ұсынды, онда келесі қарама-қарсылықтар орын алды: шек – шексіздік; жұп – тақ; тыныштық – қозғалыс; жарық – қараңғылық; сол – оң; шаршы – тіктөртбұрыш; жақсылық – жамандық; түзу - қисық; бір – көп. Қарама-қарсылықтың оныншы жұбы – «еркек-әйел» тізбегі болды.

«Теория жүзінде философтар еркектік және әйелдік бастауларға нақты қасиеттер береді. Егер біріншісі рационалды деп саналса, екіншісі эмоционалды. Бірақ іс жүзінде жағдай мүлдем басқаша болды, әйелдің мүдделері мен пікірлері ешкімді қызықтырмады. Шындығында, әйелдердің ешқандай құқығы болған жоқ. Олар сайлауға қатыса алмады, білім ала алмады, меншікке ие бола алмады және тағы басқа көптеген игіліктерден әйелдер шет қалды. Қоғамда қатаң патриархат билік құрып, әйелдердің рөлі екінші орында

болды. Әйел тек ұрпақты жалғастыру құралы ретінде ғана қарастырылып, күйеуінің меншігі деп саналды» [4, 101 б.].

Философия тарихында адам мәселесіне бет бұрған алғашқы философ – Сократ. Ол өзін-өзі тану қажеттілігін әр адамның өміріндегі ең маңызды мақсат ретінде көрсетті. Философтың ойынша өзін-өзі тану – адамның басты міндеті.

Сократтың біздің заманымызда да өзекті болып саналатын бірнеше канатты сөздері бар. Мысалы, үйленудің қажеттілігі туралы. Философ «егер сен жақсы әйел алсаң, онда сен ерекшеленесің, ал әйелің жаман болса, сен философ боласың» деген екен, немесе тағы бір мысал – «әйелге деген махаббат жағымды, бірақ қауіпті уға ұқсайды».

Патриархатты жақтаушылардың бірі – ежелгі грек философы Аристотель болды. Ол әйелдердің теңсіздік жағдайын заңды деп санады және қолдады. Оның пікірінше, әйел мен еркек құл мен ерікті сияқты табиғатынан әртүрлі, сондықтан тең бола алмайды.

Жыныс, әйел табиғатына байланысты өзінің көзқарасын дамыта келіп, Аристотель әйел құл сияқты өз қожайынына бағынуға жаралған деп санайды. Әйел табиғаты бойынша еркектің құлы. Құл болу әділетті ме? Бұл сұраққа жауап беру оңай дейді Аристотель, өйткені, «билік ету және бағыну тек қажет қана емес, сонымен қатар пайдалы және туылғанынан кейбір жандар ерекшеленеді – біреуі билік етуге, екіншісі бағынуға жаралған» [5, 382 б.]. Оның ойынша, жан тәнге билік етеді, ақыл сезімді билейді – бұл пайдалы және адамға қажетті: «Осылай еркек те әйелге билік етеді, біріншісі – табиғатынан жоғары, екіншісі – төмен, біріншісі билейді, екіншісі бағынады» [5, 638 б.]. Бұл қағида сөзсіз бүкіл адамзатқа үстемдік етуі тиіс деп тұжырымдайды Аристотель.

Әйел де, құл да қожайынына, эллинге оның «жанды құралы» ретінде тиесілі. Бірақ әйел құрал ретінде құлдан ерекшеленеді, өйткені оның міндеті – «табиғат туындысы», яғни дүниеге ұрпақ әкелу ғана, ал құл болса табиғи емес заттарды жасайды. Аристотельдің ойынша, біріншісі екіншісіне қарағанда жоғары тұрады [5, 377 б.].

Гендерлік бөліну құбылысының өзі философтың пікірінше, жақсының (еркектік) жаманнан (әйелдік) бөлінуі болып саналады. Аристотельдің пікірі бойынша, әйел табиғатынан жартылай адам, еркек (адам) мен жануар арасындағы байланыстырушы, «қандай да бір табиғи кемшілік» [5, 184 б.]. Осы концепциядан жыныстардың болуы әлемдік құрылымда заңды орны жоқ, кездейсоқ екенін көреміз. Еркек – қалыптыны, әйел – ауытқушылықты білдіреді. Осылайша, Аристотельдің пікіріне сәйкес, жыныстардың бөлінуінің жалғыз мәні – өмірге ұрпақ әкелу, ал әйелдің рөлі – бала көтеру ғана. Әйел, сонымен қатар, үй шаруашылығымен айналысады, бірақ ол қызмет қосалқы болып саналады.

Еркек форма және қозғалыстың бастамасы ретінде бейнеленсе, әйел материяны, енжар материалды бастауды білдіреді.

Аристотель «Саясат» шығармасында халық санын реттеу қажеттігі туралы идеяны ұсынады. Осылай, «еркек тек әлеуметтік жағынан жетілгенде

ғана 37 жасында, ал әйел биологиялық жетілгенде 18 жасында балалы бола алады. Отбасындағы бала саны да заңмен реттеледі, ал ауру балалар өлтіріледі» [5, 455-458 бб.].

Кейін Аристотельдің осындай ойлары классикалық андроцентризм деп аталып, батыс феминистері эллиндік ойшылдың ілімдерін сынға алды.

Құлдықтың әділетсіздік идеясы бұқаралық идеялық ағым – софистердің ілімінен көрініс тапты. Софистер «табиғат» пен «заң» ұғымдарының қарама-қарсылығын талқылауды енгізді. Осыған орай, софист Алкидамант құлдық туралы көзқарасын «табиғат ешкімді құл етіп жаратқан жоқ» деген пікірі арқылы жеткізді [6, 471 б.]. Кейбір софистердің құлдыққа байланысты пікірінше, ол – әділетсіз, өйткені құлдық табиғатынан емес, заң бойынша өмір сүреді. Бұл сол кезеңде өте батыл пікір болды, өйткені құлдықтың қайнар көзі ол кезде күштеу (әскери) іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылды. Ал бұл дегеніміз өз алдына сол кездегі мемлекеттің саясатымен келіспеумен пара-пар еді. Софистер ұстаздықпен айналысқаннан кейін олардың көзқарастары бүкіл қауымға әйгілі болып, кеңінен тарады.

Көрнекті грек философы Платонның жыныс мәселесіне байланысты көзқарасы антикалық заман үшін таңсық болды, сондықтан да хронологиялық тәртіпті бұзып, оның көзқарасын кейінге қалдырдық. «Той» диалогында Платон бір кездері адамдар екі жарты болатын және олардың екі басы, сегіз аяқ-қолы болған деген аңызды мысалға келтіреді. Бұл адамдар екі емес, үш жынысқа бөлінетін. Үшінші жыныс еркек пен әйел бастауларын біріктіретін андрогиндер болды. Ол кезде адамдардың өте күшті болғандығы сонша, олар құдайларға қарсы келеді, сол үшін Зевс олардың әрқайсысын екіге бөліп тастауға бұйрық береді, сондықтан олар содан бері бірін-бірі іздеп, бірігуге ұмтылады. Платон «махаббат – біртұтастыққа құштарлық және оған ұмтылу» деп, алғаш ой білдірді [7, 101 б.]. Бірақ, ары қарай диалогтан көретініміз, махаббат тек біртұтастыққа ғана құштарлық емес, сонымен қатар игілікке деген құштарлық болып саналады және нақты адамды сүю арқылы біз сол адам арқылы көрінетін игілікті сүйеміз.

Махаббат философиясы туралы «Той» шығармасынан осы айтылғандардың бәрінің, Платонның пікірінше, әйел мен еркектің қарым-қатынасына ешқандай қатысы жоқ екенін үлкен таңданыспен оқимыз. Өзінің көптеген замандастары сияқты Платон да әйелді төмен тіршілік иесі, ал оған деген махаббатты – жануарлық сезім деп санады. «Тимей» шығармасында Платон «намыссыз және қорқақ еркектердің жандары өлгеннен кейін әйел болып қайта туылады» деп тұжырымдайды [8, 498 б.]. Бірақ, мұның бәрі оның махаббат философиясының жалпы рухына сәйкес келмейтіні соншалық, В.С.Соловьевтің пікірі бойынша, «оның махаббат теориясы пұтқа табынушылық әлемде бұрын соңды болмаған терең және батыл, жасырын болып қалады» [9, 4 б.].

Әйелдер теңсіздігі мәселесі Аристотель өмір сүрген кездегі грек қоғамында кең таралмаған еді. Платонның әйел мәселесіне көзқарасы оның «Мемлекет» диалогында көрініс тапты, бірақ ол тек теориялық сипатта

болғандықтан, кең таралмады. Аристотельге дейін Платон – әйелдердің жағдайы сол қоғамда әділетсіз деп санаған бірден-бір ойшыл. Оның пікірінше, әйелдердің сол кездегі жағдайы олардың табиғатына сай емес. «Мемлекет» трактатына сүйене отырып, кейінгі зерттеушілер Платонды кейде «алғашқы антикалық феминист» деп те атайды.

Бірақ, Платонның пікірінше, әйелдердің теңсіздік жағдайы күштеумен байланысты емес, әйелдердің теңсіздігі еркектермен салыстырғанда Аристотель ойлағандай әйел табиғатынан емес, «заңмен» орнайды [10, 225-227 бб.].

Аристотель әйел табиғатын құлдың табиғатымен жақындастырса, Платон бұл мәселені шешуде әйелдер мен құлдар арасында ешқандай салыстыру жүргізбейді. Философ әйелдерді құлдармен емес, еркектермен салыстырады, «адамзат тегінің әйел бөлігі еркектермен бірге қоғамдық істерге араласа ала ма, жоқ па, мүмкін, әйелдің бір нәрсеге қабілеті бар, ал басқаға жоқ шығар» [10, 226 б.].

Аристотель әйелдердің теңсіздік жағдайы оның табиғатынан ба, әлде заң бойынша ма деген сұрақты да қоймайды. Бірақ Аристотель Платонның «Мемлекет» шығармасындағы идеалды мемлекет теориясының біраз қырларына қарсы шықты, алайда Платонның әйелдерге байланысты көзқарасымен еш дауласпады.

Платонның әйел табиғаты туралы көзқарасының құндылығы – сол кездегі, былайша айтқанда, ең алғашқы феминистік теория болғандығында емес. Бұл теорияның жақсы негізделгені сонша, әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ және кейін де сақталатыны күмән туғызбайды.

Әрине, әйел болмысы мен еркек болмысының айырмашылығы бар, сондықтан әйел адам ер адам жасай алатын нәрсені жасай алмайды деп саналады. Бірақ, Платонның ойынша, «бірдей табиғи қасиеттер тірі жандарда, екі жыныста да кездеседі, сол сияқты табиғатынан әйел де, еркек те барлық істерге қатыса алады, бірақ әйел көп жағдайда әлсіз келеді» [10, 229-230 бб.].

Платонның мінсіз мемлекетінде әйелдер мен балалардың, меншіктің ортақ болуы идеясы орын алады. Бірақ Аристотель бұл идеяға үзілді-кесілді қарсы шықты. Оның ойынша, әйелдер мен балалардың ортақ болуы жеке меншік принципіне қарама-қайшы келеді, мемлекеттің бірлігінің бұзылуына және жанжалдарға алып келеді.

Платон философиясында еркек белсенді бастаумен, эйдос – кез-келген заттың мәні мен мақсаты әлемімен теңестіріледі. Әйел, өз кезегінде, әрқашан енжар, формасыз, қандай да бір қасиеттерден айрылған бастау. Еркек пен әйелдің одағы – сезіммен қабылданатын заттар әлемі.

«Мемлекет» трактатында Платон әйелдің рөлі – мемлекеттің барлық істеріне ерлермен қатар қатысуында дейді: «Сонымен, досым, мемлекет басшылары қандай да бір істі әйелге ол тек әйел болғаны үшін және қандай да бір істі еркекке ол тек еркек болғаны үшін тапсыруы мүмкін емес. Жоқ, бірдей табиғи қасиеттер тіршілік етушілердің екі жынысында да кездеседі және табиғатынан әйел де, ер адам да барлық мемлекеттік істерге тең қатыса алады» [10, 229-230 бб.]. Философтың мұндай түпкілікті көзқарасы жеке меншіктің

және отбасының оның мінсіз полисінде болмауынан туындайды, соның нәтижесінде әйел өзінің тікелей міндеттерінен босап, философ, тіпті жауынгер де бола алады.

Платон «Мемлекет» трактаты шеңберінде неке құру туралы айта отырып, балаларды дүниеге әкелудің оңтайлы жасын нақты белгілейді: «ерлер үшін – 25-55 жас, әйелдер үшін – 20-44 жас. Бұл жастан кеш туылған балалар өлтірілуі керек және аталған шаралардың бәрі жалпы қоғамның жемісті тіршілік етуі қажет» деп есептейді [10, 392-395 бб.].

Жоғары айтылғандардан байқағанымыз – Платон жыныс теңдігі идеясын жан-жақты қарастырған. Бірақ Платонның «феминизмін» әсірелеудің қажеті жоқ. Оның «Той», «Тимей» диалогтарынан әйел мен еркектің теңсіздігіне байланысты дәстүрлі антикалық көзқараста болғандығын байқаймыз. Мүмкін, оның «Мемлекет» шығармасында әйелдерге тең құқық беру отбасының болмауы және балаларды үйде тәрбиелеу идеясы түрткі болған шығар. Нәтижесінде Платон, Жан-Жак Руссоның пайымдауынша, әйелдермен не істейтінін білмей, «оларды еркектерге айналдыруға мәжбүр болды» [11, 553 б.].

Антикалық кезең адамзат қоғамында әйел мен еркектің рөлі туралы әртүрлі көзқарастардың болуымен сипатталады. Ежелгі Грекияның философтары махаббаттың күші мен маңыздылығын мойындады, бірақ олардың көзқарасында ол жағымды да, жағымсыз да сипатта болуы мүмкін еді. Махаббат адамға жіберілген жалпыға бірдей ғарыштық сыйға теңестірілді. Сонымен бірге, адамдардың өзі бұл процестің жаратушылары емес, қатысушылары болып саналды.

Антикалық кезеңде неке институтына көзқарас ерекше болды. Бұл қарама-қарсы субъектілердің одағы деп саналды, олардың әрқайсысының өзіндік функциялары мен рөлдері болды. Мұндай тұжырымдар әлеуметтік процестерді табиғатта болатын құбылыстармен салыстырудың нәтижесі деп саналды (олардың әрқайсысы еркектік немесе әйелдік сипатқа ие). Гендерлік позицияға деген мұндай көзқарас әлеуметтік қатынастардағы әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздікті негіздеуге әкелді.

Гендердің антикалық философиядағы негіздері – әйелге өзінің әлеуметтік және табиғи әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік бермеген сол кездегі патриархалдық құрылыс. Дәл осы кезеңде, Ф.Энгельстің айтуы бойынша, «ерлердің қолдарына билік беріп қою арқылы әйелдер «әлемдік-тарихи» жеңіліске ұшырады» [12, 64 б.]. Алайда, екінші жағынан, дәл осы ежелгі Грекияда еркек пен әйел бастауларының үйлесімділігі, махаббаттағы теңдік және рухани сәйкестік, сонымен қатар теңсіздіктің биологиялық табиғаты туралы күмәнға қатысты алғашқы көзқарастар қалыптасты. Болашақта бұл көбіне гендерлік теориялардың негізгі ережелерін анықтайтын болады.

Орта ғасырдағы араб-мұсылман философиясының негізгі бағыттары мен өкілдерінің зерттеген мәселелері-болмыс пен адам өмірінің мәні, бақытқа жету жолдары, адамдар арасындағы қарым-қатынас этикасы, адам мен

Жаратушының өзара байланысы және т.б. Соның ішінде әйелдің рөлі мен мәртебесі, әйел мен еркектің жаратылысы, қарым-қатынастары мәселесін қарастырған араб-мұсылман философиясының көрнекті өкілдері: Әбу Әли Ибн Сина, Ибн Рушд, Ибн Араби, Мұхаммед әл-Газалиді атап өтуге болады.

Ортағасырлық араб-мұсылман философиясы болмыс пен адамды дуалистік тұрғыдан түсіндіреді: рух пен материя, жан мен тән, себеп пен салдар және т.б., еркек себеп, рух, жанмен, ал әйел салдар, тән, материямен байланыстырылады. Ортағасырлық ойшылдар осындай философиялық теорияға сәйкес өздерінің иерархиялық (сатылық) гендерлік жүйесін жасады. Мұсылмандық ортағасырлық философтар әйелдің мәртебесі, ұрпақ әкелудегі рөлі туралы мәселеде көбінесе грек философиясының идеяларына сүйенді.

Әсіресе әйелдің үй мен отбасыдағы орны мен рөлі жайлы үй шаруашылығы мен үй құрылысы туралы Ибн Синаның трактаттарында егжей-тегжейлі баяндалады. Жақсы әйелдің қандай болу керек екенін анықтай отырып, Ибн Сина «нағыз жақсы әйел ақылды, діндар, ұяң, парасатты, сыпайы, мейірімді, көп балалы, көп сөйлемейтін қысқа тілді, кішіпейіл, салмақты, жаны таза, қыңыр емес болуы тиіс, күйеуіне адал, ысырапшыл емес, ол үйде жоқ кезде мүлкіне ие болу керек» [13, 32 б.] және т.б. Сонымен қатар Ибн Сина күйеуі әйелін басқара алатындай басшылыққа алатын үш негізгі қағиданы келтіреді:

1. даусыз қаталдық, яғни әйелі күйеуінің нұсқауларын орындамаудан қатты қорқуы керек.

2. Әйелінің намысы мен абыройын толық құрметтеу.

3. Отбасы мүшелері маңызды еңбекпен айналысуы керек [13, 34 б.].

Одан әрі, жоғарыда аталған ережелердің әрқайсысының мәнін түсіндіре отырып, Ибн Сина ескертеді: «Егер әйелі күйеуінен қорықпаса, онда ол оған немқұрайлы қарай бастайды, оның нұсқауларына құлақ аспайды, ескертулеріне назар аудармайды. Бұған қанағаттанбай, ол оны өз еркіне бағындырып, билеушіге айналады, ал күйеуі бағыныштыға айналады, әйелі бұйырады, ол орындайды, ол қожайынға, ал күйеуі көмекшіге айналады... Осылайша, әйелдің күйеуінің еркінен қорқуы күйеуінің әйеліне қатысты саясатының негізі мен іргетасы болып табылады...» [13, 34 б.] деп атап көрсетеді. Әйелдің күйеуінен қорқуы туралы өз ойын аша отырып, ойшыл былай деп жазады: «1. Күйеуі өзін-өзі сыйлауы керек. 2. (Күйеуі) дінін, тектілігін сақтауы керек. 3. Уәделерін орындау керек...» [13, 34 б.].

Күйеуінің әйеліне деген қарым-қатынасына келсек, оның әйеліне деген құрметі мынадай қағидаларға негізделген: 1) әйелінің барлық жағдайын жасау; 2) оның мүлкін ысырап етпеу және иеленбеу; 3) мәнді де мағыналы еңбекке баулу: «...егер әйелі жұмыс істемей, бос жүрсе, онда ол шамадан тыс көңілді болып, сән-салтанатқа салынып, өзін-өзі көрсетуге тырысады. Сондықтан ол күйеуін құрметтеу мен сыйлауды өзінен төмен деп есептейді...» [13, 36 б.].

Осылайша, Ибн Сина өз еңбектерінде ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың негізгі принциптері ретінде әйелдің отбасындағы абсолютті

тәуелді жағдайы, оның күйеуінен қорқу және бағыну қажеттілігі туралы идеяны тілге тиек етті.

Ортағасырлық түркітілдес философияның көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұнның көзқарасы да Әбу Әли Ибн Синамен сарындас. XI ғасырда өмір сүрген ғұлама ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны даналық сөз, ғибрат-өсиетке толы, ізгілік, имандылыққа үндейтін, тәлім-тәрбие беретін бірден-бір дидактикалық туынды. Бұл еңбегінде ойшыл қыздарды тәрбиелеуде, үйлену мәселесіне аса бір жауаптылықпен қарауына кеңес, бағыт береді:

Әйел алмақ болсаң егер, қарарсың,
Жіті бағып таңдаулысын аларсың.
Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,
Пәк ұлтты болсын жанның тұнығы.
Дұрыс үйдің қызы ол, қол тимеген,
Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.
Сені сүйіп басқа жанды білмеген,

Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін [14, 453 б.]. Тұрмысқа шыққанға дейін басқаға көз салмай таза, пәк күйінде қосылуын, қыздың өзге ер кісілердің көзі түспегенін, қолы тимегенін, еріне адал болып келуін талап еткен.

«Ж.Баласағұнның пайымдауынша, жақсы, ақылды әйелді табу да, оған қол жеткізу де оңай емес. Сондықтан, өмірлік серік іздеуде ең алдымен, текті әулеттен, өзі пәк, мінезі жібектей, қылығы сүйкімді де ізгі болсын деп кеңес береді. Ұлы ғұламаның: «Қалыңдықты алу оңай. Той да оңай, табу қиын, осы жағын ойлағай», - деп айтып кеткеніндей, үйленуге қадам басқан шағында жарды дұрыс таңдап ойластырған абзал екендігін алға тартады.

Ж.Баласағұн жігіттерге қыздардың мынандай негізгі белгілерінен сақ болуды ескертеді:

Ер жігітті адастырар көп себеп:
Бірі - күндей сұлулықты көксемек,
Енді бірі даңқтысын қалайды,
Үшіншісі - байлықты жар санайды,
Төртіншісі - бірін де ойға алмайды,

Ақ ниетті, әдептісін таңдайды,- деп мұндай қыздарды өмірлік жар еткен жігіттің отбасылық өмірінің дұрыс болмайтынын көрсетсе, төртіншісінің ниетінің түзу, ертеңгі ұрпақ жалғастығын терең ойлайтын, өмірлік серік болуға жарайтынын айтқан. Сонымен қатар, ол мұндай қыздарды жар болуға не себептен таңдамау керектігін көрсеткен. «Бай келіншекте байға құрмет болмайды, бай бай емес, меншігім деп торлайды», - деген өлең жолдарында ақын бай, дәулетті отбасынан шыққан қыздар ерін өз меншігім деп қарап, оған құрметпен қарамайтындығын, дүние - мүлікке көзі байланып, тілі өткір болып, үстемдік жасап, текіден шыққан еркелер, жатып ішер мансапқорлардың тәрбиесін алған қыздардың да болашақта жар болуға жарамсыздығын былайша суреттеген: «Еркетотай тәкәппары тектінің, менсіне ме безбіреудің тексізін». Демек, мұндай отбасынан тәрбие алған қыздар ерлерін адам құрлы көрмейтінін, менсінбей, менмендеп сөйлейтінін ескертеді.

Ғұлама ғалым сұлуға құмар ерлерге адам баласының сұлулығы тән сұлулығымен емес, жан сұлулығы арқылы өлшенетінін, ал тек тән сұлулығы ақыл-парасатсыз, үйлесімді мінез-құлықсыз адам баласын адасушылыққа алып келетінін де назардан тыс қалдырған жоқ. Осы тұста Ж.Баласағұн тәрбиелі үйдің қызының тағы бір ерекшелігі оның жібектей мінез-құлқының болуы: құлқы жақсы кісі - бақтың иесі, ісі гүлдер, тиіп құттың киесі- деп, тәрбиелі келіннің отбасына келуі құт- берекенің келуімен тең екендігін суреттейді [14, 453 б.].

Ж.Баласағұн: ақыл деген қымбатыңның қымбаты, ақыл жоқта құнсыз тәннің сымбаты, - дей отырып, адамның тән сұлулығы жан сұлулығымен үйлесім тапқанда ғана ол нағыз сүйкімді де, тартымды болмақ дегенді айтады. Сонымен қатар, құр тәні сұлу қызға үйленген жігітке өмір бақи жар емес әйелінің күзетшісі болып өтетінін де ескертеді, өйткені, ақынның түсінігі бойынша сұлуға әркімнің де көзі түседі. Сондықтан қыздарды, жалпы әйел қауымын мүмкіндігінше жиындарда ерлермен бас қостырмаған дұрыс деп санайды. Сондай - ақ, ақын қыздарды ерте тұрмысқа беру керектігін мақұл көреді.

Отбасылық қатынаста ері мен әйелінен жоғары адамгершілікті, мәдениеттілікті, имандылық қасиеттерді талап ететіндігін айта келіп, зинақорлық жасау, бойын нәпсіге жеңдіру, ішкілікке салыну сияқты кесапатты қасиеттерден сақтандырып, олардың бір - біріне деген адалдығы мен ұстамдылығы, татулығы мен өзара сыйластығы, өз отбасылары мен балаларының өскендегі тәрбиесінің жемісі екендігін айтады. Себебі, өнегелі отбасында ғана өнегелі ұрпақ тәрбиеленетінін түсінгендіктен, әке мен шешенің өзара сыйластығын, жолдас-жора мен ағайын-туысқа деген ілтипатын, ұл-қызға бағытталған қамқорлығын көріп өскен ұрпақ қана ержеткенде өздері де берік отбасы іргесін құра алады деп тұжырымдайды. «Құтты білік» дастанында Ж.Баласағұн отбасын құруда қыздың сұлулығына да емес, тектілігіне де емес, байлығына да емес, тәрбиесіне көңіл аудару керек екендігін айтқан:

«Жаны сұлу - нұр құяды жаныңа,
Мейірім, мінез, шаттық тіле жарыңа.
Құлай сүйген, жаны таза, ақылды,
Жақсы әйел құрметті етер атыңды» [14, 453 б.].

Әлбетте, ойшыл жар таңдағанда жігіттер өздерінен тұрмысы мен жағдайы төмен отбасының қызына үйленуі керек дегенді меңзейді. Сонымен бірге, әйелдің ерін жақсы көруі маңызды деп санайды.

Ж.Баласағұн өз дастанында әйел тәрбиесіне аса қаталдықпен, үлкен жауапкершілікпен қарағандығын аңғаруға болады. Өйткені, әйелі жақсы үйдің тәрбиесі жақсы, әйелі жаман үйдің тәрбиесі жаман деген оның тұжырымынан байқаймыз. Ол жөнінде Ж.Баласағұн «жібек мінез - қыз - келіншек шырыны, біле білсең, әйел көркі қылығы», - деп қыз бала тәрбиесінің нәтижесі оның қылығы арқылы сезіліп тұратындығын айтады [14, 455 б.].

Десек те, шығыстың ұлы ғұламалары еңбектерінде сұлу қыз қасірет - қауіптің көзі деп те есептелінген. Сұлуға әркімнің көзі түседі, көз түссе, ой

түседі деп санайды Ж.Баласағұн. Бұл жөніндегі ғұлама ғалымның ойлары:
Әйелді үйде қатты күзет, қорғанда,
Әйелдің іш - тысы бірдей болған ба?
Әйелді үйден шығарма, жат кіргізбе,
Жолдан таяр, жаттың көзін тигізбе, - деген өлең жолдарынан көрініс тапқан [14, 456 б.].

Әрбір халықта адамдар арасындағы қарым-қатынасты, қыз бала тәрбиесін, отбасылық өмірді сипаттайтын жазба ескерткіштер болғанын тарихтан білеміз. Сол сияқты, Жүсіп Баласағұнның біздің заманымызға дейін жеткен ірі туындысы «Құдатғу білік» (құт әкелетін білім, ғылым поэмасы) адамзатты ойландырып келген қызды тәрбиелеу сұрақтарына жауап беретін болады.

Жүсіп Баласағұнның ерекше көңіл аударуға тұратын, бүгінгі тәрбие қағидаларымен терезесі тең тұрып пікір таластыра алатын пайымдауларының бірі - баланы бөтен жерге бермей, өз қолыңда, өз отбасыңда тәрбиелеу мәселесі.

Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда,
Үйінде өсір бөтен жерде қалдырма.
Қолдан ерте шығарсаңыз сіз егер,
Ұл-қыздан қайыр жоқ үмітіңді үзе бер. [14, 181 б].

Қызыңды үйден ұзатпа алыс, жүгін ер,
Егер шықса, тура жолдан сүрінер!
Қыз да бір ет, сақта, бапта қалайда,
Сақтамасаң ет бұзылар, не пайда? [14, 456 б.) - деп келе, жас етті қалай баптап сақтасаң, соның соншалықты дәмді болатынын, баптамаған жас еттің тез бұзылып жарамсыз болатындығын тілге тиек ете келіп, қыз бала тәрбиесінің көп қырлылығын, ана көзінен таса болмай, ар-намысын жоғары сақтауды ұсынады.

Сонымен қорытындылай келе, ғұлама өз еңбегінде қандай әйел алу керек екендігі жайлы ер-азаматтарға ақыл-кеңес береді. Ең бірінші – текті, тәрбиелі, екінші - ибалы, өзіңнен тегі төмен, ақылдысын таңда, үшіншісі - асыл текті болмасын, оған құл боласың, көркіне де көз салма, жаман, тексіз, қылықсыз қызға қарама, төртінші - құлқы жақсы, кемелі келісті, жібек мінез, қылықты болсын, [14, 456-457 бб.] - деп әйел бойындағы жаман және жақсы қылықтарды ата-бабаларымыз ерекше бағалап, ер жігітке жар таңдауды ескеретін жайттарды өнеге етіп қалдырған» [15, 16 б.].

Христиандықтың пайда болуымен пұтқа табынушылық дәстүрінің жыныстарды қарама-қарсы қоюы және табиғатынан әйелдің төменгі тіршілік иесі ретінде еркекке бағынуы жойылды: «Ежелгі адамдар, әйел құдайларды дәріштеп, жердегі әйелдерді жек көрді. Христиан діні қарапайым әйелді («әйел құдай» емес) – Марияны қол жетпейтін биікке көтерді. Шіркеулік догматика мен дәстүр бойынша Марияның Құдай ана болып таңдалуының себебі – оның барлық адамдар арасындағы ең жақсы адам болғандығы. Оның үстіне, Мария –

Құдайдың жаратқандарының ішіндегі, періштелерді де қосқанда, ең жоғарғысы» [16, 30 б.].

Христиандықта жыныстарды бөлуге байланысты жартылай жаңа көзқарас қалыптасты және ол әйелдің міндеттерін өмірге ұрпақ әкелумен және үй шаруашылығымен айналысумен шектемейді. Христиан дініне сәйкес, әйел мен еркек адамдағы Құдай бейнесін бірге білдіреді. Інжілде жазылғандай: «Құдай адамды өз бейнесіне ұқсатып, еркек пен әйелді жаратты» делінген [17, Быт. 1:27]. Сондай-ақ әйел Адамның қабырғасынан жаралған: «Құдай адамды терең ұйқыға жіберіп, бір қабырғасын алып, оған әйел жасап берді...» [17, Быт. 2:10-37, 7 б.].

Алайда, соңғы орта ғасырларға дейін бірқатар христиан дін басылары әйел адамның құқығына байланысты жазбаларды назардан тыс қалдырып, олардың құқығын мүмкіндігінше шектеуге тырысты. Христиан теологтарының тіпті «әйел адам ба, адам емес па» деген мәселе көтеріп, орта ғасырларда Батыста көбінесе келбетті, білімді әйелдердің «мыстан», «азғырушы», «арбаушы», «көзбояушы», «сиқыршы» (шайтанның одақтасы) деген желеумен айыптап, шіркеудің үкімімен тірідей отқа жағылып, өлтірілгенін білеміз. Англияда бертінге дейін «лас» деп есептелгендіктен және жұмақтағы алғашқы күнәнің себепкері болғандықтан әйелге «Інжіл» ұстауға тыйым салынды. Францияда Жанна д'Арк сияқты біршама әйелдердің түрлі жаламен тірідей өртелгені де бізге тарихтан мәлім.

Орта ғасырдағы әйелдің қоғамдағы орны туралы: «еркек әйел үшін емес, әйел еркек үшін жаратылды», «бірнәрсе жәйлі сұрағылары келсе, үйде күйеулеріне сауал қойсын, өйткені әйелдердің шіркеуде сөйлегендері ұят» деген сияқты әйелдерге қатысты пікірлерді көре аламыз. Христиан дінінде әйел барлық күнәһарлықтың бастауы деп айыпталынады және ол бүкіл адамзатқа кесірін тигізді делінеді. Тауратта көрсетілгендей: «...Адам ата емес, әйел Өзәзілге алданды. Осылай ол Құдайдың бұйрығын бұзды» [17, 2010:1432].

Христиан діндарларының әйел тегін айыптаулары Европа мен христиан әлемінде әйелдерге деген теріс пікірлер қалыптастырды. Әулие Тертуллиан: «Сендердің әрқайсысың Хауа екендеріңді білесіңдер ме? Құдайдың әйелге қатысты жазасы әлі күнге дейін жарамды, күнәнің жазасы да жалғасуы керек. Сендер шайтанға жол ашатын қақпасыңдар және әйел Құдайдың Қасиетті ұлы Иса Мәсіхтің құрбан болып өлгеніне кінәлі. Нағыз христиан әйелі өзінің сұлулығын жек көруі тиіс, себебі ол еркектерді азғырады»-деген. Көптеген ортағасырлық христиан дін қызметшілері «...әйел жыланнан да қауіпті» деп білген.

Ортағасырлық христиан діни философиясында әйел жаратылысына деген немқұрайлылық пен олқылықты байқаймыз. Әулие Фома Аквинат: «шынайы христиан болу үшін ешқандай әйел атаулыға жоламай, үйленуден бас тартып, ант бергендер ғана киелі рухты алып жүре алады»-деп айтқан. Сондай-ақ әулие Иеронимнің «Барлық жамандық әйелден» деген сөздері тағы бар. Филон Александрийский: «еркектік-саналы, рационалды, құдайлық, ал әйелдік-лас, тәндік әлемнің бейнесі» деп санаған. Христиан дінінде әйел адамның

құқығын қозғамас бұрын христиан дін қызметшілері ұзақ уақыт бойы әйелдің жаны бар ма, жоқ па деген сұраққа жауап таба алмаған. Тек 585 жылы Макондық шіркеулік соборда (Макон, Франция) әйел төменгі сатылы жаратылыс болғанымен жаны бар деген шешімге келген.

Батыс христиандығы көбіне Аврелий Августиннің (354-430) идеяларының ықпалымен дамыды. Оның пікірі бойынша, «адам жұп болып жаралған, әйел мен еркек қайта тірілгеннен кейін оларды бақытты ерлі-зайыптылық өмір күтіп тұр. Сондықтан да, қайта тірілгеннен кейін дене басқа болса да, жыныстардың бөлінуі сақталады» [18, 225-229 бб.].

Адамдағы Құдай бейнесінің екіжақтылығы туралы түсінік некенің жоғары бағалануына әкелді. Христиандық некенің мақсаты, пұтқа табынушылықтағыдай баланы дүниеге әкелу және үй шаруашылығын бірлесіп жүргізу ғана емес, сонымен қатар, адамның бастапқы біртұтастығын қалпына келтіру. Христиандық басқа да адамзаттың Құдаймен бірігуін қалпына келтіруін жүзеге асыратын мистикалық неке туралы айтады, бұл Христос-күйеу жігіт, Шіркеу-қалыңдық бейнелерінде символдық түрде көрінеді. Христиан діні Христостың Шіркеуге деген қарым-қатынасын ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасына ұқсатты. Керісінше, қарапайым отбасы үй шіркеуі болып саналады, онда күйеуі – діни қызметкер, ал жұбайы – шіркеуге келуші. Ер адамға әйеліне құдайға құлшылық ету, разылығын алу жолдарын үйрету міндеттеледі. Яғни күйеуі тек қожайыны ғана емес, сонымен қатар ұстазы, рухани жетекшісі болып табылады. Әйел еркектің жеке мүлкі ретінде есептелетіндіктен ажырасуға тек еркек құқылы болған. Христиандыққа бір некелік тән. Неке тек құқықтық институт қана емес, қасиетті де, сондықтан, ол бұзылмайды.

Рим империясындағы әйелдердің заңды мәртебесі римдік құқықта бекітілген. Заңнамаға сәйкес, христиандық отбасылық қатынастарда әйел толығымен күйеуіне бағынышты болуы тиіс. Ол тұрмыс құрғаннан кейін, оның меншігі толығымен күйеуінің иелігіне өту керек. Әйел ешқандай да азаматтық және қоғамдық лауазымға ие бола алмайды, ол куәгер, қамқоршы да бола алмайды, бала асырауға немесе асыранды болуға құқығы жоқ, мұра қалдырып, келісім-шарт жасай алмайды. «Қауымның Мәсихке мойынсұнғанындай, әйелдер де барлық істе күйеулеріне солай мойынсұнулары керек» [17, Быт. 2010:1410]. Ал егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, басқаға тұрмысқа шықпай, неке адалдығын сақтап, жесір қалу абзал. Осылай, Хауаның әуел бастапқы күнәһарлығы туралы ақпар әйелдердің төменгі жағдайда болуына сеп болып, христиан дінінде одан әрі жалғасын тапты. Христиан теологиясында әйел бейнесі адамды азғырушы, Ібіліспен ымыраға келуші, тапсырмасын орындаушы, Адам Атаны алғашқы күнәға итермелеуші ретінде бейнеленеді. Көптеген әдеби шығармаларда жын-шайтан мен Ібіліс әйел бейнесінде көрсетіледі.

Католицизмнің теологы Фома Аквинский: «Әйел тез өсетін арамшөп сияқты. Ол толыққанды адам емес, оның денесінің толық жетілмегендігінің өзі оның құндылығының төмендігінен, табиғат онымен азырақ айналысатындықтан... Әйелдер оларды мәңгі билеушінің немесе ұстаздың

басқаруымен ұстап отыру үшін туады» [19, 27 б.] деді. Күнә мен әйелдің аты қатар аталатындықтан, христиан діндарлары әйел атаулыға жақындамай, дүниеден үйленбей өтті. Шіркеу целибатты «Хазірет Исаның жолы-күнәдан пәк болу» деп түсіндірді.

Жыныстың ортағасырлық концепциясының бірін Иоанн Скотт Эриугена өзінің «Табиғаттың бөлінуі туралы» еңбегінде жасады. Оның пікірінше, жыныс – бастапқы біртұтас адамзат табиғатының бөлінуінің нәтижесі, ал әйел (Ева) – еркектің рухани-ақылдық табиғатынан бөлініп шыққан Адам табиғатының эмоционалдық бөлімі. Эриугена күйеу мен әйелді – адам табиғатының екі жағы: ақыл (рух) және сезім деп түсінеді. Ева пайда болған уақыттағы Адамның түсін Эриугена сезім жағына қарай ығысқан «ақыл түсі» деп бағалайды, ал оның қабырғасының алынуын Адамның ішкі күшінің жоғалуымен байланыстырады және Еваның жаралуы Адамның әлсіздігін және күнә жасау әлеуетін (мүмкіндігін) көрсетеді дейді.

Католик шіркеуі Эриугенаның идеяларын бидғатшы деп жариялағанмен, әртүрлі еуропалық ойшылдардың жыныс мәселесін түсінуіне зор ықпалын тигізді. Жыныс метафизикасы Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуірінің оккульттік ғылымдарында (магия, астрология, алхимия) орын алды. Жаңа заман дәуіріне дейін бұл ғылымдар беделді кәсіптер деп есептелгенін атап өтуіміз керек. Еуропаның оқымысты адамдарының барлығы дерлік оккультты ғылымдармен айналысты.

Жыныс мәселесі Орта ғасырдың бұқаралық санасында бейнеленді және әртүрлі бидғат ілімдермен байланысты болды. Олар Еуропада XIII ғасырда, әсіресе Францияның оңтүстігінде кең таралды. Бұл бидғатшылар қоғамдық санаға некесіздік, әйелдерді жек көру және бала туудан бас тарту сияқты құбылыстарды енгізді. Некесіздікті мойындаған секта мүшелерін олар Ібіліске табынады, балаларды өлтіреді және өздерін күнәсіз санайды деп айыптады. Бұларға қарсы крест жорықтары ұйымдастырылып, олар жойылды. Бірақ ұқсас бидғаттар таралуын жалғастырды.

Орта ғасырдың соңында және Қайта Өркендеу дәуірінің бастапқы кезеңінде шіркеу билігінің күші әлсіреген кезде қоғамның барлық сатыларында бидғат қозғалыстар мен оккультизм әсері күшейе түсті. Дәл осы уақытта бүкіл Еуропада бақсы-балгер, сиқыршыларға қарсы көптеген қозғалыстар байқалды және кең таралған бидғатқа, христиандықтан ауытқыған басқа да ілімдерге қарсы күресу үшін шіркеу соты құрылады.

Егер бұрын католикалық шіркеу халықтық сенімнен ада болып, оны ырымшыл деп санаса, енді Орта ғасырдың соңғы кезеңінде шіркеулік авторлар демонология және сиқырлық мәселелерін белсенді талқылай бастайды. XV ғасырда инквизиторлар Яков Шпренгер мен Генрих Инститористің «Мыстандардың тоқпағы» (шамамен 1487) атты атақты еңбегі жарыққа шығады. Авторлардың ойынша, әйелдер ерлерге қарағанда сиқырға бейім және шайтанмен мәмілеге келуге жақын болады. Олардың пікірінше, «әйел» сөзінің өзі де латын тілінде – *femina*, *fe* (*fides*) *minus* – аз сенім деген мағынаны білдіреді, сондықтан, әйел өтірікші, ақылсыз, еріксіз: «Осылайша, әйел

табиғатынан нашар, өйткені ол тез күмәнданады және тез өз дінін теріске шығарады, ал бұл өз кезегінде сиқырлықпен айналысудың негізін құрайды» [20, 51-52 бб.].

Жалпы айтқанда, «христиандық діни көзқарас бойынша, руханилықтың бәрі, біріншіден, адамға жоғары Құдайдан дарыған, ал ол өзінің тәндік, заттық болмысында индивидуалды, яғни, күнәлі, ұсқынсыз. Адамның тәні рухына қарама-қарсылықта қойылған. Екіншіден, христиан діні әйелдің биполярлық бейнесін көрсеткен. Бір жағынан Хауа ана- адамның анасы, екінші жағынан ол күнәһар, қараңғы күштің символы болып табылады. Сонымен қоса, Дева Мария- Иса пайғамбардың анасы-тазалықтың, пәктіліктің рәмізі. ...Сонымен қатар құдайлық миссияның әйел-ана арқылы жүзеге асырылуы, әйел бейнесінің Құдай-ана дәрежесіне дейін көтерілуі, Тәуратта дінге қызмет еткен әйелдер бейнесінің кездесетіні христиан дінінде де әйел-ана тұлғасына елеулі мән берілгенін аңдатады» [21, 142 б.].

Қайта Өркендеу кезеңінде әйелдерді жақтауға бағытталған философиялық шығармалар да болды. Мысалы, Қайта Өркендеу дәуірінің «окульттық философиясының» әйгілі өкілі Корнелий Агриппа фон Неттесхайм (1468-1535) «Әйел жынысының тектілігі мен артықшылықтары» (1529) трактатын жазып, әйел өзінің рухани сипаттамалары бойынша еркектерден әлдеқайда жоғары тұрады деп дәлелдеді. Француз жазушысы Кристина де Пизан (1365-1430) «Әйел қаласы туралы кітап» (1405) еңбегінде әйелдерді жеккөрушілікке қарсы өз ойын білдірді. Оның пікірінше, әйелдер туралы өшпенділікпен айтатын еркек ақыл мен табиғатқа қарсы келеді дейді: ер адам «ақылға қарсы, өйткені әйелдердің игі істері сондай ұшан-теңіз, ол қанша тырысса да, ешқашан әйелдерсіз өмір сүре алмайды, әйелдердің қызметтеріне әрдайым зәру. Табиғатқа қарсы, өйткені, өзінің ұрғашысын жақсы көрмейтін бірде-бір мақұлық – аң, құс жоқ және саналы адам үшін керісінше жасау табиғатқа қайшы болар еді» [22, 223-224 бб.]. Кристина де Пизан христиандық көзқарасты ұстанып, «Құдай... әйелдің де, еркектің де тәні үшін бірдей тең игі және текті жандарды жаратты, бірақ әйел мен еркекке оған қызмет етуді және әртүрлі міндеттерді орындай отырып, бір-біріне көмектесіп, қолдап отыруды бұйырды... Әр жынысқа ол ерекше қабілет пен бейімділік берді» [22, 228-239 бб.] деп атап көрсетеді. Ол әйелдердің табиғи қабілеттері байқалмайды, өйткені олар еркектермен бірдей тең дәрежеде білім алмайды деп өкінеді. Осылай, осы дәуірде әйелдердің қоғамда алатын орны туралы алғашқы трактаттар пайда болды және олардың авторлары көбінесе әйелдер болды.

Қайта Өркендеудің алғашқы кезеңінің көптеген ойшылдары оккульттық ғылымдардың бұрынғы тілін қолданса да, олардың назары жанның өзгеруі мәселесінен қоғамды реформалау мәселесіне ауысады.

Ренессанс дәуірінің адамзат тарихында ерекше орын алатынын жақсы білеміз. Адамзаттың серпілуі, биік мақсаттарға ұмтылуы дәл осы кезеңде басталды. Табиғат пен қоғамды рационалды құрудың көптеген жобалары пайда болды. Бұл кезеңде қоғамда алғашқы рет жыныстар теңдігі идеясы және әйел мен еркектің қарым-қатынасын реформалау жобалары дүниеге келді. Бұл

жобалар мінсіз мемлекеттің саяси, қоғамдық және экономикалық құрылымы туралы идеялар еді.

Осындай идеялардың бірін ағылшын саясаткері және ойшылы Томас Мор (1478-1535) «Алтын кітап» (1516) трактатында ұсынып, «Утопия» атты идеалды мемлекет туралы жазды. Бұл мемлекетте әйелдер де, еркектер де қоғамға пайдалы еңбекке қатысады, ғылыммен және өнермен айналысады. Әйелдер діни қызметкерлер бола алады, күйеулерімен бірге әскерде де қызмет ете алады. Томас Мордың көптеген басқа жобалар авторларынан айырмашылығы – Утопияда отбасы сақталады, бірақ неке утопиялықтарда махаббатқа емес, болашақ ерлі-зайыптылардың мінездерінің ұқсастығына негізделген, жұбайларды ата-аналары таңдайды. Мор сол кездегі Англияның әлеуметтік қатынастарын реформалауға, атап айтқанда, әйелдерге білім алуға мүмкіндік беруге тырысты.

Итальяндық Томмазо Кампанелланың (1568-1639) «Күн қаласы» (1602) трактаты ғылыми негізде басқарылатын идеалды мемлекетті бейнелейді. Мұнда жекеменшік және отбасы жоқ. Әйелдер мен еркектер бірдей білім алады (соның ішінде, әскери), бірдей киінеді. Жалғыз айырмашылығы – ер адамдар ауыр физикалық жұмыстарды атқарады. Балалардың дүниеге келуі тек мемлекеттің мүддесінде болады. Жұлдыздардың орналасуын есептеу мен жұлдызнаманың көмегімен басқарушылар қандай әйелдер мен еркектер бір-біріне сай келетінін анықтайды.

Ренессанс әйел болмысын еркек болмысынан бөлек танып білуге жағымды жағдай туғызды. Бұл дәуірде адамның даралығын, еркіндігін бекіткен бостандық туралы көзқарастар әйелдерді жігерлендірді. Сондықтан әйелдер әр түрлі салада, атап айтқанда, әдебиет, саясат, өнерде өздерін сынап көруге және ер адамдардан жоғары тұратынын көрсетуге ұмтылған.

XVII – XVIII ғасырлар Еуропа үшін әлемді игерудің тәсілі ретінде мистицизм мен діннен бас тарту және бірте-бірте ғылыми рационализмге көшудің басталуы болады. Адам өзін қоршаған ортаның бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар «субъект», сыртынан бақылаушы ретінде сезіне бастады. Осы кезеңде жыныс мәселесіне байланысты әртүрлі және кейде бір-біріне қарама-қайшы келетін көптеген көзқарастар пайда болды.

Аталған тарихи кезең демократия және адам құқығы идеяларының пайда болуымен есте қалды. Бірақ Жан-Жак Руссоның (1712-1778) еңбектеріндегі демократия теориясы қазіргі демократиядан өзгеше. Руссоның теориясында және басқа да ұқсас теорияларда әрбір адам азаматтың барлық құқықтарына ие бола бермейді. Әйелдер, балалар, құлдар, қызметшілер, кедейлер, жұмысшылар, сауатсыздар жалпы мүдделерді қозғайтын шешімдер қабылдау үшін жеткілікті тәуелсіз және жетілген емес деп саналды.

Неміс философы-рационалист Иммануил Кант (1724-1804) өзінің демократия теориясында белсенді және енжар азаматтылық деп бөледі. Белсенді азаматтылық дегеніміз саяси шешімдерді қабылдауға қатысу құқығы бар адам. Ондай адам өзінің пайымдауларында толық тәуелсіз болу керек, ал ол тек экономикалық тәуелсіздік негізінде мүмкін. Әйелдер, балалар,

жұмысшылар, Канттың пікірінше, тек енжар азаматтылыққа ие, саяси өмірдің субъектілері емес, тек объектілері ғана бола алады.

Кант пен Руссоның концепциялары Аристотельдің әйелдер мен еркектер, құлдар мен еріктілер тең құқыққа ие бола алмайды деген идеяларын еске түсіреді. Сонымен бірге, Руссо әйелдерді кемтар жан деп санаған жоқ. «Эмиль және оның тәрбиесі» (1762) роман-трактатында адам табиғаты бір және «әйел еркекке тең; әйелдің сондай-ақ мүшелері, қажеттіліктері, қабілеттері бар...» [11, 546 б.]. Дегенмен адамзат руының өкілі ретінде әйел мен еркектің теңдігі олардың саяси теңдігін білдірмейді. Өзінің көзқарасын ол әйел мен еркектің «табиғи», туа біткен сипаттамаларына сілтемемен негіздейді. Оның пікірінше, «екеуіне ортақ қасиеттері бойынша екі жыныс та бірдей, айырмашылықтары бойынша олар салыстыруға келмейді. Кемелді әйел мен еркек өздерінің сыртқы келбеті бойынша қалай бір-біріне ұқсамаса, ішкі жан дүниесімен де солай ерекшеленеді» [11, 547 б.]. Аристотель сияқты Руссо да әйел мен еркектің ізгілігі әртүрлі: әйел – ұяң, қу, еркек – ашық, тік, адал болу керек дейді. Ер адам тек өзінің пікіріне ғана сүйену керек, әйел басқа адамдардың пікірлерімен санасуға міндетті, ер адам өтірік айтпауы тиіс, ал әйел адам сондай кейіп танытуға міндетті.

Руссо әйелдерді тәрбиелеудің революциялық идеяларын ұсынды, оны либералды феминизмнің кейбір идеяларының негізін қалаушылардың бірі деп атауға негіз бар. Ол ұлдар мен қыздарды бірдей тәрбиелеу керек деп санаған жоқ, дегенмен қыз баланы тек үй шаруасына және балаларға күтім жасауға үйрету қажет деген көзқарасқа қарсы шықты. Руссо сол кездегі қоғамдық санаға революциялық болып көрінген ой айтты: әйел мен еркек өз қалауларымен өмірлік серігін таңдауға құқығы бар және бірін-бірі некеге дейін ұнатуы керек.

Гегельдің көзқарасы бойынша, «әйелдер білімді бола алады, дегенмен жоғары деңгейдегі ғылымдарды, мысалы философия мен өнердің кейбір шығармаларын түсінуге жарамсыз. Әйелдердің қиялы, талғамы бар, олар сұлулығымен ерекшеленеді, бірақ олар идеалды нәрсені ұғына алмайды. Еркек пен әйелдің арасындағы айырмашылық жануар мен өсімдіктің арасындағы айырмашылықпен барабар: жануар көбінесе ер адамның мінезіне сәйкес келсе, өсімдік әйел адамның мінезіне ұқсайды. Егер әйелдер үкіметті басқаратын болса, онда мемлекет қауіпті жағдайға ұшырайды, өйткені әйелдер жалпыға бірдей қойылатын талаптарға сай емес. Әйелге білім белгісіз жағдайда, яғни кездейсоқ елестету арқылы, көбінесе өмірдің өзінен келсе, ер адам өз ақыл, санасы арқылы жетістіктерге жетеді» [23, 215 б.].

Иммануил Кант жыныс мәселесін «адамгершілік» тұрғысынан қарастырып, әйелдің бала туудан басқа қандай да бір рөлі бар болса, онда ол қоғамның мәдениетін дамыту деп санады. Осы жерден Кант ұяңдық, әлсіздік (адамзат руын сақтап қалу үшін маңызды қасиеттер, өйткені әйел өзін қорғау арқылы баласын да қорғайды), сонымен қатар шешендік, жақсы әдеттер, парасаттылық (қоғамда нәзік сезімдерді дамыту үшін қажетті қасиеттер) әйелдерге табиғатынан тән қасиеттер шығады деді [24, 188-189 бб.]. Осылайша,

Кантты, Аристотель мен Руссо сияқты, жалпы әйелдік немесе еркектік типтік сипаттамалар қызықтырмайды. Оның дәуіріндегі, еліндегі және оның тобындағы әйелдер мен еркектердің бойындағы қасиеттерді ол барлық әйелдерге (еркектерге) «табиғи» тән болып келеді дейді. Жаңа демократия теориясының дамуына байланысты әйелдер немесе еркектерге тән «табиғи» қасиеттер ұғымы біртіндеп жойылады.

XVIII ғасырдың соңында Еуропада өндірістік революция жүзеге асып, жаңа қоғамдық қатынастар қалыптасты. Жаңа буржуазиялық тәртіп мемлекет немесе қоғам тарапынан бақылау мен қамқоршылдықты қажет етпейтін әрбір адамның еркіндігін жария етті. Қоғамның әрбір адамның ісіне араласпау идеологиясы либерализм деген атауға ие болды.

Либералдардың демократияны түсінуі Руссоның классикалық концепциясынан өзгеше. Бұл жерде жалпы мүдде туралы сөз болып отырған жоқ. Жалпы мүдде деп либералдар жеке адамдар мен адамдар тобының мүдделерін түсінеді. Сәйкесінше, әрбір тұлға мен әрбір топтың өз мүдделерін қорғауға құқығы бар. Билікке келген партия өзінің мүдделерін барлық қоғамның мүддесі ретінде ұсыну құқына ие болады. Егер Руссо үшін қоғамдық топ ретінде әйелдердің мүдделері туралы әңгіменің мәні жоқ болса (әйелдердің мүдделері отбасы мен қоғамның мүдделерімен сәйкес келеді), онда XVIII – XIX ғасырлардағы либералдар саясатта бұрын-соңды ұсынылмаған топтардың (әйелдердің, қара нәсілділердің, жұмысшылардың, қызметшілердің) мүдделері үшін күрес бастайды.

Ұлы француз революциясына қатысқан әйелдер Руссоның доктринасына сәйкес «адам мен азаматтың құқықтары» тек ер адамдарға ғана берілген деп өз реніштерін білдірді. Руссоизмге ағылшын жазушысы Мэри Уоллстонкрафт (1759-1797) қарсы шықты. «Әйелдің құқықтарын қорғау» (1792) кітабында ол әйел мен еркек «табиғатының» теңдігі және олардың «табиғи» ерекшеліктері туралы айтып, өз ортасындағы әйелдер мен еркектердің қасиеттерін (әлсіздік, күш, агрессивтік) барлық әйелдер мен еркектерге тән деп тұжырымдаған ойшылдарды сынға алды. Ол әйелдердің «табиғи» қабілеттері шын мәнінде тәрбиемен сіңірілген деп санады. Оның пікірінше, туа біткен қажеттілік болғаннан кейін қыздар қуыршақ ойнайды және сәнденгенді ұнатады, ал ұлдар шулы ойындарға әуес болуы оларды жақсы көретіндіктен емес, тәрбиенің нәтижесінен дейді.

Әйелдің білім алуын тереңдетуді жақтағанмен, Руссо мен оған пікірлес адамдар әйелдің өмір сүруінің негізгі мақсаты – еркекке көмектесу және оған ләззат сыйлау деп түсінеді дейді Уоллстонкрафт. Ол бұл тек теориялық жағынан ғана емес, сонымен қатар практикалық тұрғыдан да дұрыс емес деп санайды, өйткені әрбір әйел өз өмірін еркекпен байланыстыра бермейді. Руссоның әйелдердің білім алу концепциясы бойынша, егер қандай да бір себептермен әйел адам тұрмыс құра алмаса немесе тұрмыс құрғысы келмесе, ол өзін қалай ұстауы тиіс екені белгісіз.

Жыныстардың либералдық теңдік идеясы XIX ғасырда кең тарады. Ағылшын философы және экономист Джон Стюарт Милльді (1806-1873)

«феминист» деп атауға болады, өйткені ол алғашқылардың бірі болып жыныстардың «толық теңдігі» концепциясын ұсынды. Әрине, Милль және басқа либералдар үшін өз мүдделерін жүзеге асыруда адамның жолында кездесетін қандай да бір сыртқы кедергілер тудырмайтын «теңдік» құқықтық теңдікті білдірді. Дегенмен, Еуропада XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында әйел мен еркектің тіпті осындай («формалды») теңдігі орындалмас арман еді. Әйелдерге еркектермен тең салық салынса да, олардың жекеменшікті иелену құқығы айтарлықтай шектеулі болды. «Өркениетті» Англияда тұрмыстағы әйел келісім-шарт жасау және өзінің мүлкін басқару құқығын жоғалтты. Еуропаның көптеген елдерінде әйел ата-анасының келісімінсіз үйлене алмайтын еді.

Милль үстем идеология мен әйелдердің теңсіздігі арасындағы қайшылыққа аса жіті қарады. Оның пікірі бойынша, қазіргі қоғамда адамның тағдыры ол әйел немесе еркек, ақсүйек немесе шаруа болып туылғанынан емес, оның жеке қабілеттері бойынша ғана анықталуы қажет. Адамдар «өзінің тағдырын өз қалаулары бойынша құру үшін қабілеттерін қолдануға ерікті» [25, 19 б.]. Әйел болып туылғаны үшін құқығының болмауын ол феодализм дәуірінің сарқыншағы деп қабылдады.

Милль еркектің әйелге үстемдігі «табиғи» емес деп санады (қара нәсілділердің құлдығы сияқты, ол кезде көбісі оны «табиғи» деп түсінді). Ол еркектің, сондай-ақ әйелдің «табиғаты» бізге беймәлім және «қазір табиғат деп атайтындары жасанды өнімнен басқа ештеңе емес» деді [25, 25 б.]. Қоғам адамдарға «әйелдің мінсіз мінезі еркектің мінезіне тура қарама-қарсы болу керек...әйелдің міндеті – сүю, сүйікті адамы үшін өзін ұмыту деп сендіреді» [25, 17 б.]. Шын мәнінде осылай ма, жоқ па, біз білмейміз, әйелдер өз атынан сөз сөйлеуге мүмкіндік алған жағдайда ғана, атап айтқанда, әйел мүддесін білдіретін үміткерлерге дауыс беру құқығына ие болған кезге дейін біз біле алмаймыз.

Милльдің әйелдерді күйеулері мен отбасынан бөлек өздерінің қызығушылықтарының болуы ықтимал, өз қызығушылықтары бар, басқа топтардың мүдделеріне сәйкес келмейтін, кейде оларға қарама-қарсы келетін әлеуметтік топ – жынысты «тап» сияқты түсінуге өту идеясы болып саналады. Милль және басқа либералдар суфражизмнің – құқықтарды теңдестіру және бірінші кезекте заң органдарына әйелдерді сайлау құқығы үшін қозғалыстың идеялық шабыттандырушылары болды. Дегенмен, Милльдің көзқарасы бойынша, құқықтардың теңдігі әйелдер үшін ерекше жағдайлар жасалады дегенді білдірмейді. Оның пікірінше, әйелдер адам қызметінің барлық салаларында еркектермен бірге «ерікті бәсекелестікке» құқық алуы тиіс деп санады, бірақ әйел үшін қоғамдық өмірді отбасылық міндеттермен бірге алып жүру қиын болатынын да түсінді. Сондықтан да Милль берілген құқықтарды тек тұрмыс құрмаған әйелдер мен жесірлер ғана пайдалана алады деді.

Социалистер жыныстардың, таптардың және нәсілдердің теңсіздігі қазіргі буржуазиялық қоғамға іштей тән деп санады және жыныстардың теңдігі үшін күресті қоғамдық құрылысты өзгерту үшін күрестің бір бөлігі ретінде

қарастырды. Ең қызықты социалистік концепциялардың бірі француз ойшылы-утопист Ш.Фурьеге (1772-1837) тиесілі. Социалист-утопистер болашақ идеалды құрылыстың жарқын бейнесін ұсынды, бірақ оны орнатудың нақты жолдарын көрсетпеді.

Фурье әлеуметтік прогресс әйелдің бірте-бірте азат етілуімен, ал қоғамның регрессі мен құлдырауы оның бодандығымен сипатталады деп санады. Сондықтан әйелдің құқықтарының кеңеюін ол «әлеуметтік прогресстің басты қайнар көзі» ретінде қарастырды [26, 146 б.]. Адамзаттың дамуының алғашқы кезеңі әйелдерді абсолютті қанаумен, қазіргі еуропалық өркениет – жұпты некемен және «жұбайының құқын» мойындаумен байланысты, ал үйлесімді қоғамда жыныстардың толық теңдігі мен махаббат бостандығы үстемдік ететін болады. Болашақ қоғамның әйелдері мен еркектерінің тең болғандары соншалықты, билік әрқашан бір адамға емес, «жұпқа» тиесілі. Фурье жынысқа байланысты «бейтарап» тіл жасау әрекетінің, қазіргі феминизмнің негізін қалаушы болды. Онда мамандықтың немесе әлеуметтік топтың әрбір атауының еркек, сондай-ақ әйел нұсқалары бар, мысалы, оның еңбектерінде «цезарина», «калифа» және тағы басқа сөздер кездеседі.

Фурье қазіргі неке мен отбасылық өмірді екіжүзді және деспоттық институт деп санады. Үйлесімді қоғамда неке мен отбасының орнын қарт адамдарға қамқорлық, балаларды тәрбиелеу, тұрмыстық шаруаларды өзіне алатын ұжым – «прогрессивті отбасы» басады. Балаларды тәрбиелеу және тұрмыстық шаруалар қоғамдық қызметтің құзырында болғандықтан, еркек пен әйелдің мүмкіндіктері теңеседі.

Қоғамдағы жыныстар мәселесіне байланысты неміс философы Фридрих Энгельстің (1820-1895) көзқарасы өзгеше болды, оның теориясы көптеген марксистер үшін шешуші және КСРО-ның отбасылық саясатының негізіне айналды. Энгельс жыныстардың теңсіздігін Фурье сияқты буржуазиялық моральдың жетіспеушілігімен емес, жеке меншіктің болуымен байланыстырды. «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығу тегі» (1884) еңбегінде Энгельс жеке меншіктің пайда болуына дейін адамдар жұптық емес, топтық некеде тұрды деп тұжырымдады. Бұл «коммунистік үй шаруашылығы» кезеңінде әйелдер үйде билік етті, ал туысқандық тек әйел жағынан таралды (өйткені баланың әкесі әрқашан нақты белгілі болмайтын). Бұл, Энгельстің ойынша, қоғамның әйел-аналарға үлкен құрметпен қарауын туындатты. Ол адамзаттың матриархат, яғни әйелдердің үстемдігі тарихи фазасынан өткеніне сенімді.

Энгельстің пікірінше, адамдардың терімшілдіктен мал шаруашылығына өтуінен және меншік құқығының пайда болуымен алғашқы қауымдық коммунизм ыдырайды және байлық аздаған адамдардың қолында шоғырланады (көбінесе ер адамдарда). Меншігін мұрагерлікке қалдыру үшін әке өзінің балаларын нақты білуі керек. Сондықтан әйелдер үшін (еркектер үшін емес) қатаң бірнекелікке өту – «әйел жынысының әлемдік-тарихи жеңіліске ұшырауы» басталады. Энгельс жыныстардың теңсіздігін тікелей таптық теңсіздікпен байланыстырады және еркектің әйелді қанауын таптық езгінің

алғашқы формасы деп санайды. Жанұяда күйеуі буржуазияны, әйелі пролетариатты білдіреді [27, 76 б.].

Энгельстің пікірінше, феодалдық-буржуазиялық отбасы тек меншік қатынастарына негізделген. Меншігі бар тап өкілдерінің кез келген некесі махаббатқа қас, ол әрқашан есеппен құрылады. Әйел мен еркектің махаббат арқылы бас қосуы тек пролетарлық ортада мүмкін, сондай-ақ жыныстардың шынайы теңдігі: өйткені пролетариатта жеке меншік жоқ, сондықтан да еркектің әйелге үстемдік орнатуына еш себеп жоқ.

Жұмысшы отбасындағы жыныстар теңсіздігін Энгельс жеке отбасылық шаруашылықты сақтау мен әйелдің еркектен экономикалық тәуелділігінен болады деп санады. Осылай, Энгельс буржуазиялық қоғамдағы жұмысшы тап әйелдері ұшырайтын «екіжақты қысым» туралы формуланы шығарды: олар тап және жыныс ретінде қысымға ұшырайды. Әйелдер қоғамдық өндіріске тартылған сайын, теңдік күшейе түседі. Социализм жеңіске жеткенде, әйелдер мен еркектердің жағдайларында айтарлықтай өзгерістер болады: отбасының өмір сүру қажеттілігі жоғалады, өйткені оның барлық шаруашылық қызметі мен бала тәрбиелеуді қоғам өз мойнына алады. Сонда әйел шын мәнінде еркекпен тең болады және неке үшін жалғыз себеп махаббат болып қалады.

Энгельстің көзқарастары Август Бебельдің (1840-1913) «Әйел және социализм» (1879) еңбегінде жалғасын тапты. Бебель марксистердің классикалық түсініктерінен біршама алшақтау болды, «барлық әйелдердің» мүдделері туралы айтуға болмайды – буржуазияның (сонымен қатар әйелдердің) мүдделері бар және жұмысшы табының (сонымен қатар әйелдердің) мүдделері бар. Ол социалистік феминизм деп аталатын көзқарасты жақтап, «барлық әйелдер, әлеуметтік жағдайына қарамастан, біздің мәдени дамуымыздың салдарынан еркектерге бағынышты болған жыныс ретінде бұл жағдайды жоюға қызығушылық білдіреді» деді және әйелдердің бәрін жұмысшы табына теңеді [28, 43 б.].

Бебель болашақ коммунистік қоғамдағы тұрмыс, жыныстық қатынастар, бала тәрбиесі туралы Энгельспен салыстырғанда көбірек, егжей-тегжейлі сипаттайды. Оның пікірінше, коммунизм кезінде тұрмыс толығымен қоғамдық сипат алады, ас дайындау, кір жуу, үй жинау және тағы басқа жұмыстар механикаландырылады немесе ұжыммен жасалады. Әйел мен еркектің одағы «жеке келісім» болып, неке институты жойылады. «Жаңа қоғам әйелі әлеуметтік және экономикалық жағынан толығымен тәуелсіз... ол өз тағдырының қожайыны...» деп тұжырымдайды Бебель [28, 546 б.].

Сонымен қатар Август Бебель өз еңбегінде: «Большинство мужчин видят в женщинах лишь средство, служащее их пользе и удовольствию; смотреть на женщин как на равноправных они не могут, так как это противоречит их предрассудкам. Женщина должна быть покорной и скромной, должна ограничивать свою деятельность домашними заботами, а все остальное предоставлять «господину мира». Женщина должна сдерживать всеми возможными способами свои мысли и склонности и выжидать, что решит ее земное провидение, ее отец или супруг. ...Если говорить о равенстве всех

людей, то нелепо исключать из него половину человеческого рода. ...Лишать женщину равноправия из-за того, что она рождена женщиной, а не мужчиной-в чем мужчина так же не виноват, как и женщина, -столь же несправедливо, как ставить права и свободу в зависимость от случайности религий или политических воззрений, и так же бессмысленно, как считать двух людей врагами из-за того, что они по случайности рождения принадлежат к различным племенам или различным национальностям. Это взгляды, недостойные свободного человека» [28, 2 б.] Неміс философы Артур Шопенгауэрдің (1788-1860) пікірінше, әйелдер мен еркектердің қабылдау тәсілдері әртүрлі: еркектер абстрактылық идеяларды жақсы қабылдайды, ал әйелдер толығымен сезімдік, бір сәттік шындыққа үнілген. Әйел, Шопенгауэрдің тұжырымынша, абстрактылық идеяны сіңіре алмайды (мысалы, әділеттік идеясын). Сондықтан әйелдер өткір үкімдерге қабілетсіз және төреші бола алмайды. Әйелдер көбінесе жанашыр, мейірімді, қайырымды келеді, бірақ ер адамдарға тән әділеттілік, әділдік, адалдық жағынан артта қалады. «Әйел мінезінің негізгі кемшілігі – әділетсіздік», - деп жазды философ. Философтың көзқарасы бойынша, «табиғи қасиеттеріне сәйкес еркектер өзін қоршаған барлық құбылыстардың мәнін ұғыну арқылы оларды өзіне бағындырғысы келсе, әйелдер өздерінің табиғи міндеттеріне орай ерлердің өзіне ие болуға ұмтылады» [29, 189 б.]. Шопенгауэр, либералдармен және социалистермен салыстырғанда, қоғамдағы әйелдердің ықпалының өсуін өте қауіпті құбылыс деп санады және олардың құқықтарын шектеуге шақырды.

Жаңа заман кезеңінде қоғамның әлеуметтік стратификациясы өзгергендіктен индивидтің жынысына байланысты әлеуметтік-құқықтық мәртебесінде маңызды өзгерістер пайда болды. Капиталистік қатынастар мен демократиялық саяси жүйе қарқынды дамыған елдер «еркек» пен «әйел», «көпшілік» және «жеке» деп бөлінудің жоғарғы деңгейін көрсетті. Ұлыбритания мен АҚШ-та әйел құқы болмағандықтан, буржуазиялық қоғамның құқықтық жүйесін қалыптастыру үшін қарапайым құқықтың тарихи дәстүрінің қолданылуы жағдайды күрделендірді. Осыған сәйкес ерлі-зайыптылар бірдей заңды тұлға болды: некеден кейін әйел тек саяси құқыққа ғана емес, сонымен қатар мүлік, жалақыға құқығын жоғалтты. Сондықтан да әйелдер қозғалысы нақ осы елдерде пайда болып дамығаны таңқаларлық жағдай емес.

Жынысты зерттеудегі жаңа ғылыми парадигманың пайда болуында гендерлік теория-феминизм шешуші рөл атқарды. Мұндай үлкен өзгерісті күтпеген мәдени орта үшін, бұл жағдай көп нәрсеге үміт артатын ірі құбылыс деп таңылды.

Бүгін феминизм – ең әуелі әлеуметтік-мәдени дамудың баламалық философиялық концепциясы. Бірақ ол ұзақ уақыт бойы әйелдер теңдігінің идеологиясы және әлеуметтік-саяси қозғалыс ретінде өмір сүрді. Негізінде «феминизм» ұғымы тек бір ғана идеологиядан тұрмайды. Феминизм қозғалысы бірнеше ағымдар мен топтардан құралады. Феминизмнің бұлай бөлшектенуі түрлі тарихи жағдайларға, халықтардың ерекшеліктеріне және басқа да

факторларға байланысты. Феминизмнің бағыттары бір-біріне ұқсас болып келеді.

«Феминизм – бұл құбылыс батыстық немесе шығыстық, американдық және ағылшындық, француздық, шведтік емес, ол жалпы адамзаттық. Сол үшін барлық мемлекеттердегі әйелдер қозғалысының құрылымы мен дамуы феминистік қозғалыстың барлық мәселелерімен байланысты» [30, 31-36 бб.].

Қазір кезде феминистік идеялардың қалыптасуы Қайта Өркендеу дәуіріне тиесілі деп саналады. Сол кезде Кристина де Пизан мен Агриппа Корнелиустың әйел тұлғасын төмендету және қоғамның оған әділетсіз көзқарасы туралы ашық айтылған алғашқы трактаттары шықты.

Феминизм дамуының келесі кезеңі Ұлы француз революциясы кезеңімен байланысты. Сол кездегі барлық адамдардың теңдік, бостандық, бауырластық ұсынған ұрандары әйелдердің теңдікке деген ұмтылысын күшейтті. Сонымен бірге «Адам және азамат құқығы декларациясы» адамдардың бәрінің ажырамас табиғи құқығы бар деп жариялағанымен, шын мәнінде ол тек еркектердің құқықтары туралы декларация болды. 1792 жылы Олимпия де Гуждің «Әйел мен азаматшаның құқықтары декларациясын» жазуы кездейсоқ емес, онда әйелдерге азаматтық және сайлау құқығын беру және мемлекеттік қызмет атқару мүмкіндігі талаптары айтылды. Бұл декларация феминизмнің алғашқы манифесі болып саналады. Осы құжатта тарихта тұңғыш рет заң алдында әйел мен еркектің тең құқықтылығын белгілеу мәселесі ашық айтылды. Алғашқы бапта былай делініпті: «Әйел заң алдында еркін және ер-азаматпен құқы бірдей болып туады және солай болып қалады». Онда әйелдің еркектің жетістіктеріне әйелдің де жетуге тиіс екендігі айтылған. Қорытындысында: «Егер әйел тамұққа кіруге құқықты болса, онда ол мінбеге көтерілуге де құқықты болсын», - деді. Осыдан кейін әйелдер ұйымдары мен клубтары пайда болды, алайда тез арада Конвент оларға тыйым салып, контрреволюциялық күштермен байланыста деп айыпталып, Олимпия де Гуждың өзі өлім жазасына кесілді. Нәтижесінде ол француз феминистерінің атақты тұлғасына айналды. Осыдан кейін 1795 жылы Францияда әйелдерге қоғамдық орындарда және саяси жиналыстарда көрінуге тыйым салынды. 1804 жылы император Наполеон әйелдердің барлық құқықтары жойылғаны туралы және әйел еркектің бақылауында болуы керек деген жарлық шығарды.

Бірақ сол 1792 жылы Англияда Мэри Уолстоункрафтың «Әйелдердің құқықтарын қорғау», ал Германияда осы жылы Теодор фон Гиппельдің «Әйелдердің азаматтық жағдайын жақсарту туралы» еңбегі шықты.

Осындай ұқсас жұмыстардың сол кезде пайда болуы кездейсоқтық емес. Бүгінгі таңда феминистік теориялардың қалыптасуы көп жағдайда әртүрлі әлеуметтік-философиялық және саяси концепциялар мен интеллектуалдық бағыттардың дамуымен дайындалғаны айдан анық. Осыған байланысты, біріншіден, Джон Локк, Жан-Жак Руссо, Джон Стюарт Милльдің адам құқығы теориясының негіздерін дамытқан философиялық концепцияларын ерекше атап өтуге болады. Оның үстіне, ағылшын философы Дж.Ст.Милль және оның қосавторы және жұбайы Харриэт Тэйлор 1869 жылы «Әйелдің тәуелділігі»

кітабын жарыққа шығарды, олар әйел мен еркектің құқықтарының теңдігі туралы тезисті дәлелдеу үшін либералды-философиялық теорияны қолданды. Екіншіден, Шарль Фурье, Анри Сен Симон және Роберт Оуэнның утопистік социализм теориясының әсерін атап өту қажет.

XIX ғасыр аралығында буржуазиялық революцияның толқыны бүкіл Еуропаны шарлап, әйелдердің өз құқықтары үшін күресін күшейтті. Ол негізінен еңбек ету құқығы, білім алу және ерлермен тең жалақы алу үшін күрес болды. Әлемде осылайша әйелдер ұйымдары дүниеге келді. 1888 жылы Халықаралық әйелдер кеңесі, 1903 жылы Әйелдердің әлеуметтік және саяси одағы, 1904 жылы Әйелдердің сайлау құқығы жөніндегі халықаралық одақ құрылды. XIX ғасырдың аяғында суфражистер (ағылшын тілінен suffrage-дауыс, сайлау құқығы) қозғалысы, яғни әйелдердің сайлау құқығына ие болу үшін күресі пайда болды. Көрнекті өкілдері ретінде Эммелин Панкхерст, Эвалин Хильда Беркитт, Элизабет Стэнтон, Лукреция Мотт, Эмили Дэвисондарды айтуға болады. Бұл идеяға қоғамның бастапқыда енжар, кейде теріс қарым-қатынасы суфражизмнің кейбір көшбасшыларын бұл проблемаға көңіл аудару үшін радикалды формаларға баруға мәжбүр етті. Алайда олар қоғамдық наразылық тудыра білді. Өртүрлі елдердің суфражиттерінің ұзақ мерзімді күресі өз нәтижелерін берді—XX ғасырдың алғашқы екі онжылдығында, көбінесе Еуропа мен Солтүстік Америкада әйелдерге сайлау құқығы берілді. Атап айтқанда, алғашқылардың бірі болып әйелдерге сайлау құқығын енгізген Жаңа Зеландия 1893 жылы, Австралия 1902, Ресей 1917, Ұлыбритания 1918, Голландия, Германия 1919, АҚШ 1920, Түркия 1926.

«Батыста феминизм мен гендер, әйел мәселесі ұғымдары бір мағынада, белгілі дәрежеде саяси мазмұнда қолданылады. Феминистік қозғалыстардың бастамасымен 60-жылдары афроамерикандықтардың құқын қорғау мақсатында азаматтық құқық туралы акт, әйел мен еркек теңдігі және жыныстық ерекшелікке байланысты кемсітуге тыйым салу туралы көптеген ережелер қабылданады. Кейін бұл ереже Еңбектің тепе-тең мүмкіндігі жөніндегі Комиссия деп өзгертіліп, отбасылық рентаға қарсы қолданылады. Мысалы ерлерді жұмысқа жалдау туралы хабарландырулар жыныстық кемсітушілік, заңсыздық деп танылып, тыйым салынды. Әйелдер ұйымдары барлық салада теңдікті талап етті. Жеке адам құқығы отбасы құндылығынан маңызды саналды. Феминистік қозғалыстардың белсенділігі мен кешенді шаралары нәтижесінде әйелдердің жалақысы күрт көтерілді. Ерлердің кәсібі деп есептеліп келген медицина, заңгерлік, журналистика, академиялық ғылымдар, басқару, бизнес салаларын әйелдер еркін меңгере бастады. Бірақ әйел еркіндігіне мүмкіндік берген сайын дәстүрлі отбасының іргесі сөгіле бастады» [31, 49-50 бб.].

XX ғасырдың 60-жылдарында феминизмнің дамуындағы жаңа кезең солшыл радикалды қозғалыстардың наразылығымен және мәдениетке қарсы теориялардың қалыптасуымен бірге пайда болды. Міне, осындай тарихи жағдайлардан кейін, ақыры «гендер» идеясы «әйелдердің» зерттеу еңбектерінде айқын көрініс тауып, нәтижесінде «гендер» теориясына ұласты. Ол өз кезегінде

феминистік гуманитарлық зерттеулерге жаңа бетбұрыс берді. Бастапқыда бұл феминистік зерттеулер ғылыми ортада скептицизм мен критицизм туғызды. Бірақ олар әйел тарихының дамуына түрткі болып, радикалды феминистік көңіл-күйді күшейтті. 60-70 жылдары феминизм академиялық мәртебеге ие болды. Еуропа мен Азияның көптеген елдерінде ғылыми гендерлік орталықтар ашылып, университеттерде феминистік курстар енгізілді. Атап айтқанда, батыстық университеттер бағдарламасында алғашқы курстар 1979-1980 оқу жылдары Сан-Диего университетінде пайда болды. Гендерлік теңсіздіктің жағдайын жасап, тарихи шындықты қалпына келтіру үшін тарихты, әлеуметтануды, философияны, лингвистиканы әйелдер ұстанымы («позиционизм») тұрғысынан қайта қарастыру міндеті қойылды.

Ең алдымен, әйелдер тарихқа мүлдем жаңаша қарауды ұсынды: ұлы шайқастар мен жеке ұлы тұлғалардың тарихқа қатысты емес, күнделікті өмірдің де күнделікті оқиғалар мен өмірбаяндарында әйел тағдыры сырт көзге елеусіз болғанымен, бірақ олардың ойларының орындалуына терең тарихи мән беруге талапталды.

Осы кезеңде феминизмнің сол кездегі үш негізгі ағымы, теориясы қалыптасты. Либералды (шектелген) феминизм- қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформалар негізінде әйелдер мен ерлердің теңдігіне қол жеткізу керек. Социалистік (маркстік) феминизм-әйелдерді қанау-капиталистік қатынастардың жемісі, әйелдерді кемсітуді жою капиталистік фазаның аяқталуымен байланысты болуы мүмкін. Радикалды феминизм-әйелдерді кемсітудің себебін қоғамдағы патриархаттың болуы мен бүкіл қазіргі заманғы мәдениеттің андроцентризмінде көрді.

Либералды феминизм әйел мен еркектің саяси және заңды түрде теңдігін талап етеді. Бұл феминизмнің ерекше түрі болып есептеледі, себебі әйелдің еркекпен бірдей, тең дәрежеде өзінің құқықтарына жете алатынына сенімді. Олар әйел мен еркектің жеке қарым-қатынастарын қарастырып, қоғамдағы өзгерістер сол қарым-қатынастардан басталады деп санады. Бұл бағыттың өкілдерінің пікірі бойынша, әйелдің барлығы ерлермен тең болуды талап етуге құқығы да, қабілеті де бар.

Либералды феминизм ағартушылардың рационализм мен тең мүмкіндіктер тұжырымдамаларын негізге ала отырып, сол қағидаларды әйелдер қауымына қолдану және қоғамды жаңадан құру керек деп санайды. Әйелдің жеке меншікке құқығы еркектерге тәуелділіктен босататын ең басты құқықтарының бірі болып есептеліп, бұл бағыттың негізгі көтерген мәселелерінің біріне айналды.

Феминизмнің бұл түрі басқа бағыттарға қарағанда әйелдің құқықтарын қоғамның құрылымын түбегейлі өзгерту арқылы талап етпейді. Либералды феминистерге әйелдің жасанды түсік жасату, дауыс беру құқығы, білім алудағы тең мүмкіндіктер, «бірдей жұмысқа бірдей еңбекақы» ұраны, медициналық қызметке қолжетімдік және әйелдердің тұрмыста зорлық-зомбылықтан жапа шегу мәселелері маңызды болды.

Либералды феминизмнің жаңғыруы 1963 жылы Бетти Фриданның «Әйелге тән құпиялық» кітабының жарық көруімен байланысты. Ол бұл еңбегінде 300 орта таптың «ауқатты үй шаруасындағы әйелдерінен» сұхбат алу негізінде талдау жасап, Америка қоғамында әйелдердің ерлермен тең құқықтары жоқ екенін көрсетті, сонымен қатар әйелдің өмірінің мәні тек үй шаруасы мен бала тәрбиелеуде деп қалыптасқан ойға қарсы болып, сынға ұшырады. Фриданның көзқарасы бойынша, әйелдің қоғамдағы үй иесі және бала тәрбиелеуші рөлі «әйелге тән құпиялық» деген ұғым арқылы танылған. Жалған ғылыми теориялар, әйелдер журналдары, жарнама индустриясы «нағыз әйелге» білімнің, мансаптың және саяси құқықтардың керек емес екенін үйреткен. Бір сөзбен айтқанда, түрлі ақпарат құралдары және қоғамда қалыптасқан пікірлер арқылы әйелге жастайынан болашақ күйеуіне және балашағасына қызмет ету идеясы сіңіп, феминизмнің күресіп келе жатқан тәуелсіздік пен мүмкіндіктерге қатысты ойларын жоққа шығарады деп санады Б.Фридан. Оның кітабы жарылғыш бомбаның әсерін тигізді, он шақты рет қайта басылып шықты және миллион таралыммен сатылды. Көп ұзамай орта таптың жүз мыңдаған әйелдері кіретін Ұлттық әйелдер ұйымы пайда болды.

XX ғасырдағы либералды феминистер – Элис Росси (Rossi A. (ed.) *The Feminist Papers: From Adams to de Beavoir*. N.Y., 1973), Джанет Ричардс (Richards J.R. *The Sceptical Feminism*. London: Routledge, 1980), Сьюзан Окин (Okin S. *Women in Western Political Thought*. London, 1980), Натали Блюстоун (Bluestone N.H. *Women and the Ideal Society: Plato's Republic and Modern Myths of Gender*". Oxford : Berg;1987) – XVIII-XIX ғасырлардағы либералды феминистер әзірлеген идеяларды қолдады, өйткені олардың талаптары орындалмады және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігіне қол жеткізген жоқ. Либералды феминистердің пікірінше, бұл мәселені шешудегі негізгі тәсіл – өмір сүріп жатқан қоғамның шеңберінде әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформалар болуы тиіс. Либералды феминизмде – XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың аяғына дейін – теңдік идеясына, яғни әйелдер мен ерлердің рационалды жандар ретінде бірдей екеніне баса назар аударылды.

Либералды феминизм теңдікті талап ете отырып, әйелдер мен еркектердің біртектілігін атап көрсетуге және олардың айырмашылықтарын жоққа шығаруға бейім болды. Сондықтан да Фридан әйелдік мистиканы әшкерелейді, ал Окин жыныстардың арасында айырмашылықтар бар екенін көрсетпеу керек деп тұжырымдайды. Ричардс әйелдердің қорлық көруі – әлеуметтенудің нәтижесі деп тұжырымдаса, Блюстоунның көзқарасы бойынша, әйелдің ақыл-ойы ерлердікімен бірдей, ал Вилльямс әйелдер мен ерлердің құқықтары тең деп түсінуге шақырады. Осы авторлардың бәрі өздерінің 1963 жылдан 1994 жылға дейін шыққан кітаптарында ерлер мен әйелдердің теңдігін айтарлықтай маңызды айырмашылықтардың болмауы мағынасында қарастырды. Яғни, әйелдерге ер адамдарға сияқты жақсы қарау керек. Олардың көпшілігі ерлер мен әйелдер туралы біртекті топтар ретінде айтуға бейім. Басқаша айтқанда,

либералды феминизм ерлермен тең мүмкіндікке ұмтылып, оны біртектілік негізінде көреді және айырмашылықтары шамалы ретінде қарастырылады.

Либералды феминизм басқа бағыттар тарапынан жиі сынға алынады. Мысалы, Джин Бетке Эльштайн оның үш негізгі кемшілігі бар екенін атап өтті: 1) әйелдер ерлерге ұқсай алады дегенге сену; 2) әйелдер оны қалайды дегенге сену; 3) барлық әйелдер еркектерге ұқсағысы келу керек дегенге сену және еркектерге тән құндылықтарды бөлісуді қалау керек.

Қозғалыстың бұқаралық сипатына қарамастан, либералды феминизмнің бұл кемшіліктері, орта тап әйелдерінің проблемалары мен қажеттіліктерін талқылауға бағытталғандығы, реформалар теориясының жетілмегендігі нақты жағдайды өзгертуге ықпал ете алмады. Алайда, дәл осы либералды феминизмнің жаңғырумен Америкада әйелдер қозғалысы болмаған шамамен қырық жылға жуық уақыттан кейін феминизмнің екінші кезеңі басталды. Бұл – либералдардың тарихи еңбегі.

Социалистік феминизмде маркстік және феминистік көзқарастар біріктірілді. Ол қанау және еңбек жайлы маркстік идеяларды қолдайтын әйелдерді қамтыды. Бұл бағыттың негізгі мәселесі әйелдің жұмыс орны мен үй тұрмысындағы теңсіздік болды. Социалистік феминизмнің жақтаушылары жезөкшелікті, үй шаруасымен айналысуды және неке құруды көне дәуірде қалыптасқан әйелді пайдалану мақсатында қолданатын тәсіл деп қарастырған. Сонымен бірге олар тек ерлермен ғана шектелмей, капиталистік жүйеден қысым көрген басқа да қауымдармен біріккенді жөн көрді. Либералды бағыт сияқты социалистік бағыт та өткен ғасырлардан бастау алады. Патрисия Эллиот пен Нэнси Менделл жазғандай: «Әлеуметтік реформалар жағдайында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында феминистік қозғалыс қалыптасты. ...Капитализмнің таралуы, қарқынды индустрияландыру, урбанистік кедейлік, отбасы құрылымының ауысуы және стандартты экономикалық рөлдерден алыстау либералды, сондай-ақ социалистік жауаптар тудырды» [32, 20 б.].

Социалистік дәстүрде әйелдерді кемсітудің негізгі себептері жеке меншік пен қоғамның таптық құрылымы болып саналады. Марксизмде мұндай идеяларды Ф.Энгельс «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегінде атап көрсетті. Энгельс әйелдің еркекке бағынуы жеке меншіктің және таптық қоғамның пайда болуымен, отбасыда еңбектің бөлінуімен байланыстырады. К.Маркс пен Ф.Энгельс жұмысшылар табының қаналуы жойылса, жыныстық теңсіздік те жойылады деді. Марксистік феминизмді ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Александра Коллонтай, Клара Цеткин, Август Бебель және сол кездегі басқа марксистер дамытты. Гендерлік айырмашылық ұғымына елеулі ықпал еткен марксизм идеясында әйелдердің теңсіздігі мен оларды қанау туралы түсініктер басым. Марксистік теория әлемді пролетариат пен буржуазия сияқты екі таптың қарама-қайшылығы деп қарастырды.

Коллонтай мен Цеткин әйелдерді кемсіту социалистік революциядан және жаңа қоғам орнағаннан кейін жойылуы тиіс деп тұжырымдады.

Дүниежүзінде әйелдер құқығының қорғалуы жөнінде бастама көтерген, осылайша әлемдік күнтізбеде 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесінің пайда болуына себепші болған қоғам қайраткері Клара Цеткин «Женщина на пути к свободе» атты еңбегінде: «Слабость и отсталость женщины стали в течение столетий социальной догмой и непоколебимым принципом, на котором была построена целая система угнетения личности в физическом, нравственном и духовном отношениях. Женщину всегда развивали односторонне и стремились подготовить ее исключительно к одной цели: к деятельности в семье и для семьи, под защитой и ответственностью мужчины. ...Подчиненное положение женщины началось в то время, когда воины-завоеватели похищали женщину и превращали ее в свою первую частную собственность, в наилучшую рабочую силу. Под предлогом защиты женщины во время беременности и кормления, мужчина принимал на себя заботы об общих его и женщины нуждах и обязанностях по отношению к окружающему миру. Мужчина положил этим основание экономической и общественной зависимости женщины-основание ко все прогрессирующему разделению труда на два рода деятельности: на добывающе-оборонительный (война) и на производительно-хозяйственный, из которых первый достался мужчине, а второй-женщине. Это послужило зародышем к теперь уже пережитому, но крепко укоренившемуся предрассудку, будто «мир-дом мужчины, дом-мир женщины»-деп ой түйіп, қорытынды жасайды.

Бүгінде марксистік феминизм Эмма Голдманның (Goldman E. *The Traffic in Women and Other Essays on Feminism*. Washington: Times Change Press. 1970), Синтия Кокбернның (Cockburn C. *Brothers: Male Dominance and Technological Change*. London: Pluto, 1983), Мэри Эванстың (Evans M. *Un Praise of Theory: the case of Women's Studies*". *Feminist Review*, 1981, # 10) және тағы басқа еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл зерттеушілер негізінен өндірістің капиталистік жүйесіндегі әйелдердің экономикалық және әлеуметтік жағдайларын талдады. Олардың ойынша, жұмыс күшін жынысына қарай бөлу капитализмге тән. Әйел үйде жұмыс істейді және айырбас құны жоқ өнімдер мен қызметтерді шығарады. Осылай, әйелдердің үй жұмысы мен бала күтімі «нақты жұмыс» болып саналмайды, өйткені бұл ақша әкелмейді. Сондықтан, әйелді үй шаруасымен сәйкестендіру өндірістік салада оның еңбегіне екінші статус береді.

Социалистік феминистер – Зилла Айзенштайн (Eisenstein Z.(ed.). *Capitalist Patriarchy and the Case of Socialist Feminism*. London & New York. 1979), Мэри О'Брайен (O'Brien M. *The Politics of Reproduction*. London: Routledge and Kegan Paul. 1981) және басқалары осы идеяларды жалпы мақұлдай отырып, марксистермен бір мәселе бойынша келіспейді. Арнайы, пролетариаттықтан бөлек әйелдер қозғалысын мойындамайтын Энгельстен айырмашылығы, қазіргі социалистік феминистер таптық және жалпы әлеуметтік мәселелерден әйел мәселесін бөліп қарастыру қажеттігін талап етті.

Социалистік феминизм марксизмнің әйелдерді басыну проблемасының гендерлік аспектісін қабылдамаудың нәтижесінде пайда болды, себебі

марксизм өкілдері әйелдерді басыну жұмысшыларды қанаудан маңызды емес деп санауға бейім болды. Кейбір социалистік феминистер жыныстық қанауды таптық қанаумен байланыстырған дұрыс емес, сондықтан жыныс пен тап ұғымдарын бөлуге тырысты. Алайда, АҚШ-тағы «Radical women» және «Freedom socialist party» атты социалистік феминистік ұйымдарының жұмыс атқаруы, сонымен қатар Ф.Энгельс пен А.Бebelдің еңбектері әйелдің қаналуы мен таптық қысымның байланысы бар екеніне дәлел болды.

Соңында, социалистердің пікірталастарында саналылықты тәрбиелеу және жағымды өзгерістерге бағытталған практикалық іс-әрекеттер сияқты тақырыптар болғандығын айта кету керек. Жыныстық және қылмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек үшін құрылған дағдарыс орталықтары, шағын бизнес, балабақшалар-барлығы жаңа құрылымның үлгілері, социалист-феминистердің пікірінше, ойлау мен мінез-құлықтың баламалық түрлері.

Социал-феминизмнің дағдарысы ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында бірнеше мәселелердің теориялық шешімін таппауынан және «шынайы социализм» елдерінде әйелдерді кемсіту фактілерінің орын алуымен байланысты.

Радикалды феминизм ағымы өзінің теориялық мазмұны мен әлеуметтік эффектісі жағынан аса жарқын және ықпалды болды. Кейт Миллетт, Суламифь Файерстоун, Андрея Дворкин, Кристина Дельфи, Мэри Дэйли, Б.Риэрдон және көптеген басқа радикалды феминистер әйелді қанаудың жалпы, астарлы негіздерін іздеуге назар аударды. Радикалды феминизм патриархатты еркектің әйелді қанауы деп санады. Олардың көзқарасы бойынша, әйелдерді қанау және олардың құқықтарының жоқтығы кезінде қоғамда қалыптасқан патриархаттың үстемдігінен және сол құрылымды толық құртпай ешқандай реформа жағдайды өзгерте алмайды. Тіпті Мэри Дейл еркектерсіз өмір жақсырақ болады деген пікір білдірген.

«Бетти А. Риэрдон является пионером феминизма и гендерного подхода к правам человека, социальной справедливости и ее важности для исследования мирного сосуществования и просвещения по вопросам сохранения мира (в специальной литературе обозначено термином «образование мира» – авторы). Новаторские труды Риэрдона подтверждают, что феминистская, целостная и гендерная перспектива может служить концептуальным ядром трансформации нашей нынешней глобальной системы патриархата, ее культуры насилия и войны. Ее всесторонняя деятельность в этой области раскрыла глубокие симбиотические отношения между патриархатом и военной системой, и она призывает к глобальному исследованию альтернатив патриархальной парадигме» [33, 82 б.].

«В знак признания ее всемирно признанного вклада, достижений и наград в качестве учителя, феминистки, борца за мир, исследователя, автора и консультанта на протяжении пяти десятилетий она была номинирована Международным бюро мира (Женева, Швейцария) на Нобелевскую премию мира в 2013» [34, 562 б.].

Радикалды феминизмнің интеллектуалдық қорының маңызды бөлігі дәстүрлі мәдениет пен ғылымды талдаудағы сыни тәсілдің арқасында пайда болды. Нақ солар ХХ ғасырдың 70 жылдарының радикалдары мен интеллектуалдары қоғамдағы әйелдерді басып-жаншу және кемсіту себептерін әлеуметтік-мәдени бағалау дәстүрін туғызды, содан кейін әйелдер мәселесін қарастырудан жалпы дәстүрлі патриархалды мәдениетті талдауға кірісті.

Батыста бұл теориялық жұмыстың бастауын француз философы-экзистенциалист Симона де Бовуар (1908-1986) өзінің «Екінші жыныс» (1949) кітабында негізін салды деп саналады. Бұл еңбекте әйел мәселесі философиялық тұрғыдан қарастырылады. «Екінші жыныстың» шығуы сенсация тудырды. Жарияланғаннан кейінгі алғашқы апталарда 22.000 дана кітап сатып алынды. Бұл сол жылдардағы Франция үшін бұрын-соңды болмаған таралым. Солай бола тұра, кітапқа деген реакция біркелкі болған жоқ. Бовуар оларды өзінің достары деп санағандар, мысалы, экзистенциалист Альбер Камю – кітапты еркектікке шабуыл ретінде санап, оны қабылдамады. Ол сондай-ақ француз коммунистік партиясының реакциясына қынжылды, олар «Екінші жыныс» адамдарды таптық күрестен алшақтатуға арналған әйелдердің шағымдарының бір тривиалды жинағы санады. Бірақ Бовуар үлкен қолдауға ие болды, ол «Екінші жынысты» оқығаннан кейін өмірлері оң бағытқа өзгерген барлық әлеуметтік топтардың әйелдерінен көптеген алғыс хаттар алды.

Содан бері кітап бірнеше рет қайта басылып шықты. Бұл кітаптан феминистердің көптеген ұрпақтары өсіп шықты. Мысалы, Бетти Фридан өзінің әйгілі кітабы «Әйелдіктің мистикасын» (1963) жазды, Суламифь Файерстон Симона де Бовуарға өзінің «Жыныс диалектикасын» (1970) арнады.

Бүгінде «Екінші жыныс» феминистік классика болғаны анық. Феминизм тақырыбына жазылған бір де бір алғысөз Бовуардың кітабымен пікірталассыз болмайды, бұл көптеген феминистерге әйелдің өзгешелігінің толық мағынасын түсінуге көмектесті.

Бовуар кітабының ең басында ер адам өзін «Мен», ал әйелді «Басқа» деп атайды деп мәлімдейді. Бовуар әйелдің қалай «Басқа» болып қалыптасатыны туралы талдауды кітабының бірінші бөлімінің алғашқы үш тарауында - «Биология», «Психоанализ» және «Тарихи материализмнің көзқарасында» келтіреді. Бовуар биология ерлер мен әйелдер арасындағы негізгі айырмашылықтарды сәйкестендіреді деп көрсетеді. Ол айырмашылықтардың нақты болуын жоққа шығармаса да, біз әлеуметтік тіршілік етушілер ретінде бұл биологиялық фактілерге қандай да бір құндылықтық мән-мағына береміз. Биология «әйел неге Басқаша?» деген сұраққа жауап бермейді. Басқаша айтқанда, әйел өзінің тәнінен әлдеқайда артық, жоғары жан деп тұжырымдайды.

«Екінші жыныс» кітабында алғаш рет мәдениеттегі феминдікті басу проблемасы көтерілді. Бұл жұмыста ерлер/еркектік жағымды мәдени норма ретінде, ал әйелдік/феминдік теріс, қалыптан ауытқу, «Басқа» ретінде қоғамда қалыптасып қалғаны көрсетіледі. Бовуар мұны биологиялық, әлеуметтік-философиялық, психоаналитикалық теориялардың, сондай-ақ әдеби

шығармалардың мысалдары арқылы көрсетеді және әлеуметтік өмір мен ойлаудың барлық аспектілерінде әйелдерге «Басқа» ретінде көзқарас басым екенін көрсетеді. Содан кейін бұл мәдени норманы әлеуметтену процесінде әйелдердің өздері сіңіріп алады. «Әйел болып тұмайды, әйел болып қалыптасады»-деп жазды С.Бовуар өз еңбегінде.

Бовуардың бұл идеяларын кейін радикалды феминизмнің теоретиктері дамытты. Олар: ұрпақ әкелу, ана болу және тағы басқа мәселелерге талдау жасады. Осы тақырыптарға арналған еңбектер қатарына Адриенна Ричтің «Әйел болып туылғандар: Аналық: тәжірибе және институт ретінде», Андреа Дворкиннің «Порнография: еркектердің әйелдерге ие болуы», Маргарет Эттвудтің «Қызметшінің әңгімесі», Энн Оуклидің «Үй еңбегі социологиясы» және «Үй шаруасындағы әйел», Кейт Миллеттің «Жыныстық саясат» туындыларын және тағы басқа шығармаларды жатқызуға болады.

Радикалды феминистердің саясаты мен практикасының негізгі мақсаттарының бірі – әйелге бағытталған зорлықты жою болды. Олар бұл мәселенің әртүрлі жақтарын: әйелдерге түсік жасауға және контрацепцияға тыйым салу, мүмкіндігінше көп балалы болуға баулу, әйелдерге психикалық және физикалық зорлық-зомбылық, жыныстық қысым, зорлау мәселесі, жезөкшелік және порнография мәселелерін талқылады.

Егер радикалды феминизмнің теңсіздік мәселесін талдауға қосқан үлесін бағаласақ, онда олардың көптеген жаңа ұғымдарды айналымға енгізгендігін айту керек. Сексизм термині әйелдерді биологиялық жынысы бойынша кемсітуді білдіреді (ағыл. sex – жыныс). Маскулинизм идеологиясы – бұл табиғатынан қоғамда ерлер үстемдік етеді деп тұжырымдайтын дүниетаным. Андроцентризм ер адамды жалпы адамға, Homo Sapiens түрге жататын, ал әйелді – өзіндік бір ерекшелік, «жалпы адамның» бүр түрі ретінде санайтын Батыс өркениеті үшін имманентті норманы білдіретін ұғым.

Радикалды феминизмнің өзі ішінде бірнеше түрлерге бөлінеді, мысалы, мәдени, эссенциалистік, сепаратистік, «қара» феминизм және т.б. Мәдени феминизм теоретиктері (Нэнси Чодороу, Урсула Кинг, Мэри Дэли, Кэрол Гиллиган) үстем патриархаттық мәдениетпен қатар жеке «әйел мәдениеті» өмір сүреді деп тұжырым жасайды. Мәдени феминизм- «әйел табиғатына» немесе «әйелдік жаратылысқа» қатысты жете бағаланбаған ерекшеліктерді құндылық деп, әйелдердің қоғамдағы орнын жеке қарастыру. Осыған ұқсас көзқарасты «эссенциалистік феминизм» теоретиктері де ұсынады, әйелдердің өмір сүру мәні (essence) шынымен ерлердің өмір сүру мәнінен ерекшеленеді, көбінесе жақсы жағынан ерекшеленеді деуге болады, әйелдер «көбірек адамгершілікті», «көбірек адам сүйгіш» (Кэрол Гиллиган).

Сепаратистік феминизм өзге жыныстық қарым-қатынастарды қолдамайтын радикалды феминизмнің бір түрі. Бұл бағыттың өкілдері әйел мен еркектің айырмашылығы өте үлкен, сондықтан, ер адамдардың феминистік қозғалысқа үлес қоса алуы екіталай дейді. Олар ерлер феминизмді патриархалдық жүйеге бұрып кетеді деп ойлайды. Осы бағыттың көрнекті өкілі Мэрилин Фрай сепаратистік феминизмді «еркектерден, олардың мүдделерін

қолдайтын мекемелерден, қарым-қатынастардан, рөлдер мен әрекеттерден қорғайтын және әйелдер қолдайтын ерекше ағым» деп сипаттады.

«Қара» феминизм көбінесе нәсілшілдікпен күресті. Осы ағымның ішінде пайда болған теориялардың бірі-жазушы Элис Уокердің вуманизмі. Элис Уокер «вуманист» терминін 1979 жылы «Бөлу» атты қысқа әңгімесінде енгізді. Негізінде, вуманизм феминистік қозғалысқа сын ретінде пайда болды. Феминистік қозғалыста ақ әйелдердің басымдылығына және олар тап пен нәсіл мәселелеріне көңіл аудармайтынына наразылық білдірді. Элис Уокер және оның жақтастары қара әйелдердің ақ әйелдерге қарағанда кемсітушілікке көбірек ұшырайтындарын тілге тиек етті. «Әйелдер, нәсіл және тап» еңбегінің авторы Анджела Дэвис үш ұғымның бір-бірімен тікелей байланысы бар екенін дәлелдеген алғаш феминистердің бірі.

Қазіргі кезде әйелдерге дауыс беру, жеке меншік құқығы, отбасы құру еркіндігі және т.б. феминистік идеялар батыс қоғамына таңсық емес. Алайда бір ғасыр бұрын ғана бұл идеяларды қабылдау, жүзеге асыру қиынға соқты. Сол себептен бүгінгі таңда феминистік көзқарастар саяси ойдың біртұтас бөлігі болып табылады.

Қорытындылай келе, радикалды феминизм концепцияларының күшті және әлсіз жақтарын атап өту керек. Көптеген зерттеушілер, сонымен қатар басқа феминистік ағымдардың өкілдері радикалды феминизмнің кемшіліктеріне ең алдымен олардың эссенциализмін, сепаратизмін, еуроцентризмін және универсализмін жатқызады.

Радикалды феминистер әйелдің табиғаты мен тәнін қатып қалған, өзгермейтін және нақты деп түсінеді. Әйелдер мен еркектер генетикалық кодпен алдын-ала анықталған артіогі қалыптасқан мән ретінде қарастырылады. Ал индивидуалдылық нәсілдік, таптық, жыныстық және мәдени ерекшеліктер сияқты еленбеді. Радикалды феминистер биодетерминизм мен эссенциализмнің тұзағына түсті. Олардың көзқарастары бойынша, әйелдер – бұл әйелдер, еркектер – бұл еркектер және олардың табиғатын өзгерту жолдары болмайды. Мұндай тұзақ тек теориялық қана емес, сонымен қатар саяси қауіпті көрсетеді. Осындай көзқарасты ұстану саяси жағынан терең консерватизмді білдіреді. Мысалы, эссенциалистік дәлелдемелер құлдықты ақтау үшін, АҚШ Конституциясына 19 түзетуді енгізбеу үшін (әйелдерге сайлау құқығын беру) және колониализмде қолданды.

Алисон Джаггар радикалдардың шамадан тыс универсализмі мен сепаратизмін сынайды. Егер патриархат радикалдар айтқандай барлық жерде болғанда, олардың өздері феминистік санаға ие бола алмас еді және өздерінің идеяларын ашық, анық, айқын айта алмас еді дейді. Көптеген радикалды феминистер үшін әйелдердің шынайы бостандығының тек бір ғана мүмкіндігі бар, ол – «әйел кеңістігін» (әйел мәдениетін) әйел кооперативтері, клиникалары, клубтар түрінде (яғни, зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер үшін баспана) құру. Ұйымдастыру жағынан алғанда әйел мәдениеті әйелдердің рухани қорларына және олардың өзара көмегіне сүйенуі тиіс.

Дегенмен, радикалдардың феминистік теорияның дамуына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Барлық қозғалыстар радикалдарға зәру, әйел қозғалысы да сол сияқты. Дәл осы радикалдар бұрын соңды жабық болған мынадай тақырыптарды – контрацепция, жүктілікті тоқтату, басқа да ұрпақ көбейту технологиялары, сонымен қатар әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету проблемалары-жезөкшелік, зорлау, қол көтеру және тағы басқаларды ашық талқылай бастады.

Осылай, либералды феминизмнің арқасында білім алу мүмкіндігін жақсарту, тең құқықтар жөнінде заңдар қабылдау, кемсітуге қарсы саясат, демек саяси патриархатқа қарсы қыр көрсету жолымен әйелдердің қоғамдық мекемелерден орын алуы жақсарып келе жатқан кезде, марксистер мен радикалдар топтары қоғамдық мәселеге саяси мәселені байланыстыруға күмәнмен қарайды. Олар саяси аренадан әйелдердің ылғи да ығыстырылуының қоғамдық және жеке өзінің әлемін патриархаттың дұрыс білмейтіндігі деп санайды. Феминистер бұл тұрғыда саясаттан арнайы орын бөліп берілетіндігіне күмән келтіріп, әйелдің өз бетінше араласуының маңыздылығын атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, феминистік көзқарастар айтарлықтай жүйелі болып келеді, себебі ол өзіне көптеген теорияларды сіңірген және ешқашан біркелкі болмаған. Оның қалыптасуына либерализм, ағартушылар, утопиялық социализм теориясы, марксизм, экзистенциализм, фрейдизм және т.б. бағыттар өз ықпалын тигізді. Осындай көптүрлілік феминистік ой-жүйені тартымды етеді және оның нәтижелі дамуына негіз болады. Феминизм нәр алу үшін дәстүрлі идеологияларға сүйеніп қана қоймай, мәтіндік және дискурстық талдау, психологиялық талдау, тарих пен әдебиет салаларын дамытуға өзінің айтарлықтай үлесін қосты. Феминистік әдіс те әдістемелік талдау саласынан маңызды орын алды.

Феминистер осы кезге дейінгі адамзат тарихын ерлер дәуірі, әйел қауымының құлдық кезеңі деп санап, болашақ дамуға жаңаша көзқараспен қарау мәселесін қойды. Осылай феминистер ағылшын тіліндегі history сөзінің мағынасын өзгертуге талпынды, өйткені his-tory сөзі тек ерлер тарихын білдіреді деп санады, шартты түрде her-story да болуы тиіс, өткенді әйел көзімен қайта түзетіп, қарау қажеттігін ұсынды. Батыс елдерінде феминистер гендерлік нейтралды тілді қолдануды жақтайды.

Жалпы феминистік қозғалыс тек батыста ғана емес, басқа да феминизм дамыған елдерге де өз әсерін тигізді. Көбінесе, феминизм жақсы өзгерістер алып келді, алайда кері әсерлері де жоқ емес. Әйел мен еркектің қарым-қатынасында бірқатар өзгерістер енгізілген соң, екеуі де жаңа жағдайларға бейімделуге тура келді. Бұл екі жаққа да оңай соққан жоқ, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымды өзгертіп, дәстүрлі емес жағдайларға үйрену оңай болған жоқ.

Феминизм мәселелерін Қазақстан ғалымдары да зерттеуге кірісті. Айталық Шакирова С.М. феминизмді «әйел мен еркек арасындағы өмірдің барлық саласындағы-әлеуметтік, саяси, мәдени, отбасылық және т.б. теңдік үшін күресетін әлеуметтік қозғалыс. Әйел мен еркек арасындағы теңсіздікті

жою феминизмнің ең алғашқы мақсаты», - ретінде анықтайды [35, 14 б.]. Сонымен қатар, С.Шакирова феминизмнің Қазақстанда әйелдердің жағдайын жақсартудың өндірістегі және қоғамдағы бағдарламаларына сай екендігі туралы қорытынды жасайды.

Феминизмнің «үшінші толқыны» 90-шы жылдар болып есептелінеді. Бұл толқынға тән ерекшеліктер: нәсілшілдікке қарсы іс-әрекеттер, интернационализм, сонымен қатар, егер екінші толқында порнография әйелдерді қанау деп қарастырылса, үшінші толқында порнографияға бейтарап көзқараспен қарайды. Қазіргі кезде Ребекка Уокер, Наоми Вульф, Лили Тейлор феминизм қозғалысының ең көрнекті өкілдері болып табылады.

Осы кезден бастап, гендер, жыныс ұғымдары бұл мәселелерді зерттеуде маңызды категорияға айналды. «Оған себепкер болған: саяси-әлеуметтік жағдай-қоғамдық қатынастардың өзгеруі мен феминистік қозғалыстың өріс алуы; лингвистикалық жағдай-структурализмді сынға алу, тілдің прагматика саласына деген қызығушылықтың артуы және әлеуметтік лингвистиканың дамуы; философиялық жағдай-таным теориясының жаңа бағыт алуы, постмодернизм мен бейқұрылымдау (деконструктивизм) идеяларының кең таралуы» [36, 52 б.]. Жыныс мәселесіне байланысты әртүрлі ғылыми пікірлер мен көзқарастар қалыптасты. Атап айтқанда, «француз философы Мишель Фуконың пікірінше, барлық ұғымдар, сонымен қоса, жыныс ұғымы да, жеке адам алдында табиғи түрінде емес, дискурстың нәтижесі ретінде танылады. Жыныстың және оған қатысты әрекеттердің тілдегі көрінісі (вербалдануы) ерте дәуірлерден бастау алады. Жыныстың биологиялық мәні де әлеуметтік сипатқа ие. Ендеше, ол табиғи құбылыс ретінде емес, мәдени құбылыс ретінде қарастырылуы керек дейді. Бұл келтірілген философиялық ізденістер мен зерттеулер гуманитарлық ғылымдар аясында постмодернистік тұжырымдарға негізделген гендерлік зерттеулердің туындауына себепші болды. Бұл ретте тілдің басымдылығы неде десек, әлемдік лингвистикада қалыптасқан гендерлік бағыт бір жағынан, таптаурын белгілердің (фемининдік, маскулиндік) тілдегі көрінісін, екінші жағынан, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіндегі гендерлік ерекшеліктерді зерттеуді нысанаға алды» [37, 47 б.]. Бұл көзқарас аясында гендер концептісі жыныстар арасындағы теңсіздіктің әлеуметтік сипатын жоюға бағытталды. Сонымен бірге еңбектің гендерлік белгісі бойынша бөлінуіне қолдау білдіреді. Осылай қазіргі кезеңдегі гендерлік зерттеулер пайда болды. Ол алғашқы зерттеу парадигмасын жанартты. Бұдан былай гендер мәселесін зерттеушілер әйел тарихын емес, әйел мен ер адамның арасындағы қарым-қатынасты зерттейді. Әлеуметтік-тарихи даму түсінігіне енді гендерлік қатынас динамикасы қосылды. Тарихи зерттеулерге жаңа мәселелер: әлеуметтік және гендерлік иерархия, әлеуметтік және гендерлік мифология, әлеуметтік және гендерлік тарих, тап пен жыныс арасындағы қатынастар пайда болды. Ендігі кезекте гендер термині әйел мен еркек ұғымын бірдей білдіретін, оқшау талдау, зерттеу жүргізу мүмкін емес екендігі анық болды. Сондай-ақ гендер мен феминизм ұғымдарының бөлектігі түсінікті бола бастады.

Қазіргі кезде таптық, нәсілдік, мәдени айырмашылықтардан жоғары тұратын бұл идея әйелдердің құқығын қорғап қана қоймай, қоғамдық ғылымның барлық саласына ықпал етіп, адамзат қоғамы кез-келген қайшылықтарды шешуде өз тұрғысынан жауап іздеп келеді. Бұл зерттеулер әлі де толық іске асу мүмкіндігіне ие. Дегенмен қазіргі уақыттың өзінде Батыс Европада барлық кезеңдер мен аймақтар бойынша монографиялық зерттеулер айтарлықтай жиналды. Сонымен бірге гендерге арналған көптеген беделді журналдарда тұрақты айдарлар және де арнайы мерзімді басылымдар пайда болды. Сонымен қатар гендер мәселелерін әр салада жеке зерттеу орын алды, соған байланысты қазіргі кезде гендерлік психология, гендерлік лингвистика, гендерлік социология, гендерлік құқық, гендерлік экономика және т.б. қарқынды даму үстінде.

1.2 Философия тарихындағы әйел-философтардың алатын орны

Бұл бөлімде антикалық кезеңнен қазіргі уақытқа дейінгі Европа әйелдерінің тарихи-философиялық процесстегі орны, қосқан үлесі, философиялық көзқарастары қамтылады.

Ер адамдар шексіздік туралы ойлана алады, ал әйелдер оған мағына береді деген ежелгілердің нақыл сөзімен шектелуге болар еді. Десек те, философия тарихында әйелдердің рөлі қандай болды? Неге бұл рөл негізінен алғанда белгісіз күйде қалды? Феминистер «тарих» әрқашан ерлер тарихы болып саналды, ал әйелдер тарихы мүлде еленбеді де деп атап көрсетеді. Бұл жағдайда логикалық тұрғыдан әйелдер тарихта айтарлықтай ештеңе жасаған жоқ, шынайы жасалған дүние ерлерге тиесілі деген қорытынды жасауға болады. Философияда осындай жорамал басым болды, ол қате және әділетсіз болса да, көптеген дәлелдерге қарамастан әлі де сақталып отыр. Неге мұндай болжам әлі күнге дейін сақталған және оны мүлде жоюға болады ма деген мәселені қалай түсіндіруге болады? Мари Эллен Уайт «Әйел философтар тарихында» классикалық әлемде кем дегенде 16 әйел-философ, 17 әйел-философ 500-1600 жж. аралығында және 30 астам 1600-1900 жж. аралығында болды деп есептейді [38, 731-737 бб.].

Философия тарихында осы мәселеге байланысты жұмысты XVI ғасырдан, Сабуко де Нантестің жұмысынан бастауға болады немесе XVII ғасырдан «*Historia mulierum philosopharum*нан» [39]. Францияда өткен ғасырдың 25 көрнекті философтарының ішінде бесеуі әйелдер-Симона де Бовуар, Л. Ирригарай, Ю. Кристева, Э. Сиксу, М. Дюрас [40]. Америкада жарық көрген «XX ғасырдың 100 философы» басылымында әйелдердің саны тағы бесеу және Ю.Кристева мен Л.Ирригарайдан басқа С. Лангер, С. Вейль, А. Мердок [41]. Роберт Аудидің басылымынан шыққан «Кембридж философиялық сөздікте» де бес әйел-философ көрсетілген: Ипатия (370–415жж.б.з.д.), Авиладан Әулие Тереза (1515–1582), Анна Конвэй (1630–1679), Катарина Кокбурн (1679–1749) және Симона Вейль (1909–1943) [42, 127 б.].

5 томдық «Батыстағы әйелдер тарихы» бұл фактіні белгілі бір деңгейде түсінуге тырысады. ЮНЕСКО-ның әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар секторы 2007 жылы 8 наурызда әйел-философтардың басым көпшілігін біріктіретін Халықаралық желінің құрылғанын жариялады. Бұл мәселеге зерттеушілер де қызығушылық танытты, бұған басылымдардың көбеюі дәлел бола алады. Олар әйел философиясын арнайы зерттеу қажеттілігі туралы айта бастады [43, 15-24 бб.].

Осы уақытқа дейін стандартты ерлер даналығы өзгеріссіз сақталып келді, ал қазір біз әйелдер ерте кезеңнен бастап ХХІ ғасырға дейінгі философиялық концепциялардың авторлары және оқытушылары болғанын білеміз. Әйелдер үлкен философиялық мектептерді басқарды, кейінірек атақты ер әріптестерімен бірге ресми емес философиялық топтардың ажырамас бөлігі болды, маңызды философиялық еңбектер жазды, ал өткен ғасырда кәсіби философиялық қауымдастықтарға басшылық етті. Олар ерлермен бірге өз кездеріндегі маңызды философиялық мәселелерді талқылауға қатысты.

Ежелгі Грекияның ақындары мен философтарының арасында көптеген көрнекті әйелдердің есімдері пайда болды. Бізге 26 ежелгі грек әйел ақындарының есімдері жеткен. Міне, олардың ішінен, қандай да бір әдеби мұра қалған кейбіреулерінің тізімі келтірілген: Сапфо (Лесбос аралы; б. з. д. 630 - 572 немесе 570 жж.), Телесилла (Аргос, б.з.д. VI ғ.) , Аспазия (Милет, Афина, шамамен б.з.д. 470 - 400 жж.), Миртида (Беотиядағы Танагра, б.з.д. V ғ.), Коринна (Беотиядағы Танагра; б.з.д. V ғ.) , Праксилла (Сикион, б.з.д. V ғ.), Миртида (б.д.д. V ғ.) Эринна (Родос; б.э.д. VI немесе IV ғ.), Анита (Тегея Аркадиядағы, б.д.д. IV-III ғғ.), Носсида (Италияның оңтүстігіндегі Локра, IV ғ. аяғы - б.з.д. III ғ. басы), Миро немесе Моэро (Византия, б.з.д. III ғ.). Ежелгі Грекияның және бүкіл әлемнің ең әйгілі ақыны – Сапфо. Платон Сапфо туралы: «Тек тоғыз музаның атын атап, біз Сапфоны ренжітеміз. Ондағы оныншы музаны құрметтеуіміз керек емес пе?» [44, 506 б.]. Ежелгі Рим жазушысы және философы Клавдий Элиан «Түрлі-түсті әңгімелерде» Платон Сапфоны данышпан деп атайды деп жазған [45, 81 б.]. Ежелгі грек әйел ақындарының кейбіреулері шығармашылық одақта, ал басқалары ер ақындармен бәсекелес екені белгілі. Сапфоның досы, оның поэзиясына табынатын, өзіне ғашық болған әйгілі ақын Алкей (626 немесе 620 - б.э.д. 580 жылдан кейін) болған.

Философия саласында Ежелгі Грекия әйелдерінің есімдері поэзиядағыдан артық болмаса, кем белгілі болған жоқ. Рас, философияға келетін болсақ, Сапфоның поэзиядағы шығармашылық жетістігіне тең келетін әйелді атау қиын. Бір жағынан, грек әйелдерінің философия саласындағы жетістіктерінің ауқымын, өкінішке орай, олардың философиялық мәтіндерінің мүлде сақталып қалмағандығына байланысты бағалау қиын болар.

Ежелгі Грекияның әйелдеріне интеллектуалды дарындылық пен ақыл-ой белсенділігін қажет ететін философиямен еркін айналысуға философиялық қауымдастықтар жол ашқаны керемет жағдай. Әйелдердің де мүше болғаны белгілі ең ежелгі философиялық мектеп Пифагор мектебі болды. Неоплатоник Ямвлихтың (245 немесе 280 – 325 немесе 330) «Пифагордың өмірі» атты

еңбегінде осы мектепке кірген әйелдер туралы айтылады; «Пифагорлық мектеп әйелдерінің арасында танымал болғандар: Тимиха, Кротоннан Миллийдің әйелі; Филтида, Кротоннан Феофрийдің қызы; Биндако, лукандардың Оккела мен Оккиланың әкпесі; Хилонида, лакониялық Хилонның қызы; Лакониялық Кратесиклея, Лакониялық Клеанордың әйелі; Феано, Метапонттан шыққан Бротиннің әйелі; Миа, Кротондық Милонның әйелі; Аркадиядан Ласфения; Габротелия, Таренттық Габротеланың қызы; Флиунттық Эхекратия; Сибаристен шыққан Фирсенида; Таренттық Писиррода; Лакониялық Нистеадуса; Аргостан Бэо; Аргостық Бабелика; Клеэхема, лакондық Автохаридтің әкпесі. Барлығы: он жеті. Салыстыру үшін: Пифагор мектебіне кіретін ер адамдар саны, Ямвлихтың айтуы бойынша 218 адам болған [46, 154-156 бб.]. Осы пифагорлық әйелдердің ішіндегі ең әйгілісі Феано (Теано) болды, Ямвлихтың сілтемесіне сәйкес ол Бротиннің әйелі, ал басқа ежелгі авторлардың пікірінше, Пифагордың әйелі және Бротиннің қызы [47, 317-318 бб.] болған. Теаноның сақталған шығармасының үзіндісінен оның Пифагорлық ілімнің мәніне байланысты даулы мәселелерді түсіндіре алатындығы айқын көрінеді. Нақты сақталған үзіндіде пифагорлықтың орталық категориясы – санның онтологиялық мәртебесі мәселесі туралы сөз болады. Теано былай деп жазады: «Көптеген эллиндер, менің білуімше, Пифагор бәрі саннан тұрады деп айтқан деп ойлайды. Бірақ бұл ілім түсінбеушілік тудырады: тіпті жоқ, өмір сүрмейтін нәрсе қалай бірнәрсе тудыруы мүмкін деп есептеледі? Сонымен қатар, ол бәрі саннан емес, санға сәйкес туындайтынын айтты, өйткені санда бірінші реттік болғандықтан, есептеуге болатын заттарда да бірінші, екінші және т.б. болады» [48, 149-150 бб.]. Теано санның мәртебесін онтологиялық мән ретінде жоққа шығара отырып, оны заттардағы тәртіптің қатынасы ретінде ұсынып, өте мықты тұжырым жасайды. Антикалық дәуірде санды пифагорлықтардың түсінуінің платондық түсіндірмесі, оны онтологиялық мән ретінде түсіндіру басым болғандығы белгілі. Теаноның сан мәртебесін түсіндіруі тек жаңа заманда ғана орнықты.

Платон академиясына да әйелдер кірді. Атап айтқанда, Платонның шәкірттері «Мантинейдан Ласфения және Флиунттен Аксиофея, тіпті ол ер адам сияқты киінгені (Дикеархтың айтуы бойынша)» белгілі [47, 149 б.]. Ласфения мен Аксиофея Платонның Академияны басқарудағы ізбасары Спевсиптің шәкірттері болған [47, 167 б.]. Аксиофея Академияға Платонның «Мемлекет» шығармасын оқып соның әсерімен келген. Оған «Мемлекеттегі» әйелдер мен ерлердің тең қабілеттілігі мен теңдігі идеясы ерекше әсер етті деуге әбден болады. Платон жаңа оқушының дарындылығына назар аударды, ол кейін белгілі болғанындай, ер адам киімін киген әйел болған. Ежелгі авторлар Платон аудиторияда Аксиофея болмаса, «дәрісті дұрыс ұғынып, түсіндіре алатын ақыл-ойды» тапса, Платон дәрісті тіпті кейінге қалдыратын дейді [49, 33-34 бб.].

Ежелгі грек философиясы тарихының эллинистік-римдік кезеңінде әйелдер барлық философиялық мектептерде болған. Эпикурдың шәкірттерінің арасында (б. з. д. 342 немесе 341 – 271 немесе 270 жж.) Леонтия, Фемиста,

Феофила болды. Леонтия гетера кәсібінен бас тартып, философия жолына түскені соншалық, Аристотельдің әйгілі шәкірті некенің маңыздылығын жоққа шығарған Теофрастқа неке институтын қорғап, қарсы шығуға батылы барғаны белгілі. Цицерон (б.з.д. 106 - 43 ж.ж.) осыған байланысты мынандай түсініктеме берді: «<...> тіпті гетера Леонтия Теофрастқа қарсы жазуға батылдық танытты, шындығы, тапқыр тілде және аттика стилінде, бірақ соған қарамастан ...Эпикур бағында міне қандай астамшылдық гүлдеді!» [50, 90 б.].

Негізін Аристипп қалаған киренаиктердің (гедонистер) мектебін айта кету керек (шамамен 435 ж. - б. з. д. 366 ж. кейін), ол Сократтан білім алған, басқа ізбасарларымен бірге ол өзінің қызы Аретаны да оқытты. «Ол өзінің қызы Аретаға барлық артық нәрсені жек көруге үйретіп, керемет нұсқаулар берді» [47, 114 б.]. Аристипптің өлімінен кейін Арета кирендік мектепті басқарды, замандастары оны «Элладаның шамшырағы» деп атады, жоғалып кеткен 40-қа жуық трактаттардың авторы болған дейді. Өзінен кейін киренаикалық мектептің басқарушысы болған өз ұлын Кіші Аристиппті философияға үйретті [47, 117-119 бб.].

Осылайша, мәдени-шығармашылық қызметтің барлық осы салаларында көрнекті әйелдер жоғары жетістіктердің үлгісі болды, олар әйелдердің ерлермен салыстырғанда кемшіліктері туралы антикалық дәуір үшін әдеттегідей болып есептелетін сенімдерді сейілтті.

Көрнекті эрудит, философия, математика, астрономия салаларының маманы Гипатия (Ипатия) Александрийскаяны (370-415) айтпай кетпеуге болмайды. Оның әкесі – сол кездегі танымал ғалымдардың бірі Теон Александрийский еді. Гипатия әкесі қайтыс болғаннан кейін оның ісін ары қарай жалғастырып, неоплатонизмнің александриялық мектебінің жетекшісі (схолархы) болды, мектепте философия кафедрасын басқарып, Александриялық Мусейонда Платон мен Аристотельдің философиясын және математикадан сабақ берді. Гипатияның да және оның оқу орнының атағы да көптеген оқушыларды өзіне тартты және болашақ студенттер оның лекциясын тыңдау үшін алыс жақтардан келетін. Түлектердің арасында ірі мемлекеттік шенеуніктер де көп болды. Гипатия тек философиямен ғана шектелген жоқ, ол сонымен қатар математикамен және астрономиямен де айналысты. Гипатия астрономиялық кестелерді есептеумен, табиғатты зерттеуге арналған құралдарды – су дистилляторын, сұйықтықтың тығыздығын өлшеуіш ареометрді, аспанның жазық қозғалмалы картасы астролябияны, планисфераны жетілдірумен айналысты. Ол әкесі Теонмен бірге математика мен астрономиядан бірқатар түсініктемелік жұмыстар жазды: Диофанттың «Арифметикасының» 13-кітабына түсініктеме; Клавдий Птоломейдің «13 кітаптағы астрономияның ұлы математикалық құрылысына» түсініктемелер; Евклидтің «Бастауына» түсініктемелер; Аполлон Пергскийдің «Конустық сызық» түсініктемелері; «Астрономиялық канон». Өкінішке орай, Гипатияның барлық еңбектері Александр кітапханасымен бірге өртеніп кетті. Бізге тек ғалымның өзі туралы естеліктер ғана қалды.

Гипатия қызмет еткен Александрия христиан шіркеуі христиандар мен дәстүрлі грек және рим сенімдерін жақтаушылар арасындағы қақтығыстардың орталығына айналды. Өзі діндарлардың соңғы санатына жатса да, оның діни төзімділігі мықты болды: Мусейондағы тыңдаушылары арасында христиандар да, христиандар «пұтқа табынушылар» деп атаған адамдар да болды.

Осыған қарамастан, Гипатия өзіне Мусейонның мұғалімі және қызметшісі ретінде қауіп төніп тұрғанын білмеді емес. Өйткені, оның көз алдында христиандық пен «пұтқа табынушылық» арасындағы қатыгез күрес өршіп, оның кәсібіне тікелей әсер етті. 370 жылы император Феодосий I математиктерге қарсы заң қабылдады – ол кезде астрономияда қолданылатын математика мен астрологиядағы математиканың арасындағы айырмашылықты адамдардың көбі түсіне бермейтін, өйткені астрология «пұтқа табынушылық» (аспан шамдарына табыну) болып саналды. Александрияда «пұтқа табынушылықты» құлшыныспен жойған Кирилл 412 жылы епископ болған кезде жағдай одан сайын шиеленісе түсті. Сол уақытқа дейін Гипатияның айналасында оның тыңдаушыларынан үйірме қалыптасты, оның құрамына христиандардан әйгілі адамдар кірді. Кирилл Гипатияны христиан дініне қарсы «пұтқа табынушы» және христиан ақсүйектерімен байланысы мықты саяси күш деп есептеді. Епископ Гипатияны қудалауды бастады, оны математик және сиқырдағы астроном ретінде айыптады. Бірақ айқын қауіп-қатерге қарамастан, Гипатия қалаға іссапарға күзетшілерін алып барудан бас тартты. 415 жылы наурыз күні оны андып тұрған фанатик христиандар тобыры сотсыз, аса қатыгездікпен өлтірді [51, 211-230 бб.]. Гипатияның шәкірті, философ-неоплатоник, христиан теологы және епископ Синезий Птолемаидский оны «тамаша философия ұстазы» деді. «Александрияда Гипатия деген философ Теонның қызы болған. Оның ғалымдылығы сонша, ол өз заманының философтарынан асып түсті, Платоннан шыққан платонизм мектебінің ізбасары болды және барлық философиялық ғылымдарды қалаған адамдарға оқытты» [52, 368 б.]. Гипатия өзінің дарындылығымен, терең көп қырлы білімділігімен, ғылыми жетістіктерімен антикалық тарихтың соңында әйелдің неге қол жеткізгенін көрсетеді. Гипатияның өз замандастары алдында қадір-қасиетке толы және басқалардың, соның ішінде ерлердің құрметін тудыратын тұлға ретінде көрінуі де өте маңызды.

Адамзат тарихында Византияның ойшыл әйелдері туралы да мәліметтер сақталған. Олардың арасында Афинаида-Евдокия (афиналық), император Феодосийдің әйелі (401–460) – аудармашы, ақын, философ; Афиналық Ирина (803 жылы қайтыс болды) жарқын тілде жазылған Новеллаларды қалдырды; Анна Далассина (1025–1102), қуатты ақыл-ой иесі, Византия әскери көсемі Исаак Комниннің әйелі, 1057 – 1059 жылдары Византия императоры; өте білімді әйел Анна Комнина (1083 – 1148), Византия ханшайымы және жазушысы; Император Алексей I Комнин мен Иринаның қызы Анна жақсы білім алды, тарихты, философияны және математиканы оқыды. Ол Орфей мен Тимофейдің, Сафо мен Пиндардың, Порфирий мен Проклдың, стоиктер мен академиктердің дәйексөздерін есінде жақсы сақтап,

қолданатын; ол геометрияны, математиканы, музыка мен астрологияны, тарихты білді және латынша оқыды. Бұл қабілеттердің барлығын оның «Алексиадасынан» көруге болады. Византия императршысы, монастырь құрып, оның басқарған Ирина Дука (1061-1129) сол кездегі ой мен монастырь өмірі туралы жарқын эсселер қалдырды.

«Орта ғасырларда әйел монастырьлерінің пайда болуы, әйелдердің білім алуына жол ашылуы және бұрын жоғалған философиялық еңбектердің табылуы көптеген әйелдердің латынша оқуды және жазуды үйреніп, ежелгі ойшылдардың мәтіндерін қалпына келтіруге және сақтауға қатысуына мүмкіндік берді. Монастырьдің жабық қоғамы асықпай ойлануға ықпал етті, сонымен қатар, діндар әйелдерді оқыту үшін дидактикалық материалдар дайындалды. Өмір сүрген кезеңдерінде құрметке ие болған әйел философтар кейін ұмытылды немесе тек теологиялық авторлар ретінде көрсетілді» [53, 51 б.]

Орта ғасырларда монастырьлерден шыққан әйелдердің танымалдығы аз болды, бірақ бұл оларға кедергі емес-ті. Гандершеймдік Росвита (шамамен 935-1001), Магдебургтік Мекхтильда, Геррада Гогенбург (шамамен 1116), Антверпеннен Гадевич (шамамен 1200) философиялық және теологиялық көзқарастарымен белгілі болды. Сондай-ақ, Ладсбергтік Геррада (1195 ж.к.), «Лэззат бағы» энциклопедиялық шығармасының авторы. Аббатис Бинген Хильдегардты да (1098-1179) атап өту керек, оның еңбектерінде Ескі және Жаңа өсиет оқиғалары төрт жаққа бағытталған қала бейнесінде ұсынылған. Ол, сонымен қатар, композитор, биология және медицина бойынша еңбектердің авторы болған. «Әулие Патриктің тазартқышы» атты діни-дидактикалық жұмыстың авторы – ағылшын сарайында өмір сүрген Мария Француз еді. (XII ғасырдың II жартысы). Біз, сондай-ақ, Ассиздік Клараны (1194-1253) және Шведтік Биргиттаны (1302-1373) атап өтеміз; Әулие Клара орденінің реформаторы, француз монахы Колетт Белле (шамамен 1380-1446); діни қайраткер және көреген Лидвина Скидам (1360-1433), жемісті философтар Джулия Норвич (1342 ж.т.) және Беатрис Назареттен (шамамен 1200-1268). Осы әйгілі әйелдердің арасында Сиеналық Екатеринаның орны ерекше (шамамен 1347-1380), ол монах әйел болғанымен Рим Папасы мойындаған және оның рұқсатын алған жалғыз әйел еді. Симона де Бовуардың айтуынша, сол дәуірде әйел Жанна Д'Арк немесе Сиеналық Екатерина сияқты радикал жолды таңдағанда ғана оның сөзіне құлақ асу үшін жеткілікті беделге ие бола алатын. Жанна Д'Арк ерлердің сауытын киіп, қолына қылыш ұстады, Сиеналық Екатерина әйел және ана болғысы келмей, өз өмірін Құдайға арнады. Ол шіркеудің төрт әйел ұстазының бірі ретінде танылды, ұзақ уақыттан бері шіркеуде уағыз айтуға рұқсат алған бірінші әйел болып, Екатерина әулие атанды және әлі күнге дейін католик дініндегі ең қастерлі қасиетті адамдардың бірі.

Қайта Өркендеу кезеңінде өмір сүрген Кристина де Пизанды (1364–1430) еуропалық феминизмнің «әжесі» деуге болады. Ол рим классикасымен, сонымен қатар, сол замандағы Данте, Петрарка, Бокаччоның шығармаларымен

таныс болды. Кристина де Пизан – алғашқы француз кәсіби жазушысы және ақыны. Оның туындылары арасында 300-ден астам махаббат пен айырылысу туралы балладалар, герцогтар мен патшаларға арналған шығармалар бар (олар оның күн көруіне мүмкіндік берді). Соңында ол тарихқа ақын ретінде емес, 1405 жылы жазылған «Әйел қаласы туралы кітабының» қабілеттері мен дарындылығы бойынша әйелдер мен ерлердің бастапқы теңдігін негіздейтін философиялық еңбектің авторы ретінде енді. Бұл кітап «әйелдер туралы пікірталас» деп аталатын, Францияда кітап шыққаннан кейін жүз жылдан астам уақыт өткенге дейін ұзақ уақытқа созылған қоғамдық, негізінен жазбаша пікірталастың бастамасы болды. Дауға қатысушылардың арасында Монтеньнің шәкірті, ойшыл Мари де Гурне де бар еді, оның жанжалды даңқын XX ғасырдағы әйел философтар Симона де Бовуар мен Андреа Дворкиннің даңқымен ғана салыстыруға болады. Кітаптың басында ол ерлердің әйелдерге деген дұшпандығын талқылап, Аристотельді, Вергилий мен Цицеронды, сондай-ақ Ерте Ренессанс авторлары – Боккаччо мен ақын Жан де Менді батыл сынға алады. Ойшылдың ойынша, әйелдерге момындық пен адалдық, ал ер адамдарға – қатыгездік пен құмарлық тән, сондықтан барлық лайықты қыздарға қысым мен әділетсіздіктен пана керек, сонымен қатар, олар жақсы білім алуы тиіс.

Кристина де Пизан көптеген ғасырлар өткен соң оның негізінде феминизм туындаған мәселені – «ерлер мен әйелдердің мүмкіндіктері тең бе?» деген мәселені алғаш рет көтерді. Кристина әйел өзінің қабілеті бойынша ер адамнан еш кем емес деп мәлімдейді.

Кристина де Пизан әйел құмарлыққа бой алдыратын ақымақ және әлсіз жаратылыс деген аңызды әшкерелеуге тырысады. Ол әйелдерге қатысты барлық кемшіліктер ер адамдардың арасында да кең таралғанын және лайықты әйелдердің саны өте көп екенін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге болатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, ол «әйел – күнә ыдысы» деген ортағасырлық аңызды әшкерелейді. Бұл аңыз бойынша, адамзаттың қиындықтарының бәрі адамды алманың дәмін татуға азғырған Хауа анадан туындады. Кристина егер отбасында қандай да бір жағымсыз жағдай орын алса, оған міндетті түрде әйел кінәлі емес деп түсіндіреді. Сәтсіз некелер туралы айта отырып, Кристина әйелдерді олар үшін кінәлауға болмайтынын түсіндіреді. Ол әр сәтсіз некеде адамның белгілі бір жаман қасиеттерін, нақты ерлер мен әйелдерді кінәлау керек дейді. Оның көптеген шығармаларының идеялары Ренессанс рухына сәйкес келді, бірақ оның көптеген замандастарына Кристинаның гендерлік ұстанымы таңсық болды.

Италияда академиялық философияда әйелдер үшін үлкен мүмкіндіктер болды. Мысалы, Доротейя Букка (1436 ж.қ.) 1390 жылы Болон университетінде медицина және моральдық философия профессоры атанды.

Наварралық Маргаританың (1492-1549) «Гептамеронында» философиялық сұхбаттың, этикалық тақырыптағы трактаттардың, сонымен қатар естеліктер мен очерктердің ерекшеліктерін оңай таба аламыз. Осы

кезеңнің соңында философияның дамуына еңбектері модернизмнің алғашқы философиясының саласын бейнелейтін әйелдер Олива Сабуко де Нантес (1562-1625) өзінің медицина философиясымен, Мария ле Ярс де Горнэй (1565-1645) феминистік философиясы арқылы өз үлестерін қосты. Олар осы кезеңде философиядан еңбектер қалдырған жиырма төрт әйгілі әйелдердің қатарына кіреді.

Жаңа заман кезеңінде тек әйел ғибадатханаларынан ғана емес, сонымен қатар, төменгі аристократия мен ұсақ буржуазиядан шыққан, философиялық еңбектер жазатын әйелдердің саны көбейеді. Олардың қатарында Маргарет Кавендишті (1623–1673), Нью-Каслдік Дучессті (1623–1673), Швеция патшайымы Кристинаны атауға болады. Ал Катарина (Троттер) Кокбур (Cockbur) (1679–1749) – табысты драматург, Локктың эпистемологиясын жақтап еңбек жазған әйел-философ. Философ-ағартушылардың көпшілігінің ұстанымы патриархалдық болғанына қарамастан, дәл осы Ағарту кезеңінде әйелдер құқықтары және әйелдердің бостандығын қорғау идеялары айтылды. Философия тарихында алғашқылардың бірі болып осы идеяларды өзінің «Әйелдердің құқықтарын қорғау» (1792) кітабында тұжырымдаған әйел – Мэри Уолстонкрафт (1759-1797) ұсынды. Мэри Уолстонкрафтың философиялық жобасы шын мәнінде философиялық ой тарихындағы алғашқы феминистік жоба болып саналады.

Әйелдер құқығы идеясын негіздей отырып, Уолстонкрафт ағылшын философы Джон Локктың барлық «толыққанды азаматтарға» тең құқықты мойындау қажеттілігі туралы либералды теориясының ережелеріне сүйенді.

Уолстонкрафт әйелдердің қазіргі жағдайын ескере отырып, әйелдердің көпшілігі ер адамдармен тең дәрежеде әрекет етуге әлі дайын емес екенін мойындап, бұл олардың ақыл-ойынан сезімдік қасиеттері басым болуына байланысты деп есептейді. Алайда, бұл ұстаным, Уолстонкрафтың пікірі бойынша, әйелдің Руссо айтқан ерекше сезімтал табиғатынан немесе әйелдің ақыл-ойының Кант атап көрсеткен ерекшеліктерінің салдары емес. Оның тұжырымдауынша, мұндай ұстанымның себебі – біріншіден, әйелдер тәрбиесінің шектеулі екені, екіншіден, әйелдерді негізгі азаматтық құқықтардан айыру, яғни өзгертуге болатын белгілі бір әлеуметтік себептердің болуы.

Уолстонкрафт өзінің кітабында әйелдің аса сезімталдығына тамсанатын еркектерге қарсы шығады. Ол әйел өзінің сезімталдығының арқасында еркектерге билік жүргізу мүмкіндігін пайдалана алатынын мойындайды, алайда мұндай «әйел билігі» ешқандай жақсылыққа апармайды, әйелдің және бүкіл қоғамның құлдырауына әкеледі деп тұжырымдайды.

Уолстонкрафтың пікірінше, «аса сезімталдық» барлық қоғамдық құндылықтардың негізі болып саналатын отбасыға зиянын тигізеді, сондықтан махаббат некенің сенімді негізі бола алмайды. Уолстонкрафтың рационалистік ағартушылық концепциясында әлеуметтік келісім (серіктестік) қатынастарына негізделген отбасылық қарым-қатынастар берік болып саналады, осыны дәлелдей келе, ол «бақытсыз неке отбасы үшін әдетте тиімді болып келеді» деген тосын пікір айтады [54, 243 б.].

Мэри Уолстонкрафттың либерализмінің философиялық концепциясында білім алу құқығы – әйелдер үшін маңызды азаматтық құқық. Білім әйелдердің өзін-өзі бағалап, азаматтық міндеттерін орындауына, бостандыққа жетуіне және жалпы дамуына ықпал етеді.

Әйел мәселесін талдауға Уолстонкрафттың қосқан үлесі туралы айтсақ, ол патриархаттық қоғамның көптеген сипаттамаларын сынға алды, яғни, кейінгі феминистік сынның бәрінің бастауына жол салды. Ол – философия тарихында әйелдер ғылыми және философиялық білімнің субъектісі бола алады деген алғашқы философ.

Философ-әйелдердің еңбектерінің тақырыптары көбіне ғылыми немесе рационалды философия мен ғылымды қайта қарастыруға қатысты болды, бірақ олар әйелдер мәселелерін де қозғады. Франция мен Америкадағы төңкерістер көптеген философ әйелдерді әйелдер мен қара нәсілділердің құқығын қорғауға арналған шығармалар жазуға итермеледі. Француз философы және драматургы Олимпия де Гуж (1748–1793) әйелдер мен қара нәсілділердің толық босатылуын бірнеше рет жақтады. Әйелдер философиясын дамытқан және қорғағандардың қатарында Дамарис Кудворт Машам (1658-1708), Мэри Эстелл (1666-1731), Анна Дойл Уилер (1785-1848), Анна Мария Ван Шурман (1607-1678), Кэтрин Уорд Бичер (1800–1878) және Харриет Харди Тейлор Милл (1807–1858) болды, олар әлеуметтік-саяси философия мен этикаға, білімге және әйелдердің құқықтарына қызығушылық танытты.

Осы кезең аралығында отыздан астам әйел философиялық еңбектер қалдырды. Олардың туындылары философияның дәстүрлі салаларының – этика, метафизика, гносеология, ғылым философиясы, әлеуметтік және саяси философияның – өзекті мәселелерін зерттеуге арналды. Осы кезеңдегі әйел философтар өздерінің ер әріптестерін қызықтырған мәселелер туралы: ақыл табиғаты, ғылыми білімнің мәртебесі және жеке құқықтардың шектері туралы жазды және өз ұстанымдарын батыл білдірді.

XIX-XX ғасырлар әйелдердің университеттерде білім алуына рұқсат берілген кезең болды, бірақ әйел-философтардың, әдетте, философиялық білім алу мүмкіндігі болмады, өйткені олар үнемі жыныстық кемсітушіліктің құрбаны болды. Мысалы, Гарвард университеті Мэри Уитон Кэлкинсқа (1863–1930) Уильям Джеймс оның емтихандағы жауабы өзі осыған дейін естіген жауаптардың ішіндегі ең жақсы деп мәлімдегеніне қарамастан оған PhD атағын беруден бас тартты.

Әйелдердің ғылыми қоғамдардағы рөлін де атап өткен жөн. Философиялық салада жетістікке жетуге ұмтылған әйелдер Батыста философиялық зерттеулерді ұйымдастыруға және өткізуге үлкен көмек беретін кәсіби қоғамдарға кірді. Бұл қоғамдар, мысалы, Ұлыбританиядағы Аристотель қоғамы және Америка Құрама Штаттарындағы Америка философиялық қауымдастығы, философтар өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсына алатын үлкен аудитория құрды. XX ғасырдың басынан бастап және осы уақытқа дейін әйелдер осы қоғамдардың белсенді қатысушылары болды және оларды өздерінің жаңа идеяларын сынап көру үшін қолданды.

Е.Е. Констанция Джонс (1848–1922) – Кембридж университетінің логика пәнінің оқытушысы болды. Ол сәйкестілік заңының табиғаты туралы өзінің жұмыстарын Аристотель қоғамының материалдарында және Mind журналында жариялады. Осы заңға байланысты идеяларын екі жылдан кейін дәл осылайша Г.Фреге, кейінірек Б.Рассел де ұсынды. Сол кезде тарихшылар авторлықты Фрегеге берді. Джонс өзінің соңғы күшін Аристотель қоғамы мен Кембридж университетінің алдында өзінің авторлығын қорғау үшін жұмсады, оны жарияланған жұмыстарымен растады, бірақ одан ештеңе шықпады. Ол атақты философтар Д.Ф. Стоут, Ф.Шиллер, Ф.Бредли және Д. Кейнстердің мақтауларына ие болды, бірақ «Философиялық энциклопедияда» (1967) ешбір ескертусіз қалды.

XX ғасырдың ортасына дейін төрт әйел – Беатрис Эджелл, Хильда Диана Оукли (1867-1950), «Analysis» журналының негізін қалаушы Лиззи Сюзан Стеббинг (1885-1943) және Дороти Эмметт – Аристотель қоғамының президенттері болды. Өткен ғасырдың басында Кэлкинс Гарвард философия дәрежесін беруден бас тартқан Америка Психологиялық Ассоциациясы мен Америка Философиялық Ассоциациясының президенті болды.

Констанция Джонс өз идеясының авторлығын дәлелдей алмаған сол кезде басқа әйел философтар, ең алдымен, ерлер арқылы танымал болды. Мысалы, Лу Андреас-Саломе (1861–1937) ұзақ уақыт бойы тек «Ницшенің қыңыр шәкірті», Рильке мен Фрейдтің досы ретінде ғана танымал болған. Шын мәнінде, ол жиырма шақты кітаптың авторы, соның ішінде «Фридрих Ницше оның шығармашылығының айнасында» (1894), 1910 жылы өзінің досы, әйгілі Мартин Бубердің өтінішімен «Эротика» (1928) атты кітап жазды, ол бірден бестселлерге айналды, одан басқа «Райнер Мария Рильке» (1931), «Фрейдке алғыс» және тағы басқа еңбектерін дүниеге әкелді.

Симона де Бовуар (1908-1986) өз есімін Жан-Поль Сартрмен байланыстырудан бірден арыла алмады. 20 ғасыр тарихындағы өзіндік саяси ойшылдардың бірі, неміс-американдық философ Ханна Арентттің (1906-1975) зерттеулері оның саяси және қоғамдық өмірдегі адам бостандығы туралы жазған еңбектеріне үлкен үлес қосқан М.Хайдеггер, Э.Гуссерль және К.Ясперстің ескертулерінің арқасында танымал болды [55, 6 б.].

XX ғасырда философияның қандай да бір салаларындағы мәселелерді көтерген көптеген әйелдердің есімдерін атауға болады. Олардың ішінде Р.Люксембург, К.Цеткин, Е.Блаватская, А.Безант, А.Фрейд және М.Клайн, М.Маргарет, М.Мид, К.Томпсон, К.Хорни, А.-М. Тыменецка, М.Уилсон, А.Мердок, Э.Штайн, Ф.Фут, Э.Энском, А.Дюфурмантель және тағы басқалары бар.

Азия, Африка, Еуропа болсын, әр аймақта философияда өз іздерін қалдырған әйелдер көп. Қазіргі заманғы әйел философтар кәсіби философия дамыған барлық елдерде жұмыс істейді.

Философия тарихының пайда болуынан бастап кем дегенде екі жүз әйел философ өмір сүріп, дүниеден өтті және философиялық еңбектер қалдырды. Әрине, Ежелгі дәуірде, Орта ғасырларда, Ренессанс пен Жаңа дәуірде

әйелдердің білім алу мүмкіндігінің шектеулі болуы олардың философияны зерттеп, философиялық еңбектер жазуына кедергі болды. Философиядағы әйелдерге қарсы алалаушылық, әрине, батыл әрі тәуелсіз идеяларды дамыта алатын көптеген әйелдерді жүрексіндірді. Біз философияның кез-келген пәндік саласына – этика, метафизика, гносеология, әлеуметтік және саяси философия болсын, логика болсын – жүгінсек, барлық салаларда ер адамдарды ғана емес, әйел философтарды да бірдей табамыз.

Сонымен қатар, әйелдерді философ-еркектер де жақсы біліп, құрметтегенін де атап өткен жөн. Философ әйелдер философиялық қауымдастыққа белсенді қатысып, ер адамдармен бірге пікір алмасты, бір-біріне өзара әсер етіп, бір-бірінің шығармашылығын зерттеді. Теоретик-ер-азаматтардың философиялық жігері батыс мәдениетінің қайта жасалуына әйелдер ғана емес, еркектер де ынталы екенін көрсетті. Дүниені ер адам тұрғысынан біржақты қабылдау, үстемдік пен билікке бағытталған жеке адамның еркектік типі, әйел мен оның тағдырын еркек мүддесі тұрғысынан ғана түсіну-осының бәрі еркектердің өз тағдырына да кері әсер етті. Теоретик-ер адамдар мәселеге гендерлік тұрғысынан қарап мәдениетте әйелдің де, еркектің де үнін қамтитындай қорытынды ойға келді.

2 ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНІ

2.1 Түркі-қазақ мифологиясы мен дүниетанымындағы әйел бейнелерінің сабақтастығы

Әр халықтың мәдениеті мен ойлау жүйесіндегі дүние, құбылыстар мен құндылықтар туралы мифологиялық түсініктер мен философиялық толғаулар деңгейі- оның дүниетанымдық ерекшеліктерінің көрсеткіші.

Жалпы «әйел», «еркек» категориялары әуел бастан шындықты игерудің әпсаналық деңгейі ретінде мифологиялық дүниетаным үлесі болып саналады.

Қазақ мифологиясын зерттеуші Серікбол Қондыбай дұрыс атап көрсеткендей, «Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заманның адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол өткенді саналы бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қасиеті қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы» [56, 10 б.].

Мифологиялық дүниетанымдағы гендерлік мәселені қарастырған батыс зерттеушілері М.Мид, К.Миллет, Дж.Бернард, Симона де Бовуар, Б.Фридан болды. Ал қазақ мифологиясындағы әйел бейнесін зерттеу Ш.Уәлихановтан бастау алса, кейінірек оны ғалымдар Ә.Марғұлан, С.Ақатаев, Ғ.Есім, М.Орынбеков, Қ.Нұрланова, З.Наурызбаева, С.Қондыбай, С.Нұрмұратов және тағы басқалар жалғастырды.

Ежелгі түркілердің дүниетанымы, соның негізінде қалыптасқан мифологиясы әлі де терең, жан-жақты, жүйелі түрде толық зерттеуді қажет етеді, өйткені дәстүрлі түркілік дүниетаным-бүгінгі ұлттық-мәдени ұстанымдарымыздың негізі. Ежелгі түркілердің мифологиясындағы әйел бейнесін зерттеу сол заман шындығын бейнелейтін, ежелгі қоғам дүниетанымын білдіретін аса құнды құрал екені анық.

Гендерлік оппозиция-жыныстық негізде қалыптасқан ер, әйел бастауларын бинарлық қатынастарда қарастыру түрі. Әлемде қалыптасқан алғашқы мәдени айырмашылық гендерлік оппозициядан басталады. Гендерлік оппозиция табиғи құбылыстарға да қатысты болады. Көптеген наным-сенімдерде Айды, Суды, Жерді – әйелдік, ал Күнді, Отты, Жылуды еркектік бастау ретінде есептейді. Еркектік факторлар белсенді, еркін, ырықты саналса, әйелдік енжар, ырықсыз келеді. Үнділік ежелгі дін-тантризмде, керісінше, белсенділік әйелдік бастауға тән.

«Түркі халықтарының әлемнің жаралуы, дүниені тану туралы мифтерінде аспанды – әке, жерді – ана деп тану сенімі басым. Бұл жерде әлем халықтары мифологиясымен ортақ сипатты аңғаруға болады.

Шумер мифологиясында алғашқы жаратушы Апсу мен жаратушы ана Тиамат делінеді;

Ежелгі Грек мифологиясында аспан Уран, ал, жер Гея бейнесінде сипатталған;

Ежелгі Мысыр мифологиясында Атум құдайдан Шу мен Тефнут жаралып, олардан Геб пен Нут дүниеге келеді. Геб – жер құдайы (еркек), ал Нут – аспан құдайы (әйел).

Ежелгі үнділердің ведалық мифологиясындағы аспан құдайы Дьяус-Питар мен жер құдайы Притхиви дүниенің жаралуы туралы алғашқы түсініктердің үндестігін танытады;

Ежелгі Қытай мифологиясында аспан-еркек Ян және жер-әйел Инь түрінде сипатталады, бұл екеуі қарама-қарсы болғанымен бір-бірінсіз өмір сүре алмайды.

Ал, түркі халықтары мифологиясында бұл танымды көрсететін мифтік образдар – аспан-әке-Тәңір мен жер-ана Ұмай» [57, 28-29 бб.].

Аспан мен жер туралы мифтік танымдағы жұп, архетиптік бейнелер адамзаттық философия мен мәдениетте ерекше орын алғаны белгілі.

Архетип ұғымын енгізген Зигмунд Фрейдтің шәкірті Карл Густав Юнг Анима (еркектік бастау) және Анимус (әйелдік бастау) күллі әлем халықтары мифологиясына тән архетиптік бейнелер деп атап көрсетті. Юнгтың тұжырымы бойынша, «Анима мен Анимус әйел мен еркек психологиясының өзіндік ерекшеліктерін тануда маңызды қызмет атқарады. Анима өмірдің архетипін танытып, еркек рухы түрінде қабылданса, Анимус әйелдің рухани бейнесі түрінде танылады» [58, 89 б.]. Дүниетанымның ең алғашқы, қоғамдық сананың тарихи формасы саналатын мифологиялық ойлау жүйесінде дуалистік сипат еркек пен әйел, аспан мен жер, жақсылық пен жамандық түрінде танылып, өмір осы екі жүйедегі қарам-қарсы ұғымдардың күресі мен бірлігіне негізделеді. Жалпы көне мифтерде тәңіріе көбіне екіұдай болады. Яғни, жамандықтың да, жақсылықтың да бастауы сонда.

Түркі мифологиясындағы әйел бейнесі ең архаикалық кейіпкерлердің бірі. Түркілік дәстүрде аталған образ алғашқы әйел, ана, отбасының қамқоршысы, С. Кляшторныйдың көрсетуінше Тәңірінің жарымен байланыстырылатын түркілердің жоғары құдайы Ұмай Ана бейнесімен (Ымай, Бай ана, Май-иче, Май-эне, Сары-эне) байланыстырылады. Басқаша айтқанда Ұмай Еуразия түркілерінің дәстүрлі дүниетанымындағы әйелдік бастаудың бейнесі. Ұмай ананың басты қызметін балалардың дүниеге келуінен қамқорлық жасаумен байланыстырады. «Бізге жеткен деректер бойынша, ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұрты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалыпты. Оны Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды ес-түссіз жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Айсұлу Аю батырдан жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толғақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл, бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы бір рулы елге айналып, бүгінге күнге жетеді» [59, 28 б.].

Яғни, көне дәуірлерден келе жатқан бұл аңыздан ұғатынымыз «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші періште, мейірімді рухани күш болып саналады. Қыз ұзатылғанда, неке қиылғанда, әйел босанғанда Ұмай анадан медет тілеу осыдан келіп шыққан. Көптеген түркі халықтарында сәбиі жоқ отбасылардың

Ұмайға табыну дәстүрі қалыптасқан. Ежелгі мифтерге сүйенсек «Көк пен Жерді жаратып, оларды бір-бірінен ажыратқан соң, Тәңір өмірге ұрпақ әкелу үшін өзі еркек пен әйелге бөлінді. Құдай әйелді Ұмай деп атап, оны Сумер тауының ұшар басына, сүтті көлі (Сүткөл) бар Асапн тауының қия шыңына қондырды. Көк жүзінде жол қалдыра сарқырай ағып, Сүткөлге құятын жұлдыздар жолы, Құс жолы – осы Ұмай Тәңір ананың сүті» [60, 10 б.]. делінген. Кейбір түркі халықтарында Ұмай таулардың иесі және аңшылардың қамқоршысы ретінде бейнеленеді [61, 265-286 бб.]. Ұмайдың символы жебе. Ол осы арқылы балаларды қорғайды. Телеуіттер Ұмайды толқынды күміс шашты, аспаннан түсіп, балаларды алтын садақтың көмегімен қорғаушы сұлу жас әйел бейнесінде қабылданған. Садақ оғымен бірге Ұмай-ананың басты сақтаушы нышаны ретінде солтүстік халықтарында балалардың бесігінің үстінде ілінген.

Ежелгі түркілердің мифологиясында өлім періштесі ретінде қабылданған Қара Ұмай туралы да түсінік болған, оны балалардың ауруы және өлімімен байланыстырады. Бұл түркілердің дүниенің құрылымының бинарлығы туралы ұғымын көрсетеді. Ұмай бейнесі басқа да әйел құдай кейіпкерлер бейнесімен тығыз байланысты. Мысалы кейбір аңыздар бойынша От Ана – От құдайы Ұмаймен апалы-сіңлілі болған, екінші бір нұсқа бойынша ол Ұмайдың табанынан жаратылып, үйдегі ошақта өмір сүреді деп көрсетіледі. Көп жағдайда жарықпен байланыстырылатын от бейнесі Ұмай бейнесімен бірігіп кеткен. Ғалым А.Төлеубаев: «Ертеде қазақ әйелдерінің қолдаушысы Ұмай-ана болған. Қазақ түсінігінде Ұмай аты «Май» ана түрінде сақталған. Қазақ келін түскенде жиналған әйелдер оған отқа май салғызып, «от ана», «май ана» жарылқа деп айтқан. Екіқабат әйелдің толғағы қатты болғанда отқа май құйып, «От ана», «Май ана» жарылқа, күнәм болса кеше гөр, түйіншегім шеше көр» деген. Мұндағы Май деп отырғанымыз «Ұмай» деген көне түркілердің әйел мен баланың жебеуші пірі. Ұмай ананың культі Сібірдің түркі халықтарында әлі күнге сақталып келген» деп түсіндіреді [62, 43 б.]. Егер Ұмайдың тотемдік бейнесі туралы айтатын болсақ, ол суда жүзетін (үйрек, аққу, сондай-ақ оның бинарлы прототипі - үкі) құстармен байланыстырылады [63, 250 б.]. Көне түркілер айдаһар немесе қасқырдың (түп ана) суретін салған ту көтеріп, аруақты, рудың қамқоршы рухын шақырады екен. Ежелгі заманда оның әйел-ана болғандығы белгілі.

Арғы түркілердің тотемі болған көк бөрі туралы аңызда, жаугершілік заманда жалғыз қалған түркітөктес баланы ұрғашы қасқырдың асырап алып, одан тараған ұрпақтардың кейіннен іргелі ел болып, бөріні тотемге айналдырғаны туралы бәрімізге мәлім. Бұл жерде мифологиядағы қасқыр бейнесінің рәміздік, әлде тарихи шындық екендігіні маңызды емес, негізгі мән: «түркілердің түпанасының ер жынысты емес, әйел жынысты болуында».

Осылай, Ұмай ана – жебеуші, жарылқаушы, қамқоршы, жарықтың, жақсылықтың, мейірімнің символы ретінде танылған. Ұмай ана түркі дүниетанымында елдің, халықтың анасы, мәңгі жас әйел бейнесінде суреттеледі. Ұмай ана молшылық пен ырыстың, отбасылық бақыт пен қуаныштың ғана бейнесі емес, Ұмайдың жарқын бейнесі ата-бабаларымызды

киын күндерде де сүйемелдеп, қолдап, қорғап, олардың бойына болашаққа деген үміт пен сенім ұялатып келді. Бүгінгі таңда ұлттың рухани саулығын сақтау үшін Ұмай ана секілді әдемі де мейірімді кейіпкерлердің бейнесін жаңғыртып, халық жадына оралту өте маңызды.

«Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі де болған. Әсілі, қазақтың «бесенеден белгілі» сөз тіркесі осы «бес ене» ұғымынан шыққан. Көне түркілер пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық және Бай әжені «бес ене» деп қабылдаған. «Бес ене» періште текті рухани күш саналғандықтан, адамды ауруынан емдеп, жолын ашып, алдынан жарылқай білген. Осы себептен де көне түркілер «Ұмай анамен» бірге «бес енені» де пір тұтқан» [64, 7 б.].

«Түркілердің исламға дейінгі дүниетанымынан сыр шертетін жауһар туындылардың бірі «Қорқыт ата кітабы» екені әмбеге аян. Бұл тарихи шығармада түркілердің әйел туралы пайымдаулары да көрініс береді. «Қорқыт ата кітабын» терең зерттеген Ә.Қоңыратбаев туындының бүгінге жеткен нұсқасына мұсылмандық құндылықтардың да кіріккенін айтады. Десекте, «Қорқыт ата кітабындағы» нәзік жандыларға қатысты пайымдаулар көне түркінің әйел танымын әйгілейтіні анық.

Қорқыт атаның пайымдауынша әйел төрт түрлі болады. Оның бірі – ниеті қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы» [65].

«Отбасының құты (тірегі) болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар – Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер. Хан ием, мұндай әйелдер өссе де көп емес, бәлкі аз. Сіздің ошағыңызға да сондай әйел кез болсын.

Одан соңғысы – ынсапсыз, қанағатсыз әйел. Ондай әйел таңертең төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін таңдап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампитады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: «Қараң қалғыр, осы күйге мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген кебісім болмады, бетімнен перде түспеді. Ерім өліп басқаға тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», – дейді. Хан ием, ондай әйел мың болса да, өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез бола көрмесін.

Одан соңғысын салақ әйел дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні абыл-құбыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шуу!» – деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорадағы байлаулы қалған сиыры мөңірейді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды: «Ау, қыздар-ау, Зылихам, Зүбайрам, Руғейдам, бикештерім. Уа, азамат туған жігіт-желеңдерім, Айна-Мәлік, Құтлы-Мәлік қайда едіңдер? Ойбай-ау, үйім құлап қалыпты, түнде қайда жатамыз? Мені ерігіп жүр дедіңдер ме? Зәру жұмыс болған соң кетіп едім ғой. Үйіме неге көз

қырын салмадыңдар? «Көрші ақысы – Тәңір ақысы деген қайда? – деп, безек қағады. Хан ием, ондай әйел мың болса да өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез болмасын.

Ең соңғысы – адам тілін алмайтын кесір (қырсық) әйел. Үйге түзден бір ұятты қонақ келіп, ері оған: «Орныңнан тұрып, нан әкел, желік, қонағың да жесін» – десе, әйелі еріне: «Үйде піскен нан жоқ», – дейді. «Барынды бер», десе, әйелі: «Не сандалып отырсың, үйіңнің әлдеқашан қу молаға айналғанын білмейсің бе? Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері белгісіз. Дастарханымды жемесе, берерім жоқ», – деп бармағын көрсетеді, еріне сыртын беріп, дастарханды кісі алдына лақтырып тастайды. Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз. Хан ием, сізді Алла осындай әйелдерден сақтасын, ондай әйел сіздің ошағыңызға кез болмасын» [66, 14 б.].

Ежелгі үнді, қытай, грек, вавилон, рим, мысыр мифологияларында әйел-құдайлар табиғаттың жағымды ғана емес, сонымен қатар бұзушылық, жер асты әлемі, зұлымдық сияқты функцияларға да ие. Көне түркілік мифологиясында да сұлулықпен қатар ұсқынсыздық категориясымен зұлымдықты бейнелейтін Мыстан, Жалмауыз кемпір, Албасты, Жезтырнақ, перілер сияқты образдар бар, бәлкім бұлар бастапқыда жағымды бейне болуы да мүмкін, бірақ кейіннен олар адам баласына кесірін, зиянын тигізетін жағымсыз кейіпке енді. Зира Наурызбаеваның айтуы бойынша: «Дінтану мен мифтануда мынандай заңдылық бар. Мифтердегі жағымды кейіпкерлер уақыт өте келе жаңа келген діннің ықпалымен төменгі дүниенің өкіліне, зұлымдықтың иесіне айналады. Мыстан да, Жезтырнақ та сондай өзгерістен өткен. Ислам дінінің әсерінен о бастағы образы құбылған. Мыстанды жырлардың көбінде бас кейіпкердің анасының жағымсыз, көлеңкелі бейнесі деуге болады. Алпамыс жырына қарасақ, Мыстан, біріншіден, көне бір діннің тәңіриесі немесе абызы сияқты көрініп қалады. Екіншіден, ол ақыл-айла иесі, данышпан. Үшіншіден, сиқыр иесі. Төртіншіден, оның мүйізі бар. Тайшық ханмен арадағы диалогында ол туралы айтылады. Мүйіз түркі дүниетанымында даңқ, абырой, даналық символы сияқты нәрсе. Мыстан образы өте құдіретті болғандықтан, бейнесі бүгінге дейін жетті. Бірақ кейінгі діндердің әсерінен кемсітуге ұшырап, жағымсыз қаһарманға айналып шыға келді. Бірақ, көне ертегі, жырларды түсініп оқысаңыз, оның қандай жағымды, құдіретті кейіпкер болғанын көруге болады» [67].

Халық ауыз әдебиетіндегі өлең, аңыз, ертегі, әңгімелерден біз неше түрлі сұлу, ақылды, айлакер әйелдердің бейнелерін кездестіреміз. Ертегі, аңыздарда ұшырайтын аңғал батырлардың әр алуан алып дәу, мыстан кемпірлер, жер астындағы жылан патшаларымен кездескенде өзін сүйген сұлу қыз, айлалы әйелдердің ақыл-кеңестері арқылы жауларын жеңіп шығып, мұраттарына жетеді.

«Еуразияның түркі тілдес халықтарының аңыз әңгімелерінде сұлу пері қыздар туралы көптеген әңгімелер сақталған. Ежелгі жыр дастандарда перілер

кара күштерге қызмет етушілер ретінде көрсетілген. Ал кейінгі кезеңдердегі аңыздарда олар жақсылықтың да, жамандықтың да өкілдері ретінде бейнеленеді. Кейбір жырларға сүйенсек, перілердің құпияға толы бейнесі көптеген батырлардың арман-тілегін баурап алған. Мұндай перілер ұшу қабілетіне де, керемет дауысқа да ие және көріпкелдік қасиеті бар қыздар бейнесінде көрінеді. Қайырымды перілер көп жағдайда адамдарға қолдау көрсетіп, кара күш иелерімен, жын-шайтандармен күреске түсіп жеңіп шығады. Олар адамдардың жердегі бейнесімен бірігіп, некеге тұрады. Олардан елді қорғайтын болашақ батырлар туылады. Аңыз бойынша мұндай некеде қыз бала туылса ол шайтанмен көп ұқсастығы бар албастыға айналады. Зұлымдыққа қызмет ететін перілер адамды сиқырлап, оны ес түсін жоғалтқан ауру адамға айналдырады. Перілердің зұлым бейнелері адамдардың іс әрекетін сиқырлауы мүмкін. Перілер ер адамның, кез келген аң-құс бейнесіне де ене алады. Перілердің түрлерінің ішінде су перілері туралы аңыздар көп. «Су иелері» саналатын су перілері адамдарды өзіне тартып, су түбіне алып кетеді. Егер мұндай адамды құтқару мүмкін болса, ол ерекше қасиеттерге ие болып шыға келеді. Перілер жер бетінде шамандармен бас қосып, өздері оларға көмекші ретінде қызмет атқарған. Сондықтан перілер о дүниемен байланыс жасау қасиетіне ие болып, адамдарды аурудан емдеп жаза алатын. Ежелгі сенімге сүйенсек егер пері таңдап алған адам шаман болудан бас тартса, ол ұзақ ауруға ұшырап, тіпті кейде өлім құшатын болған» [68, 143-160 бб.]. Кейіннен қазақ дүниетанымында пері әйелді-құлық пен айлакерліктің символына айналдырады.

Сонымен қатар түркі халықтарының діни наным-сенімдерінде зұлым күштің символы су стихиясымен байланысты албасты туралы сенім ерекше орын алады. Көптеген түркі халықтарының түсінігінше албастылар өзен және т.б. су көздерінің жағасын мекендейді. Бір ескеретін жәйт, қазақ дәстүрінде барлық суға қатысты мифтік бейнелер әйел кейпінде болады. Олар адамдарды шаштарын тарақпен тарап отырып арбап алады. «Сырттай қарағанда албасты шашы жалбыраған, төсі салбыраған сұрықсыз әйел бейнесінде көрінеді. Албастының атрибуттары ретінде сиқырлы бітік, тиын және тарақ көрсетіледі. Албасты бейнесі сонау ежелгі замандардан бастау алады. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше алғашқы кезеңде албасты бейнесі құнарлық, отбасылық ошақ және жабайы жануарлар мен аңшылықтың қамқоршысы – қайырымды құдайдың бейнесіне сәйкес келген» [69, 33 б.]. Уақыт өте келе мифологиялық танымдардың дамуымен албастының рөлі зұлым рухтың рөліне ауыстырылған. Көбінесе албасты әйелдерге екіқабат кезінде және босану сәтінде зиян келтіреді. Албасты кеш уақытта жалғыз өзі қыдырып жүрген екіқабат әйелдерді аңдиды. Бұл жынның зұлым күштерін жою үшін оның атрибуттарының бірін қолға түсіру қажет.

Түркі мифологиясындағы тағы да бір көп тараған әйел кейіпкер - Жалмауыз бейнесі. Қазақтарда жалмауыз кемпір балаларды ұрлап алып кетіп жеп қоятын кемпір немесе «адам жегіш» бейнесінде беріледі. Көптеген әйел бейнелері сияқты бұл кейіпкер де ежелгі дәуірде ана құдай культіне кірген.

Ертегі әлеміндегі кейіпкерлердің бірі – Жезтырнақ. Ол мыстан жасалған құс тұмсығы және тырнақтары бар, орасан зор күшке және дауысқа ие әйел. Оның даусынан құстар мен жануарлар да өліп қалады. Жезтырнақ, көбінесе жас, әдемі әйел түрінде бейнеленеді. Жезтырнақ фольклортанушылар мен мифтанушылардың айтуынша аңдардың иесі, орман мен даланың пірі болған. Ертегілерде аңшы Жезтырнаққа ет береді, яғни, көне аңшылар саят құруға келгенде, аң ауларда аңдардың піріне құрбан шалатын болған. Ертегілерде соның жұрнағы қалған.

Осылай, сан ғасырлық аңыз-ертегілерде әйел-зұлымдық пен бақытсыздықтың нышаны, мысалы сиқыршы, мыстан кемпір, жын-пері, құбыжық бейнесінде немесе әйел таңғажайып сұлулықтың символы ретінде де суреттеледі (Венера, Мадонна, Дева Мария, Жібек, Баян және т.б.).

Түркі мифологиясындағы ана, қалыңдық, қарындас, әйел бейнелері әмбебаптылығымен сипатталады. Көріп отырғанымыздай, әйел бейнелері ерекше: көріпкелдік және басқа да жоғары қасиеттерге ие. Бұл кейіпкерлердің қамқоршы және құтқарушы ретіндегі рөлі ежелгі замандардағы отбасының иесі, аспаннан түскен қорғаушы ретіндегі әйел құдайлардың образынан туындаған. Әйел бейнелері түркі халықтарының рухани мәдениетінде үлкен рөл атқарған матриархаттық дәстүрлер мен ежелгі тотемистік мифологияның ұғымдарымен тығыз байланысты екендігін атап өту қажет.

Түркі мифологиясындағы әйел бейнесі қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы әйел болмысының алғышарты, іргетасы деп айтуға болады. Қазақ ертегі, жыр-аңыздарындағы әйел бейнесінің қалыптасуын басқа халықтар мифологиясымен салыстыра қарасақ, мифтік кезеңде әйелдің құрметті орында болғанын байқаймыз. Осы аңыздар арқылы бүкіл қазақ дәстүрлі қоғамындағы гендерлік қатынастар туралы ой түюге, қоғамдағы әйел орнының қаншалықты жоғары деңгейде болғандығы, ақылдың, сөз өнерінің, батырлық, ерліктің қаншалықты бағаланғанын көруге болады.

Миф өзі пайда болған ортадағы қоғамдық санаға тікелей тәуелді. Жалпы мифтерден сол заманға сай әйел адам бейнесін кездестіреміз. Оның өзі гендерлік қатынастың ерекше, қоғамдық немесе адами дәстүрлі қатынасынан тыс формасы болып табылады. Қазақ аңыздарында өжет, батыл, еркін, ерке, сұлу, ақылды қыздың бейнесі қалыптасқан. Мысалы, сонау сақ дәуірінде әскер басқарып, бүкіл сақ патшалығына иелік еткен, сол кездегі ежелгі ғұндардың Сақ аруы атанған, еліне, жеріне деген зор сүйіспеншіліктің, асқан ерлік пен батылдықтың символы болған ержүрек Зарина патшайым мен әйгілі парсы патшасы Кирді жеңіп патшалық құрған, даналығымен, шешендігімен аты аңызға айналған батыр Томирис ханым, ежелгі эпостағы Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжүніс пен Назым, шежірелі тарихтағы шипа іздегенде тілге оралатын, ұлы жүздің қасиетті анасы, аты аңызға айналған Домалақ ана мен Бегім аналар; таза сүйіспеншіліктің символы болған кемеңгер ана Айша бибі мен Абақ ана, таңбалы тарихтағы Қасым ханның анасы Жаған бике, Есім ханның анасы Жақсы бике, Абайдың анасы Ұлжан, әжесі Зере, ел билеген ел анасы, жердің панасы бола білген терең білімді ірі тұлға Шоқанның әжесі

Айғаным, Алаштың тұлғасы болған тағы қаншама алыпты туғызған, есімдері сақталмаған әулие аналар – қазақ әйелінің асқақ әрі нақты көрінісі, жұрт есінде есімі қалған сол әйелдердің бір бөлігі ғана. Саяси қайраткерлік істерімен танылған, сол кезде талай хандар мен билеушілердің мысын басқан небір қайраткер аналардың да есімдері ерекше құрметпен аталады: ақылдылығымен ел құрметіне бөленген Жәңгір ханның зайыбы Фатима ханым, кезінде Нұралы ханды хан етіп, батыс өңірінде сайлауға өзі бас болған, мемлекеттік істерде кеңесші болған, ел басқарған қайраткер ана, Әбілқайыр ханның зайыбы Бопай ханым (Бәтима ханым), Шыңғыс ханның ең беделді әйелі, ақылшы-кеңесшісі бола білген Бөрте ханым, Кенесары ханның сүйікті жары, ақылына көркі сай Күнімжан ханым деп тізімдей беруге болады. «Тарихи тұлға», «ұлы есім» деген қасиетті ұғымдарға енетін Ұлы даланың ұлы аналарының да ұлағатты істері мен тәлімдік қасиеттері, әсіресе қыз тәрбиесінде мәңгілік үлгі болатын нағыз тағылым мектебі екендігі даусыз. Демек, Ұлы дала тарихында есімдері аңызға айналған ұлы аналардың тектілік әлемі мен тәлімі – қай-қайсымызға да өміршең өнеге, тамсанарлық тағылым! Сондықтан есімдері тарихта қалған ханымдар мен ханшалар, би мен батырлардың аналары мен асыл жарлары туралы тарихи мағлұматтарды терең зерделеген жөн және осы аналардың рухани тұғыры уақыт өткен сайын асқақтай бермек, өйткені олар-ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тәлім-тәрбиенің ұраны мен қағидатына айналған асыл тұлғалар.

«Батыр да анадан туады» демекші XV-XVII ғасырлардағы атақты қазақ хандары мен кейбір сұлтандарының аналарының есімдері жазба дерек мәліметтерінде сақталған. Ол жөнінде тарихшы Қадырғали Жалайыридің еңбегінде айтылады. Автор XV-XVII ғасырлардағы қазақтың 6 ханының, 8 сұлтанының және 4 ханымының аналарының есімдерін айтып өтеді. Олар мыналар:

- 1) Жаған бикем, ол – қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның әйелі, Қасым ханның анасы;
- 2) Ханық сұлтан ханым, ол – атақты Қасым ханның әйелі, Хақназар ханның анасы;
- 3) Абай-хан-бегім – Шығай ханның, Мәлік сұлтанның анасы;
- 4) Байым-бике – Сейітқұл сұлтанның, Ондан сұлтанның, Алтын-ханымның анасы;
- 5) Жақсым-бике (Яхшым-бике) – Тәуекел ханның, Есім ханның, Сабыр бике ханымның анасы;
- 6) Дадам ханым – Әли сұлтанның, Сулум сұлтанның, Ибрагим сұлтанның, Шахим сұлтанның анасы;
- 7) Алтын ханым – Оразмұхаммед ханның және Тәтті ханымның анасы;
- 8) Сүйім ханым – Тәуекел ханның әскер басшысы Көжек сұлтанның анасы» [70, 258-260 бб.].

Міне, осы тағылымды тарихты бүгінгі ұрпақтың терең ұғынып, біліп өскені абзал. Сол аналардың тағылымы мол өнегелі өмірін бүгінгі бойжеткен қыздарымыздың бай рухани қазына ретінде бағалап, даналы сөздерін жадында

сақтап, жүрегінде жатталса нұр үстіне нұр болар еді! Сол тағылымнан тәлім алған, сол аналарымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өскен қыздарымыз ұлт болашағы үшін, отбасының бақыты үшін аянбай қызмет ететін болады.

Қазақ фольклорындағы әйелдер бейнесі де жаныңды разы қылып, көңіліңді көншітіп, жүрегінді тебірентеді. Олардың тұрмыс жағдайына мойымайтын қайсар мінезі, бір-біріне ұқсамайтын өзіндік тумыс-бітімі, көркемдік бейнелеу құдіреті, адам жанын еріксіз өзіне баурап алады. Батыл да қайсар қыз Назым, айнымас адал жар, қамқоршы, дос қыз Құртқа, жаны нәзік жас ару Қыз Жібек, Баян сұлу, апалы-сіңлілі Айман-Шолпан, ақылды да тапқыр Қарашаш, хас шеберлердің қолымен жасалған теңдесі жоқ мәңгі өлмес образдар. Жалпы ұлылардың ұлағаты, тағылымды өсиеттерінен ана – қоғамды қозғаушы күш, бірлік-тірлік негізі, ел бейнесін айқындайтын өмір айнасы, ел тұтқасы екендігін тереңірек ұғынамыз. Әйел-ананың бейнесі қандай болса, сол елдің бейнесі, салт-дәстүрі сонымен өлшенеді. Анаға деген құрмет қазақ халқының тарихында мемлекеттілік тарихымен, қазақ халқының этногенезімен, халқымыздың мәдениетімен, рухани өмірімен қатар дамып, біте қайнасып келеді. Оның ежелгі замандардағы көрінісін бүкіл түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңірісі болып саналған –Ұмай-анаға деген табынуынан көрсек, мың жылдан астам уақытқа созылған ортағасырларда, әсіресе оның ислам дәуірі кезеңінде «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» және осындай сипаттағы қағидалар арқылы берік орнығады.

«Шын мәнінде Дала әйелі басқа Шығыс халқының әйелдерінен қатты ерекшеленеді, өйткені олар тәуелсіз және еркін болған. Бұл әйелдер халыққа қатысты күрделі мәселелерді шешуге де қатысқан. Дала әйел бойына дос әрі серік, ханның кеңесшісі, ру басшысы, шешен және сонымен қатар жауынгер әйел болуды дарытқан. Көшпелі мәдениетте әйел көңіл көтеру көзі деп қарастырылмаған. Дала намысының кодексі бойынша рулас әйел болашақта тек жар болуға лайықты. Қазақ эпостарында әйелге деген үлкен құрмет көрсетілген. Онда әйелді арғымақ пен мылтықпен қатар құрметтеген. Ең қызығы әйел батырдың ақылшысы ретінде қабылданса, рухани ептілігі арқылы батырды дұрыс жолға салушы ретінде қабылданған» [71, 98 б.].

Көркем туындылардың бәрі де өзінің түп төркіні халық ауыз әдебиетінен нәр алып, дәстүрлік жалғастық табады. Бүгінгі таңдағы биік сатыға көтерілген, әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған іргелі туындылары бар алуан тақырыптар, сан түрлі сарындар, өлмес идеялар, өміршең мұраттардың қай-қайсысы да о баста ауыз әдебиетінде, оның ішінде поэзия саласында көрініс тапқан, дәстүрлік тұрғыдан бұрынғыдан жалғастық тауып, мол арна тартқан. Қазақ ауыз әдебиетінде табиғи стихияларды кейіптейтін Көклен ана, От ана сияқты әйел бейнелер бар. Таласбек Әсемқұловтың айтуынша, кейбір саз өнерінің пірлері де әйел бейнелі болған. Мысалы, Қойбас ана-Қорқыттың қарындасы. Қорқыт қобызшылардың пірі болса, Қойбас домбырашылардың пірі болған.

Фольклорлық үлгілердің қашаннан-ақ эстетикалық сипаты мол болып отырған, онда әсемдік ойдан жырақ сұлулықтан тыс дүние жоқ. Бұлар халықтық ой сананың туындысы ретінде үнемі эстетикалық оймен терең астасып жатады. Фольклор туындыларында көркемдік сын мен түсінік егіз ұғым болып құрылып, әуел бастан әсемдікті жырлау талабымен ұштасып отырады. Өмірдегі құбылыстар: ел қорғаған батыр, бас бостандығынан айырылып сол үшін күрескен ұл мен қыз, ақылгөй дана қарт әсемдік заңдарына сәйкес жырланады. Қазақ эпостарындағы батырлардың сұлу жарлары «өзгелерге» қайрылмаған, нәтижесінде «өзінікін» таңдаған, еркіндік пен мүмкіндік бақытын бастан өткізген әлеуметтік толыққанды субъект.

Қазақ халқында әйел мен еркектің қоғамдағы және өмірдегі алатын орны мен дәрежесін бейнелейтін, қарым қатынасын айқындайтын мақал-мәтелдер де аз емес. Мысалы: «Еркек — түздің көркі, әйел — үйдің көркі», «Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді», «Ердің асылы күшінен білінеді, әйелдің асылы ісінен білінеді», «Елді қорғайтын – ерлер, ерлерді тәрбиелейтін – әйелдер», «Еркек үйдің – иманы, әйел – үйдің жиғаны», «Жақсы әйел жаман еркекті ер қылады, жаман еркек жақсы әйелді жер қылады», «Еркек дауысты әйелдің ұяты болмас, қатын дауысты еркектің қуаты болмас», «Ер жігіттің аты жақсы болса бір бақыт, алған жары жақсы болса мың бақыт», «Атадан ұл қалса, өзі қалғаны, қыз қалса, ізі қалғаны», «Ақылды туған қыз бала, батыр туған ұлмен тең», «Ер бала-ата - анаға таяу, қыз бала- үйге жаққан бояу» және т.б. Көріп отырғанымыздай, көптеген мақалдарда ер адамның өміріндегі бақыт та, бақытсыздық та бәрі әйелінің жақсылық, жамандығына тіреледі, кейбір мақалдарда әйел мен ерлердің әлеуметтік ролі бірдей және ананы әрдайым бірінші орынға қояды.

Ғашықтық дастандар мен лиро-эпостық жырларда көбіне адам еркіндігі, әйел теңдігі мәселелері көтеріледі. Бұл жырлардың ұрпақ тәрбиесінде адамгершілік, гуманистік, эстетикалық маңызы зор. Эпостық дәуірде тарихи-мәдени заманауи құндылықтар тұрғысынан қыз үшін жоғарғы әлеуметтік статус-сұлулық, жігіт үшін қоғамдық талап-ерлік, батырлық болды, олар өзара теңдік деп пайымдалған, халқымыздың эстетикалық дүниетанымында бірін-бірі толықтыратын үйлесімділік орын алған. Сұлу мен қаһарман жұп үлгі ретінде идеологияланған.

Заманалар бойы рухани азық болып келе жатқан қазақ жыры, толғау мен дастандарының қайсысын алсақ та, бәрінде халық жаны қаһармандығы мен сұлулығын әспеттеп айшықтайтын ерлік пен елдік паш етіледі. Небір сәукеле киген сұлулар, ақ маңдайы күмістей жарқыраған арулар, ақ жаулықты аналар бейнесі жүрекке ұялап, бекзат болмысымен тәнті етеді. Бізге Қыз Жібек пен Төлеген, Баян Сұлу мен Қозы Көрпеш, Назым мен Қамбар, Ақжүніс пен Ер Тарғын және басқалар эпсаналар мен аңыздардан келген жоқ, оларды өмірдің өзі тудырды. Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебек-сол мәңгі махаббат жырларының жалғасы.

Аяулы арулар Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, Назым - бәрі де халықтың ардақты ұлдары саналған батырлардың серігі болып, соларға көмекке келеді.

Кейбіреулерінің ел қорғарлық батыр дәрежесіне көтерілулеріне әйелдерінің көмегі, кейбір жағдайларда жеңіске жету үшін ақыл-кеңестері жәрдем етеді. Қобыландының Алшағыр елін шабуы да, жеңуі де Құртқаның ақыл-айласымен байланысты десек, ноғайлылықтарды қалмақ ханы Қараман келіп қамағанда, оларға Қамбардың қол ұшын беруі - түптеп келгенде Назыммен байланысты.

Бұл қыздардың қайсысы болса да, қолына найза алып соғысқа шықпаса да, жауларға қару көрсетерлік өздерінің не жұбайы, не сүйген батырларына көмектесу арқылы ел қорғау ісіне араласады. Тіпті сұлулардың батырларға ғашық болуының негізінде ел қорғау тілегі, өз халқының бір пайдасына жарау деген арманы жататындығын көреміз.

Эпостық жырларда елдік мәселелерге әйелдердің араласуы батырларға көрсететін ақыл-кеңестері арқылы болса, лиро-эпостардың кейбіреулерінде біз әлеуметтік мәселелерге әйелдердің тікелей қатысып, ел арасындағы дау-дамайлардың арқауы өзі болуға жараған әйел бейнелерін де кездестіреміз. Сондай қыздардың бірі - Айман бейнесі. Менмендік бақталас иесі Көтібар мен Маман арасындағы егестің аяғы екі рудың жауласуына, шабыншылыққа ұласқан жағдайда, өзі тұтқында жүрсе де, бүкіл мәселенің түйінін шешуші - Айманның ақыл-айласы. Оқиғаның шешуінде өркөкірек Көтібар да, менменсіген Маман да мазақ болып қалады да, Айман бастаған топ дегеніне жетеді.

Қазақтың халық шежіресін жырлаушылары да, жинақтаушылары да әйел затын шежіреден, шежірелік деректерден қалдырған емес. Қазақ ұлтының қалыптасуында, ұлы далада тағдыр тәлкегінен аман қалған бірегей тілі, салты, дәстүрі болуында келін болып түскен жұртында ру анасы, бәйбіше атанған қазақ қызының орны ерекше.

Қазақ жұртында әйел затын ерекше ардақ тұтатын салт-дәстүр бар. Қыз баланы аз күндік қонақ ретінде сыйлап, алтынның сынығы, шұғаның қиығы деп тақиясына үкі қадап, үлгілдетіп өсірген. Нәзіктік пен сұлулықтың бастауы болған әйел затына ерекше құрметпен қараған қазақ халқының өткендегі тарихына үңілсек, ел аузында аңыз боп тараған қажыр-жігері арқылы ел билеп, топқа түсіп, сөз сөйлеген әйелдері де аз емес. Аналарымызға деген құрметті қазақ халқының ру-тайпа және оның бөлімшелерінің атауларынан, тіпті ру-тайпалар ұрандарынан көруге болады. Тек бір ғана тайпаның ұранының негізіне – ана есімі алыныпты. Ол – арғын тайпасының құрамындағы ең белді ру – Қаракесек руының ұраны. Ұран – Қарқабат деп аталады. Қарқабат ананың кім, қандай тұлға болғандығы жөнінде ауыз әдебиетінің материалдарында көптеген мәліметтер кездеседі. Ол мәліметтерде Қарқабат ананың асыл қасиеттері туралы көп айтылады. Қарқабат ұранының бір ерекшелігіне – оның уақыт сынына төтеп беріп, пайда болған кезінен бері өзгермей келе жатуы жатады. Бұл да анаға деген құрметтің жарқын бір көрінісі болса керек.

«Қазақ халқында аналардың есімдерімен аталатын ру-тайпа бөлімдері көптеп кездеседі. Аналар есімдерінің рулық тармақтарға берілу жолдары әртүрлі болғанымен, бір ортақ нәрсе бар. Оған–руға есімі берілген аналарымыздың бәрінің ақылды, көріпкел, кемеңгер, сабырлы, салмақты және

тағы осындай жақсы қасиеттерді иеленген тұлға болуы жатады. Ауыз әдебиетінің мәліметтері мен шежірелік материалдарға сүйенсек, Кіші жүздегі Кете тайпасының атауы – Кете бике анамыздың есімімен байланысты. Кете бике анамыздың есімі қалай ру атына берілгендігі туралы ел арасында тараған аңыз-әңгімелер бар. Әлімнің ішіндегі Қаракесек тайпасында Қасай, Шектіде – Жекей деген тармақтар бар. Шежірелерде Қасай мен Жекейдің апалы-сіңілі қыздар болғандығы туралы айтылады. Найманның Матай тайпасында – Қызай, Қаракерей тайпасында – Мұрын атты рулық бөлімдердің бар екені белгілі. Ел арасында кең таралған аңыз әңгімелерде бұл екі анамыз Домалақ ананың қыздары болыпты. Бірінің есімі –Күнбибі, екіншісінің есімі – Жүзей екен. Күнбибі анамыз Қызай деп аталып, одан тараған ұрпақтар қызайлар деп аталып кетіпті. Ал Жүзей анамыздың лақап есімі Мұрын делініп, одан тараған ұрпақтар мұрындар делінеді. Есімдері аталған аналарымыздың асыл қасиеттері ғана олардың есімдерін ру тармақшасына бергізіп, олардың есімдерін мәңгіге қалдырып отыр. Бұл да халқымыздың аналарға деген сый-құрметтерінің бірі деп білеміз» [72, 55-56 бб.]. Сонымен, шежіреде гендерлік жағынан тарихқа қатысты мәліметтер көбінесе ер кіндікті адамдардың ата-тектерін өрбітумен қатар әйел заты туралы да айтуды ұмытпаған.

Қазақ әйелдерінің мінезіндегі қайсарлық, аңғалдық, бауырмалдылық, қонақжайлылық, жайбасарлық, кешірімділік кең даланы керегінше пайдаланып, көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыздың ғасырлар бойында сақталған ерекше белгілері десек артық айтпаған болар едік. Дегенмен, бұл мінездерді ешқашан өзгермейтін тұрақты метафизикалық құбылыс деуге болмайды. Қазақ халқында қыз баланың, жалпы әйел затының бойынан ұяндық, именшектіктен көрі өжеттік, батылдық, еркіндік, ақыл, парасат сияқты қасиеттерді жоғары бағалайды. Сонымен қатар, қазақ дүниетанымында адамның сұлулығы ішкі мазмұнымен: мінез-құлқымен, ақыл-ойымен, ерік-жігерімен толықтырылатын кешенді туынды.

Ақселеу Сейдімбек 16.10.1974 жылы жазған мақаласында: «Көшпелілер қоғамында еркек пен әйел әсте бірін-бірі кем тұтып қарамаған. Дәлірек айтсақ, еркектің әйелді немесе әйелді еркектің иемденуі, меншіктенуі, бірінің екіншісіне кіріптар болуы көшпелілердің дәстүр-танымына жат. Тіптен көшпелілер қоғамында еркекке қарағанда әйелге көрсетілер сый-құрметтің басымдау екенін аңғаруға болады. Ат үстінде еркекпен үзеңгілескен скифтің желдей азат қыздарын Геродот тамсана жазады. Байырғы түркілер қоғамында Қағанаттың ең лауазымды адамы қаған болса, одан кейінгі орынды қағанның «қатын» деп аталатын бәйбішесі иемденген. Ел ісінің мың сан түрі қаған мен қатынның алдынан өтіп отырған. Халық болмысының айнасы іспетті фольклорымыз еске түседі. Осынау көл-көсір рухани мұрамызда жағымсыз әйел бейнесі жоққа тән. Оның орнына Құртқа, Гүлбаршын, Қаракөз, Қарлыға, Назым, Ақжүніс, Қыз Жібек, Баян Сұлу, Айман, Шолпан, Қарашаш сияқты бірі ақылымен, бірі көркімен, енді бірі өжеттік ерлігімен елге қорған, ұрпаққа ана болғанын көреміз. Ең ғажабы, бұлардың бәрі де сүйгеніне адал жар ретінде дараланып отырады.

Сондай-ақ, байтақ қазақ даласын аралап көрсеңіз әйел-анаға көрсетілген құрметтің мың сан белгісіне куә болар едіңіз. Мәселен, туған дала төсінде ер адамға қойылған тас мүсіннен гөрі әйел-ананы бейнелейтін қыз-тас, келіншек-тас, кемпір-тас түріндегі мүсіндер әлдеқайда көп. Сол сияқты, әндей әсем жер-су атауларының көбі әйел-ана есімімен байланысты. Дала төсіндегі ең сұлу ғимараттар, ең бір шабытты архитектуралық мұралар әйел-анаға арналған. Сырдария бойындағы Көккесене, Бикем мұнара, Сырлытам, Шу бойындағы Айша-биді, Баба-әже, Сарысу бойындағы Белең-ана, Болған-ана, Жұбан-ана, Арал жағасындағы Бегім-ана күмбездері, мұнаралары, мазарлары ғажайып сырлы сымбатымен күні бүгінге дейін қайран қалдырады.

Жеке ескерткіш былай тұрсын, жұмыр жердің орта ғасырлық талғам-түсінігінде тұтас бір қаланың әйел атымен аталуы дүние жүзінде сирек кездесетін құбылыс. Бұл ретте, қазақ даласында Қатынқала, Баршынкент сияқты қалалардың болғанына қалайша таң қалуға болмас. Сол сияқты, ру – тайпа атауын әйел атымен атаған, жауға шабарда шақырар ұранына әйел есімін қосқан бірден бір халықтың қазақ екені де аян. Ұлттың ең киелі қазынасы тілі болса, оны да «ана тілі» дейміз...

Қысқасы, салт-дәстүрдің айтарынан аңғартары мол. Өмірдің барлық саласында еркек пен әйелдің өздерін тең санауы қазақ арасында ежелден келе жатқан дәстүр. Жәй ғана дәстүр емес, тарихи-әлеуметтік ақиқат» [73].

Сұлулық, әсемдік, әдемілік символы болған әйелдер бейнесі туралы сөз қозғағанда, әрбір ұлттың әдемілікті сезінуі мен әсемдікті қабылдауында өзіндік ерекшелік болатынын естен шығаруға болмайды. Мәселен, қазақ ауыз әдебиетінде, поэтикалық шығармаларында әйел сұлулығын, кескін-келбетін мүсіндеуге арналған туындылар баршылық. Қазақ халқының түсінігінде көздің атаулары көп: мысалы, қой көз, бота көз, тана көз, қара көз, мөлдір көз, айна көз, күлім көз т.б., шашына байланысты: жібектей майда шаш, сүмбілдей қара шаш, қолаң қою шаш және т.б., қас сұлулығына “ақша маңдай”, “ай қабақ”, “білектей арқасында өрген бұрым, шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын” деген тіркестер арқылы қазақ аруының табиғи әрі дәстүрлі жиынтық келбетін көреміз.

Қазақтың тұрмыстық немесе батырлық дастандарында болсын, қыз кейіпкерлерге ешкім сараңдық танытпай парасат-пайыммен бейнеленеді. Халық ауыз әдебиетінде “мінсіз ару”, “ғажайып әйел”, “адал жар” үлгісін жасау дәстүрі әр түрлі қиссалардан, эпостық жырлардан және аңыз-ертегілерден айқын көрінеді. Мысалы, “Ай астындағы Айбарша”, “Күн астындағы Күнікей”, “Айдай сұлу Айсұлу” ертегілерінде, “Жүсіп-Зылиқа”, “Мухаббат-наме”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Қыз Жібек”, “Ер Тарғын”, “Алпамыс батыр” жырларында ел үшін еңіреген ер жігіттерге, сүйгеніне деген адалдық, үміт отын өшірмей, сенімді серік болып қана қоймай, жарын ұзақ жылдар бойы күткен арулардың тамаша келбеті айырықша әсемдігімен ерекшеленеді.

Этномәдени және гендерлік стереотиптер арқылы қазақ әйелінің ойлау қабілеті, зейін-зерде ерекшелігі, парасат-пайым деңгейі, мінезі, махаббаты мен сұлулығының көрінісі символдық деңгейге дейін көтеріледі. Мысалы, Құртқа –

қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, Жібек – сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс – айлакерлік, тапқырлық, ақылдылықтың, Баян – сұлулық пен махаббатқа адалдықтың, тұрақтылықтың символы т.б.

«Қазақ халқының ұлт, халық болып қалыптасуына әйел-ананың сіңірген еңбегін айтып жеткізу қиын. Сондықтан да халқымыз қасиетті жерін, киелі Отанын, тілін асыл да ардақты, мейірімді де шуақты Анаға теңейді. Қазақ әйелі қандай ауыртпашылық болса да халқымен бірге көріп, жаугершілікте ерлермен бірге атқа қонып, қолына қару алса, бейбіт кезеңде «бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетті», ұл-қызын дала даналығына баулыды. Оған дәлел көп» [74, 29 б.].

Жалпы кез келген халықтың мәдениетінің деңгейі қоғамдағы әйелге деген қамқорлықтан, қарым-қатынасынан көрінетін болса, оның жоғары екені қазақтардың әйелге жар, ана, қыз ретінде көзқарасынан көруге болады. Қазақ қоғамында әйелге ана ретінде қастерлеу, қыз ретінде аялау, жеңге ретінде сыйлау, жар ретінде сүйеу сияқты сана сапасымен, сезімталдықпен қарау көзқарасы үстем. Қазақ халқының ұғымында тіршіліктің бастауын, өмірдің жалғасын сабақтастырушы ретінде әйелдер қауымы ерекше құрмет тұтылған.

Әнет баба әйелді жеті қазынаға жатқызған көрінеді. Оған әйел жайында неше түрлі алып-қашпа әңгімелер көп, оған сенуге болар ма екен дегендерге: «Әйел жеті қазынаның бірі ғана емес, біріншісі, әрі бірегейі болуға тиіс. Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы-әйел. Сондықтан оған тіл тигізуге де, қол тигізуге де болмайды,-деп қадап айтыпты би» [75, 96 б.].

Халық арасында таралған бір аңызда жаугершілік заманда болған бір оқиға бейнеленеді. Қаланы қоршауға алған басқыншылар қоршаудан тек қана әйелдер өздеріне ең қажетті, қымбат дүниесін дорбаға салып арқалап өтсін дейді. Сонда әйелдер дорбасына ер азаматтарды салып, арқалап өткен екен. Шапқыншылар олардың мұндай ерлігіне таң қалып, бала-шағаны қырғынға ұшыратуын тоқтатқан көрінеді. Бұл қазақ әйелінің қай істе болса да қайтпас қайсарлығын, ерік-жігерінің мықтылығын, қасиетін көрсетсе керек.

Қазақ дүниетанымында әйелдің негізгі функциясы – жаратушылық, ұрпақты жалғастырушылық, рудың қамқоршысы т.б. Жалпы шығыс халықтарына, соның ішінде қазақ халқына тән қасиет - үлкенді сыйлау, оған ешқашан қарсы келмеу, бұл да жарына адалдықты ойлаған қазақ әйеліне тән таза табиғи мінез. Дана халық жазық даланы, тіршілікті қалай құрметтесе, әйелді де солай қадірлейді, бағалайды, өйткені әйел мен тіршілік бір-біріне жақын, ұқсас ұғымдар. Қазақ тілінің ана тілі деп аталуы-әйел қауымына көрсетілген зор құрмет. Әйел-тіршілікті өмірге әкелуші ана, шаңырақтың тірегі, отбасының ұйытқысы, күре тамыры, ұрпақтың қамқоршысы, тәрбиешісі. Қазақ халқы «Ер жерді сақтайды, қыз ұлтты сақтайды», руыңды сақтаймын десең – ұл өсір, ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле деген.

Сөзімізге дәлел болу үшін XVIII-XIX ғасырларда қазақ жеріне келіп, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен танысып қомақты зерттеулер қалдырған ғалымдардың еңбектерінен үзінді келтіруге болады. Айталық, Орыс географиялық қоғамының мүшесі, офицер Александр Константинович Гейнс

(1834-1892) қазақ әйелінің қоғамдағы орнына мынадай сипаттама береді: «...Киргизская женщина играет большую роль не только как полная хозяйка семьи, но и как член общества. На сходках киргизов женщины подают голос наравне с мужчинами, в особенности по вопросам, касающимся общественных нужд. Иногда даже мнение женщин имеет некоторое преимущество над мнением мужчины» [76 б, 75-76 бб.]. Тағы бір мысал: Николай Григорьевич Маллицкийдің (1873-1937) «Казахи (этнографический очерк)» деген еңбегінде қазақ әйелінің мәртебесі туралы: «...Казахская женщина могла завоевать себе почетное уважение в новой семье своей хозяйственной деятельностью. Как хозяйка (бай-бише), женщина фактически заведовала скотом, кормила, поила и обшивала домочадцев, а также приготавливала изделия для продажи. Она никогда не оставалась без работы на пользу семьи, и ее голос постепенно становился в семейном совете все более и более влиятельным, а насмешливое, едкое, свободное остроумие являлось для нее сильным орудием защиты и нападения...Детей казахи очень любят, и колыбельные песенки матерей казашек представляют иногда верх нежности и изящества» делінген [77, 307 б.].

Қыздың ұзатылған жерінде аналық қасиеті, әдептілігі, ақыл-даналық қасиеттері арқылы ұлағатты мінез-қылығымен дүйім жұртқа, бүкіл ұлысқа ұйытқы болған, өрісін ұлғайтқан аналар атаусыз қалмаған. Ерте және ортағасырлық уақытта билеуші әулеттердің өзара қарым-қатынастары қыз алысу жолымен реттелгені анық. Көшпелі қазақ жұртында да ру аралық қарым-қатынастар қыз алысу, қыз берісу мәселелерімен байланысты болғандығы, әлеуметтік байланыстар қоғамдық қатынастардың маңызды реттеуші факторына айналғандығын көрсетеді. Осыған байланысты халқымызда «Астың дәмін келтірген тұздан айналайын, елдің арасын қосқан қыздан айналайын» деген мақал соның дәлелі. Қазақ шежірелерінде көбінесе әйел заты қазақ руларын бірлестіруде, ұлтты құрау қызметін атқарғаны айтылады. Құдандаластық, қарға тамырлылықтың сол заманда ру одақтарды жақындастырып, ұйыстыратын ұлт құру ролі қазақ халқының бірегей тілі, салты, дәстүрі сақталуына әсер еткен үлкен мәні болған.

Халықтың ұлттық санасы, байсалды, иманды рухы шығыс әйелінің бойында барынша тереңнен сақталғандығы, олардың сыпайыгершілік әдеттері, отбасының береке-бірлігі үшін күресу, сүйген жары мен бала-шағасы жолында өзін құрбан етуге әзір мәрт мінез-қылықтары әр кезеңнің, әр халықтың әдеби шығармаларында ортақ орын алып келген.

Ата - баба салтын қатаң ұстаған далалық өркениеттің қазіргі тілмен айтқанда әйел құқығын барынша сақтағанын көре аламыз. Далалық мәдениетте гендерлік қатынасқа байланысты көзқарастың, дүниетанымның кең көлемде болғанын байқаймыз. Соның ішінде дәстүрлі романтикалық, жанұялық, рулық әйел-ер адам қатынастармен қатар мифтік, мистикалық, таңғажайыптық гендерлік формасының да орын алғанын көреміз. Оның өзі әйел жұртына деген ерекше тылсым табиғатқа ие жаратылыс, қасиетті немесе мистикалық болмысы бар жан ретінде қараудың дәстүрі болғанын білдіріп тұр

2.2 Ақын-жыраулардың философиялық ой-толғауларындағы «жақсы әйел-жаман әйел» концептісі

Ақын-жыраулардың шығармаларында көшпелі болмысты, ата-қоныс, адам, қоғам, сол кездегі әлеуметтік жағдайларға, батырлық, көркемдік, адамгершілік, өмір мәселелеріне байланысты бола тұра, терең мағыналы философиялық ойларға толы. Ақын-жыраулар шығармашылығында ел анасы, жақсы әйел-жар, жаман-әйел бейнелері жасалып, жырланған.

Ораз Сегізбаев қазақ ақын-жырауларының философиялық дүниетанымын зерттей келе «бұл философия баяндалу формасы жағынан ғана емес, көбіне мазмұны жағынан да жеткілікті өзіндік ерекшелікке ие философия болды. Қазақ ақындарының ойларын баяндау формасы барлық уақыттарда да аяқталған, көптеген қайталаулар мен есте сақтаулар арқылы келесі ұрпаққа жеткізіліп отырған өлең мәтіні түрінде болды. Бірақ олардың өлең шығармашылығы поэзияның классикалық мағынасына толық сәйкес емес еді және образдық ойлаудың еуропалық мәнерінің авторларына тән өз ойын шығармашылық түрде білдіру тәсілі болмады. Қазақ ақындарының поэзиясында ой образдан жоғары болды, кейде бұл ой образдық параллельге сүйенбестен, тікелей, көбіне ойды ұғымдарда бейнелеуге айқын ұмтылыспен, мысалы, Бұхар жырау мен Шал ақындағы сияқты айтылды» [78, 129 б.].

Әйел тақырыбы, әйел бейнесі қазақ ақын-жыраулардың шығармашылығында орын алғанмен үлкен әлеуметтік мәселе деңгейіне көтеріле алмады, бірақ әйел мәселесін жеке тақырып етіп қозғамаса да, жаңа мазмұндағы әйелге сипат беру, оның тіршілігіне, ішкі жан дүниесіне үңілу, жақсы, жаман әйелді салыстырып тәрбиелік мәнге назар аудару қазақ ақын-жыраулардың толғауларында ерекше орын алады.

Философия, саясаттану және дінтану Институтының ғалымдары атап көрсеткендей, «Қазақ жырауларының эпикалық мұраларында маңызды орын алатын бақыт ұғымының мәнін аша отырып, қазақ ойшылдары бақытты жұбайлық өмірмен байланыстырады, оны бақыттың бір бөлшегіне жатқызады... үйдегі барлық бақыт пен игіліктің ұйытқысы ошақтың иесі, отбасының тірегі болып табылатын әйелге деген құрмет пен ізет біз зерттеп отырған кезең ойшылдарының бәріне тән» [79, 93 б.].

Жақсы жар мәселесінің қазақ өмірінде қаншалықты маңызды болғанын осы тақырыпқа соқпай кеткен ақын-жыраудың болмағанынан байқауға болады. Жақсы әйел мен жаман ерді қалай тануға болады? Айналып келгенде, жақсы әйелдің ең басты қасиеті ер қадірін білу болса, жаман әйелдікі, керісінше ерін сыйламау, қадіріне жетпеу екені ақын-жыраулар поэзиясында айқын көрініс табады. Осыған сәйкес «жақсы әйел» және «жаман әйел» концептісі шығармашылық танымда ақын-жыраулардың мына сөздерінен өрілген:

Келін жақсы болса –
Үйіңе көп кісі келеді.
Келін жаман болса –

Келген кісі кеткісі келеді.
Ас құй десең төккісі келеді,
Төкпей құй десең сөккісі келеді [80, 41б.]
Қайын енесі ас ішпес,
Қабағын түйген келіннен [80, 280 б.]
Бір қатын сыйлаумен қатын,
Бір қатын қинаумен қатын.
Нағыз қатын, сол қатын –
Һәр нәрсені ойлаумен қатын.
Қатының жақсы болса
Көңілді жықпас.
Ыңғайың біліп,
Сөзіңнен шықпас,
Ақымағына жолықсаң,
Өз бойына мін тақпас.
Жұмсақ сөйлесең, жеңемін деп
Мылтық жасап атсаң да бұқпас [80, 265 б.].

Доспамбет жыраудың жыраулық поэзияға әкелген жаңалығы – тұңғыш рет әйел адамның, аяулы жардың бейнесін жасайды.

Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желке шашын өрмеген,
Серпіліп адам бетін көрмеген,

Қалай күнді кешті екен!» –деген өлең жолдарынан жыраудың жары да текті әулеттен шыққан жан екенін аңдаймыз. Себебі, Доспамбет жырау қолданысындағы «аға» сөзі адам жасына байланысты ұғымды емес, «елге қадірлі адам» деген мәнді білдіреді. Ендеше, алған жары текті әулеттен болса, жыраудың өзінің түп-тегі де осал түспеуге тиіс. Осы жәйттерді ескере отырып, Доспамбет жыраудың өзі де елге ықпалды әулеттен шыққанын пайымдауға болады. Ал, одан әрі сол әйелден көрген Қосақай, Қосай, Ер Досай дейтін ұлдарының бар екендігінен хабардар етеді. Осы өлеңінен сүйген жар сипаты, жетім-жесір қалған сәби мен қалыңдық қамы, олардың көңіл-күйлері аз ғана жол өлеңмен шебер берілген, сонымен қатар әйел баласының азамат үшін қаншалықты қымбат, сүйкімді екенін жырлай келе, өз сүйіктісінің асқан сұлулығының абыройын арттырып тұрған оның пәктігі екеніне баса назар аударады. Яғни, жыраудың пікірі бойынша, әйелдің бойындағы кіршіксіз тазалық-жан тазалығы болып саналады.

Ақтамберді жырау толғауларының бір арнасы-өлеңмен айтылатын жыр-толғаулар, афоризмдер, қанатты сөздер мен ғибратты нақылдарға, сондай-ақ достық пен қастық, адалдық пен арамдық, жақсы жар мен жаман әйел, ер мен ез туралы жырға және өсиет өлеңдерге толы Қарашаш, Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс болып дәріптеліп келген адал, ақылшы жар туралы жырау:

Арудан асқан жар бар ма?

...Мінезді болса алғаның
Күнде сонар қызбен тең,-дей келіп,
Жаман болса алғаның
Астыңнан өткен сызбен тең...
Мінезді болса алғаның
Одан артық жар бар ма.
Екі жаман қосылса
Күнде жанжал, күнде шу,

Ұяларлық ар бар ма, -деп әйелдің отбасының ынтымағындағы алатын орнын жырға қосты, сонымен қатар қыз баланың бар қадір қасиеті оның құпия болмысында, әдептілігінде, жігіттің өзін түзу жолмен жүруге әсер ететін сиқырлы күшінде дейді. Ер азаматтың қадірлі, қадірсіз болуы жұбайына байланысты деп, әйелдің қандай дәрежеде болу керектігіне үн қосады. Сол сияқты әйелдің мінезінің көркем болуы отбасы, отағасы үшін аса қажет деп табады. Жырау бұл жерде «мінезділікке» басымдылық береді, «мінез» сезімдік-мәдени құрылымнан рационалдық-әлеуметтік маңызға ие болады.

Шал ақын өзінің шығармаларында көп көңіл бөлген, жан-жақты сараптаған тақырыптың бірі-әйел жайы. Бұл қай заманда да ең алдымен ақынның шабытын шақырып, қиялын қанаттандырып, ойына ізгілік ұялатып, жүрегін нұrlандыратын, сөйтіп әрдайым аузына жақсы сөз салатын ұнамды ұғым ғой. Оның шығармашылығында әйел болмысы туралы, оның қоғамдағы орны мен маңызы, сонымен қатар оған қойылатын талап пен талғам биіктігі, ар мен ұят, парыз бен борыш сияқты кең ауқымды этикалық мәселелер қойылған. Сондай-ақ, ақынның шығармашылық топтамасында «қылықты қыз», «жұмақтағы хордай келін» бейнесі, әйел болмысына сын көзбен қарау сияқты ойларын көруге болады. Шал ақын да ақ бетіне қан құйған, ерініне бал құйған қыз қылығын өмірдің мәңгілік сәнді бейнесіндей суреттейді. Кейінгі өлеңдерінде де жақсы әйелді ер жігіттің мандайына біткен артықша бағы деп, әр орайда әртүрлі мадақтайды.

Алғаның жақсы болса қара жердей...
Алғаның жақсы болса қорғандай-ды...
Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды...
Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер...
Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас...
Жақсы қатын шығарар ердің атын...
Жақсы қатын алсаңыз,
Алладан жауған нұрмен тең [81, 78 б.].

Үйшілік тұрмыста, басқа адамдармен қарым-қатынаста өзінің сыпайы мінезімен өмірлік серігіне де, ағайын-туысқа да, жора-жолдасқа да қалтқысыз қадір танытатын жақсы әйелдің ақын жырындағы ұнамды бейнелері осылай болып келеді. Ақын адам бақыты өзіңе тең құрбыңды тауып алу дейді. Ондай әйел «саясы мол бәйтерекпен, Алла жаудырған нұрмен тең». Өмір бойы сыйласып, бірін-бірі құрметтеп келген ерлі-зайыпты адамдардың қартайған шақтағы әзіл-қалжыңы да өзіндік жарасым тауып, көңілге жылылық ұялатады.

Шал ақын үй-ішінің берекелі де мерекелі болуына, ерлі-зайыптылардың адал достық пен сенімге негізделген тату-тәтті өміріне назар аударған.

Дегенмен де, ақын өлеңдерінде әйелге айтылатын сын да көп. Көптеген өлең жолдарында әйел мінезсіз, шайпау долы болып келеді, кейде тіпті әйел атына дөрекі сөздер де айтылып қалады. Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын-осы үшеуі ер адамды қартайтатын қырсықтың символындай тіркесіп жүреді. Ол неліктен? Әр нәрсенің себебін де тарихи жағдайдан, әр кезеңдегі қалыптасқан өмір салтынан іздестірген жөн. Сонау көнедегі жаугершілік заманда қазақтың ержүрек қыздары мен әйелдері еркектермен бірге бес қаруын сайлап, сарбаздар сапында жорықтарға қатысты. Үй тіршілігінің барлық қам-қарекеті мен ауыртпалығы әйелдерге қалды. Үй шаруасына үлгеру, бала тәрбиесі, ата-енені бағу, келген қонақтарды күту тағы басқа да жұмыстардың кем-кетігі әйелдің мойнына жүктеледі. Сондықтан оның атына айтылатын сын да көп, тағылатын мін де көп. Бірақ ақынды сол кезеңде ел арасында қалыптасқан ұғым-түсініктерді сол күйінде жеткізгені үшін айыптаудың қажеті жоқ. Сонымен қатар адамның теріс мінезі, жөнсіз қылығы жазғырылып жатса, оның әйел-еркегіне қарамай түпкі тәрбиелік мәнін дұрыс бағалаған да әділ болар еді.

Шал ақын өзінің өлеңдерінде келін туралы да көп пікір айтып кеткен. «Екі келін» деген өлеңінде:

Көшкенде көлік болмас түйе алдында,
Еруде сауын болмас бие алдында.
Ақырған аждаһадай аю келін,
Біз түгіл құдайынан ұялды ма?
Келінде келін бар сара келін,
Кей келін ас бермейтін қара келін.
Кез келгенде түсіріп құрмет еткен,

Анамыздай болмай ма мына келін,-деп екі түрлі келіннің бейнесін сомдаған [80, 132 б.]. Біреуі-ұрысқақ, аюдай ақырған келін, ал екіншісі-сара келін, біреуі ас беруге жарамайтын қара келін болса, екіншісі-анадай қонақжай келін. «Келін жақсы болса, үйіңе көп кісі келеді, келін жаман болса, келген кісі кеткісі келеді», -деп Шал ақын келіннің отбасындағы орны туралы одан әрі тереңдете түседі [80,141б.].

Ал сол кездегі ерлі-зайыптылар болмысындағы болымсыз жайлар да ақын назарынан тыс қалмапты. Екі қатын алғанның дауы үйінде деген бір ғана өлең тармағының өзінде ақынның өз заманындағы, бәлкім, одан да бұрынғы үйшілік тұрмыс-тіршілікте қалыптасқан жәйттердің бәріне бірдей келісе бермегендігін көрсетсе керек. Әйелдің қоғамдағы, отбасындағы ерекше орнын жан-жақты ашып көрсетеді.

Алғаның жақсы болса қорғандай-ды,
Жаман болса, қайтесің сормаңдай-ды,
Атың жүйрік, алғаның жақсы болса,
Астыңда жылжып жүрген жорғандай-ды.
Тыңдасаң жақсы кеңес құлақ құрышы,
Тәтті ұйқы, қалың төсек, жанның тынышы,

Жүйрік ат, түзу мылтық, сұлу қатын,
Мал мен перзент адамның дәулет құсы...

Қарттың сөзі кітапқа жақын деген,

Жер ортада өлмесін атың деген.

Ер ортада өлмесін қатының деген

Жігіттің алған жары жақсы болса,

Иманыңнан басқадан жақын деген...[80, 120 б.].

Отбасының берекелі болуын арман еткен Шал ақын адал достық пен кіршіксіз махаббатқа негізделген тату-тәтті үй іші тұрмысын, бақытты тіршілігін аңсай келіп, адамның бар жақсылығы негізінен алғанда, оның ақылы мен көріп білген тәлім-тәрбиесінде болатындығын айтып, бұл мәселеде үй ішінің ажары да, сәні де, мәні де-дұрыс жар, яғни әйел таңдауға үлкен назар аудару қажеттігін баса айтады.

Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,

Сол болар басқалардан жақын кісің.

Ағайынға, туысқа қайырылса,

Дүниеде нағыз сол ғой мақұл кісің- [80, 120 б.] деп, жар таңдау мәселесіне осылай ақыл-кеңес береді де, жақсы, жаман әйел арасын ашып, ұнамды, ұнамсыз әйелдердің бейнесіне талдау жасайды. Келесі бір шумағында:

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,

Әйелің долы болса күнде өлтірер

Жақсыдан жаман туған бала болса,

Атаға үйде жатқан сөз келтірер-деп екі түрлі әйел бейнесіне сипаттама жасап, өзіндік қорытынды жасайды. Жақсы, инабатты, адамгершілігі жоғары әйел бейнесі мен ер жігіттің түбіне жетпей қоймайтын ұрысқақ, салақ, өсекші әйел, яғни «жаман әйел» бейнесі ақынның басқа өлеңдері мен толғауларында жиі кездеседі.

Қарауыл қана дейтін бір қатын болады,

Таңертең тұрады, түндікті оңынан ашады.

Кетіп бара жатқанға көз салып,

Өтіп бара жатқанды адал алады.

Екінші әйел-қыналы бармақ дейтін

Аз нәрсені көптей қылады,

Көп нәрсені көлдей қылады,

Киіміне кір жұқпайды,

Асына қылшық тұрмайды,

Дүниенің бәрі таза болады.

Ерінің бары, жоғын білгізбейді

Ер егіз, еңбексіз жалғыз деген,

Осы талайлы ердің қолына түседі.

Үшінші әйел-ашып атар, жатып ішер...

Саптама етік көрпікдек,

Сиыр жапасы сырпылдақ,

Сормандай ерге жолығады [82, 143 б.]. Бұл Шал ақынның «Әйел туралы» деген өлеңінде әйелдердің үш түрлі типі туралы сөз болады: қарауыл әйел, іскер әйел, жалқау әйел. Осылай ақын қарауыл әйелді қатаң сынға алса, екінші әйел-бармағынан бал тамған іскер, ұқыпты, пысық әйелдің бейнесін жасаған, ал үшіншісі жаратылысынан жалқау, баяу, ынжық әйел болмысын ашық көрсеткен. Шал Құлекеұлы сомдаған әйелдер бейнесі қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өзінің отбасылық парызын ғана орындайтын қарауыл әйел де, өзінің тапқырлығымен, жинақылығымен, іскерлігімен жанұясының дәулетін арттырып отырған берекелі әйел де, қолынан түк келмейтін, барды ұқсата алмайтын олақ әйел де жетерлік.

Жақсы және жаман әйел бейнесін көбірек жырлаған Шал ақын шығармашылығы өзіне дейінгі және өзінен кейінгі ақындар туындыларымен тұтаса жалғасып жатыр.

Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды,
Өз байынан басқаны ұнатпайды,
Үйіне мейман түссе, хош келдің деп,
Еш адамнан рұқсат сұратпайды.

Жаман әйел байымен ұрысады,
Мейман келсе қабағы тырысады.
Бұл үйден шай ішкенмен оңбассың деп,
Мейман байғұс басқа үйге жылысады.

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
Әйелің долы болса күнде өлтірер.
Жақсыдан жаман туған бала болса,
Атаға үйде жатқан сөз келтірер.

Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас,
Осал жігіт әйелге беттей қоймас.
Жауыз қатын қабаған ит сияқты,
Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас [83, 97 б.].

Шал ақын-біздің дәстүрлі қазақ ұлттық дүниетанымымызда әйел-ана тақырыбын, ел болудың, іргелі халық болудың үлкен идеясын тарата отырып, кеңінен көтерген өз заманындағы кемел суреткер ақынымыз деп танылуға лайықты. Өйткені, бұл әуелден ақырға дейінгілердің қай қайсысының да ешқашан ойынан кетпейтін, әрқашанда да өзекті күн тәртібінен түспейтін басты тақырып және бұл тек қана күн көріп, тірлік кешудің күнделікті күйкі мәселесі емес. Шал ақын өз өлеңдерінде әйел-ана тақырыбын көтере отырып, бүкіл қоғамның тәрбиесін әйел ұғымымен байланыстырады. Отбасының ұйытқысы әйел екенін, жақсы әйел мен жаман әйелді салыстыра отырып көрсетеді. Жаман әйелдің ұйқышыл, салақ келерін айтып, әйелдің ақылына қарап таңдауға үндейді. Қазақ қоғамындағы әйелдің алар орнын Шал ақын шығармаларынан анық аңғаруға болады.

Жақсы және жаман әйел, жар таңдау тақырыбын Бұқар жырау да өз өлеңдерінің өзегіне айналдырған:

Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,

Топқа кірер ұл тумас [84, 52 б.]. Бұл жолдардан қазақ әйелінің әлеуметтік мәртебесінің жоғары болғанын және оның қоғамға тигізетін әсерінің маңызды екенін аңғаруға болады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ақындар арасында әйел адамдардың да аттарын көптеп кездестіруге болады: Ақкенже (Ақ әже) ақын, Алмажан, Ұлбике ақын, Тыныс қыз, Зейнеп ақын, Күмпие қыз, Майра, Сара және т.б. Тарихта ақын-қыздардың есімдері айтыс арқылы қалды, мысалы Шал ақын мен Дегдар қыз айтысы, Сауытбек пен Майса қыз айтысы, Қиса-Балсан айтысы, Ұлбике мен Күдеріқожа айтысы, Заманқожа мен Ұмсын қыз айтысы, әйгілі Біржан-Сара айтысы және т.б. Айтыстардан қазақ қызының жеке басының құндылығын, еркіндігін сезінуін аңғаруға болады және көп жағдайда өнердің күрделі бұл жанрында жас балауса қыз жеңіске жетеді. Осылай, ақындық өнердің шоқтығы биік кезеңінде қазақтың қыздары да тұрғанын атап өтуге болады. «Айтыс, шешендік өнер қазақ философиясының негізгі бір бөлігін құрайды. Бұларсыз қазақ философиясының дамуын көз алдына елестету өте қиын» [85, 79-82 бб.].

«Қазақ ақын-жырауларының шығармашылығындағы әйелдер тақырыбын зерттеудің қазіргі қазақ қоғамы үшін маңызы зор деп үлкен сеніммен айта аламыз. Жыраулардың шығармаларында қазақ әйелінің ошақ иесі, отағасының ақылшы кеңесшісі және ұлт пен елдің баға жетпес байлығы ретіндегі жоғары әлеуметтік мәртебесі айқын көрінеді» [86, 165 б.].

Қорыта келгенде, даналық пен түсінік түріндегі қазақ философиясын қалыптастырған ақын-жыраулар шығармашылығында ер мен әйелдің дүниедегі орны туралы озық көзқарасты көреміз. Қазақ халқының рухани құндылықтарын қалыптастыруда ақын-жыраулардың рөлі ерекше болды.

2.3 Қазақ ағартушыларының шығармашылық мұрасындағы әйел болмысының сомдалуы: философиялық-антропологиялық талдау

XIX ғасырда қазақтың ескі өміріндегі жағымсыз әдеттердің құрбаны болған әйелдердің аянышты тағдырына жанашыр болып, кесепаттың тамырына балта шабар кездің таяу қалғанын батыл жырлаған қазақтың біртуар ағартушылары – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев болды. Әйел теңдігі мәселесі туралы сөз қозғағанда олар мына жағдайларға ерекше назар аудару керектігін ескертеді: әйелдердің саяси құқығының ерлермен тең болуы, қалың малдың жойылуы, он алтыға толмаған қызға құда түспеу және т.б.

Қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушысы Шоқан Уәлиханов қазақ қыздарының теңсіздігін үлкен әлеуметтік мәселе деп танып, ол туралы батыл түрде өзінің пікірін білдірді. Қазақта қыздарын тым жас кезінде және көбінесе, олардың ықтиярынсыз күйеуге беру сияқты сөлекет әдет бар екендігін айта отырып, осы іске ел басқарушылар, патша әкімдері араласып, белгілі бір заң шығарса, жасы жетпеген ұлдар мен қыздарды дін жолымен зорлап қосуға тиым салынса деген пікірлерін білдіреді. Бұл – сол кездегі қоғамдық құбылыстың сырын түсінген батыл, озық ой болды. Ш.Уәлиханов өзінің «Сахарадағы мұсылмандық туралы» еңбегінде осыған орай: «Үкіметтің неке қидыру және бұздыру істерін молдаларға тапсыруына түрткі болған себеп, мүмкін, қазақтардың тұрпайы әдет-ғұрпы, өздерінің қыздарын күйеуге тым жас кезінде, көбінесе олардың келісімінсіз берілетіндігінен болса керек. Қазақтар кейде өздерінің балаларын бесікте жатқан кезінен атастырып қояды. Біздің байқауымызша, бұл әдет мұсылман дін басыларының қатысуынсыз-ақ өзгертілген болар еді, тек ол үшін аға сұлтандар мен басқарушыларға жауапкершілік үрейі астында қазақтардың қыздарын белгілі бір жастан ерте ұзатуына, әкелері өздерінің ұлдары мен қыздарын олардың жеке басының ықтиярынсыз некеге түсуге мәжбүр етпеуіне және т.б. қатаң бақылау қоюын тапсыру қажет» деген ой айтады [87, 201 б.].

Шоқанның пікірін Ыбырай Алтынсарин жаңғырта, жаңарта түсті. Ол қазақ топырағында қазақ қыздары үшін арнаулы оқу орнын ашып, игі істің бастамасын жасады және өз шығармаларында ананы қадірлеп, сүйе білуге үйретті. Олар өнер-білімге жетелесе, олар өздерінің өз бас бостандығын өзі қамтамасыз етеді деген ағартушы-демократтың идеясын басым ұстады. Өзінің «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» деген еңбегінде қазақтың ескі әдет-ғұрпына батыл наразылық білдіреді: «Бұл көп қатын алудың себебі, діннің жол беруін былай қойғанда, мынадай себептерден де болады: әйелін өзі сүйіп алмай, ата-аналарының қосуы бойынша алған қазақтар, мұндай әйелінен өзі сүйетін қасиетті әрқашан таба бермейді. Осының салдарынан ондай ерлі-зайыпты адамдардың арасы суыйды, шығысады, сонан кейін күйі көтерсе, ол екінші әйел алады, бұрынғы әйелін де өзіне қалдырады. Әйелінен айырылып қалған қазақ екінші әйел алады, алғанда екінші қайын атасына айып төлеп алады. Бұл

айыптың белгілі мөлшері жоқ, бірақ солай бола тұрса да, көбінесе, қымбатқа түседі. Қазақ қызы әйелі өлген адамның айттыруын өзіне кемшілік санайды. Ондай күйеу «үйі сынық» деп аталады, бұл оның күйзелгенін көрсетеді» [88, 125 б.].

Ұлы ойшыл ақын Абай әйел тақырыбын бұрын болмаған дәрежеде дамытып, әйел бейнесін сомдауда үлкен төңкеріс жасады және әйелді қоғамда өзіндік орны мен рөлі бар әлеуметтік күш деп есептеді. Ол өзінің ұлылығын да, нағыз реалист екенін де әйелдің қоғамдағы орнын айқындау мәселесінің айналасында көрсете білді. Әйел теңдігі тақырыбы Абай өлеңдерінде кең қамтылып, жалпы адамгершілік идеясымен қабысты. Абай бұл мәселелерді көтеруде де өзінің жаңашыл, еркін ойлы ақын екенін көрсетті. Ол қазақ қызының теңсіздікті басынан кешіріп, теңіне қосыла алмай келген ауыр халіне күйінішін білдіріп, осыған наразылық белгісі ретінде аянышты сезімге толы өлеңдерін арнады.

«Масғұт» поэмасында әйелді қоғамның тең мүшесі ретінде қарап, оның ана, ақылшы, жанашыр, сүйген жар, үй-ішінің ұйытқысы ретіндегі ролін жете түсіндіреді. Әйелді адам ретінде жоғары бағалап, гуманистік ойын танытады. Бұл еңбегінде Абай әйелдің отбасыда және қоғам өміріндегі орнын мейлінше жоғары бағалайды. Ол әйел мен еркектің тең дәрежедегі достығын, үй ішінің бірлігі мен әйелдің қоғам өміріндегі орнын терең түсініп, мәселеге осы жағынан қарайды. Сондай-ақ, ұлы ақын «Евгений Онегин» романын аудару арқылы қазақ әйелдеріне адал жанды, сырлы орыс қызының бейнесін танытты. Яғни, Пушкиннің Татьянасы қазақ даласына келді, Татьяна әні қазақ сахарасында шырқалды.

Абай үйлену, ерлі-зайыпты болу ісіне немқұрайлы қарауға, мал беріп алғанның бәрі жар болып, дос болып өмір сүре алады-мыс деген ескі түсініктерге қарсы шығады. Ақын достық пен махаббатқа бөленген тең, тату-тәтті ерлі-зайыпты өмірді мақұлдап, жүрек епке де, малға да, күшке де көнбейді, күні өткен кәрі мен уылжып тұрған жас келісті өмір сүре алмайды деп, қалың мал салтына батыл наразылық білдіреді. Абай өзінің шығармаларында әйелді біреуге ана, біреуге қарындас, қыз, біреудің қорғаны, ақылшысы, жанашыр қымбаты, сүйген жары деп дұрыс түсіндіреді. Абай адамды қорлауға, бірін ер, бірін әйел деп бөліп кемсітуге қарсы. Әйел бейнесін сомдауда, оның өмірдегі орнын бағалауда Абай өзіне дейінгі ақындардан шеберлігін асырып, әйел тақырыбы мәселесі оның поэзиясының басты өзегіне айналды. Абайға дейінгі ақындардың махаббат шығармалары қыздың сыртқы сұлулығын мүсіндеуден аспайтын да, қыз бейнесін оны сүйген жігіттің нысаны ретінде кейіптелетін. Ал Абай поэзиясында әйел бейнесі сүйе, күйе білетін кейіпте ғана емес, өз бойын құрсаған сезім туралы сыр ақтара алатын жанды кейіпте бейнеленді. Абай қазақ қызының шынайы бейнесін жасады. Оның қиялынан туған қыз бейнесі бұрынғы аңыздар сомдаған шығыс поэзиясына тән хор сұлуы емес, ұлы ақынның шебер қаламынан қиылып жасалған нағыз дала мінезді, әдемі де биязы мінезді, қазақы қалыптағы сұлу тұлғасымен мұңдалады.

Абай әйелдер образын жасау барысында олардың тағдырын ғана емес, сонымен қатар әйел бейнесі қандай болуы тиіс екенін де сөз етеді. Бас абайтанушы М.Әуезов: «...Семьяға, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, әйелге жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет соншама моральдық тереңдікпен айтылады, Шығыс әйелдерінің халық поэмалары мен тұрмыс-салт жырларында суреттелетін қайғылы, бақытсыз халі Абай творчествосында жаңа мағынаға ие болады. Өз поэзиясында Абай әйелдің жан-жүйесін көрсетеді, ал бұл жөнінде бұрынғы поэмалар мен жырларда аз айтылатын да, әйелдің қасіретті тағдырына сырттай ғана баса көңіл бөлінетін. Абай сүйген адамын өзі қалаған әйелдің махаббаты қаншалықты жан тебіренерлік, кіршіксіз таза, терең болатынын, оның қиыншылықпен қолы жеткен бакыты үшін күресте қажырлы, берік екенін көрсетеді. Абай қазақ әйелін, ананы отбасының тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын көңілмен берілген достыққа беріктігін, оның адал, тамаша жанының тұтастығын мадақтайды. Қалыңмалға, көп қатын алушылыққа, әйелді күндікте ұстаушылыққа жан-тәнімен қарсы шыға отырып, ақын әйелдің қоғамда тең праволы болуы үшін күреседі» [89, 52 б.].

М.Әуезовтің осылайша баға беруі оның Абай дәуірі мен Абайға дейінгі және өзінің заманындағы поэзияны жетік меңгере білгенін аңғартады.

Терең ойшыл философ Абай өлеңдерінде әйелдерге деген құрмет арта түседі. Олардың тәні мен қоса жан сырын да, ішкі әлемін де көркем шеберлікпен суреттеуі ақынның өзіндік стилін танытады. Оның дүниесіндегі ең қымбат санайтыны – адам, оның ішінде аяулы ана, сүйген жар. Сондықтан да әйелді адам ретінде жоғары бағалауы – ақынның озат ойының жемісі.

Дара да дана Абайдың өлеңдерінде әйел бейнесінің қандай екендігі ғана емес, сондай-ақ әйел бейнесі қандай болмақ керектігі, оның бойынан нендей қасиеттер табылуы қажеттігі мен әйел көркі неде екендігі айқын сипатталады. Ақын өз өлеңдері арқылы қазақ қызының болмысын жасауға ұмтылады. Жалпы ақын поэзиясында отыздан аса өлеңдерінде әйелге деген сезімі айтылады. Абайдың басты идеясы қазақ қызының, жалпы әйелдің болмысын қалыптастыру. Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы әйелдер бейнесін жырлауда иронияны да қолданған. Келемеж түріндегі ақын өлеңдерінің қатары мынандай: «Қыздарға», «Қатыны мен Масақбай», «Әйелің-Медет қызы, аты Өрім», «Қара қатынға», «Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған» және т.б.

Абай кей заманның ащы шындығын осылай танытқысы келеді. «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

Етімді шал сипаған құрт жесін де,
Жартастан қыз құлапты терең суға
Сән-салтанат жұбатпас жас жүректі,

Кім де болса тұрғысын көксемек-ті, [90, 48 б.]– деп «тең-теңімен» деген мәтелдің шын мағынасындағы мәніне назар аударып, махаббат бостандығын биік ту етеді. Онда қыздың қалың малға сатылып, шалға еріксіз тиюі, жас өмірі қор болған қазақ қызының аянышты халі, әділетсіздік, қорлық пен зорлық жырланады. Қанша байлық пен сән-салтанатта жүрсе де, хан сыйлаған алтын-

күміс алқаға алданбай, өз ары мен намысын жоғары ұстаған қыздың әділетсіздік пен зорлық атаулыға наразылығын жақтап, қорлықта жүргеннен гөрі өлгенді жөн көрген қыз шешімін қолдайды. Сол әділетсіздікке себеп болып отырған қоғам тәртібі, соны қолдап отырған үстем тап, ескі салт, малға сатып жас қыз алуға құмар шалдар қылығы сыналады, екінші жағынан әйелдің бас бостандығын, махаббат мәселесін айрықша мәселе етіп көтереді. Әйелді малға сату ең надандық, адамның адамдық қасиетін бағаламағандық, махаббатты малға сатып алуға болмайтындығын, махаббат саудаға салатын нәрсе емес, ерікті болу керек деген қорытынды шығарды. Абайдың бұл көзқарасы сол кезде қазақтың өз ішінен шыққан алдыңғы қатардағы адамдардың тілегімен, бүкіл халық тілегімен, әйелдің бас бостандығын көксеген дүниежүзіндегі адамгершілік көзқараспен ұштасады. Абайды әйелдің бас бостандығын жақтаған қазақтың бірінші ақыны деп толық айта аламыз. Ақын, көбінесе, әйел мен еркектің теңсіздігін жас айырмашылықтарымен өлшейді. Малына сатып қыз алған шал «мезгілі өткен дәуренді қуалаған», «қу сүйек», «қурай» бейнелерінде суреттеліп, ол «кек балдырған» жасқа қарсы қойылады. Тағы да "Бұқа буға, азбан дуға" деген сөзді де арасында қолданып өлеңнің философиялық мағынасын тереңдете түседі. Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз? дей келе өлеңін аяқтайды. Абайдың бұл айтқаны сол кездегі, онан бұрынғы және соңғы кездегі өмір шындығы болатын. Ақын мұны көре де, сынай да білді. Әйел жөніндегі әлеуметтік теңсіздік Абайдың жанын ауыртқан мәселенің бірі болды. Абай осы өлеңінде әйелдердің сол замандағы қоғамдық тәртіптің заңдарына қарсы бой көтере бастауын суреттеген болатын.

Ақынның ой түйіні: «Кімде-кім үлкен болса екі мүшел, мал беріп алғанменен қатын емес», «Екі көңіл арасы – жылшылық жер, оны қайтып қосады ол ант атқан» деген жолдардан танылады. Өлең тақырыбы қазақ өмірінің шындығынан алынса да, оған сол кезде Абай ден қойған орыстың демократтық реалистік әдебиетінің әсері болғаны байқалады. Абай да суға құлап өлу арқылы қыздың әділетсіз қорлықтан құтылуын құптайды. Өлең өз заманы үшін зор жаңалық болып саналады. Қазақ әйелі басындағы теңсіздік күйді дәл осы үлгіде, осы идеяда, осындай көркемдік шешіммен Абайға дейін ешкім жазған емес. Өз ортасының кертартпа салттары мен әр қилы мінездерді өткір сынаған ақын қыздарды теңіне қоспай, малға сатып жасы үлкен адамдарға беруді тозған, күні өткен ғұрыптың кеселі деп біледі. Соның бүгінде орын алып отырғанына ызаланады. Сондықтан ол «Ортасында бұлардың махаббат жоқ, тұсап қойып қашырар бұқа ма екен?» деген дөрекі сөздерге де барады. Бір тамашасы - Абай осы қылықты жалпы қазаққа, шал атаулыға таңбай, байлардан көреді. «Бай қартайса, малына берер шылбыр, Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр, Біреудің қызын алып, малға сатып, Баяғыны іздеген қандай құрғыр» - дейді.

Абайдың эстетикалық идеалын толық аңғартатын шығармаларының бірі – «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» атты өлеңі. Бұл өлең ақынның әр алуан өмір құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынас, мінез-құлықтарды бақылай келе, көп ойланып, терең толғанып, өмір арқылы түйген

қорытындысы, келешек үшін айтылған ең соңғы сөзі тәрізді. Бұл өлең жігіттерге кеңес беру мақсатында жазылған, алайда негізгі мазмұны әйелдердің жан дүниесі ұлттық, қоғамдық деңгейде емес, жалпы адамзат руханияты дәрежесінде шырқалады.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!-Абай жігітке нәпсіден аулақ болуды, әйелдің құр сырт көркіне қызықпауды, аылына, мінезіне көңіл бөлуді өнеге етеді.

...Жасаулы деп, малды деп байдан алма,

Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма [91, 39-41бб.].

Осы шумағында ақын қыз теңдігін, қоғамдағы теңдікті жырына ту етіп қадайды. Әділдікке құлшынысын ашық білдіреді. Таптық мүдде жойылып бейбіт, тең дәреже орнауын аңсайтынын жасырмайды. Осылайша, ұлт болашағы мен дәуір бейнесі жөнінде толғанған ақын қыз тәрбиесі мен әйел-жар мәселесіне де ерекше көңіл бөлген. Қыздың әсемдігін, көріктілігін, сымбаттылығын ерекше жырға қосса да, әйелдің сыртқы көркінен ақылын, мінезділігін жоғары қойып, әйелді жыныстық серік ретінде емес, өмірлік серік, жар, дос ретінде тану керектігін тәлім қылады.

«Абай махаббат мәселелерін де терең толғайды. Ұлы Абай махаббатты экзистенциалдық тұрғыдан терең түсінді. Абайдың «махаббатсыз дүние бос» дейтіні сондықтан. Махаббат туралы ой міндетті түрде өмірдің мәніне, болмысына бастап апарады. Абай махаббат адамның жарамсыз қылықтарынан тазаратын күш екеніне кәміл сенген. Бірақ қазақ даласына ол «махаббат» поэзиясы» ретінде сіңген болатын» [92, 57 б.].

Пәк махаббат, махаббат үшін құрбан болу ежелгі қазақтың «махаббат философиясынан» қалған дәстүр. Абайдың махаббат лирикасының асыл туындысы болып табылатын мына өлеңінен осы дәстүр айқын көрінеді.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да,

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,

Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,

Шыдайды риза боып жар ісіне

Қорлық пен мазағына табынса да [91, 131 б.].

Сүйіспеншілік, махаббат мәселесін де биікке көтере жыр еткен бірінші ақын Абай екендігін көреміз. Феодалдар үстемдік еткен қоғамдық құрылыста махаббат-сүйіспеншілік мәселесін жыр ету фактісінің өзі кезінде үлкен прогрессивтік нәрсе еді. Өйткені мұның негізі, түптеп келгенде, әйелдің бас бостандығымен байланысты. Екіншіден, үстемдік етуші феодалдық қоғам

әйелдердің азаматтық құқығын мүлде жойып, белгілі нарық қойып, сатып алуға болатын тірі мүлік дәрежесіне жеткізген дәуірде санаға сіңген кертартпалыққа тайынбай қарсы шығып, әйелдің қоғамдық өміріндегі ролін көрсетумен қатар, олардың ерлерден еш кем түспейтін сезімін ерекше жыр етіп, сүйіспеншілік, махаббатты дәріптеудің өзі ескішілдікке дәл тиер ауыр соққы еді.

Қандай тақырыпты сөз етсе де, жеріне жеткізе жырлайтын зор талант иесі Абай махаббат мәселесін де үлкен шеберлікпен жыр етті. Өмір шындығына табанын нық тірей отырып, бұл мәселені кейде романтикалық асқақтық дәрежесіне шейін көтерді. Бұл тақырыпқа жазған ақынның өлеңдерінің қайсысын алсақ та оқырмандарының эстетикалық сезімін оятарлық асқан ісмерлікпен жазылғандығы даусыз.

Абайдың махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінің ішінде оның эстетикалық идеалын айқындайтын өлеңдер де жиі кездеседі. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым» тәрізді Абай өлеңдері тек қана сұлу қыздың бейнесін жасау үшін ғана емес, сонымен қатар ақынның әдемілікке көзқарасын да көрсетеді.

Абай өз өлеңдерінде әйелдің сұлулығын көркем бейнелейді. «Абайдың «сұлулық» концептісін сипаттауы төмендегі тіркестер арқылы көрінеді: кең маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, қызыл жүз, қара көз, имек қас, қараса жан тоймас, аузың бал, қызыл гүл, ақ тісің кір шалмас, иісің-гүл аңқыған, нұрың-күн шалқыған, үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, аласы аз қара көзі нұр жайнайды, ақша жүз, алқызыл бет, маңайдан тура түскен қырлы мұрын, қолаң қара шашы бар жібек талды, торғындай толқын ұрып көз таңдайды т.б. Аталған тіркестерден қазақ халқының сұлулық туралы ұғымына сай мағыналар айқын аңғарылады. Олардың бірқатары халық санасында бұрыннан қалыптасқан етене жақын тұрақты сөз тіркестері болса, енді бірқатары ақынның өз қолданысындағы сөз өрнектері. «Сымбаттылық» концепциясы Абайдың суреттеуінде былай көрінеді: Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,

Болады осындай қыз некен-саяқ
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.
Қыр мұрын, қыпша бел,
Солқылдар соқса жел» [93, 61 б.].

Өз заманында қазақ даласында өктемдік жүргізген, қылышынан қан тамып тұрған уақытта Абай әйел болмысының сақталып қалуына өз үлесін қосты. Оның сол кездегі табандылығы бүгінгі қыз-келіншектердің қандай болмақ керектігін көрсетеді. Сондықтан да Абайға әйелдер бейнесін, олардың бойындағы сұлулық сырларын сөзбен сипаттау немесе кескіндеу, болмаса соның үлгісін көрсету, этикалық-эстетикалық талдау, әлеуметтік мағынасын ашу оңайға соқпады.

Абай кезіндегі, не өзінен бұрынғы қазақтың әдемілікке көзқарастарын тамаша түрде қорыта келіп, қандай әйелді әдемі деуге болады деген сұраққа жауап іздейді, оның жауабы - «әдептілік, арлылық, адамгершілік» болады. Абайша, әдемі әйел осындай болуы керек. Сайып келгенде, Абайдың эстетикалық идеалы - тек дене сұлулығы ғана емес, жан сұлулығы. Бұл мәселе жөніндегі Абайдың тірелген жері осы деуге болады.

Абайдың ұлылығы оның әйелдер бейнесін ақиқатпен жазуында. Абай жырлаған әйел тұлғасының қасиеттері кез келген қыздың бойынан табылуы керек. Себебі, Абай ғана осыны аңсамады. Бұл, Абай бейнелеген образ-нағыз қазақ қызының сомдалуы болатын.

Ағартушылар әйел теңдігіне көптеген шығармалар арнады, теңсіздікпен күресті, ашық майданға шықты. Алайда, бұл кезеңде әйел теңдігі мәселесі ішінара сөз болғанымен, әлеуметтік күрес дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Бірақ белгілі бір қозғалыстың бар екені сезілді. Бұл қозғалысты тудырған, оны ары қарай дамытқан ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялылары болды.

2.4 ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының шығармаларындағы әйел теңдігі мәселесі

ХХ ғасырдың басында Қазақстанда мәдени-ағартушылық идеялардың өркен жайып, зиялы қауымның қалыптаса бастаған кезі болатын. Бұл кезеңде әйел теңдігі мәселесі жалпы әлеуметтік ескі феодалдық салт-сананың шырмауынан шығып, сүйгеніне қосылуы-әлеуметтік күрес майданының көтерген ұрандарының бірі болды. Қазақ даласында, қазақ топырағында әйел теңдігі мәселесі ақын-жазушылардың туындыларында көрініс тауып, әлеуметтік өмірдің шындығы ретінде талқыланып, өріс ала бастаған уақыт заман талаптарының жаңара бастауымен, жаңа қоғамдық формациялардың келе бастауымен бой көтергені мәлім. Ескіліктің қалдығындай болған үрдістердің бірте-бірте шегіне бастауы, сол замандардағы зиялы қауымның тозығы жеткен салт-дәстүрлерді сынға алуы, қазақ қыздары мен әйелдерін білім алуға, өз құқықтарын білуге шақыруы гендерлік саясатқа мән беруге бағдарланған алғашқы қадамдар болды. Бірақ, дегенмен, қазақ даласындағы әртүрлі кезеңдердегі «әйел тағдыры» түрлі қарама-қайшылықтарды да басынан кешкені жасырын емес. Еріне серік болған әйелдің, өкінішке орай, барлық жағдайда қадірі бірдей болып, кісілік келбеті, ар-иманы, адами-азаматтық тұғыры жоғары дәрежеде бағалана бермегені аян. Мұндай көзқарасты Алаш арыстары өз шығармаларында аяусыз сынаған. Осы тұста қазақтың санасын оятатын туындылар, әйел образын жаңа қырынан суреттеген шығармалар дүниеге келді. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» дастандары, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, Бейімбет Майлинның «Шұғаның белгісі», Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» т.б. көптеген туындыларда әйел теңдігі мен оның

нәзік болмысы суреттелген, қазақ қыз-келіншектеріне камал-қорған болу ниетінен, қатыгез, зорлықшыл билік пен қоғамдық қатынастарды әшкерелеу идеясынан туындаған мәңгілік шығармалар. Бұлар бір тақырыпта жазылған шығармалар болғанымен, әр романның идеясы бірін-бірі қайталамады, толықтырып отырды. Романдардан әр жазушының өз идеясы, өз жаңашылдығы бар екендігін, олардың өз заманындағы келелі мәселелерді көтергендерін көруге болады. Олар қазақ прозасына жаңа тақырыптар мен идеялар, мінездер ғана алып келген жоқ, сондай-ақ оны интеллектуалдық тұрғыдан да байытты, оның өрісін кеңейтті, сөйтіп, қазақ халқына өздері өмір сүріп отырған заманның шындығын ашып берді. Аталған қаламгерлер әйел бейнесін әр қырынан сипаттауға тырысты. Бірі жарына адал, отбасының ұйытқысы ретінде бейнеленсе, екіншісі жүрегі елім деп соққан, халқы үшін қасықтай қанын төккен қаһарман әйелдің бейнесін сомдайды. Сонымен қатар, тура жолдан адасып, қателікке бой алдырған қыздардың бейнесі де жоқ емес. Осындай шығармалар арқылы сол кездегі және қазіргі замандағы әйел типтерін көруге мүмкіндік аламыз.

Әйел тағдыры – қай заманда да өзекті мәселелердің бірі. Қазақтың көрнекті ақын-жазушылары да философияның негізгі мәселесі – адам және оның әлемдегі алатын орны мәселесін, адам факторын, адами құндылықтарды басты нысан етіп алған. Мәселен, дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер әйелдің халімен өлшенген. «Отаршылдық», «құндылықтардың жойылуы», «ғылымның дамуы», «қала мәдениетінің қалыптасуы» – бұлар ХХ ғасырдағы қазақ тұрмысын сипаттайтын басты белгілер. Міне, жаңа ғасыр әкелген ұлы өзгерістердің барлығы көрініс тапқан. Осы орайда ұлттың анасы, ұрпақтың тәрбиешісі, әулеттің аяулысы болған қазақ қызының тағдыры айрықша назарға ілікті. Себебі қоғам алдымен әйелдің болмыс-бітімін өзгертті. Қазақ әйелі де оқуға барды, ерлермен бірге қызмет істеді, киім кию үлгісі өзгерді, өмір салты қалалық өркениетпен байланысты. Бұның өзі тұрмыс-тіршіліктің оң өзгерісімен қатар кемшіліктерін айғақтады. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов әйелдің рөлі мен хал-жағдайы туралы былай дейді: «Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда алғашқы сөзімді қайта айтамын. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағілімді, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйеліңнің халін түзе» [94, 9 б.]. Сонау 1917 жылы жазылған бұл сөздер бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. М.Әуезовтың «Адамдық негізі – әйел» деп жар салуы тегін емес.

Осы кезеңде әйел теңдігінің жалпыұлттық деңгейде көтерілуінің мәні ұлт бостандығының бір сипаты ретінде танылуында болды. Ескіліктің тырнағында

қалып жараланған жастардың махаббат еркіндігі ұлт болашағы үшін маңызды еді. Осыны сезінген талантты қаламгерлердің барлығы дерлік бұл тақырыптан тыс қала алмады.

Роман жанрының алғаш қалыптасқан кезеңінде нәзік жандылардың тағдыры шығарманың негізгі арқауына айналып, қазақ қаламгерлерінің шеберлігі мен көркем ойлау жүйесі әлемдік деңгейдегі үздік романшылардың деңгейінен еш кем емес екендігін дәлелдеді.

Әйел тақырыбын өзек еткен алғашқы прозалық шығармалар Еуропа қаламгерлерінің туындыларынан дараланып тұрады. Себебі әр шығармада әр ұлттың өз танымы мен түсінігі берілген. Мәселен, қыз баланы ерекше қастерлеп-қадірлеген қазақ халқы тәрбие мәселесінде қызға қырық үйден тыйым жасағаны белгілі. Шығармаларда қазақ қызының образы ұлттың салт-дәстүрімен, құндылықтарымен сабақтаса суреттеледі. Алайда отаршылдық әкелген дала өміріндегі өзгерістер алдымен қазақ әйелін бұзғаны анық аңғарылады. Материалдық жағынан азып-тозып қана қоймай, рухы әлсіреген халықтың аянышты халі қаламгерлердің шығармаларына арқау болады.

«Қазақ қоғамындағы әйелдің орны өткен ғасырдың өзінде өзге мұсылман елдеріндегі ахуалмен салыстырғанда анағұрлым прогрессивті, жаңа тілмен айтсақ, демократиялық талаптарға жақын болғаны белгілі. Алайда, тарихтың желі теріс соғып, қазақ елі отарлық қамытына тап болған кезеңдерде қалың жұрттың, әсіресе, әйелдің тауқыметі көбейе түсті. Әйел теңсіздігіне қарсы күрес ұлт зиялыларының ұлт мақсаттарының бірі болатын» [95, 5 б.].

Қазақ қызының тәрбиесі мен әйел теңдігі Алаш зиялыларының еңбектерінен көрініс тапқаны ақиқат. Алаш зиялыларының әйел мәселесіне мезгіл-мезгіл оралып, басылым беттерінде өзекті мақалалары мен өлеңдері шыққан соң, Кеңес өкіметі тарапынан қолдау тауып, әйел теңдігі беріліп, олардың құқықтары қорғалған болатын. 1917 жылы 21 шілдеде Орынборда өткен жалпы қазақ съезінде Алаш Орда әйелдердің қоғамдағы өмірі туралы шешім қабылдап, мынадай тұжырымдарға келді:

- әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек;
- әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті;
- некеге тұру жасы 16-ға дейін ұзартылуы;
- молданың 16-ға толмаған қыздың, 18-ге толмаған жігіттің некесін қиюға құқығы жоқ;
- неке екі жақтың келісуімен қиылады;
- жесір әйелдерді күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды;
- бірінші әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды [96, 405-407 б.б.].

Осы съезде ұсынылған идеялар ол заманда әйелдердің тығырықтан шығатын басқа жолы болғандығын көрсетеді. Ескі салт-сана мен әдет-ғұрыптың күйрей бастағаны, әйел рөлінің өзгергені көрінеді.

Әйел үні тек XX ғасырдың басында ғана айқын шыға бастады. Осы уақытта «әйел мәселесін» шешуге талпынған қазақ әйел журналистикасы пайда болды. Әйел теңдігі тақырыбы сол кездегі әйгілі «Еңбекші қазақ», «Таң»,

«Қызыл Қазақстан» атты басылымдарда кеңінен жариялана бастады. Қазақ тілінде үзбей шығып тұратын «Айқап» журналының беттерінде жарияланған Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қазақ қыздарының аталарына», «Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз» атты арнайы мақаласы мен «Қыз батасы» атты өлеңі, Күләйім Өтегенқызының «Қазақ қыздарына», Мәриям Сейдалинованың «Зарлау» және «Тұр қазақ!» атты өлеңдері арқылы қазақ даласына келген кеңестік жаңа заманның жаңа өмір мен жаңа мәдениетке деген қазақ қыздарының ішкі сұранысын, өзіндік ойын байқауға болады. Оған тамаша айғақ-дәлел «Қазақ» газетінің 2 жасқа толуына орай жазылған құттықтау хаттағы Нәзипа Құлжанованың тілегі. «Мен қазақ әйелі болғандығымнан, – дейді Н. Құлжанова, – «Қазақ» газетасының берекелі жұмысын әрі апаруға екінші жылға аяқ басқанына қуаныш етіп, аз ақшамен ауданды ұлтының игілігіне іс бастаушыға, оған жолдас, тілектес болып көтермелеп көмегінде болған барша бауырларыма, көңіл ризалығын білдіріп, тәңірі жарылқасын айтуды борышым деп білдім. Ескі рәсім салған ауырлықты илеп азбастан, еркектің серіктігіне жарап, жақсылық, жамандықты бірге атқарып келе жатқан, ақылды, ақ көңіл, көнбіс, кеңшілік, бауырмал қазақ әйелдері, еркекпен қатар білім білсе, ерлер ұлт үшін жүрген жерінде, оларды қалмай қатарында жүріп іс етуге жарар. Сондықтан жұрттың теңдікке жетуін көздеген ардақты бауырларым, сол жұрттың анасы әйелдердің де ерлерден қалмай, қатарында жұрт ісін етерлік дәрежеге жету жағын да ескерусіз қылмаңыз!»

1925 жылдың мамыр айынан бастап «Теңдік» газеті шыға бастады. Газеттің редакторы татар әйел училищесінде білім алған, алғашқы журналист-редакторлардың бірі Сара Есова болды. Газет 1926 жылы қаңтардан ай сайын шығатын «Әйел теңдігі» журналына айналды. Журналдың негізгі мақсаты-қалың малға, әмеңгерлікке, көп әйел алушылыққа тиым салу туралы декретін бұқара халыққа түсіндіру, әйелдердің қоғамдық өмірге араласуын насихаттау болды. Журналды шығару жұмысына С.Мұқанов белсене қатысқан, кей нөмірлеріне редактор ретінде Бейімбет Майлин қол қойған. Кейіннен журналға Нұржамал Саналиева, Нағима Арықова басшылық етті. Журналдың редколлегия мүшелері Мариям Бектембекова, Зайда Ақышева, Зейнеп Тоқберлинова, алғашқы әйел қоғам қайраткерлерінің бірі-Алма Оразбаева, педагог-ғалым, жазушы-аудармашы, журналист, Ахмет Байтұрсынұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин сияқты ой-парасат иелері өлең арнаған Нәзипа Құлжановалар болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров ағалық мейіріммен:

«Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.

Және бар әйелге хас нәзік сезім,
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,
«Н- ға» деп өлең жазып, жайған даңқын...»-деп арнау өлең жазған [97, 191 б.].

1932 жылы журналға жауапты хатшы болып Мариям Хакимжанова келді. Журналда Мадина Бегалиеваның, Ораз Жандосовтың, Алма Оразбаеваның, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтың, Аманғали Сегізбаевтың, Назипа Құлжанованың, Нағима Арықованың, Сара Есованың, Ғабит Мүсіреповтың, Асқар Тоқмағамбетовтың, дәрігерлер- Аққағаз Досжанованың, Гүлсім Асфендиярованың, Рахия Ермекованың, Мағрипа Қазыбекованың және тағы басқалардың мақалалары жарық көрді. Журнал 1955 жылдың қаңтарынан «Қазақстан әйелдері» деген атпен шыға бастады.

Елді социалистік негізде қайта құру дәуірінде қазақ әйелдерінің қоғамдық белсенділігі күшейе түсті. Қазақ әйелдері саналы түрде коммунистік партияның мүшелігіне өте бастады. «Әйел теңдігі» журналында басылған мақаладан әйелдерден сайланған өкілдер жөнінде үзінді келтіруге болады: «Өкілдер ауылдың шаруашылық ыңғайына қарай сайланады. Қатысушылар кедей, орта шаруадан шыққан әйелдер. Жас мөлшері 25-пен 45-тің арасы. Саны 20-30-дан аспауы керек» [98, 3 б.].

Қазақтың парасатты ойшылдары, зиялылары халықтың әлеуметтік қиын ақуалын сөз етумен, сол қиыншылық халден құтылудың жолын іздестірумен, тығырықтан шығудың амалын ой елегіне салумен қатар, әлеуметтік өзекті бір мәселені — әйел бостандығы мәселесін күн тәртібіне шығарған еді. Олар әйел мәселесін тек олардың жеке басына бостандық, еркіндік әперу тұрғысынан ғана емес, азаматтық, адамгершілік тұрғысынан қарастырды.

Әйел теңдігі туралы қазақ зиялылары қоғамда пікірталас тудырып, қазақ халқының намысын оятуға тырысты. Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романына баға бере отырып Әлихан Бөкейханов: «Мұнда қазақтың қай жерінде болса да, малға қызығып я партияға қызығып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынымен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру....» деп, қоғамға және адамзатқа жат қылықтарды сынға алады [99, 2 б.].

Әйел мәселесі төңірегінде Әлихан Бөкейханның да қалам тартқаны мәлім. Оның 1899 жылы «Туркестанские Ведомости» газетінде «Женщина по киргизской былине «Қобыланды» атты ғылыми еңбегі, 1902 жылы «Бесправность киргизских молодых» мақаласы және 1925 жылы «Қызды малға сату», 1923 жылы «Батыр Бекет» атты шығармалары жарыққа шықты [100, 178-180 бб.].

Спандияр Көбеевтің "Қалың мал", Сұлтанмахмұт Торайғыровтың "Қамар сұлу", Міржақып Дулатовтың "Бақытсыз Жамал" романдарында ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры баяндалып, әйелдің теңдігі мен адамшылығын қорлайтын ескі әдет-ғұрыпқа қарсы батыл күрес жүргізген жастардың ерлігі мен қайсарлығы және сүйгені үшін күрескен екі

жастың қайғылы тағдырлары баяндалған. Әйел теңдігі арқылы жеке бас бостандығы тақырыбын көтерді.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесінде қазақ әйелінің теңдік жолындағы күресі, халықтың азаттығы мен әлеуметтік жағдайларын шынайы бейнелеп, елін білімге шақырады. Бұған оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектері куә. «Жүсіпбек Аймауытов қазақ классикалық романының төлбасына саналатын «Ақбілек» романында адам тағдырын ел тағдырымен бірлікте алып, қоғамдық ортаның әлеуметтік-саяси жағдайымен тығыз байланыста суреттейді. Егер анықтап қарайтын болсақ, олардың әрқайсысынан да тәуелсіздік идеясының көрінісін тану қиын емес, өйткені олардағы оқиға өрбуінің тынысы адам еркіндігінің болмысымен тығыз байланысты болып келеді. Автор қазақ қызы киліккен қасіретті көрсету арқылы аласапыран тұстың озбырлық бейнесін ашады. Оны сол нәубеттен, тағдыр талқысынан құтқарған жаңа өмір салтымен бірге кейіпкер бойына жинақталған ерік-жігер күдіреті екендігі романда айрықша айқындалған. Ұланғайыр уақыт пен жалпақ кеңістікте тағдырдың тар қапасына қамалған Ақбілек қасіретін оның өзін қоршаған ортаның қыспағына іштей қарсылығы мен адами күресін автор психологиялық талдау арқылы кейіпкер жан дүниесіне бойлай отырып ашады.

Жалпы Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында кер заманның ең бір құбылмалы тұсында сынға түскен қазақ қызының жігер-қайраты мен ақыл-парасаты арқасында өз ортасынан озып шығып, биік қоғамдық сатыға көтерілуі көркем бейнеленген. Романның бас кейіпкері Ақбілек – әке-шешесінің көзінің ағы мен қарасындай ерке өскен, ажарына ақылы сай елге сыйлы ару. Жазушының Ақбілек портретін сомдауы да сонша сырлы: «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп...» Ақбілек қасіреті жалғыз оның ғана емес, зобалаңды заманда бастарына қара бұлт үйірілген, тағдыр талқысына түскен қазақ қыз-келіншектерінің ортақ қасіреті болатын. Автор Ақбілек қасіреті арқылы зұлмат жылдар халық басына төндірген қасіретті ашуға ұмтылады. Ары тапталған ардақтаған ару тағдыры – құлдықтың құрдымына бет алған ұлт тағдырының символы іспетті. Ұлтымыздың тәрбиелік, салт-дәстүрлік ұғым-танымы тұрғысынан алғанда, Ақбілек тап болған жайт – адам төзгісіз қасірет!..» [101].

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен «Күнікейдің жазығы» повесі әйел тағдырымен қатар, дәстүрлі қазақ отбасындағы құндылықтар тақырыбын қозғайды. Жүсіпбек «Ақбілек» романында қазақ қызының әлділердің ойыншығына, ермегіне айналған трагедиясын ашып көрсетеді. Ақбілек өмірінің шешуші кезеңі қазақ халқының жаңа өмір жолындағы ізденісімен, күресімен байланысты. Романның басты кейіпкері – Ақбілек. Шығарма сол басты кейіпкерінің атымен аталған. Бұл табиғи да, заңды да. Романдағы бүкіл оқиға, іс-әрекет, қазақ ауылының әлеуметтік тіршілігі, халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, адамдар арасындағы түрлі қатынастар, империялық озбырлық – соның бар-баршасы діңгекті образ

Ақбілек тағдырына байланысты. Ақбілек–теңдікке, бақытқа ұмтылған, азаттықты аңсаған, зорлыққа мойымаған, өмірінен тағылым-ғибрат алған, жан-жүрегі таза, махаббат, мейірімі мол, өжет қыр қызы. Ақбілек өмірінің шешуші кезеңі қазақ халқының жаңа өмір жолындағы ізденісімен, күресімен байланысты.

Ақбілек кейіпкер ретінде қазақтың дәстүрлі отбасынан тәлім-тәрбие алғаны анық байқалады. Атам қазақ қыз туғанда «өрісім кеңейді» деп қуанған. Осы пікірімізді нақтылай түсу үшін ақтардың тұтқынынан қашып келген Ақбілек әкесі Мамырбайдың көзіне қарауға ұялады, ұяндық пен ибалылық сақтайды. Ұрқияның қайын сіңлісіне Ақбілекке қамқорлығы мен қайырымдылығы отбасы қатынастарының озық үлгілерінің бірі. Қанша зорлық көрсе де Ақбілек тағдырға мойымай тез жинақталады. Оқуға ұмтылады, оқу арқылы ол дүниеге жаңа келгендей күй кешеді. Көкірек көзі ашылып, санасы жетілген, білікті де білімді адамды көреміз. Бұл тұрғыда Ақбілек қазақ әйелдерінің ұнамды жаңа бейнесін бастады. Балташтай өзіне тең серігін тапқан Ақбілек–тағдырмен күрестің жеңісін көріп, жемісін татқан бақытты әйел. Оның жан жарасын жазған көзі ашық, көңілі ояу, қадірін білер Балташты кездестіруі немесе ұлы Ескендірмен табысуы ғана емес, сонымен қатар санасына нұр шашқан оқу-білім қуаты. Роман тілімен айтсақ, Ақбілектің «жүрегін жуып тазартқан алтын леген – аяулы жаны, Қаратаудай қайратты, ай мен күндей ғылым еді». Сонымен, Ақбілектің оқу арқылы мұратына, бақытына қол жеткізуі жазушы айтпақ болған заман жетістігі деп қабылдаймыз. Қысқасы, дүбірлі дәуірдегі қазақ қызының өмір, тағдыр жолы шындыққа сыйымды, келісті көрініс тапқан. Демек, Ақбілек бейнесі–қазақ қызының тағдыр–талайын танытумен бірге бақытқа ұмтылған, жаңа өмірді, қызық–қуанышты алдан күткен күрделі әрі бедерлі бейне. Ол ескі дүниенің азапты тіршілігін басынан кеше келе жаңа өмірге өткен, одан орын тапқан, жаңа қоғамды қолымен орнатуға қатысқан қазақ әйелінің алғашқы бейнесі. Ақбілек-романның негізгі кейіпкері болғанымен, ол жалғыз емес. Автор оның өскен, әрқилы өмір кешкен ортасын, қарым-қатынастағы адамдарды суреттеу арқылы заман шындығын жан-жақты шынайы бейнелейді. Қаламгер мұраты–жеке адам, яғни Ақбілек арқылы халық өмірін, тарихы мен тағдырын, тұрмыс–тіршілігін шындық оқиғалар, нақтылы көріністермен көрсету болса, бұл міндет күрделі жанр–роман арқылы ұлттық–эстетикалық деңгейге көтерілген, әрі еуропалық үрдістегі туындылар табиғатына жазылу баяны, суреттеу мәнері тұрғысынан үндес, сәйкес келеді.

«Ақбілек» романында кейіпкер болмысы мүлде жаңа қырынан көрінеді, қоғамдық жағдайлардың ауысуына байланысты адам бойында пайда болған өзгерістер мен оның тарихи көңіл-күйі суреттеледі, кейіпкердің тағдырын, оның қалыптасу және даму процестерін жан-жақты толық етіп көрсетеді. Автор қазақ қызының басындағы бар қиындықты ашып көрсетеді. Жүсіпбек Ақбілекті тек періште етіп көрсете бермей, өмірдегі бар болмыс бітімімен, өзіндік табиғат тіршілігімен, пенделік қасиеттері арқылы шынайы болмысын бейнелейді.

Автор Ақбілек бейнесін ашуда оның тағдырын жеңілдетпей, қайшылықты оқиғалар арқылы көрсетеді.

Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек қиыннан жол тауып төңкеріске араласып, күрескерлік мінез танытқан қыз емес немесе кедейшілік, жоқшылық көрген де емес, бірақ Жүсіпбек Аймауытов бір ғана Ақбілек бейнесі арқылы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының үлкен көрінісін жасады және сол дәуірдегі тұлғаның рөлін, қалыптасу жолын көрсетті.

Ақбілек трагедиясы-бүкіл халықтың трагедиясының бір ұшқыны ғана. Ары мен намысы аяққа тапталған Ақбілек, оңы мен солын танып, білім алып, қатарға қосылып, ірі парасат деңгейіне көтерілгеннен кейін ғана рухани түлеп, тазарып, дүниеге жаңа келген нәрестедей өмірге үмітпен қарауға мүмкіндік алады, үлкен тұлғаға айналады. Баяғы қарабет Ақбілек емес, азамат Ақбілек болады. Міне, осы арқылы Ақбілектің дүниетанымы да өзгеріп, мүлдем жаңа бейне болып шығады. Осылай Ақбілек өзінің өмірлік проблемасын тазару, адамгершілік кемелдену арқылы шешеді.

Ақбілек-білім алып, заманның жоғарғы сатысына көтерілген әйелдердің өкілі, тың бейне. Ақбілек: «...оқымаған әйел қор ғой, қапастағы құстай ғой» дейді. Енді Ақбілек «баяғы емес, өзгерген, өнер тапқан, жетілген. Әйелдерге көсем болған...ол енді ақсақалдың ғана емес, көптің баласы» дейді. Осындай қарапайым бейнеден күрделі тұлғаға дейін шебер оймен, көркем тілмен, шытырман оқиғамен жеткізу-Жүсіпбектің шеберлігінің белгісі десе де болады.

Бұл шығарма туралы академик С. Қирабаев: «Қазақ романының алғашқы үлгілерінің бірі бола тұрса да, Жүсіпбектің бұл жанрдағы ізденісінде «Ақбілек» көрнекті орын алады. ...ол бұл шығармасында адам характерін тереңірек ашуға, кейіпкердің психологиялық жайларын толықтыруға көбірек көңіл бөлді. Жазушы суреткерлігі де артып, оның авторлық позициясы айқындала түсті. Сондықтан «Ақбілек» қазақ романының туу тарихында да, жазушы шығармашылығында да алғашқы кесек үлгі болып саналады» [102, 376 б.].

Жүсіпбек романында көркем бейне жасаудың принциптері мен деңгейлері-оның өз шығармаларындағы фольклорлық эстетикалық дәстүрдің ілгері озғандығы арқылы көрінеді.

«Ақбілек» әлемі – халқымыздың өткен өмірі мен тарихының, қазақ қызы мен әйелінің тағдыр-тәлкегін кең көлемде суреттеген тағылымды туынды. Ел мұратын асқақтатқан, ұлт руханияты мен көркемдік танымды биік белеске көтерген даңқты туынды. Жазушы еңбегі мен шығармашылықтағы ізденіс арналарын, көркемдік мұратты бейнелі бедерлеген айшықты қолтаңба жемісі. Роман алғаш рет 1927 жылы «Әйел теңдігі» журналында жарық көрді. Бірақ Кеңес үкіметі оның басылып таралуына 1989 жылға дейін тыйым салып келді.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінің де тақырыбы–әйел тағдыры. Көшпелі қазақ ауылының феодалдық-патриархалдық тұрмысы жағдайындағы кедей шаруалардың тіршілігін жазушы сол ортадан шыққан қыз тағдыры арқылы бейнелейді. Ауылдағы әлділер мен әлсіздердің арақатынасын, қоғамдық әділетсіздіктің мүсәпір адамдарды езіп, рухани тоздырып бара жатқанын ашады. Осындай ортадан шыққан Күнікейдің әділетсіздікке қарсы

бас көтеріп, өзінің адамдық, азаматтық құқығын қорғауға ұмтылуы, атастырған күйеуін менсінбей сүйген жігітімен қашып кетуі ескі тәртіпке, ата-баба салтына берілген соққы тәрізді елестейді. Сондықтан қазіргі күні бұл мәселеге байланысты екі түрлі көзқарас бар. Бірі–Күнікейді ақтайды. Өйткені кедей қызы Күнікей–өз теңдігін қорғаған, жалпы ескілікке, көшпелі, жадағай тұрмыс тудырған әдет-салтқа қарсы күрескен, сол қорлық итермелеп, ұзатылған адамынан қашып, сүйген жігітінің құшағына ұмтылған қазақтың кекті қызының бейнесі. Екіншісі–Күнікейді жазғыратын көзқарас. Ол атастырылған адамын мойындамай, некені бұзып, өзгеге берілген, мораль тұрғысынан сын көтермейтін әйел. Күнікей әңгіменің соңында жалғыздан-жалғыз қараңғы үйде қамалып, аурудан күйзеліп, суықтан тоңып, аштықтан қатып жатады. Повестің кіріспесіндегі «шым қорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?» делінетін шумақтар осының дәлелі сияқты.

Күнікей-шығармадағы бірден-бір жазықсыз кейіпкердің бірі. Бірақ, повестьтің тақырыбы «Күнікей» емес, «Күнікейдің жазығы» деп аталады. Осы контекстегі «жазық» сөзі «күнә», «айып» деген сөздермен пара-пар. Жазушы шығарманың атын атағанмен, Күнікей жазығының себебі неде екенін ашып айтпай, оқырман қауымының еншісіне қалдырған.

«Күнікейдің жазығы»–сол кездегі қазақ өмірінің тұрмыстық жайларын, көшпелі елдің көшу салтын, қыз ұзату, жастардың ойын-сауығы сияқты халықтық әдет-ғұрыптарды кең суреттейтін шығарма. Сонымен қатар бұл кезеңде жазылған шығармаларда әкенің қанымен, ананың сүтімен келген қазақтың ұлы мен қызында болатын ұяндық, сыпайылық, адамгершілік сынды асыл қасиеттер бағаланып, заман ағымы тудырған жасанды зиялылық, пайдакүнөмдік, әйелқұмарлық сияқты әдеттерді сынға алады.

Мұхтар Әуезов айтқан Мағжанның еуропашылдығы аса жарқын көрінетін шығармасы–«Шолпанның күнәсі». Бұл әңгімеде таңқаларлығы–XX ғасырдағы Еуропа әдебиетіне тән психологиялық үрдістің терең, әрі асқан шеберлікпен көрінуі. Еуропа бұл үрдіске қоғамдық және әдеби дамудың бірнеше ғасырын, түрлі формаларын салып жетсе, Мағжан қазақ прозасының жаңа туған кезеңінде-ақ игерді. Мағжан әйел жанына әлемдік әдебиетте назар аударып, әйелдің гендерлік теңсіздігінің түп-тамырын тереңнен іздеген ойшыл.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесі 1923 жылы «Шолпан» журналының № 4, 5, 6, 7, 8 сандарында жарияланған. Шағын әңгімеде ой көп, үлкен проблема бар. Шолпан – жасандылықтан азат, таза шындықпен бейнеленген образ.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесі-мазмұн мен форманың әр қырынан қарастыруға болатын шығарма. Әңгіменің басты кейіпкері Шолпан-әртүрлі сыртқы жағдайлардың және ішкі толқыныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп, дамып отыратын бейне. Шолпан-қайғы жамылған әйел. Өзінің бақыты үшін күнделікті тірлікті тәрк етіп, тәуекелге бел байлаған қайсар жан. Шолпанның өзгелерден айырмашылығы-өзі сүйген, жүрегі қалаған адамына тұрмысқа шығуы. Ол кезеңде өз ықтияры бойынша сүйгеніне тұрмысқа шығу қазақ

қыздарының арасында сирек кездесетін жайт. Әңгімеде кейіпкерлер саны да көп емес, дегенмен жазушы ауылдағы бір ғана әйелдің тұрмыс-тіршілігі, оның тағдыры, басындағы қайғылы оқиға арқылы өмір шындығын көрсетуді мақсат етті.

Әңгіме сол кездің жалаң үгіті мен насихатына еш мойын бұрмаған, шағын жанрдың нағыз көркем үлгісін көрсететін шығарма. «Әсіресе Мағжанның адам жанының психологиялық қатпарларын шынайы ашып берген, нәрі мол, қуаты күшті, айшықты жазылған «Шолпанның күнәсі» әңгімесі қазақ прозасына жаңа бағыт сілтегендей болып еді. Бірақ жазушылардың көбі ол жолды таңдап алған жоқ. Мұхтар мен Жүсіпбек қана өз шығармаларында «Шолпанның күнәсіндегі» терең психологизмді жалғастыра білді». Бұл түйін пікір де Мағжан Жұмабайұлы әңгімесінің биік талғаммен жазылғандығын дәлелдей түседі. Бала үшін бақытын құрбан еткен келіншектің ішкі рухани дүниесі оқырманның көз алдына ап-айқын елестейді» [103, 6 б.].

Бұл тақырыпқа Мағжан өзіндік таным мен шеберлік тұрғысынан келді. Өзінің тереңдік деңгейіне сай бұл проблеманы «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде беріден емес, арыдан, түбінен қозғайды. Әңгіме кейіпкері Шолпанды өз заманындағы теңіне қосыла алмаған мұңлықтардан өзгеше етіп көрсетеді. Шолпан өз тағдырына өзі ие болған, бақыттан басы айналып, оны тіпті баладан да қызғанған жан ретінде көрінеді. «Мал орнына сатылып, жаны сүймеген жанға жар болатын қазақтың сансыз қыздарының ішінен әлдеқалай өзінің сүйгеніне тиген Шолпан...». Автор кейіпкер махаббатының қуатын жарының мән бермей айта салған: «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деген сөзі жүрек соғысы мен өмір ағысын мүлдем кері айналдырып жібергенімен нақ әрі қысқа жеткізеді [104].

«Автор «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде шығармашылық еркіндікке жекеленген әйел образы арқылы, оның мінез-құлқын, табиғатын зерттеу, танып-білу арқылы әйелдің адами-пенделік сезім арпалыстарын кеңінен қамти жазу арқылы барды. Әңгімеде бір Шолпанның болмыс-бітімін ашу арқылы жалпы әйел затының жан сезіміне терең шолу бар, сонымен бірге адамның тіршілік иесі ретіндегі жан сырын ашып, сол арқылы барша әйелдің басында кездесетін мінезді, табиғатты зерттеуге ұмтылу бар» [105, 5 б.].

Әңгімеде түрлі мәселелердің синтезі сабақтасып жатқанына дәлел «әйел тағдыры», «отбасы», «отбасы құндылықтары», «ұрпақ жалғастыру», «ұлтымызға тән таным-түсінік» сияқты өзара байланысты ұғымдар бір-бірімен тамырласып, бір ғана Шолпанның бейнесі ішкі сезімі арқылы берілуінде. Осылайша ұлтымызға тән мінез бен болмыс, таным мен пайым шағын әңгіменің негізгі арқауына, мазмұнына айналған. Мағжан Жұмабаев әңгімесіне тән қасиет-оқырманға жат, оғаш көрінетін Шолпанның ішкі ойын тура сол қалпында баяндайды.

Біріншіден, дәстүрлі қазақ отбасыларында ер мен әйелдің қарым-қатынасы өте сыпайы болып, сыйластық пен түсіністікке құрылған. Бұл арқылы ерлі-зайыптылар отбасы берекесі мен бірлігін сақтап отырған. Алдымен, тұрақтылыққа себеп болатын нәрсе – ер мен әйелдің өздерінің міндеттері мен

отбасыдағы алатын орнын дәл анық білуі. Қазақи тәрбие арқылы берілетін бұл қасиеттер дәстүрлі қазақ отбасысының баянды, үлгілі әрі биік рухты ұрпақ өсіруіне оң әсерін тигізген. Әңгімедегі ер-зайыптылардың жібектей жұмсақ қарым-қатынасы шығарманың алғашқы бөлімінде шебер суреттеледі.

Әңгіменің «Шолпанның күнәсі» деп аталуының өзінде терең мағына жатыр. Бұл жерде кінә мен күнә деген ұғымдарды ажыратуымыз керек. «Кінә мен күнә синонимдер емес, екеуі екі жағдайда белгілі болатын дүниетанымдық ұғымдар, олардың басты айырмашылығы сонда, кінә – адам мен адамға қатысты болса, күнә -адам мен жаратушыға қатысты, нақты айтқанда, Алла мен адам арасындағы мәселе» [106, 99 б.].

Ал Шолпан күнә жасады ма, кінә жасады ма деген сұрақ пайда болады. Шолпанның күнәсі құдайдан бала берме деп дұға етуі. Бұл Алла бұйрығына, табиғат заңына қарсы әрекет еді. Шолпанның күнәлі болуына біріншіден, отбасылық өмірдің бал күндерін қимау ниетінен болса, екіншіден, Сәрсенбайдың бала сүюге ықылассыздығы әсер етті. «Дұрысы, баласыз өмір бос өмір деген сөзді басқа талай адамдардан естіді, бір-ақ жаны сүйген жарынан естіген жоқ. Ғашық адамға Құранның аяты қасиетті емес, жарының сөзі қасиетті, жарынан басқа адамның сөзін не қылсын Шолпан!» [107, 95 б.]. Демек Шолпан күнәлі болды. Үш жылдан соң Шолпан өз күнәсін түсінеді, тәубесіне келеді. Күнәсін мойындаған Шолпан Алланың рақметінен де құр қалмады.

Екіншіден, Шолпан қазақтың ұлттық танымына сай әрбір әйелдің өмірінің мәні ана атану екенін түсінген парасатты келіншек ретінде сипатталады. Себебі Шолпан сәби сүю бақытын, ана атану деген сияқты сезімнің өмірде барын білді, өмірлік ұстанымы етті. Енді Шолпан өмірінің мәні де сәні де-перзент сүю, ана атану екеніне көз жеткізді және мақсатынан тайынбайтыны белгілі болды. Өйткені кез келген әйел үшін «ана» деген мәртебе алудан асқан мәртебе, атақ жоқ.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесінде Мағжан Жұмабайұлы Шолпанның бейнесі арқылы дәстүрлі қазақ отбасындағы үлгілі әйелдің үздік бейнесін көрсетті. Оны оқырманға анық сездіру үшін автор Шолпанды сан қырлы қасиеттермен мүсіндеген. Дәлірек айтсақ, отбасы бірлігін сақтаған, құдай қосқан қосағының бақытын ойлаған, ұрпақ жалғастыру қамына терең мән берген қазақи болмысты әйелдің бейнесін толық сипаттай білген.

Жазушы тіршілік үшін, бала үшін ешбір жолдан тайынбайтын әйел бейнесін сомдаған. Әңгіме соңында автор кейіпкерін азапқа салып өлтіреді. Бірақ, өлімнің, трагедияның себебі бар. Әңгімедегі азапты өлім Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Бейімбет Майлиннің «Ұлтуған» тәрізді классикалық әңгімелерін түсіреді. Бұл шығармалардағы оқиғалар әр түрлі болғанымен, адам тағдыры алдыңғы сапқа шыққан. Бірінде өмірге келе сала қасіретке тап болған қазақ қызының тағдыры суреттелсе, екіншісінде бақытты ғұмыр кешіп отырған отбасының шаңырағы шайқалып, ақыры өлімге әкеп соқтырады.

Мағжан Жұмабайұлы драматизм элементтерін, трагедияның қалың бояуларын әңгіме соңында қоюландыра түседі. Өмірін өз қажетіне, өз қалауына сай өзгерту талпынған қазақ әйелі. Ойлағаны, қалағаны болғанымен, бәрібір алдынан қарғыс атқыр «өлім» шығады» [108].

Адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынастарды, сана тартысын бейнелей отырып, адам психикасының терең құпияларына батыл бойлай білуі –Мағжан Жұмабаевтың эстетикалық жаңалығы. Мағжандай ұлы тұлғаның көркемдік дүниетанымы да күрделі. Ақиқатқа адал ойшыл үстемдік еткен қатаң қалыптар мен ережелердің шектеулі шеңберінен шыға алды.

Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы негізгі тақырыптардың бірі – адам өмірінің трагедиялық сипаты, адам жалғыздығы, кемел емес, кем-кетігі көп әлемде адам өмірінің қайғы мен мұңға толы болуы. Жаңа заманның алмағайып өзгерістерін қабылдай алмау, қоғамға көңілі толмау ақынға идеалды тек өткеннен іздетіп қоймайды, өзінің ішкі әлеміне үнілтеді. Көркем туынды ойшылдың жанынан терең орын алған сезім-күйлерден, өзін айрықша толғандырған құбылыстардан туады.

Жазушы осы шығармасы арқылы дәстүрлі әйел теңсіздігі тақырыбын ғана емес, әйелдің бақыт жолындағы арпалысын, жан дүниесіндегі сезімдер тартысын жүрек түкпірінен зерделеуімен ерекшеленеді. Жазушы әйелдің «бақытты жар, ана болсам» деген арманын күйзелткен тағдыр мұңы мен зарының иірімдерін, зардабын тереңнен қозғайды.

Шолпан – оқшау кейіпкер. Шолпанның өмірі де, ойлау жүйесі өз ортасынан өзгешеленіп, сол тұстағы қоғамдағы қазақ әйелдерінен дараланады. Ол–сол тұстағы дәстүрлі қазақ әйелінен характерлік даму эволюциясы өзгеше, ешкімге ұқсамайтын тұлға. Ауылдағы көп әйелдердің бірі емес, өз теңіне қосылған, танымы мен түсінігі бөлек, тәкаппар, қатарынан оқ бойы озық. Өзгені ойлауға мұршасы жоқ, мына дүниеде тек өзі мен күйеуі ғана бар. Оның санасындағы екіұдайылық реалды болмыстан алшақтай отырып, өзінің қалауындағы, ішкі дүниесінің талабына сай өзге әлем жасауға ұмтылысында жатыр. Жазушы мәңгілік мәселе етіп адамның өзін-өзі табуын, өзінің ішкі дүниесін түсінуін қояды.

XX ғасыр басындағы әйел тағдыры тақырыбына қол артқан қазақ жазушыларының түпкілікті идеясы жеке тұлға бостандығы мен жеке адамды қайталанбайтын рухани құндылық ретінде қадірлейтінін бағамдаймыз.

Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы — қазақ прозасындағы ең алғашқы кесек те күрделі туынды. Шығарманың бұл жанрдың мұнан былайғы дамуына, өркендеп өрбуіне тұңғыш желі тартқан әрі игі ықпал жасағаны да белгілі.

“Бақытсыз Жамал” романы туралы алғаш пікір айтқан Ахмет Байтұрсынов: «Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазып шығарған Міржақып Дулатов болды. Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылы басылып жарыққа шықты», - деді.

Негізгі сюжет желісі басты кейіпкер Жамал тағдырымен сабақтас өрбіп отырады. XX ғасырдың басында қазақ өлкесінде жиі кездесетін жас қыздардың

малға сатылып, сүймеген адамына ұзатылуын, олардың теңдігі үшін күресін автор шығарманың бас кейіпкері Жамал тағдырымен байланыстырады. Жазушы оны көрік-келбеті, ақыл-парасаты келіскен қазақтың ару қызы ретінде бейнелейді. Шығарма оның туғанынан өлгеніне дейінгі аралықтағы негізгі белестерін қамтиды. Әкесі Сәрсенбайдың мойнына бұршақ салып, құдайдан жалбарынып сұрап алған баласы. Алақанға салып еркелетіп, өсіріп отырған жан дегенде жалғыз. Шешесі Шолпан әкесінің бір перзентке зар болып жүріп үйленген екінші әйелі.

«Шығармаға арқау болған уақиғалар ХХ ғасыр басында қазақтың кез келген атырабында, кез келген ауылында, кез келген шаңырағында өтуге мүмкін, әркімге таныс, түсінікті, ортақ, етене сипаттары бар, жалпылық мәнді жәйттер. Автор өз тұсындағы әлеуметтік-қоғамдық өмірдің маңызды арналарын адам тағдыры, нақты әрекет, тартыс арқылы көрсетуді мақсат етіп, ой, идеяны ашық публицистикалық түрде емес, бейнелер, образдар арқылы, көркемдік тәсілдермен береді» [109].

Жазушы Жамалдың келбет-кескінін, ақыл-парасатын былайша суреттейді: «Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, парасат бір-біріне муафик келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды». Ол «сөзге бек ұста, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды». Оның бойындағы осындай тамаша қасиеттерді шығарманың өн бойында нақтылы оқиға, штрих-детальдар арқылы көрсетіп отырады. Жазушы айтулы сұлу, зерек, жаны жырға толы, көңілі көктемдей осындай арудың бақытсыз, өксікпен өткен өмірі арқылы замана әділетсіздігін бейнелейді. Әйел затын сормандай ететін әділетсіздік әдет-ғұрыпты барынша айыптап, қарғыс айтқандай. Автор Жамалдың ішкі толғаныстары мен сезімдерін, ойларын бейнелеуге талпынады.

...Мен қайран атам малға сатқанына,

Бір тасты жалпақ елден тапқанына.

Аты өшіп тумай кеткір Жұман деген

Мал беріп, өзімсініп жатқанына,-деп ата-анасы зарыққанда көрген баласын не себепті жаман күйеуге бергеніне қайран қалады. Жамал қанша ішінен қапаланса да, өзге біреуге айта алмай, бір күні қолына қалам алып, «тым болмаса көңілімдегі қасіретімнің оннан бір бөлігі шықпас па екен» деп, өз басындағы халін осындай өлең шумақтарымен жеткізеді.

Міржақып Дулатовтың сонау бір кезде халықтың, елдің ертеңі, өнер өркені — әйел тағдырына мұншама жан ашырлық танытып, ауыр халіне ортақтасуына, олардың еркіндік, бостандық алуын армандап, мұрат етуіне, сол жолда батыл қадам, биік азаматтық жасауына сүйсінесің, әрі ерлік, әрі адамгершілік деп білесің.

Қаламгер осы шығармасы арқылы қазақ әйелдерінің тағдырына жаны аши ортақтаса отырып, санасы барларға ой салу, көңілі көрлердің көкірегін ояту, қазақ әйелдерін еркіндікке ұмтылдыруды мақсат еткен.

Жазушы Жамал тағдырын, жоғарыда айтқанымыздай, нақтылы оқиғалар, штрих-детальдар, тартыс-арпалыс үстінде айшықтайды. Ойшыл Жамал өмір

сүрген кезеңнің әлеуметтік тіршілігін, сол заманның кесапатты, кесірлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрін көз алдына әкеледі.

Сөйтіп, өз мезгілінің күрделі әлеуметтік-қоғамдық мәселесін көтерген, махаббат бостандығын жыр еткен, жанрлық тұрғыдан жаңалық болған “Бақытсыз Жамал” прозалық туындысы жиырма бес жастағы Міржақып Дулатов ұлттық рухани тарихында терең із қалдырды, бірінші романшы атанды.

Қорытындылай келгенде, қазақ зиялылары әйел теңдігі мәселесін жиі көтерді. Сындарлы пікірлерін ортаға салды. Осылайша олар қазақ әйелінің тағдырын-қараңғылықтан, әлеуметтік қысымнан, келтіріліп отырған зардаптардан арашалап, құтқарып алуға тырысты. Қазақ қыздарын ілім-білімге, оқуға шақырды. Бұл қазақ даласындағы әйел теңдігін қалыптастыруға, мықтап орнықтыруға байланысты нақты қадамдар еді. Олардың барлығы өз мақсатына жетпесе де, заманында батыл пікір айтуымен бағалы әрі құнды болып саналады.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығы жанр жағынан дамып қана қоймай, тақырып мен идея тұрғысынан жаңа белеске көтерілді. Қазақ қаламгерлері әлем әдебиетіндегі жетістікке сүйеніп, әйелдердің қайталанбас образын жасады. Шығармаларда қазақтың ұлттық ойлау жүйесінің формасы сақталып, ұлттық құндылық пен таным-түсініктің көрініс табуы – сол заман қаламгерлерінің шеберлігі.

Әйел мәртебесі жайында рухани мәдениетімізде оған нұқсан келтіретін немесе кемсітушілікті қолдайтын туындылар жоқ десе де болады. Өнеріміз бен мәдениетіміз, әдебиетіміз бен философиямыз – тұтас руханият бүгінгі таңда нәзік жандылардың рухын биіктететін өнімдерін тудыруда.

3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІ

3.1 Қазіргі Қазақстан Республикасының гендерлік саясаты: ерекшеліктері және перспективалары

«Гендерлік саясат- қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет» [110]. Ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікті қамтамасыз ету- бейбітшілік пен келісімді, орнықты демократияны, үдемелі экономикалық дамуды өңірде және барлық әлемде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған демократиялық Қазақстанның мемлекеттік саясатының маңызды бөлшегі. Гендерлік саясаттың мақсаты – нақты гендерлік теңдікке қол жеткізу. Бұл еркек пен әйелдің арасындағы билікті теңдей бөлу, қызметтегі теңдік, қаражаттық тәуелсіздік және бизнестің дамуы; өзінің жеке қызығушылығына қол жеткізу, жанұяда баланы тәрбиелеудегі тең мүмкіндіктер және де ешқандай зорлық-зомбылықтың болмауы, жалпы алғанда бұл жыныс белгілері бойынша дискриминацияны жою. Сондықтан гендерлік саясат ел дамуының басты бағыттарының бірі және оның кешенді модернизациясы. Гендерлік саясаттың іске асырылуы – демократияға қол жеткізудің басты факторларының бірі, оның тиімділігі, қажеттілігі күн өткен сайын артуда.

Гендерлік теңдік екі жыныс өкілдерінің де тең құқықтары мен мүмкіндіктерін біркелкі деңгейде жүзеге асыру мәселесін қозғайды. Осылай, мемлекеттік гендерлік саясат әйелдердің ғана жағдайын жақсартуға емес, екі жыныстың да мүдделері мен мүмкіндіктерін тең дәрежеде ескере отырып, нақты гендерлік теңдікке қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Әйтпесе теңдік мәселесіне қатысты гендерлік саясаттың саралануы толық болмайды әрі бір жақты субъективтік көзқарас қалыптасуы мүмкін. Қазіргі әлемдік руханияттық даму мен гендерлік саясат қоғамдағы, саясаттағы және отбасыдағы әйелдің рөлі мен мәртебесі туралы мәселеге келіп тірелетін сатыны бастан кешіп отыр. Егер де, қоғамда әйел мүддесі басымдылыққа шығарылып, ер мүддесі ескерілмей қалса, онда қайтадан ер адам мәртебесін күшейту туралы мәселе қойылады.

Гендерлік теңсіздік индексі – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) дүние жүзі бойынша гендерлік теңдік көрсеткіші. Ол негізгі үш категория бойынша жүзеге асады: репродуктивті денсаулықты сақтау, азаматтық құқықтар, экономикалық белсенділік және еңбек нарығындағы мүмкіндіктер. Қазіргі кезде индекс БҰҰ-на мүше елдерді қамтиды және жыл сайын жаңартылып отырады. 2020 жылғы индекс бойынша алдыңғы ондыққа әдеттегідей еуропалық мемлекеттер- Швейцария, Дания, Швеция, Нидерланды, Бельгия, Норвегия, Финляндия, Франция, Исландия, Словения кіреді. Әлемдік саясаттануда, әдетте қандай да бір күштің саяси аренадағы маңызы мен орнын салмақтау үшін оның ел үкіметіне қанша өкілін өткізе алғанына назар аударылады. Халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын артып келе жатқанын байқаймыз. Қазіргі таңда қандай да бір елдің президенті не үкімет басшысының әйел адам болуы немесе халықаралық дәрежедегі лауазымды қызметтерді әйелдердің атқаруы

ешкімге таңсық емес. Тіпті, үлкен бір мемлекетті басқарып, тарихта өзіндік қолтаңба қалдырған әйелдер де жоқ емес. Мысалы, 1966-1977 және 1980-1984 жж. Үндістанның премьер-министрі болған Индира Гандиді, 1979-1990 жж. Ұлыбританияның премьер-министрі болған әйгілі Маргарет Тэтчерді, сондай-ақ, 35 жасында Пәкістанның екі рет 1988-1990 және 1993-1996 жылдары үкімет басшысы болған Беназир Бхуттоны, сонымен қатар Израильдің премьер-министрі Голда Меирді (1969-1974жж.) айтуға болады. 2005 жылдан бері үш рет Германияда канцлерлікке сайланған Ангела Меркельді де атап өту керек және күні кешеге дейін Финляндияның қорғаныс министрін басқарған Аннели Тайна ханымды да ұмытпаған жөн. Одан басқа соңғы жылдары Бразилия, Дания, Норвегия, Чили, Словакия, Хорватия, Жаңа Зеландия, Бангладеш, Мальта, Оңтүстік Корея, Непал, Либерия және т.б. мемлекеттердің президенттері мен премьер министрлері әйел адамдары болған. Сонымен қатар үкіметтегі әйелдердің 30%-ы Англия, Исландия, Австрия, Германия, Нидерланды, ОАР, Латвия, Литва, Эстония мемлекеттеріне тиесілі. Қазақстан 44 орында. Қазақстанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызмет департаментінің 2020 жылғы статистикасы бойынша, мемлекеттік қызметте басқарушы лауазымдарда 9,5 мыңнан астам әйел қызмет ететінін мәлімдеді. Бұл басшылардың жалпы санының 40%, сот органдарында – 53%, қоғамдық кеңестердің қызметінде – 27,2%-ды құрайды. Қазақстанның биылғы қаңтарда жасақталған Премьерді қоса алғанда 22 жоғары лауазымды тұлғадан тұратын жаңа Министрлер кабинетінде 2 әйел министр қалды. Ол-Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова. 2019 жылы Үкіметте Гүлшара Әбдіқалықова-вице-премьер, Күләш Шәмшідинова-Білім және ғылым министрі болды. Ал өткен жылы Аида Балаева-Ақпарат және қоғамдық даму министрі, Ақтоты Райымқұлова-Мәдениет және спорт министрі қызметін атқарды. Осылайша, Мәжілісте енді 28 әйел депутат бар. Яғни, Мәжіліс депутаттарының 26,2%-ын ғана әйелдер құрайды (осыдан 10 жыл бұрын 2012 жылы 23,8% болатын). Сенатта әйелдердің үлесі тіптен төмен: 48 депутаттың небәрі 9-ы немесе 18,7%-ы ғана нәзік жандылар. Әрине, мәселе санда емес, ең басты өлшем-жыныс емес, біліктілігі, елге сіңіретін еңбегі, қоғамға пайдасы және құлшынысы, дегенмен, бәсекелестікке қабілетті отыз елдің қатарында тереземіз тең мемлекет болу үшін-ойланатын жәйт екені анық. ТМД мемлекеттерінің ішінде Эстония-21, Беларусь-32, Литва-34, Латвия-41, Молдова-47, Ресей-50, Украина-52, Армения-54, Өзбекстан-64, Тәжікстан-70, Әзербайжан-74, Грузия-76, Қырғызстан-83 орындарды иеленді.

Қазір гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар туылуда. Осы уақытқа дейін 181 мемлекет әйелді кемсітуді жою конвенциясына қол қойды. 120 мемлекет гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін ұлттық жоспарды қабылдады.

Әлемнің 143 елінде ерлер мен әйелдердің теңдігіне конституциямен кепілдік беріледі. Ал, Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше әлемде 193 тәуелсіз мемлекет барын ескерсек, 50 елдің мұндай заңды қабылдауға асықпай

отырғанын байқаймыз. Тіпті, әйелдердің құқығын шектейтін заңдарды қабылдаған елдер де бар. Әлемнің 18 елінде күйеуі әйеліне жұмысқа орналасуға заңмен кедергі келтіре алады. Сондай елдің бірі – Сауд Арабиясы. 49 елдің конституциясында тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заң жоқ. Яғни, тиран еркек әйелі мен баласын қанша қорласа да, заң аясында еш жауапкершілікке тартылмайды деген сөз. Әйелдің құқығын қорғайтын заң қабылдамаған елдерде жылына кәмелеттік жасқа толмаған 15 млн қыз мәжбүрлі түрде тұрмысқа шығады. Әлемдегі әйелдердің 35 пайызы өмірлерінде бір рет болса да, жұбайынан әлімжеттік көрген болып шықты. Сарапшылар жалақы төлеуде гендерлік теңсіздік сақталып отырғанына назар аудартады. Қазақстанда бірдей қызмет атқаратын әйелдердің ерлерге қарағанда еңбекақыны 25 пайызға кем алатыны белгілі болды. Бұл негізінен, жеке секторға қатысты. Мемлекеттік секторда, бюджеттік салаларда жалақы жынысына қарай емес, лауазымына қарай нақты бекітілген. Әрі олардағы әйел және еркек басшылардың үлесі шамалас. Ұлттық статистикалық бюроның мәліметінше, елімізде ерлердің орташа жалақысы 243 524 теңгені құраса, ал әйелдердікі 182 679 теңге болған. Жұмыс берушілердің көбі әйелдерге қарағанда ер-азаматтарды жұмысқа алуға бейім. Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі былтыр жұмыс күшінің 4,9%-ын құрады. Оның 3%-дан артығы-әйелдерге тиесілі. Отбасы мәселелеріне көбірек алаңдайтын әйелдер өз әлеуетін толыққанды жүзеге асыра алмайды. Міне, отбасылық және гендерлік саясат осы мақсатта керек. Бұл әлемдегі күрделі мәселе болып табылады. Осы мәселемен БҰҰ ашық күресіп келеді және ұйымға мүше елдерден гендерлік саясатты заң тұрғысынан бекітуді талап етеді. Өкінішке қарай, патшалар билеген монархиялық елдер БҰҰ-ның бұл ұстанымын орындамауда.

Қазақстан Республикасы саны жағынан Орталық Азия елдері бойынша гендерлік саясатты жүзеге асырушы үшінші мемлекет болып отыр. Мемлекет қаншалықты теңсіздікке алыс-жақын екендігі гендерлік теңсіздік индексінің негізгі бес индикаторымен анықталады. Олар: ана өлімі, жасөспірімдердің жүктілігі, ұлттық парламенттегі орны, орта білімі бар халық және еңбек нарығына қатысуы. 2013 жылы Қазақстан индикаторға сәйкес 0,722 баллға ие болды. 2006 жылмен салыстырғанда жәй болса да, гендерлік алшақтық азаю тенденциясы байқалады [111]. Осылай, мемлекеттің еркіндігі әйелдерге берілген теңдік деңгейімен өлшенеді, ана денсаулығының көрсеткіші сол елдегі салауатты өмір салтын білдіреді, әйелдердің әкімшілік, басқарушылық орындарға жұмысқа тартылуы да ең басты мәселе болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарынан бері Қазақстанда гендерлік саясатты жүзеге асыруға байланысты бірнеше заңдар қабылданды. Атап айтқанда, отбасы, әйелдер мен балалардың мәселелерін шешу үшін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы отбасы, әйелдер және демографиялық саясат бойынша Кеңес құрылды. Осы жылы Қазақстан алғаш рет «Әйел азаматтардың жағдайын жақсартудың» Пекин тұғырнамасын қабылдады. 1997 жылы 5 наурыздан бастап «Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсартудың мемлекеттік саясат тұжырымдамасы» бекітілді. 1998

жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының «Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілікті жою туралы» Конвенцияға қосылды. Сонымен қатар, биыл Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы және әйелдер ісі бойынша Кеңес Ұлттық комиссияға айналды. Бұл комиссия отбасы мүдделерін қорғау, әйелдердің елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне қатысуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. 2003 жылдың 27 қарашасында гендерлік саясаттың негізгі бағыттарын анықтаған Қазақстан Республикасының гендерлік саясатының Тұжырымдамасы бекітілді:

- саяси салада ер мен әйелдің қатысуының тең қолжетімділігі;
- әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетумен күресу;
- кәсіпкерлікті дамытуға тең қолжетімділік;
- әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
- қызметте теңдей және әділ көтерілу;

-отбасыда құқық және міндеттерді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау [112]. Сондай-ақ, 2006 жылы Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы» Заң және Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы қабылданды. Стратегия-мемлекеттің гендерлік саясатын жүзеге асыруға бағытталған негізгі құжат, мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оны жүзеге асырудың, қолдану мен бақылаудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Осы стратегияның арқасында 2009 жылы ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заң қабылданды. Сонымен қатар, 2016 жылы Қазақстанда «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» жарияланды. Бұл құжатқа өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасының Президенті 2022 жылы 1 сәуірде №853 Жарлығын бекітті. Соның ішінде, нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер бекітілген:

1. Ерлердің әйелдерге қарағанда күтілетін өмір сүру ұзақтығындағы гендерлік алшақтық 2030 жылға қарай – 7 жылды құрайды (қазір 8,2).

2. Тіркелген некелердің жалпы санына қарағанда бұзылған некелердің үлесі 2030 жылға қарай – 33 %-ды құрайды (қазір 37,1%).

3. Репродуктивті жастағы 1000 әйелге шаққанда жүктілікті жасанды үзу коэффициенті 2030 жылға қарай – 12,0 құрайды (қазір 15,3).

4. Әйелдерге және балаларға қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің саны 2030 жылы 50 %-ға төмендейді (қазір 15 %).

5. Әйелдердің ерлерге қарағанда орташа жалақысындағы гендерлік алшақтық 2030 жылы – 21,0 %-ды құрайды (қазір 24,0 %).

6. Материалдық активтері (мүлік (тұрғын үй, көлік), ЖК) бар әйелдердің ерлерге қарағанда үлесі 2030 жылға қарай 10 %-ға ұлғаяды (қазір 4 %).

7. Биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау

деңгейіндегі әйелдердің үлесі 2030 жылға қарай – 30 %-ды құрайды (қазір 24,5 %).

8. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әйелдердің үлесі 2030 жылға қарай – 10,0 %-ды құрайды (қазір 7,0 %).

Күтілетін нәтижелер:

2030 жылға қарай мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады:

1. Халықтың репродуктивті денсаулық саласындағы хабардарлығы артады.

2. Балаларды тәрбиелеу процесіне тартылған әкелердің үлесі артады.

3. Өмірде қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтау және оларға көмек көрсету жеделдігі артады.

4. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанған жағдайларының саны азаяды.

5. Кәсіпкерлік саласында әйелдердің қаржылық сауаттылығы артады.

6. Биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау процестеріне тартылған әйелдердің үлесі өседі.

7. Отбасы институтын және гендерлік теңдікті нығайту жөніндегі шаралармен халықты қамту артады [113].

Сондай-ақ, бұл тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі нақты іс-қимыл жоспары да көрсетілген.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында осы тұжырымдама Президенттің әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымдарын қолдауды қамтамасыз ету бойынша тапсырмасы, Жалпыұлттық басымдықтар, Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі, сондай-ақ отбасының өмір сүру сапасын арттыру, ана мен баланы қорғау жөніндегі жаһандық трендтер мен тенденциялар ескеріле отырып, жаңартылатын болды. Осылай, гендерлік тепе-теңдік пен адам капиталын дамытуға, отбасы құндылығын нығайтуға бағытталған осындай бастамалар жиі жүзеге асырылып келеді. Әрине, бұл заңдардың Қазақстанда гендерлік теңдікке қол жеткізу жолындағы маңызы зор, себебі ол белгілі бір бағдарлар мен үлгілерді ұсынады. Сонымен қатар, осы заңдарда айқындалған міндеттер мен мәселелер, әсіресе, жергілікті жерлерде, ауылдар мен аудандарда, шағын қалаларда, ұсақ елді мекендерде қаншалықты толыққанды жүзеге асырылып келеді деген заңды сұрақ туындайды. Дегенмен, гендерлік саясаттың тиімді жүзеге асуына ең алдымен қоғамның өзі мүдделі болуы керек. Жалғыз бағдарламамен немесе тұжырымдама арқылы көп нәтижеге қол жеткізу қиын, егер де қоғам тарапынан айтарлықтай қолдау болмаса сан түрлі сауалдар өз шешімін тауып кетуі екіталай.

Шыны керек, біздің қоғамда көптеген адамдар гендерлік саясат ұғымына жеткілікті мән бере бермейді. Әйел затына қатысты түсінік, көзқарас та барлық адамда біркелкі, бір деңгейде емес. Нәзік жандыларға құрметпен қарау, олардың адами қадір-қасиеттерін бағалау, ой-пікірімен санасу,

көзқарасын қабылдай білу, нәсіліне, шығу тегіне, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейіне қарап кемсітпеу, ар-ожданына, намысына нұқсан келтірмеуге қатысты туындайтын күйткіл мәселелер аз емес.

Қазіргі заманда әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, ақпараттық кеңістік әйелдер мен ер-азаматтардың дүниетанымдарын түбегейлі өзгертті. Әйелдердің қазіргі заманның талабына сай өзгеріп, ал ер адамдар осы өзгерісті, шындықты қабылдауына тура келеді. Дегенмен, мұның жағымды және жағымсыз жақтарын аңғаруға болады. Жағымды жағына әйелдер мен ерлер қоғамның дамуына бірдей қызмет атқару мүмкіндігі пайда болады. Жағымсыз жағы-қоғамның демографиялық жағдайы күрт төмендеуі мүмкін, өйткені әйелдер отбасын құру, дүниеге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеуден бас тартып, қызмет пен лауазымды, мансап пен материалды заттарды басты құндылық етуі мүмкін.

Гендерлік теңдік баяғы заманнан келе жатқан әйелдер мен ерлердің әлеуметтік рөлдерінің түбегейлі өзгеруіне алып келеді, екіншіден, гендерлік теңдікке қол жеткізген мемлекеттерде әйелдер саяси шешім қабылдау барысында әлеуметтік мәселелерді шешуге көп көңіл бөлетінін көруге болады. Неғұрлым билік басында әйелдердің саны көп болса, соғұрлым ол мемлекеттерде халықтың әлеуметтік жағдайы жақсара түседі екен. Әйелдер үкімет басында білім беру, денсаулық, зейнетақы, мүгедектер жағдайы, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерін шеше бастайды екен. Көбінесе мұндай үрдіс Солтүстік Еуропа елдеріне тән болып келеді. Керісінше, патриархалдық негіздер басым Азия елдерінде билік басында ер адамдар. Олар мемлекеттің күш қуатын, әскери, технологиялық даму жағдайына көбірек көңіл бөлетін көрінеді.

Гендерлік теңдік әлеуметтік мәселелерге тікелей байланысты болып отыр, әлеуметтік саладағы заңнамалар үлкен өзгерістерге ұшырады, мысалы, 2012 жылы қабылданған жаңа зейнетақылық реформа әйел жасын 58 жастан 63 жасқа дейін көтерді. Қазіргі кезде бұл заңмен келіспей, наразылықтарын білдіріп отырған әйелдер саны артуда. Тағы бір өзгеріс алып келген заң-міндетті медициналық сақтандыру, көптеген әлеуметтік топтарды, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың 3,5 млн. астам әйел қауымын тегін медициналық қызметтен айырады, ал олар өз тарапынан тегін медициналық қызметпен қамтылуы үшін салық төлеуі тиіс, егер соңғы жылдары біздің мемлекет экономикалық дағдарысты бастан кешіріп жатқанын ескерсек, салықты төлей алмайтындардың саны күннен күнге өсуде. Экономика саласында әйелдер жоғары ақы төленетін лауазымдардан ығыстырылды және зерттеулер нәтижесі бойынша ер адамдардың жалақысы 42 пайызға жоғары болады екен. Соның нәтижесінде басты қаржылай қорлар шоғырланған және саяси элита қалыптасатын салалар мен мамандықтарда әйелдердің аз екендігі байқалады.

Қазіргі кезеңде қыз балаларды ұрлау және зорлықпен тұрмысқа беру жағдайлары байқалады, бұл құқықтық және зайырлы мемлекетте ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің қайта жаңғыруы емес, қылмыс болып табылады.

Ерте неке, жасөспірім жүктілігі, ерте жаста түсік тастау проблемалары да жоқ емес. Соңғы 5 жылда жасөспірімдер арасында 33051 жүктілік жағдайлары орын алса, оның ішінде 15-18 жастағы қыздар 9906 жасанды түсік жасатқан. 16 өкіметтік емес ұйымды біріктіретін Қазақстанның дағдарыс орталықтарының одағы жыл сайын Қазақстанда жүздеген әйелді өлтіретінін және отбасындағы зорлық-зомбылықтың Қазақстандағы әрбір алтыншы отбасында орын алатынын хабарлайды. 2017 жылғы Үкіметтің статистикасына сәйкес, 18 жастан 75 жасқа дейінгі барлық әйелдердің 17% қазіргі немесе бұрынғы күйеуінен немесе серіктесінен физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырады. Ал, 2019 жылы 25,7 мың әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шеккені туралы арыз жазыпты, ол 2015 жылмен салыстырғанда 104%-ға көбейген. Өкінішке қарай, арыз жазғандардың 60 пайызы арыздарын кері қайтарып алған. Тиран еркектердің жауапқа тартылмауына осы ерлі-зайыптылардың татуласуы себеп болады. Ал, арызын қайтарып алған әйелдер Қазақстанда жылына 400-дей әйел күйеуінің қолынан қаза табатынын ескермейді.

Енді, 2020 жылғы деректерге сүйенсек, Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті үш агенттікпен («БҰҰ-әйелдер», «БҰҰ халық қоры», Дүниежүзілік сауда ұйымы) бірлесе зерттеу жүргізген екен. Зерттеуге Қазақстанның 14 аймағынан, Алматы және Нұрсұлтан қалаларынан 14 340 респондент қатысқан. Анкеталық сауалнамаға 723-тен 939-ге дейін 18-24 жас аралығындағы әйелдер тартылыпты. Респонденттердің 63%-ы некеде және 41%-ы жұмыссыз болған. Зерттеушілер олардың физикалық, жыныстық, психологиялық және экономикалық жәбірленуіне назар аударған. 16% әйел өмірінде физикалық, 4%-ы жыныстық, 20% психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Психологиялық зорлық-зомбылық жасайтындардың арасында өгей әкелер (14%), қайын аталар (3,2%), өгей аналар (3%) жиі кездескен. Экономикалық зорлық-зомбылық әкелер мен өгей әкелерден (24,5%), қайын ежелерден (16,2%), сирек жағдайларда қайын аталардан (4,9%) болған [114]. Әрине, мұндай фактілер әрқайсымызды ойландыруы тиіс. Сауалнамаға қатысқан әйелдердің саны еліміз бойынша соншалықты көп болмағанын ескерсек, әлі де талай статистиканың беті ашылмай жатқанын байқау қиын емес. Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбын елеусіз қалдыруға болмайды. Бұл қоғам болып, ел болып талқылайтын өзекті мәселе. Мұның ар жағында әйел адамдардың өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары жатқанын ұмытпауымыз керек.

Әрбір тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік-экономикалық, психологиялық себептері де жоқ емес. Оларға ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасалмай, құқықтық-заңдық мәселелері жан-жақты сарапталмай түбегейлі баға беру де қиын. Осындай күрделі мәселелер, еліміздегі гендерлік саясатты тілге тиек еткенде алдымен ойға оралады. Гендерлік саясат, әйелдердің құқықтарының сақталуы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан құтқару, мұндай әрекеттерді болдырмау жайында қоғамда жиі айтылып, жиі талқыланады. Дегенмен, күллі қоғам әр отбасының жеке өмірінде не болып

жатқанын біле алмайды, қадағалай да алмайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері орын алған жағдайда ғана білініп жатады немесе жабулы қазан жабулы күйінде қала береді. Сондықтан, біздіңше, қазақ отбасыларындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себеп-салдары жан-жақты зерттелуі керек.

Қазіргі уақытта бүкіл ел бойынша 40 дағдарыс орталығы жұмыс істейді екен. Бұл орталықтарда зорлық-зомбылық құрбандарына тегін медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-психологиялық қызметтер, сондай-ақ уақытша баспана беру қызметтері көрсетіледі. Сонымен қатар, жыл сайын барлық өңірде «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» атты ақпараттық-сауаттандыру акциясы жүргізіледі. Бірақ қандай да бір зорлық-зомбылыққа ұшырайтын әйелдер санының біршама екенін ескерсек, бұл сан отбасындағы құрбандарға пана беруге, көмек көрсетуге жеткіліксіз. Айта кету керек, 25 қараша –БҰҰ-ың әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюға байланысты халықаралық күн ретінде атап өтіледі.

Осыған байланысты, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында әйелдер мен балаларға қарсы зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейтуді тапсырды. Содан кейін Президенттің тапсырмасымен жыныстық қатынасқа қатысты қылмыстар ауыр қылмыс санатына өтті. Енді бұл қылмыстық істер тек сотқа жіберіледі. Яғни, бұрынғыдай жәбірленуші мен қылмескердің татуласу мүмкіндігі болмайды. Мәселен, қызметтік міндетін атқару кезінде жасаған зорлау фактысы 9 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады (бұрын 5 жылдан 10 жылға дейін болатын). Осындай қолға алынып жатқан шаралар отбасындағы зорлық-зомбылыққа нақты қарсы тұруға, әйелдерге қатысты кемсітушілік көріністерімен күресуге мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, отбасылы ер азаматтардың да жауапкершіліктерін арттыру мәселесін қоғам алдына батыл қоюымыз керек. Қазақтың ер азаматтарының арасында өзінің отбасына жауапкершілікпен қарамайтындары да аз емес. Бүгінгі қазақ қыздары көзі ашық, көкірегі ояу. Олар өздерінің құқықтарын жақсы біледі. Қазіргі қоғамда көптеген қазақ қыздары тұрмыс құруға асықпайды. Ол да әлеуметтік өмірдің шындығы. Қазақтың ер жігіттеріне қатысты талаптары да аз емес. Алдыңғы толқын апа-әпкелері сияқты ер азаматтың дегенімен жүріп, айтқанына көне беру психологиясы да бүгінгі қазақ қыздарына тән емес. Қоғамдық ойдың, мәдениет пен өркениеттің бірте-бірте жетілуі, дамуы, адамдардың да психологиясына, дүниетанымына және мінезіне айтарлықтай өзгерістер әкелді. Ата-анасы қалың малын алып, сүймегеніне ұзатып жіберетін бұрынғы заманның қазақ қызы мен қазіргі қазақ қызының айырмашылығы жер мен көктей десек, қателеспейміз. Заман қарқындап алға кетті, уақыт көп дүниеге өзгеріс әкелді. Ескі көзқарастар кенжелеп қалды. Бірақ, мұның барлығы қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, отбасылық құндылықтарын жоққа шығаруға әкеп соқтырмауы керек. Қазақ қызы да, жігіті де ата-бабамыздан сақталып қалған отбасылық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтай білуі керек.

Қазақ әйелдеріне ұлттық болмысты барынша сақтаудың маңыздылығы, әсіресе, қазіргі жаһандану заманында зор болып отыр. Өйткені, ұлттық болмыс сақталмаған жерде ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезім, ұлттық рухани құндылықтар жөнінде сөз қозғаудың өзі қиын. Әр баланың бойына тәрбиені көбірек сіңіретін-аналар екенін мойындауымыз керек. Демек, қазақ әйелінің ұлттық бет-бейнесін, рухани-моральдық тұғырын өз дәрежесінде сақтауы үшін гендерлік саясаттың өзінде ұлттық сипат көрініс беруі керек деп ойлаймыз. Бір жағынан, Батыс елдерінің гендерлік саясаттағы өркениеттің тәсілдерінен қашпауымыз да керек. Озық үлгілерін таңдап алып, тозығы жеткенін тастап, ділімізге сай келмейтін тұстарын саралап отырудың да маңызы зор.

Бүгінгі таңда гендерлік теңдікке талпыну көптеген әйелдерді еркек сапаларын көбінесе жаманын көшіруге алып келеді: жаугершілік (әскери өнерді үйрену), теріс қылықтар (шылым шегу, арақ ішу, былапыт сөйлеу, нашакорлық); өз бойындағы әйелдік қасиеттерді: жұмсақтық, ақ пейілдік, жанашырлық, әсемдікке талпыну, шыдамдылық бір сөзбен айтқанда-руханилықты жоғалту.

Қазіргі Қазақстандағы гендерлік саясаттың бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Қазақстанның КСРО құрамында болған тарихын естен шығармау керек. Кеңес үкіметінің тұсында мемлекет жылдар бойы гендерлік саясаттың монополиялық объектісі мен субъектісі рөлін атқарды. Кеңестік отбасылық саясатта тек әйел-ана мен оның балалары ғана нысан ретінде қарастырылды. Мемлекет ерлердің отбасылық немесе әкелік рөлін өзінің басымдылығы ретінде танып, білмеді. Кеңестік отбасылық саясаттың нәтижесі мемлекеттік патриархаттың нығаюына алып келді. Сондай-ақ, ерлер мен әйелдердің өзіндік психологиялық ерекшеліктері мен моральдық құндылықтары, қазақстандық қоғамда тарих барысында қалыптасқан салт-дәстүрлер де әсерін тигізді. Сондықтан 1990 жылдардың екінші жартысында гендерлік саясаттың жалпы болмысын қайта қарастырудың қажеттілігі туындады.

XXI ғасырдағы мемлекетіміздегі демократиялық дамудың негізгі сипаттамаларының бірі- әйелдердің еліміздің мәдени, саяси-экономикалық өміріне белсенді қатысу құқығына ие болуы. Әйелдердің құқықтарға ие болуы және оларды жүзеге асыруы гендерлік теңдікті көздейді. Қазақстан алғаш тәуелсіздік алған жылдардан бастап әйелдердің саяси қозғалысы мемлекетіміздің саяси өмірінде басты рөл атқарды деуге болады. 1921 жылдың мамыр айында Қызылорда қаласында өткен әйелдердің губерниялық конференциясында жас мұғалім Алма Оразбаеваның «Кеңестік билік әйелдерге не берді?» деген баяндамасының арқасында 1923 жылдың 6 желтоқсанында қалың малды жою туралы қаулы қабылданды. Бұл Қазақстандағы әйелдердің тұңғыш саяси қозғалысы болды деуге негіз бар. Әйелдер ұйымдарының қалыптасуы 80-90 жылдардан бастау алады және «Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның» пайда болуымен байланысты болды. Қазақстанда Алматы қаласында 90-шы жылдардың басында бірнеше қоғамдық әйелдер ұйымдары құрылды, атап айтсақ Феминистік Лига, Мұсылман әйелдерінің Лигасы, «Әйел

және құқық» Лигасы, «Қазақстанның кәсіпкер-әйелдері» ассоциациясы, «Шығыс әйелдері» халықаралық ассоциациясы және т.б. Қазіргі таңда Республикада 150-ден астам әйелдер мәселесімен айналысатын «Іскер әйелдер қауымдастығы», «Қазақстан кәсіпкер әйелдер одағы», «Әйелдердің республикалық кеңесі», «Әйелдерді дамыту және бейімделу қауымдастығы», «Жалғыз басты аналардың Алматылық қауымдастығы» және басқалары сияқты өкіметтік емес ұйымдар қызмет етеді. Олар өз кәсібін құрғысы келетіндерге көмек, кеңес береді, тренингтер өткізеді, несие беру мәселелеріне көмектеседі. Сонымен қатар, елдегі әйелдер қозғалысы халықаралық әйелдер қозғалысымен өзара әрекеттесіп келе жатыр.

Соңғы кездері әйелдердің өкіметтік емес ұйымдарының қызметтерінде маңызды өзгерістер орын алуда. Бастапқы кезде барлық ұйымдар бала және әйелді әлеуметтік жағынан қорғау, көп балалы, жалғыз басты және мүгедек аналардың және т.б. құқықтарын қорғаумен қатар психологиялық және заңдық көмек көрсетуді қамтамасыз етумен айналысса, қазіргі таңда олардың қызметі әйелдердің саяси белсенділігінің деңгейін көтеруге, саяси процесстегі мәселелерді шешуде олардың теңқұқылы қатысуына, саяси қатынастарда әйелдердің теңқұқылы субъект болуына бағытталған. Бұрын саясатқа ер адамдарға қарағанда әйелдер саяси тәжірибелері аз денсаулық сақтау, білім салаларынан келетін болса, соңғы кездерде саясатта саяси тәжірибесі өте жоғары заңгер, бизнес саласындағы әйелдер саны өсіп келеді.

2000 жылдардың басында Қазақстанда феминистік және ЛГБТ қозғалыстары пайда болды: «Feminita», «FemPoint», «КазФем», «ФемАстана». Дәстүрлі феминистік ұйымдардан айырмашылығы, бұл топтар бейресми бірлестіктерге жатады және қазір де өз жұмыстарын жалғастыруда. Жалпы бұл қозғалыс әуел бастан дәстүрлі қоғам мүшелері тарапынан қарсылыққа тап болып келеді. Мысалы, ХХ ғасырдың ортасына дейін көптеген қоғамдарда жыныстық бағдарын өзгерткен адамдар күнәһар саналды, қудаланып, кей кездерде өлтірілді. Сондықтан олар жасырынып өмір сүруге мәжбүр болды. Қазіргі уақытта да оларға қатысты теріс көзқарас немесе үрей қазақстандық қоғамдық пікірде кең таралған.

Гендерлік азшылықтардың құқығын қорғайтын қозғалыстар заңнамаға өзгертулер енгізуге ұмтылуда, атап айтсақ, мемлекеттің біржынысты некені мойындауы және оны заңдастыру, біржынысты отбасылардың бала бағып алуы, қарулы күштер қатарында ашық қызмет ету құқығы және т.б. Қазіргі таңда Канада, Испания, Франция, АҚШ, Швеция, Норвегия сияқты елдерде бір жынысты некелер мойындалған.

Айта кетер болсақ, Қазақстандағы ЛГБТ қозғалыс өкілдері негізінен әйел құқығын қорғау мәселесін алға тартады. Мысалы, «Феминита» ұйымының басшысы Гүлзада Сержанның айтуынша, елімізде әйелдерге тыйым салынған 229 жұмыс бар екен (әйелдер сүңгуір бола алмайды, метрода, жүк көліктерінде, пойыздарда жүргізуші бола алмайды және т.б.). Бұл ұйымның мүшелері 2021 жылдың наурыз айында шеруге шықты. Бұл жалпыға бірдей адам құқықтары жөніндегі декларацияға қайшы дейді олар.

Енді американдық төлқұжаттарда үшінші гендер «Х» пайда болады. «11 сәуірден бастап АҚШ азаматтары өтініш беру арқылы төлқұжаттарына гендерлік жынысына байланысты гендер Х белгісін таңдай алады, келесі жылдан бастап бұл қызмет түрі басқа да құжат түрлеріне қолжетімді болады», - деді мемлекеттік хатшы Энтони Блинкен. «Х» белгісі иеленуші өзін не әйел, не еркек ретінде өзін байланыстырмайды дегенді білдіреді.

Заман талабына сай қазіргі қоғам күрделеніп бара жатыр, соған байланысты қоғамда алуан түрлі шешімін табуы тиіс көптеген түйткіл мәселелер аз емес.

Қазақстанда жаңа экономикалық қатынастарға өту барысында кәсіпкерлік салада маңызды өзгерістер орын алуда. Дүниежүзілік кәсіпкерлік мониторингінің зерттеуінше, әлемде әйелдердің экономикадағы үлесі әртүрлі: Корея Республикасында 16%-дан Ганада 55%-ға дейін. Ал McKinsey-дің есебінше, әйелдер кәсіпкерлігі 2025 Сондықтан осы тұрғыда қазіргі кезеңдегі ер мен әйел қатынасы, дәстүрлі қоғам және гендерлік теңдік, ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар тақырыптары өзекті. жылға таман ғаламдық ішкі жалпы өнімге (ІЖӨ) 28 трлн доллар қосып, 26%-ға дейін өсуі тиіс. Бұл жағдайда Орталық Азия, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінің ІЖӨ-і 9%-ға артуы мүмкін.

Қазақстандық әйелдер еңбек нарығында және кәсіпкерлікте орасан зор рөл атқарады. Ranking.kz сарапшылары Ұлттық статбюроның дерегіне жүгіне отырып, 2022 жылдың басында Қазақстанда халықтың экономикалық белсенді, яғни жұмысқа жарамды бөлігінің 48,5%-ын әйелдер құрайтынын хабарлады. Ендеше олар ел экономикасын көтеруге, отбасы табысын арттыруға ерлермен тең үлес қосып жатыр.

Ұлттық экономика министрлігі Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және қорғау департаментінің өкілі М.Исаеваның айтуынша, егер республикада 2010 жылы небәрі 73,4 мың кәсіпкер әйел болса (жалпы кәсіпкерлердің 26%), 2021 жылғы деректе бизнестегі қыз-келіншектердің саны 587,3 мыңға жеткен (43,3%), былтырдан бері тағы 49%-ға дейін өсті. Қазір қазақстандық әйелдер мемлекет ЖІӨ-інің 40%-ын қалыптастырып отыр. Елдегі заңды тұлғалардың 26%-ы, шаруа қожалықтарының 17%-ын қыз-келіншектер басқарады. Әйелдер басқаратын жеке кәсіпкерлік саны кейінгі бір жыл ішінде 9,1%-ға немесе 625,1 мыңға дейін артты. Жеке кәсіпкерлік арасында жасы 29-ға толмаған әйелдер басқаратын бизнес нысандарының саны бір жылда бірден 37,2%-ға көбейіп, 88,7 мыңға жетті. Банктердің басшылық құрамындағы әйелдердің үлесі-24,6%-ға, ал ұлттық басқарушы холдингтер мен ұлттық компаниялардың басшылығындағы үлесі-25%-ға жетті. Бұдан бөлек, республикадағы 22 мың үкіметтік емес ұйымның 37%-ы немесе 8 220-сының тізгіні әйелдер қолында. Олардың шамамен 500-і отбасы және гендерлік саясат мәселелерімен айналысады.

Кешегі 90-жылдардың қиыншылықтары санамызда терең із қалдырғаны белгілі. Ер азаматтар не істерлерін білмей, екі қолға бір күрек таба алмай, дағдарып қалғанда, әйелдер алып ала дорбаларды арқалап, Қытай мен

Түркиядан тауар тасып, базарларға шықты, сауда-саттықпен айналысып, қаншама әйел отбасыларын асырап, елдегі коммерцияның дамуына қуатты серпін бергені мәлім. Жаһандық дағдарыс пен пандемия кезеңінде де әйелдердің экономикалық белсенділігі артып келеді. Қазір әйелдер басшылығындағы шағын және орта кәсіпорындар 1 миллионнан астам қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Әйелдер бизнесі дегенде әдетте ойға ең алдымен сауда-саттық саласы, сұлулық салоны, тігін шеберханасы, нан-тоқаш өндірісі, клининг сияқты қыз-келіншектерді қызықтыратын кәсіпкерлік түрлері оралатыны рас. Дегенмен ауылдық жерлерде мал мен құс ұстап, балық өсіріп отырған нәзік жандылар да аз емес. Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің 42,4%-ы-әйелдер, 57,6%-ы-ерлер. Өнеркәсіп пен құрылыс салаларында әйелдер үлесі-28,6%, қалғаны-ерлер. Әйтсе де, қыз-келіншектер көбіне көтерме және бөлшек саудада жұмыс істейді. Одан басқа жылжымайтын мүлік операциялары, өңдеу өнеркәсібі, қаржылық және сақтандыру қызметтері, көбінесе білім беру саласы және денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтерде еңбек етеді.

Елде жүргізілген гендерлік саясаттың тиімділігінің нәтижесінде білім беру саласында да кейбір оң өзгерістер байқалады. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың мәлімдеуінше Қазақстан ғалымдарының 54%-ын әйел қауымы құрайды. Докторантурада оқитын қыздар оқуларын көбінесе диссертация қорғаумен аяқтайды. Мысалы, 2020 жылы диссертация қорғаған түлектердің 67,5%-ы қыздар болды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерімен салыстырғанда Қазақстандағы білім беру жүйесі анағұрлым феминизацияланған 80%-ға жуық. ЭЫДҰ сарапшыларының айтуынша, көптеген елде әйел мұғалімдер ер мұғалімдерге қарағанда мамандық таңдауды саналы түрде жасаған. Мысалы, қазақстандық әйел мұғалімдердің 76%-ы болашақ мамандықты таңдаған кезде педагог мамандығына басымдық берілгенін айтқан. Сондай-ақ қыздар оқу сауаттылығы (27 ұпайға) және жаратылыстану сауаттылығы бойынша (7 ұпайға) ұлдардан озып шықты. Сонымен бірге ұлдар математикадан мықты деген стереотипті «бұзды». PISA-2018 ұлдардың да, қыздардың да білімі бір деңгейде екенін көрсетті. Қыздардың басым көпшілігі (68%-дан астамы) келесі мамандықтар бойынша жоғары білім алады: Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат-79,1%; Өнер және гуманитарлық ғылымдар-71%; Педагогикалық ғылымдар-70%; Жаратылыстану, математика және статистика-68%. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша гендерлік теңдік белгіленді: Ауыл шаруашылығы және биоресурстар-49,5%; Бизнес, менеджмент және құқық-48%. Ал қыздар көп бармайтын салалар: Техникалық ғылымдар мен технологиялар-31,6%; АКТ-30%; Инженерлік, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс салалары-28,7%.

Тағы бір статистикаға көз жүгіртсек, Қазақстанда жоғары білімі бар ер адамдардың үлесі 17,8% ғана, ал жоғары білімді әйелдердің саны 21,6%-ды құрайды. Сондай-ақ елімізде ғалымдардың көбі әйелдер екенін бірі білсе, бірі біле бермейді. Мысалы, республикамызда 9,1 мыңнан астам әйел ғылым

кандидаты болса, ер ғылым кандидаттарының саны аздау-8,4 мың адам. Дегенмен, әйел адамдардың көбі объективтік себептерден (отбасы құру, ұрпақ әкелу және т.б.) ғылыммен айналысуын ары қарай жалғастыра алмай, нәтижесінде, ер ғылым докторларының саны 3 121, әйел ғылым докторларының саны-1928 ғана.

«Қазіргі кезде гендерлік саясаттың бір қыры-отбасылық қатынастардағы әйел мен еркек мәртебесі. Конфуцийдің: «Отбасы-шағын мемлекет, мемлекет үлкен отбасы» деген нақыл сөзінің мағынасы бойынша, саясаттағы гендер келесі кезекте отбасыға ауысуы әбден мүмкін. Осыған орай, отбасыдағы әйел мәртебесі бағдарын ұстануда дәстүршілдікке ме әлде жаңашылдыққа көбірек басымдық беруіміз керек пе, біз тым жаңашылдыққа салынып дәстүршілдікке аз көңіл бөліп жүрген жоқпыз ба, немесе, керісінше, бұл ұстанымның жағымды тұстары басым ба, теріс жақтары қандай, әлде осыған байланысты ешқандай мәселе туындамайды ма деген сауалдар пайда болады.

Бұл сауалдардың қойылуы: қазіргі отбасында жиі кездесетін кикілжіңдер мен ажырасулар, жауапкершіліктен қашу, жанұядағы тәрбие, еркекке ұқсайтын әйел (маскулинді) мен әйелге ұқсаған еркек (феминді) және т.б. жағдайларға байланысты осы дәстүршілдік пен жаңашылдықтың арақатынасынан туындап жатқан сияқты, өйткені, тарихта дәстүрлі қазақ қоғамында бұндай қайшылықты мәселелер көп кездеспейді.

Бұл алаңда, әрбір жанұя өзіндік бағдарын ұстануға құқықты болғандықтан, бүгінгі қазақ қоғамында дәстүршілдікті құрмет тұтып, жаңашылдықты елемейтіндер мен керісінше өмір сүру мәнерін қолдайтындар болып екіге ажыраған бағыт қалыптасып отыр. Ер мен әйел арасындағы жанұялық кикілжіңдер де санадағы осы көрініске тікелей байланысты болып шығады. Бүгінгі «орыстілді» де бағалап жүрген әлеуметтік топтар жаңашылдық үстемдігін қаласа, «қазақы тәрбие алған» деп бағаланатын топтар дәстүршілдікті қалайды. Сонымен қатар, тағы бір үшінші топ әсіре исламшылдар жаңашылдықты мүлде қабылдай алмайды, дәстүршілдікті ұлттық құндылықтарды ескермей, исламшылдықпен теңестіріп жібереді де, өздерінің мұсылмандық нұсқаларын қалыптастырып үлгергендей сыңай танытады.

...Қазақ дүниетанымында «әйел бастаған көш оңбайды», «алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық» деген сияқты мәтелдерден бастап, дүниеге қыз баладан гөрі ұл бала келу қуанышының басымдау болуы сияқты салттар кей сәттерде біз атап жүрген жаңашылдыққа қайшы келеді. Қазіргі гендерлік саясат ұстанып отырған бағыт, ендеше, дәстүрлі қазақ қоғамында жағымсыз құндылықтар ретінде белгіленіп қойылған болатын. Бірақ, ескере кететін түйткіл, әйелді бұндай «кемсітушілік» аналар мен әжелерге қолданыла бермегендіктен, «аналар бейнесі» арқылы олардың мәртебесі асқақтаған.

Мысалы, «Әжелер институты» осындай дәстүршілдікті мойындай келе, бұндай жүйені өздері де насихаттай отырып, қоғамға елеулі ықпал еткен, ресми емес түрде-ресми түрде болса да, өздерінің көшбасшылық рөлдерін жанұяда,

әлеуметтік қатынастарда айқындаған. Әжелер институты есейген шақта өмір тәжірибесін бастан өткізіп, «әйел даналығы» сатысына көтерілгеннен кейін жүзеге асатын реттеушілік құрылым болған.

...Дәстүршілдік пен жаңашылдықтың қайшы келетін тұстарының түп төркіні: ұлттық идея мен жаһандану идеологиясының қазақы құндылықтарымызға сәйкес келмейтін рухани қырларының арасындағы қайшылықтарынан туындайды.

Демек, қазіргі қоғамдағы ұлттық болмысқа қатысты қайшылықты және күрделі мәселелердің түзілісі де осы жаңашылдық пен дәстүршілдік ұстанымның қолданылу ерекшеліктерінен, екеуінің арасалмағынан туындап жатқандығы сөзсіз» [115, 18-20 бб.].

Қазақстан қоғамындағы гендерлік теңдіктің ұлттық механизміне келсек, гендерлік теңдікке қол жеткізу саласындағы ұлттық тәжірибе әлем қауымдастығы елдерінің өркениеттік, діни және мәдени ерекшеліктерін жан-жақты және мұқият ескере отырып, ұлттық дүниетанымызға тікелей бағытталған болуы керек. «Осы тұста, С.Оспановпен біріге отырып, діни сенімдері мен діліне қатысты әрбір ұлттар мен халықтардың өздігінше шешуге құқықтары бар екендігін ескере отырып, «гендерологияның қазақы ұлттық нұсқасын» жарияладық, оны «этногендерология» деп атап, тұжырымдамасын көпшіліктің талқысына ұсынған болатынбыз. Тұжырымдамада негізгі екі арна айтылады, біріншісі, ер мен әйелдердің құқықтарының тең дәрежеде сақталуы, әйелдер мен ерлерге деген зорлық-зомбылықтар мен кемсітушіліктердің барлық түрлерінің алдын-алу сияқты гендерлік саясаттың парасатты тұстарынан айнамау; екіншісі, гендерологияға қатысты ұлттық құндылықтарымызға сай келмейтін кейбір батыстық үлгілерден бас тартып, оларды халқымыздың дүниетанымына сәйкес құру. Бұнда қазіргі таңдағы гендеризмдегі, феминизмдегі, постгендеризмдегі мәселелерді ділімізге сай оңтайлы шешудің жалпы теориялық негіздері ұсынылған» [116, 48 б.].

Қарап отырсақ ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік теңдік мәселесі әлі де күн тәртібінде тұрған бірден-бір күрделі мәселе. Қазіргі уақытта қоғамымызда гендерлік саясатты қолдайтындар да, керісінше гендерлік теңдік ұлттық болмысымызға, мәдениетімізге, менталитетімізге жат, кесірін тигізеді дейтін көзқарастарды да көптеп кездестіруге болады. Әрине әйел мен еркек ешқашан тең бола алмайды, өйткені олардың арасындағы айырмашылық о бастан табиғи жаратылысында екені белгілі. Әйел болмысы басшылық не қаттылыққа емес, керісінше, мейірімділік пен ізеттілікке бейім, ал еркектердің болмысы дәрекілік пен қатігездікке емес, жауапкершілікке, отбасына қамқоршы, қорған болуға бейім. Ер адам қашан да физикалық күшті, отбасын асыраушы, қорғаушы, табыскер, ал әйел болса тек ұрпақ әкелу, баланы бағып-қағу, үй шаруасымен айналысу және т.б. қызметтерді жасау болған. Осы қағида бертін келе адамдардың санасында мықты орнығып алды. Қазіргі таңда бұл «ескі түсініктің» уақыты өткендігін күнделікті өмірден көріп жүрміз. Біздің қоғамда кәсіпкер, ғалым әйелдер, басшылық қызметте және басқа да салаларда табысты жұмыс істеп жүрген білікті маман-әйелдер жеткілікті. Дегенмен де

әйел әрқашан әйел болып қалуы керек-қыз, жар, ана ретінде атқаратын рөлдерін ешкім жоққа шығармайды. Бірақ заман талабына сай әйелдерге үй шаруасымен қатар жұмыс орнында уақытысында болып, өз деңгейінде кәсіби мәселелерді де шешуге тура келеді, сонымен қатар отбасыда да, қызметте де бірдей жұмысқа қабілетті, белсенді бола білу сияқты талаптар қойылуда, ал бұл психологиялық тұрғыдан өте қиын. Сондықтан әйелдің жағдайын жақсарту-әлеуметтік прогресстің ортақ белгілерінің бірі және тең құқықтық үшін күрес, осыдан шығатын мүмкіндіктер тұтас қоғамға да, соның ішінде ер адамдарға да оң әсер етеді. Сонымен қатар заманауи қоғамда мемлекеттің мәдени әлеуетін дамыту мен өскелең ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін тәрбиелеу рөлі де әйелге жүктелуде.

Гендерлік саясатты ту етіп ұстап отырсақ та, кадрды жынысына емес, жұмысына қарап бағалайтын кез жетті. Діни ұғымға сүйенсек те, қазақтың ежелгі ұлттық салт-дәстүрлеріне жүгінсек те, халқымыздың әйелдері ешқашан ер-азаматпен бедел таластыруға ұмтылмағанын көреміз. Арыдан келе жатқан әдепті берік ұстанған халық қызын ешкімге қорлатқан емес. Әйелдің бағасын білді, текті әйелдерді қадірледі. Баласына ауқатты, беделді әулеттің қызын айттырды. Қазақ еш уақытта «әйел ер-азаматтың алдына шығып, онымен тең болсын» деген жоқ. Сол сияқты «әйел ешкімнен кем болсын» деген де жоқ. Ел даудың бәрін ақылмен, сабырмен, биліктің дәстүрлі ережелеріне сүйене отырып шешті. Халық санасындағы «теңдік» пен «кемдік» деген түсініктер «кеңдік беру» ұғымы арқылы сипатталады.

Әрине, ұлттық ұстанымымыз қанша берік болғанымен әлемдік үрдістерден шет қалуға болмайды. Біздің елде 2021 жылы 1 қыркүйектен 30 қазан аралығында жүргізілген халықтық ұлттық санақтың қорытындысы бойынша жалпы қазақстандықтардың саны 19 169 550 адамды құрайды екен, оның 48,71% ер адамдар, 51,29% әйелдер, қарап отырғанымыздай әйелдердің саны ер адамдарға қарағанда артық, бірақ бұл еркектердің өмір жастарының ұзақтығының төмендеуімен байланысты. Елімізде ерлер саны азайып бара жатқанымен, олардың саясаттағы, экономикадағы, мемлекеттік басқарудағы және маңызды шешімдер қабылдаудағы рөлі үлкен, саны басым, ықпалы үстем. Қазақстанда еркектердің орташа өмір сүру көрсеткіші-67 жас, ал әйелдердің орташа өмір сүру ұзақтығы-75 жас. Дегенмен 29 жасқа дейінгілердің ішінде ерлердің үлес салмағы көп. 20-24 жастағы қыздардың саны жігіттерге қарағанда 23,7 мыңға кем, олардың саны 591,5 мыңды құрайды. 25-29 жас аралығындағы ер адамдардың саны 8,5 мың адамға артық. Бұл жас категориясындағы қыздардың саны 737,235 болса, ал ер адамдардың саны 745,710. Жалпы алғанда 20-29 жас аралығындағы қыздардың саны 32,2 мыңға кем. 30-дан асқан еркектер әйелдерге қарағанда көп емес. 44 жасқа дейінгі әйелдер саны ерлерге қарағанда 20-30 мыңға артық. Одан үлкен жас аралығындағы айырмашылық 50 мыңға дейін барады. Осы деректердің барлығы қазақ жұртындағы әйел мәселесін әлемдік көрсеткіштермен салыстырып отыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде Қазақстан шын мәнінде демографиялық дүмпуді бастан кешуде. 2021 жылы аналарымыз 450 652 сәбиді өмірге әкеліп, тарихи рекорд

орнатты. Салыстыра кететін болсақ, елімізде 2019 жылы 402 310, ал 2020 пандемия жылында 426 824 сәби дүниеге келді.

Қазақ әйелдерінің қоғам өміріне белсене араласуына Қазақстанда демократияның дамуы, әртүрлі саяси партиялардың өмірге келуі, орта және шағын бизнеске, кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі кең жол ашты. Президент Қ.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына орай «Саяси партиялар туралы» және «Сайлау туралы» заңдарына өзгеріс енгізіліп, әйелдер мен жастарға партиялардың тізімінде міндетті 30 пайыздық квота қарастырылды. Сонымен қатар, аудандық маслихаттардағы әйелдер үлесі 30%-дық кедергіден асты: олардағы 2090 жергілікті депутаттың 668-і немесе 31,96%-ы нәзік болмыс иелері.

Мемлекетімізде бүгінде әйелдердің көшбасшылық қасиеттерін арттыру және оларды қоғамдық өмірге, саясатқа, шешім қабылдау процестеріне тиімді қатыстыру, әйелдер бизнесін дамытуға, олардың несиеге, ресурстар мен активтерге қол жеткізуіне жәрдем көрсету, аналарды әлеуметтік қорғауды күшейту міндеттері тұр. Сондай-ақ, еліміздегі гендерлік саясат-әйелдердің құқығын қорғауға, толғандырған мәселелерін шешуге, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған әйелдерді материалдық тұрғыдан қолдауға, денсаулығында ақауы бар нәзік жандыларды кәсіби ем-дом шараларымен қамтамасыз етуге, қыз балалардың тәрбиесіне, оқуы мен біліміне көңіл бөлуге, әйелдердің алдынан туындайтын түрлі кедергілерді жоюға, отбасында болсын, қоршаған ортада болсын рухани-моральдық дені дұрыс атмосфера қалыптастыруға бағытталуы керек деп санаймыз. Бұлардың әрқайсысына жете мән беріп, заңдық-құқықтық механизмдерінің табысты жүзеге асырылуына ерекше көңіл бөлуіміз қажет.

Қорытындылай келе, Қазақстанда гендерлік саясатты ұстанатын, қолдайтын басты заңнамалық құжаттардың негізі қаланған. Дегенмен, біздің ойымызша, гендерлік теңдікке толықтай қол жеткізу үшін заңнамалық құжаттардың күші жеткіліксіз, өйткені бұған негізінен халықтың менталитеті мен дәстүрлі түсініктері де ықпал етеді.

Соған қарамастан, өткен жылдармен салыстыратын болсақ, елімізде әйелдер қауымының гендерлік теңдікке біршама қол жеткізгендігін аңғаруға болады. Қазіргі заманғы әйел тек ошақ басында ғана қалып қоймай, кез-келген салада ер-азаматтардан кем еңбек сіңірмейді, олардың едәуір бөлігі жоғары білімді, жақсы кәсіби дайындығы бар, экономика мен қоғамдық өмірде белсенді. Әйелдер азаматтық қоғам құруда да сарапшылар ретінде кез келген деңгейдегі жобаларға қатысады. Осыған орай Ф.Ницшенің сөзін келтірсек: «Жан-жақты жарасымды жетілген әйел-жан-жақты жетілген еркекке қарағанда әлдеқайда жоғары деңгейдегі адам».

Дәл қазіргідей ашық қоғамда заман талабына сай қоғамдағы ер азаматтар мен әйелдер қауымы гендерлік саяси көзқараспен қарасақ, теңескендей. Мәселе жыныстардың біреуінің күштілігінде, мықтылығында емес, олардың әртүрлігінде. Әйгілі жазушы Ғ.Мүсірепов: «Әйел асқақтаса-жылағаны, еркек асқақтаса-құлағаны. Құдай әйелді жылата, еркекті құлата көрмесін!... деген екен.

Әйелдердің өткен және бүгінгі тарихи процесстердегі рөлін, әйелдер мен гендерлік тарихты зерттеудегі ұлттық және халықаралық тәжірибені талдап қорыту, елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуына әйелдердің үлесін түйіндеу бүгінгі күнгі осы мәселемен айналысатын ғалымдардың басты мақсаты болып табылады.

Қазақстандағы гендерлік теңсіздік мәселелерін шешу үшін бірнеше Гендерлік зерттеу орталықтары, атап айтқанда Қарағандыдағы Гендерлік ақпараттық-аналитикалық орталық, Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университеті жанындағы «Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер» ғылыми-зерттеу институты, Халық шаруашылық университетіндегі гендерлік экономиканы зерттеу орталығы бар.

Тең құқықтар мен мүмкіндіктер негізінде әйелдердің әлеуетін кеңінен пайдалану бұл гендерлік саясаттың кепілі. Сондықтан, қазақстан қоғамының өркендеуіне әйелдердің зияткерлік мүмкіндіктері мен қабілетін барынша пайдаланудың маңыздылығын ұғыну Қазақстанның дамуына үлкен ықпалын тигізетіні айдан анық. Гендерлік саясаттың дұрыс жүргізілуі қоғамдық сананы өзгертіп, Қазақстанның өркендеуіне пайда әкелетіні сөзсіз.

3.2 Жаһандану жағдайындағы қазақ әйелі бейнесі

Қазіргі таңда әлемде әйел бейнесін, жаңа өркениет негіздерін қайта қарауды талап етеді. Қазақстан Еуропа мен Азияның ортасында орналасқандықтан, осы екі жақтың да ықпалына басқа Орталық Азия елдерінен гөрі қаттырақ ұшырайтыны анық. ХХІ ғасырда бүкіләлемдік жаһандану үрдісі мен ұлттық ренессанс қатар жүріп келе жатыр. Гендерлік қатынастарға қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халқының дәстүрлі құндылықтар жүйесін, еркек пен әйелдің қоғамдағы орны мен рөлі туралы түсініктер жүйесінің эволюциясын зерттеу қажет.

Бүгінгі қазақ әйелінің бейнесін жасау оңай емес, тым күрделі. Қазақ әйелі десе, ойымызға әртүрлі жандар еске түседі. Өткенді айтпағанда, бүгінгі қоғамның ауыртпалығын артығырақ көтерген, отбасы тауқыметін көбірек татқан, қиыншылықты жиірек сезінген жандар-әйелдер десек қателеспейміз, өйткені қазіргі қоғамның қандай да бір өтпелі кезеңін алып қарасақ, барлығында әйелдің рөлі ерекшеленіп тұрады. Бүгінгі әйелдің жүгі ауырырақ па, әйтеуір оған деген талап та, сын да, құрмет те артып келеді.

Жалпы, қазақ әйелінің қайталанбас өзіндік рөлі қалыптасқаны-тарихи шындық. Қазақстанның Еуразия кіндігінде орналасуы Шығыс пен Батыс дәстүрлерін бойына қатар сіңірген қазақ әйелінің болмыс-бейнесін анықтады деуге толық негіз бар. Кез келген ұлт әйелінің қалыптасқан бейнесі болады. Мысалы, «американ әйелі», «француз әйелі», «араб әйелі», «корей әйелі», «африкандық әйелі», әрқайсының өзіндік ерекшелігі еске түседі. Ал қазақ әйелінің бейнесі ше? Оның басты сипаты – халық дәстүріне адал, намысты, инабатты, ізетті, сыпайы, әдепті, қылықты, білімді, талапты қазақ қызы болатыны сөзсіз. Қазіргі қазақ қызы туған халқының мәдениетімен қатар әлем

мәдениетін меңгерген, білікті, әлеуметтік ортаға бейімді, қоғамдық өмірде белсенді. Бұл– заман талабы.

Қазіргі журналдар мен кітаптардың негізгі кейіпкері, бүгінгі әйел бейнесінің қалай болатынын насихаттайтын үлгісі – заманауи талаптарға сай, көрікті, келбетті, мүсінді, іскер, қалталы, бәріне үлгеретін, мәңгі жас, мәңгі балғын әйел заты. Заманауи әйелдің ортақ бейнесін бүгінгі жарнамалардан да байқауға болады. Жарнамаларда (көбінесе қазақшаға аударылған ресейлік жарнамалар) тамақ жасау, кір жуу, ыдыс жуудың қиыншылығы басымдылықпен айтылады. Тіпті, кейбір жарнамаларда жалғызбасты әйел көбірек бейнеленеді (мысық, ит тағамдарын насихаттауда, жалғызбасты әйел немесе ер-азамат көбірек көрсетіледі). Түрлі опа-далап, иіссу жарнамалайтындар «мәңгі жастық элексиринің» құпиясымен бөліседі. Ал телеэкранның ең көп бөлігін жаулап алған жартылай жалаңаш әйелдің жарнамаламайтыны жоқ – автокөлік, жиһаз, тәтті-дәмді. Сондықтан болар, осы күні телеэкрандағы әйел бейнесі негізінен ұқсас, талдай бұралған, қасы-көзі қиылған, иығы сәл түсіңкі, етегі сәл көтеріңкі киімге оранған, балғындығы биологиялық жасын жасыратын әйел баласы жылы жымып тұрады. Бұл телеэкран танытқан әйел бейнесі, телеэкран насихаттайтын әйел образы. Себебі, қазіргі кезде әйел бүкіл өндірістің нысанына айналды. Киім, косметика, зергерлік бұйымдар, сөмке, аяқ киім, әтір, аксессуарлар және т.б.-әйелдерге көрік беретін тауарлар өндірісі. Бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларына әйелдің ықпалын күшейтуге дем береді. Сонымен қатар жастық шақтың, әсіресе жас дененің құндылығы абсолютті деп саналады, дененің сұлулығы әйелдің басты қасиетіне айналуда.

Қазіргі қазақ әйелі бейнесін кино өнерінде де көріп тамашалай аламыз. Жалпы қазақ киносында соңғы жылдары ана, келін, белсенді әйел, жаңа заманғы «бизнесвумен», жеңіл жүрісті әйелдер бейнелері жиі көрсетіледі. Мысалы, «Келинка Сабина», «Келинка тоже человек», «Келін» фильмдерінде келін мен ененің арасындағы қарым-қатынас, келін бейнесі арқылы әйелдердің тағдыры көрінеді. Қазақ кинематографиясындағы ана бейнесіне келетін болсақ, ең алдымен қазақ киносының анасы- Әмина Өмірзақованың «Ана туралы аңыз» және «Тақиялы періштедегі»- Ана бейнесі, ал енді қазақ келіні десе «Гауһартастағы»- Салтанат (Жанна Қуанышева), қазақ қызы дегенде «Қыз Жібектегі»-Жібек (Меруерт Өтекешова) және т.б. рөлдері көз алдымызға келеді.

Кеңестік кезеңмен салыстыратын болсақ, еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, қазақ киносында әйел бейнелері өзгеріске ұшырай бастағанын аңғаруға болады. Егер бұрын әйел бейнелері белсенді, бостандыққа ұмтылушы күрескер, қоғам қайраткерлері, халыққа үлгі болатындай бейнеленсе, енді олар керісінше, байсалды, сабырлы, тіпті ұяң болып сипатталады.

2000 жылдардан бастап көрермендерге көгілдір экран көбінесе коммерциялық бағыттағы-мелодрама, комедия, криминалдық жанрлардағы фильмдерді ұсынуда. Мұндай фильмдер көбінесе жастар мен жасөспірімдер аудиториясына арналған. Осыған байланысты жас буын режиссерлер түсіріп

жатқан фильмдерінде әйел бейнелерін көбінесе үстірт сомдағанын байқауға болады. Яғни, фильмдегі басты рөлдердегі әйел кейіпкерлер жаңа заманға сай ерлерге қоятын талабы жоғары, сәнқой, жеңілтек, ақылы таяз түрінде бейнеленген. Осындай тенденция ең алдымен заманауи қазақ киноларының шытырман оқиғаға толы шетел фильмдерінің ықпалына түскендігінің салдары деп білеміз. Өкінішке орай, бүгінгі таңда нағыз қазақ әйелі бейнесін көрсететін көркем фильмдер жоқтың қасы деуге болады. Осылай қазақ киносында жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, Жібек бейнесін әлі басып озған әйел бейнесі жоқ деуге болады. Яғни, заманауи фильмдерде орын алған әйел бейнелері жан – жақты көрсетілмей, тек біржақты, фильмдегі оқиғада тек өзінің белгілі бір міндетін атқарушы ғана болып табылады.

Мұхтар Мағауин «Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі» деген мақаласында: «...Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі...

Бүгінгі қазақ әйелінің бойынан өткендегі әжелерімізге тән асыл қасиеттердың бәрі бірдей табыла қоймайды. Бірақ, тақи-таза махрұм емес. Әйел – ұлттың айнасы, сондықтан, айқынырақ көрінеді. Сонымен қатар, қазақ әйелінің ұлтымызға тән қайрат пен еңбек, қайсарлық пен шыдам, ізгілік пен жанашырлық сияқты абзал қасиеттерді көбірек сақтағанына көз жеткізіп отырмыз. Бұған жалғыз-ақ мысал, жабайы нарық қысып, жаппай жұмыссыздық жайлаған, ер-азаматтар сенделіп бос қалған, есенгірегені –балаларының нандық ақшасын араққа салып, «еті тірілері» жаппай ұрлыққа бет қойған заманда әйелдеріміздің тұрмыстың барлық тауқыметін көтеріп, отбасын жалғыз өзі асырауға айналғаны. Жаугершілік, шапқын күндерінде де қазақ әйеліне мұншама ауыр салмақ түспеген еді. Ал, біздің ерлеріміз, балпылдап бос жүріп, сол әйелге кінә қойғысы келеді. Қазақ осы жолғы жұттан аман шықса, бұл– елдің, алдымен қазақ әйелінің арқасы болмақ. Шаңырақтан тыс тілегі жоқ, бала-шағадан басқа мұраты жоқ қазақ әйелі бейнеттен құтылар, бет-әлпетін айқындар күн де көп күткізбес, соның жақсы жоралғысы – бүгінгі жас қыздарымыз.

Қазіргі қазақ қызы осы заманғы қым-қиғаш өмірдің барлық саласына еркін араласып, тұрмыста ғана емес, әлеуметтік орта, қоғамдық құрылым өрісінде елеулі орын алмақ ыңғайын танытып отыр. Жаңа тұрпатты, әрқилы тұрпаттағы үлкенді-кішілі кез келген мекемеге барыңыз– компьютерде отырған қазақ қызын көресіз. Бір кездегі орыс тілі сияқты, тұрмыс-тіршілік үшін аса қажетті құралға айналған шет тілдерін де қыздарымыз алдымен игерді. Қолғанат, қызметкер ғана емес, өздері бастап кіріскен іскер қыздарымыз бар. Журналистикаға да, ғылым мен өнер саласында мемлекеттік әртүрлі мекемелерде бой көрсетіп жүрген қыздарымыздың ой-санасы, қабілет-дәрежесі бұрынғыдан басқаша. Ең аяғы, оқу емес шоқу мұрат болған заманда білім жолынан айнымаған қауым-тағы да осы нәзік жыныс, өзіміз үкілеп өсірген қыз балалар әзірше үлкен мәртебеге ілінген жоқ, жастары жетпей, үлгермей жатыр; бұлардың үлесі – алдағы ХХІ ғасырда.

Қазақ халқының болашағы бүгінгі қазақ әйелінің құрсағында шешіледі, бағзыдан келе жатқан айнымас шындық. Қазақ әйелі – бар мұратын отбасының игілігіне байлаған, әлемдегі ең ізгі әйел. Қазақ әйелі – бар тілегін перзентінің жолына арнаған, әлемдегі ең мейірбан әйел. Қазақ әйелі – бар бақытын некелі ерінің талайынан күткен, әлемдегі ең адал әйел. Ұлттың ұйтқысы. Ұрпақтың анасы. Солай болған, солай бола беруге тиіс» [117].

Әрине, әр адамды жеке-дара деп қарастыратын болсақ, әр әйелдің өзіндік ерекшелігі бар, бірақ, сол әртүрлі жандарды біріктіріп тұратын бір қасиет бары да рас. Сонымен, бүгінгі қазақ әйелі десе, көз алдымызға қандай жан елестейді? Қазіргі әйелдердің бейнесін кім қалай жасап жүр?

Кез келген әзіл-сықақ отауларының қойылымдарын алып қарасаңыз, қазақ әйелінен өткен бетпақ жан жоқтай. Күйеуін алақанында шыр айналдыратын да, енесін шырқыратып жүріп жұмсайтын да, атасының алқымынан алатын да-бүгінгі қазақ келіншегі. Ал, гендерлік сипаттағы жиналыстарда отағасынан қатты қорлық көретін де, әлеуметтік теңсіздікті көбірек сезінетін де, заманауи өмірден өз үлесін ала алмай жүрген де-қазақ әйелі. Әр саланың басында ер азаматтармен бірдей тер төгіп, зейнетінің бейнетін көріп жүрген де қыз-келіншектер-билік басында-ақылды әйел басшы, отбасында-көреген ана, саясатта-сұңғыла әйел, жұмыста – білікті маман-нәзік жандылар. Сонымен қатар, нәзіктігін жоғалтқан да, сезімталдығынан айрылған да-әйел заты. Қазіргі әйел отбасы, ошақ қасын тастап, тек сыртқы көркіне мән беріп, бет-бейнесі мен киімін түзеуді ғана ойлап жүргендер де аз емес. Осылай, әйел затының көп қырлы мінез-құлқы әркімдерге түрліше көрініп, қоғамның да, қоғам ішіндегі әлеуметтік құрылымдардың да негізгі тақырыптарының біріне айналған.

Сонымен, бүгінгі қазақ әйелі қандай? Әртүрлі, әрқилы. Бірақ олардың бәрін біріктіретін бір құндылық барын ешкім жоққа шығара алмайды. Ол – отбасы. Әрбір әйел отбасын құруды армандайды, қалайды, әйел болып жаралған кез келген әйелдің жүрегінде отбасы-ошақ қасына деген сезім жататыны айдан анық. Әйел баласы өз табиғатынан ешқашан алыстамақ емес!

«Шығыс халықтарының ішінде қазақ сияқты санаулы ғана халықтың әйелдері бетіне паранжы салмай, дидарын ашық ұстап, қымсынбай еркін жүруі де көшпелілер өмірінде әйел баласы ер адаммен бірдей, тең дәрежеде болғандығынан шығар. Әйел-Ананы құрметтеуге, қастер тұтуға деген дархан этиканың қалыптасуына не себеп?! Себеп біреу-ақ, ол- көшпелі өмір салтынан туындайтын әлеуметтік қажеттілік демекпіз. Талдаңқырап айтқанда, көшпелі өмір салтында Әйел-Ана еш уақытта еңбектен қол үзіп ажыраған емес. Яғни семья бақыты, ру амандығы, ел тағдырына қатысты қазақ әйелдерінің қоғамдық жауапкершілігі ерлерден еш кем болмаған» [118, 7 б.].

Қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен ана тілі арқылы сіңіре білген аналар аз емес. Сондай-ақ, Ұлы қазақ даласында әлемді таңдандырған небір тұғыры биік тарихи

тұлғалар, ежелгі ғұндардың ел анасына айналған ару қыздары, Түркі әлеміне мәшһүр болған әйгілі аналарымыз да аз болған жоқ. Ерлермен қатар тізе қосып, халқының тағдыры үшін, елінің тәуелсіздігін қорғап қалу үшін жан аямай күрескен қазақтың жауынгер, батыр аналары да, ақылгөй даналары да болғандығы тарихтан аян. Қоғамда өз орнын жазбай тауып, әйелдіктен даналыққа, отбасы-ошақ қасы тірлігінен рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген. Сондықтан бүгінгі таңда аналардың алатын орнын, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше.

Сондай-ақ тәуелсіздік үшін күрес жолында ерлігімен танылған батыр аналарымыздың да есімдері мен ерлік істері ел жадында мәңгі сақталған. Мысалы, Абылай ханның жау тылындағы барлаушыларының басшысы болған ержүрек қыз Айбике, «қылышын қынапқа салмаған батыр» атанған қазақтың батыр қызы, Қабанбай батырдың жан жары Гауһар ханым, есімі мен ерлігі аңыз болған қаһарман қыз Назым (Қабанбай батырдың қызы), Есет батырдың жауынгер қызы Ботакөз, сұлулығымен, күрескерлік өжеттілігімен ерекшеленген Кенесарының қарындасы, Әбілқайыр ханның келіні Бопай (Бопы) батыр сияқты Ұлы даланың рухын асқақтатқан батыр аналарымыз бен қыздарымыз көптеп саналады. Сондай-ақ кеңестік дәуірдің ауыр кезеңінде «халық жауы» атанған қазақ зиялыларының сол кездегі қасірет пен тағдыр тауқыметін бірдей тартқан жарларының, репрессияға ұшыраған аналарымыздың да өмірі мен ерлігі тәнті боларлық тағылым емес пе?!

Алашорда үкіметінің іргетасын қалауға өзіндік үлестерін қосқан Г.Асфендиярова, Е.Бөкейханова, А.Досжанова, Б.Байбосынова, Г.Тынышбаева, М.Шәпенова, М.Төгісова сияқты қазақ әйелдерінің есімін үлкен құрметпен атап мақтан тұту-бүгінгі ұрпақ, әсіресе, қыз бала тәрбиесінде маңызы зор. Кеңестік жаңа заманның алғашқы қарлығаштарына айналған, қаламгерлікті қайраткерлікпен ұштастыра білген қазақ қыздары Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова, Сара Есова, Шолпан Иманбаева, Алма Оразбаевалардың суырылып алға шығуы қазақ әйелдері арасынан мемлекет билейтін, бұқараға бағыт сілтейтін белсенділердің тез арада тәрбиеленіп шыққандығын көрсетеді.

Тарихымыз куә, қазақ қыздары әрқашанда ұлт намысын қорғауды батырлық пен ерліктің қайталанбас үлгісін көрсеткен. Халқымыз қазақ қыздарының қайсарлығы мен ержүректілігін ерекше бағалаған, зор сенім артқан. Қазақ қызына ел шетіне жау тигенде қол бастау да қиын емес, жұрт ішінде дау туғанда сөз бастау да соншалықты жат емес. Аналығы мен даналығы бірін-бірі толықтырып тұратын текті тұлғалардың қазақ қыздарының ішінде молынан кезігуі аруларын ардақтап, еркін өсірген елінің, еркелеткен жұртының сенімі мен сүйіспеншілігінің арқасы деп білеміз.

Ер кісілермен иық тіресіп, қан майданда ажалмен бетпе-бет келген, нәзік саусақтарымен зілдей пулеметті, автоматты көтерген Екінші дүниежүзілік соғыста ерлігімен көзге түскен Кеңес Одағының батырлары біздің халқымыздың мақтанышы, шығыстың қос жұлдызы қазақ қыздары Әлия мен Мәншүктің, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспаеваның ерліктері қандай?! Гитлердің қылышынан қан тамған кезеңде қасық қаны қалғанша күрескен

арулардың еңбектері ешқашан ұмытылмақ емес. Сонымен қатар тылда қызмет еткен әйелдер қара нардың жүгін көтеріп, отбасымен қоса бүкіл елді асырады емес пе? Әйелдердің еңбекке араласуы, ерлер атқаратын істерді олардан кем орындамайтынын сол тылдағы нәзік жандылар дәлелдеп кетті.

Кеңес өкіметі әйел теңдігі саясатын жүргізе бастаған кезде «Раушан-коммунистер» шықты. Әйелдер ерлермен бірге қара жұмысты бірдей атқарды, завод-фабрикаларда қызмет істеді. 1960-1980 жылдары трактор айдаған, Социалистік Еңбек ері Кәмшат Дөненбаева, мал шаруашылығында үздік көрсеткіштерге қол жеткізген шопан, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мәрия Аябаева, ауыл шаруашылығымен айналысып бригадир, кейін «Еңбекші» совхозының директоры болған Парасат орденінің иегері Злиха Тамшыбаеваларды айта кету керек.

Тәуелсіздік жолында күресіп, талай боздақтар есімінің арасынан аруларымыз, желтоқсан оқиғасының батыл да қайсар қыздары Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова сияқты ұлтжанды қыздарымыз қаншама!

90- жылдары экономикалық дағдарысты басынан өткізген қоғамның сынағына нәзік жандылар өздерінің адал еңбектерімен, маңдай терлерімен төтеп берді. Қазақ әйелдері, қазақ аналары-осы кезеңдерде табандылық танытып, намыс пен жігердің, қажыр-қайраттың ерен үлгісін көрсетті. Бұл әйел затының нәзік әлеміне тән емес болған тұрмыстық қиыншылықтарымен бетпе-бет қалып күресу еді. Қаншама отбасыларды күйреуден, шаңырағы шайқалудан аман сақтап қалған әйел азаматтар болғаны белгілі. Бүгінгі өмір, бүгін салт басқа десек те, тұрмыстық тауқыметтің шырмауынан шыға алмай, әлі де отбасының жүгін жалғыз өзі көтеріп келе жатқан әйелдер қаншама десеңізші.

Өз халқының символына айналған, ұлттың ұяты сынды әйелдер елімізде аз емес. Ұрпағын еркелетіп жүріп ерлікке, жетелеп жүріп жетелі болуға тәрбиелеген әжелеріміздің ұлағатты істері нағыз ерлікпен парапар емес пе?! Ұлағатты істерімен ерекшеленген, даналығымен дараланған қазақ даласында ел аналары қаншама?! Олардың бәрін бірдей айтып жеткізу мүмкін емес.

Ақын-жазушылар, сөз өнерінің шеберлері, өзіндік қолтаңбасы бар талант иелері-М.Хақимжанова, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Айтхожина, Ш.Иманбаева, А.Бақтыгерееваларды атап өтуге болады. Асыл аналардың жалғасындай өнер жұлдыздарына айналған әйгілі әнші-күйші, бишілерімізді: Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Нұржамал Үсенбаева, Майра Мұхамедқызы, Жәния Әубакирова, Айман Мұсаходжаева және т.б. озық өнегелерін, бұрынғы да кейінгі еңбекпен аты шыққан еңбеккерлер мен іскер жандардың қиындықты жеңудегі қажырлығы мен сабырлығын, нәтижесін үлгі етіп тәрбиелеуіміз керек.

Қазақстандық әйелдер қоғамымыздағы бейбіт тірлік пен берекелі бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің аса зор ұйытқысы болып отырғаны мәлім. Қазақ халқының осы заманға аман-есен жетуі, ұлт болып ұйысуы ең алдымен аналардың арқасы десек, артық айтқандық емес. Жаугершілік дәуірде ерлермен бірге қолдарына қару алып, атқа қонған, бейбіт кезеңде бесік

тербетіп, ұрпағын өрбіткен асыл аналарымыз бен әжелеріміздің бойындағы сол жақсы қасиеттер бүгінгі ұрпақта жалғасын тапты деуге болады.

Демек, ұлт тарихындағы Ұлы дала аналарының ұлағаты мен тағылымын терең танып, бағалап, соны санасына сіңіре білген, зердесіне ұялата білген қыз баласы ешбір мәдениетсіз әрекеттерге бармайды, өз ұлтының қадір-қасиетін ұға білген жан өз ата дәстүрі мен тарихын, тілі мен ділін қастерлей біледі. Аналардың тағылымды тарихы – ұрпақ санасын жаңғыртудың кепілі мен ұлт болашағын тәрбиелеудің рухани негізі деп түйіндеуге болады.

«Еріне адал жар, баласына ардақты ана болумен бірге еліне қамқор болған аналарамыз жаһанға жар салмай-ақ өзінің шынайы болмысын, нәзік те төзімді жаратылысын сақтай отырып, бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ана тілін, төл мәдениетін, өнерін табыстап отырды. Қазақ әйелі перзентіне уыз сүтімен туған тілінің қадірін сіңірсе, тал бесікке сүйене отырып айтылған бесік жырымен халқының бойындағы асыл қасиетін дарытып отырғаны белгілі. Ал халықтық қасиетті ұрпақ бойына дарытуда әйел-ананың құдіретті күшімен байдың дәулеті де, ханның жарлығы да, батырдың найзасы да өрелесе алмайды» [119, 201 б.]

Қазіргі қазақ қыздары көбіне білімді, көзі ашық, қаржылай тәуелсіз, әлеуметтік-кәсіби шеберлігі де жоқ емес. Олар өз тағдырын өздері жасайтын жағдайға жетті, бұл гендерлік теңдіктің жағымды нышаны, батыстың ықпалы деп білеміз, дегенмен де қазіргі қазақ әйел бейнесінен біздің ұлтымыздың дәстүрлі құндылықтарынан да құр алақан еместігін байқауға болады. Біз ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатырмыз, сондықтан қазіргі қазақ әйел бейнесінен дәстүршілдік пен жаңашылдық белгілерін көре аламыз.

Бүгінгі қазақ әйелі – өзінің алдыңғы апаларының салтын сақтап, үрдісін жалғап келе жатқан Қыз, Ана, Тұлға. Бүгінгі қазақ әйелі – өзінің табиғи болмысына сай, отбасына адал, қоғамның барлық саласында қызмет атқара алатын білімді, білікті, іскер әйел. Қабілеті мен қарымына қарай қазақ әйелі көшбасшы да бола алатынын бүгінгі өмір көрсетіп отыр.

Қоғамда әйелдердің белсенділігі күшейсе, ол ерлерді үркітпеуі керек, керісінше, ойландыруы тиіс...

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл тақырып – қазіргі қоғамда ең көп және әр алуан талқыланып жүрген маңызды мәселелердің бірі. Ғылыми жұмыста ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейінгі философия тарихындағы және қазақ халқының философиялық дүниетанымындағы әйел бейнесіне баса назар аударылып, зерттелді, әйел бейнесін, оның ішкі әлемін, рухани болмысын жасаудағы қазақ философиясы өкілдерінің көзқарастарына үңіліп, көркемдік-эстетикалық ізденістері сараланды. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды:

1. Әйел феномені – әйелдік бастаудың ерекшелігін, оның мәні мен орнын білдіретін дүниетанымның маңызды элементі. Әйел бейнесі – әлеуметтік-мәдени феномен, әйелдің символдық бейнеленуі, оның субстанционалды қасиеттері мен қабілеттерінің жиынтығы. Қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феномені ұғымының мазмұны арғы тегін мифологиялық санадан алатын метафизикалық, антропологиялық, эстетикалық, әлеуметтік-мәдени аспектілердің бірлігі арқылы ашылады.

2. Әлемдік философия тарихын, дүниетанымын сараптай келе әйел теңдігі, әйел мәртебесі, жалпы гендерлік мәселе және феминизм құбылысының Батыста шығуы заңды құбылыс. Шынымен де, Батыста әйел адамның құқығы шектелді, өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік жеткіліксіз болды. Ал Шығыста, керісінше, әйелді отбасыда және қоғамда өзіндік орны бар жеке тұлға ретінде қарастырды. Уақыт өте келе феминистік түсініктердің дамуымен батыс әйелінің қоғамдағы рөлі күшейді. Алайда, бұндай белсенділіктің салдары көптеген мәселелердің пайда болуына себепші болды. Атап айтқанда, рухани азғындау, демографиялық ахуалдың төмендеуі және тағы басқа құбылыстар тамыр жайды.

3. Түркі халықтарының әлемнің жаралуы, дүниені тану туралы мифтерінде аспанды – әке, жерді – ана деп тану сенімі басым болды. Түркі мифологиясында бұл танымды көрсететін мифтік образдар – аспан-әке-Тәңір мен жер-ана Ұмай болып саналды. Түркі мифологиясындағы әйел бейнесі ең архаикалық кейіпкерлердің бірі. Ұмай Еуразия түркілерінің дәстүрлі дүниетанымындағы әйелдік бастаудың бейнесі. Сонымен қатар түркі мифологиясында әйел бейнесі тек жағымды ғана емес, сонымен қатар бұзушылық, жер асты әлемі, зұлымдық сияқты функцияларға да ие. Осылай, сан ғасырлық аңыз-ертегілерде әйел-зұлымдық пен бақытсыздықтың нышаны, мысалы сиқыршы, мыстан кемпір, жын-пері, құбыжық бейнесінде немесе әйел таңғажайып сұлулықтың символы ретінде де суреттеледі.

4. Қазақ ақын-жыраулардың шығармашылығындағы жаңа мазмұндағы әйелге сипат беру, оның тіршілігіне, ішкі жан дүниесіне үңілу «жақсы әйел-жаман әйел» концептісі арқылы талданды. Қазақ ағартушылары қазақ әйелінің теңсіздігін алғаш рет үлкен әлеуметтік мәселе деп танып, бұл өз кезегінде сол кездегі қоғамдық құбылыстың сырын түсінген батыл, озық ой болды. XX ғасырдағы қазақ зиялыларының шығармаларындағы әйел бейнесі, әйел теңдігі мәселесі көтеріліп қана қоймай, бұл мәселені шешуде нақты қадамдар жасалды.

5. Гендерлік саясат ел дамуының басты бағыттарының бірі және оның кешенді модернизациясы. Гендерлік саясаттың іске асырылуы – демократияға қол жеткізудің басты факторларының бірі, оның тиімділігі, қажеттілігі күн өткен сайын артуда. Сондықтан осы тұрғыда қазіргі кезеңдегі ер мен әйел қатынасы, дәстүрлі қоғам және гендерлік теңдік, ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар тақырыптары өзекті. Гендерлік теңдік соңғы жылдары ғана қарқынды дамығанымен, ол ресми емес түрде көп жылдан бері талқылануда. XX ғасырдың аяғынан бастап, бұл теориялық-практикалық дәрежеде сарапталып келе жатыр. Сондықтан жалпыадамзаттық және ұлттық-мемлекеттік деңгейде таразыланатын тұрмыстық-мәдени, ғылыми-теориялық қоғамдық сананы қамтып келе жатқандықтан, еліміз де аталған мәселеден тыс қалмай, әлемдік жаһандану жағдайында өзінің ұстанымдарын паш етті. Осыған байланысты отандық ғылыми дискурста бұл соңғы уақыттарда белең алған маңызды түйткілдердің бірі болып орнығып келеді.

6. Қазіргі таңда әлемде әйел бейнесін, жаңа өркениет негіздерін қайта карауды талап етеді. Жалпы, қазақ әйелінің қайталанбас өзіндік рөлі қалыптасқаны – тарихи шындық. Қазақстанның Еуразия кіндігінде орналасуы Шығыс пен Батыс дәстүрлерін бойына қатар сіңірген қазақ әйелінің болмыс-бейнесін анықтады деуге толық негіз бар.

Гендер мәселесі қазіргі кезде руханияттық ой-толғаныстар мен күнделікті тұрмыс кешудің көп жақты қырларына байланысты туындаған қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, әлеуметтік-экономикалық саланы тұтас қамтитын, жалпы алғанда, антропологиялық ізденістер мен түйткілдердің шынайы өмірмәнділік көрінісі болып табылады. Осыған орай, ол ғылыми, тұрмыстық, әрі саяси мәні бар шешімін табуға ұмтылатын және нәтижесін талап ететін сұраныстар аясынан табылып отырады.

Ер мен әйел арасындағы қатынас пен оның теңдігі гуманистік сипатта болып келетіндіктен, ол өзінің құлашын кеңірек жайып келе жатқан және біршама тартысты болып келетін шынайы өмірмәнділік құбылыс, әрі теориялық талдаудың кең алаңы. Оны іс-тәжірибеде қолдану үшін әрі қарай зерделеу мен пайымдау, мәселеге тереңірек бойлай ену, біздіңше бүгінгі таңда мынандай өзекті мәселелерді туғызып келеді. Біріншіден, қоғамдық пікір гендерлік қатынастарды таразылау барысында, шындап келгенде, мәселеге ойысу мен талқылау аясында да жыныстық ерекшелік бойынша екіге ажыраған. Көп жағдайда, мәселені талқылап отырған жыныс өкілі басымдықты өзінің жағына қарай бейсаналы-саналы түрде бұрмалауға тырысады және сезімдік тұрғыны үнемі араластырып жіберіп отырады. Сондықтан бұл мәселені таразылау мен зерделеудегі ең басты ұстаным-объективтілік. Екіншіден, бүгінгі таңдағы көп жағдайдағы теориялық сана, үлкендер мен жастар арасында өзіндік бір үйлесімді сұхбаттастықтың жоқтығы, алшақтығы, бұл мәселеде өте айқын аңғарылады. Олай болса, қоғамдық бұқаралық пікір мен жастардың көзқарастары да гендерлік мәселелерді шешуде негізгі тетіктердің бірі болуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Конфуций. Уроки мудрости. - Харьков: Филио, 1999. – 670 с.
- 2 Женщина в древнекитайской культуре // [http: www.kaneboshop.ru/news.php?news_id=79](http://www.kaneboshop.ru/news.php?news_id=79)
- 3 Нұрышева Г., Калдаева Б. Ежелгі грек философиясындағы гендерлік теңдік идеясы // Әл-Фараби. - 2020. № 4. - Бб. 50–61.
- 4 Воронина О. Основы гендерной теории и методологии. Теория и методология гендерных исследований. - М.: МЦГИ-МВШСЭН-МФФ, 2001. - 416 с.
- 5 Аристотель. Сочинения. - М.: Мысль, 1983. - 830 с.
- 6 Лурье С. История Греции. – СПб.: Издательство Санкт Петербургского университета, 1993. - 680 с.
- 7 Платон. Пир. Собрание сочинений в 4 т. Т. 2. - М.:Мысль, 1993. - Сс. 81-134.
- 8 Платон. Тимей. Собрание сочинений в 4 т. Т. 3. - М.:Мысль, 1994. – 498 с.
- 9 В.С. Соловьев. Жизненная драма Платона. Русский Эрос, или Философия любви в России. - М., 1991.
- 10 Платон. Государство. Собр.соч. В 4 т. Т.3. - М.:Мысль, 1994. – 654 с.
- 11 Руссо Ж.-Ж. Эмиль, или О воспитании. Избр.соч. В 3 т. Т1. - М.:Мысль, 1961. – 553 с.
- 12 Соловьев В. Сочинения. - М.:Мысль, 1993. – 801 с.
- 13 Абу Али Ибн Сина. Сочинения. Трактат о политике. Душанбе: Дониш, 2012. - Том 4. - 1002 с.
- 14 Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. - Алматы: Өлке, 2-басылым. 2006. - 453 б.
- 15 Сарыбекова Ж.Т. Жүсіп Баласағұни шығармаларындағы қыздар тәрбиесі мәселесі. //«Ұлы дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі» халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. 5 сәуір, 2019 жыл. - Атырау: «Инфорсервис» баспа орталығы, 2019. – Бб. 13-18.
- 16 Костикова И.В. Введение в гендерные исследования. - М., 2005. – 229 с.
- 17 Библия. Книги Священного писания, Ветхого и Нового Завета /в рус.переводe с приложениями. - Брюссель: Издательство «Жизнь с Богом», 1973. - 2357 с.
- 18 Бриллиантов А. Влияние восточного богословия на западное в произведениях Иоанна Скотта Эригены. - СПб., 1898. – 104 с.
- 19 Фома Аквинский. Наука и религия. 1986. - №3. - 27 с.
- 20 Шпренгер Я., Инститорис Г. Молот ведьм / Пер. с лат. Н. Цветкова. -М.: Издательство СП «Интербук», 1990. - 352 с.

- 21 Қағазбекова С.Б., Затов К.А., Әділбаева Ш.А. Әлемдік діндер контекстеріндегі әйел статусы: салыстырмалы талдау. //ҚазҰУ хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы. – 2018. - №1 (63). - 142 б.
- 22 Кристина Пизанская. Из «Книги о граде Женском» //Пятнадцать радостей брака. - М., 1991.
- 23 Гегель Г.В.Ф. Философия права /Пер. с нем. ред. и сост. Д. А. Керимов, В.С. Нерсисянц. - М.: Мысль, 1990. - 524 с.
- 24 Кант И. Антропология с прагматической точки зрения //Избранное.: В 3 т. Калининград, 1998. Т. 3. Сс.188-189.
- 25 Милль Дж. С. О подчинении женщины. - СПб., 1896. - 19 с.
- 26 Фурье Ш. Теория четырех движений и всеобщих судеб //Избр.соч. - М., 1938. Т.1. – 146 с.
- 27 Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства //Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т.21. – 76 с.
- 28 Бебель А. Женщина и социализм. - М., 1959. – 43 с.
- 29 Шопенгауэр А. Мысли //Афоризмы и максимы. - Л., 1991. – 189 с.
- 30 Исмагамбетова З.Н. Феномен релятивизма в истории и философии культуры: Автореф.дис.д-ра филос.наук. - Алматы: «Ценные бумаги», 2005. - 38 с.
- 31 Дж.Скотт. Гендер: полезная категория исторического анализа /Женская устная история: Гендерные исследования. /Сост.А.Пето. - Б.: ОФ «Центр издательского развития», 2004. Сс. 49–50
- 32 Эллиот П., Менделл Н. Теории феминизма. Гендерные исследования: феминистская методология в социальных науках. ХЦГИ, 1998. – 20 с.
- 33 Нурышева Г., Кестер К., Калдаева Б. Пионер феминизма и просвещения по сохранению мира. //Адам әлемі. 1(83) 2020. - 82 б.
- 34 Kevin Kester, Hogai Aryoubi, Banu Kaldayeva. Peace Profile: Betty A.Reardon, Peace Review. 2020. 31:4. - p. 562
- 35 Шакирова С.М. Феминизм как философская проблема. - Алматы, 1996. - 128 с.
- 36 Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации. Учеб. пособие для студентов вузов. - М.: РОССПЭН, 2004. 252 с.
- 37 Г. Шоқым. Гендер ұғымы жөнінде жалпы түсінік. //Жалын. №7 (184) 2020. 42-56 Бб.
- 38 A History of Women Philosophers. Ed. M.E. Waith. Vol. 1: Ancient Women Philosophers, 600 B.C. - 500 A.D; Vol. 2: Medieval, Renaissance and Enlightenment Women Philosophers, 500–1600; Vol. 3: Modern Women Philosophers, 1600–1900; Vol. 4: Contemporary Women Philosophers, 1900–Today. Dordrecht: Martinus Nijhoff and Kluwer Academic Press, 1987, 1989, 1991, 1995. Grenberg J. French Feminist Philosophy / The Columbia History of Western Philosophy. Ed. R.H. Popkin. N.Y.: Columbia University Press, 1999. P. 731–737, 765–772.

- 39 Kersey E. Women Philosophers: A Bio-Critical Source Book. New York: Greenwood Press, 1989. Sabuco de Nantes. Nueva filosofia de la naturaleza del hombre, no conocida ni alcanzada de los grandes filosofos antiguos: la qual mejora la vida y salud humana. Madrid: P. Madrigal, 1588, 1622, 1728, 1847, 1866, 1873, 1929.
- 40 Between Feminism and Psychoanalysis. Ed. T. Brennan N.Y.: Routledge, 1989; New French Feminisms: An Anthology. Eds. E. Marks, I. de Courtivron. N.Y.: Schocken, 1981; Moi T. French Feminist Thought: Politics, Patriarchy, and Sexual Difference. London: Basil Blackwell, 1987; Whitford M. Luce Irigaray: Philosophy in the Feminine. London: Routledge, 1991.
- 41 One hundred twentieth-century philosophers. Ed. S. Brown, D. Collinson, R. Wilkinson. L.; N.Y., 1998.
- 42 The Cambridge Dictionary of Philosophy. Ed. R. Audi. Cambridge: Cambridge University Press, 1998. P. 127, 162, 352, 793, 849.
- 43 Wartenberg T.E. Teaching Women Philosophy // Teaching Philosophy. 1988. Vol. 11. P. 15–24.
- 44 Antologia Palatina. /Пер. О.Б. Румер. Sinesios. Epistula, 2000.- 306 p.
- 45 Элиан. Пестрые рассказы. - М.Л.: Издательство АН СССР, 1963. - 188 с.
- 46 Ямвлих. Жизнь Пифагора. - М.: Алетейа-Новый Акрополь, 1998. - 241 с.
- 47 Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. - М.: Мысль, 1998. - 571 с.
- 48 Теано. Фрагменты ранних греческих философов. - М.: Наука, 1989. 576 с.
- 49 Ванчугов В. Женщины в философии. Из истории философии в России конца XIX-нач. XXвв. - М.: РИЦ Пилигрим, 1996. - 304 с.
- 50 Цицерон. М. Философские трактаты. - М.: Наука, 1985. – 382 с.
- 51 Фили К. Гипатия: жертва конфликта между старым и новым миром. //Вопросы истории естествознания и техники. 2002. №2. - 230 с.
- 52 Сократ Схоластик. Церковная история. Кн.VII. Гл.15. «Об Ипатии философе». - М.: РОССПЭН, 1996. - 368 с.
- 53 McLaughlin E. Equality of Souls, Inequality of Sexes: Women in Medieval Theology / Religion and Sexism. Ed. R. Reuther. N.Y.: Simon & Schuster, 1974.
- 54 Mary Wollstonecraft, A Vindication of the Rights of Men with A Vindication of the Rights of Woman and Hints, edited by Sylvana Tomaselli (Cambridge University Press, 1995), p. 243.
- 55 Хейфец М. Р. Ханна Арендт судит XX век. - М.: Иерусалим: ДААТ/Знание, 2003.
- 56 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. - Алматы: Дайк-пресс, 2004. - 512 б.

- 57 Түркі мифологиясы: типологиялық сипаты, ортақ мотивтер және кейіпкерлер. Жанат Аймұхамбет TÜRK DÜNYASI, Dil ve Edebiyat Dergisi/TURKISH WORLD, Journal of Language and Literature Issue: 43 (Bahar-Spring 2017) - ISSN: 1301-0077 Ankara, TURKEY.
- 58 Юнг Карл. Структура психики и архетипы. - М.: Академический проект, 2013. 89 с.
- 59 Қазақтың мифтік әңгімелері. /Құрастырған Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы: «Ғылым баспасы». 2002.
- 60 Жанайдаров О. Ежелгі Қазақ мифтері. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2008. – 256 б.
- 61 Потапов Л.П. Умай – божество древних тюрков в свете этнографических данных //Тюркологический сборник, 1972. - М.: Наука ГРВЛ, 1973. – Сс. 265–286.
- 62 Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач. – XX в.). - Алма-Ата: Наука, 1991. - 214 с.
- 63 Түркі-славян әлемі этнотарихи және социомәдени диалогтың үлгісі ретінде: монография / жауапты ред., Г. Б. Хабижанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 250 б.
- 64 Бақыт Әбжет. Түркі халықтарындағы шамандыққа сыйынудың негізгі түрлері.
- 65 <https://www.elana.kz/ru/%D2%9Baza%D2%9Bty%D2%A3%D3%991imsa%D2%9Btan-bergi-%D3%99jel-zhajly/>
- 66 Қорқыт ата кітабы оғыздардың батырлық жырлары: /Орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 67 Ұлттық мифологиямыздағы әйел образының кейбірін діни идеология жағымсыз етіп жіберген – Зира Наурызбаева. https://www.inform.kz/kz/ulttyk-mifologiyamyzdagy-ayel-obrazynyn-keybirin-dini-ideologiya-zhagymsyz-etip-zhibergen-zira-nauryzbaeva_a3908661.
- 08.03.2022
- 68 Сагалаев А.М., Октябрьская И.В. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. – Новосибирск: Наука, 1990. - 209 с.
- 69 Мифологический словарь /Гл.ред. Е.М. Мелетинский. - М.: Советская энциклопедия, 1990. - 672 с.
- 70 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 272 б.
- 71 З.М. Қодар. Философия ғылымындағы гендерлік мәселелер. - Семей: «Зияткер», 2017. – 122 б.
- 72 Кәрібаев Б. Қазақ хандығы дәуіріндегі ханымдар. //«Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2015. – 304 б.
- 73 https://el.kz/news/archive/ar-y-bergi_tarikhymyzda_zha-ymsyz-el_beynesi_zho-a_t-n/

- 74 Нұрышева Г.Ж., Калдаева Б.С. The image of a woman in the traditional Kazakh worldview. //САJAS.Vol.5. Issue 4. 2020. - 29 p.
- 75 Есжанов С. Әнет баба //Ақиқат. - 2005. -№4. -96 б.
- 76 Гейнс А. К. Собрание литературных трудов. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. Бб. 75–76.
- 77 История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып.1.- Алматы: «Издательство LEM», 2011. – 436 с.
- 78 О.А. Сегізбаев. Қазақ философиясының тарихы. (Ежелгі түсініктерден ХІХ-ХХ ғасырдың бірінші жартысының ілімдеріне дейін). Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 330 б.
- 79 Қазақ даласының ойшылдары ХVІІІ-ХІХ ғғ. /Нұрмұратов С., Ахметов М., Әлжан Қ., Барлыбаева Г. 4 кітап, Алматы: Философия және саясаттану институтының комп.-баспа орталығы, 2004. - 310 б.
- 80 Бес ғасыр жырлайды: ХV ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. Т.1. /Құрастырған: М. Байділдаев, М. Мағауин. - Алматы: Жазушы, 1989. - 352 б.
- 81 Қ. Сыдиықов. Ақын жыраулар. - Алматы, 1974. - 78 б.
- 82 Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары: Зерттеулер. - Алматы, 1999. - 264 б.
- 83 Нар заман мен зар заман поэзиясы. Асан Қайғыдан Кердері Әбубәкірге дейін. Жыр толғаулар. - Алматы, 2007. - 376 б.
- 84 ХV-ХVІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы /Редактор Ә. Дербісалиев. - Алматы: Ғылым, 1982. -240 б.
- 85 Бүрбаев Т. Ұлт менталитеті. - Астана: Елорда, 2001. - 246 б.
- 86 G. Nurysheva, B. Kaldayeva. The image of a woman in the Kazakh worldview: philosophical and anthropological analysis. //Вестник КарГУ. Серия «История.Философия». - № 3(103). 2021. -165 с.
- 87 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. -2 бас. - Алматы: «Жазушы», 1985. - 432 б.
- 88 Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы/құраст., алғы сөзін жазған Қоңыратбай Т. Жауапты ред. Шайхыұлы Е. - Алматы: Қазығұрт, 2003. – 240 б.
- 89 М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. - Алматы, 2008.
- 90 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 251 б.
- 91 Абай. Шығармалар. - Алматы: Мөр, 1994. – 415 б.
- 92 Адаева Г. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнелері. Монография. – Астана: Мастер По ЖШС, 2014. -194 б.
- 93 Қоңырбаева Г.Р. Қазақ мәдениетіндегі әйелдердің рәміздік бейнелері: филос.ғыл.канд.дисс.: 24.00.01. - Алматы, 2010. - 141 б.
- 94 М.Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. 15 том. – Алматы: Жазушы, 1984. - 9 б.

- 95 Тапанова С.Е. Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі. Монография. – Астана, 2013. – 264 б.
- 96 Міржақып. Жалпы қазақ съезінің қаулысы // «Қазақ» газеті/Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1998. – Бб. 405–407.
- 97 Негимов С., Айқын Нұрқатов шығармалары // «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. –191 б.
- 98 Әйел теңдігі. №10–11.1926.
- 99 «Роман деген не?» // «Қазақ». Орынбор, - №48, 1915.
- 100 Сұлтанхан Аққұлыұлы. «Әлихан-әдебиетші ретінде» // Жұлдыз. №5, 1993. Бб. 179–180.
- 101 Ақбілек – қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің көркемдік шыңы. <https://articlekz.com/kk/article/23693>.
- 102 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, – 2007. Т. 4. – 424 б.
- 103 Әбдешев Б.М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы. Автореферат. – Астана, 2002. - 26 б.
- 104 Әйелдің жұмбақ әлемі: Шолпан мен Эмма. <https://qazaqadebieti.kz/16321/jeldi-zh-mba-lemi-sholpan-men-emma>. 17.08.2018.
- 105 Әбдешев Б.М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы. Филол.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс. – Астана, 2002. - 129 б.
- 106 Есім Ғарифолла. Адам-зат. – Астана: Ақарман, 2008. - 382 б.
- 107 Жұмабаев М. Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 108 «Шолпанның күнәсі» һәм ұлттық психологизм. <https://abai.kz/post/43645>. 01.04.2016
- 109 «Бақытсыз Жамал». <https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/387> 17.11.2015
- 110 Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы. 2006. <http://adilet.zan.kz/>
- 111 Республика Казахстан. Гендерная оценка по стране. 2013. <https://www.adb.org/>
- 112 «О концепции гендерной политики в РК». Постановление Правительства РК от 27 ноября 2003 года, №1190
- 113 «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000853#z408>
- 114 Бытовое насилие над женщинами в Казахстане: Цифры и факты. <https://the-steppe.com/gorod/bytovoe-nasilie-nad-zhenshchinami-v-kazahstane-cifry-i-fakty>). 30.09.2018

- 115 Д. Нөкетаева. Гендерологиялық мәселелер. //Жалын, №10 (199) 2021, -Бб. 2–29.
- 116 Б. Аташ. Постгендеризм бұл не өзі? //Ақиқат №5, 2021. – Бб. 47-52.
- 117 Мұхтар Мағауин. Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі. <https://aigak.kz/2019/03/08/mhtar-maauin-lemdeg-e-slu-v-aza-yel/> 08.03.2019
- 118 Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. - Алматы: Өнер, 1984. - 240 б.
- 119 Қайдар Ә. Ұлтты ұйыстыратын күдіретті ұйытқы. – Алматы: Білім, 2003. - 319 б.